әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ӘӨЖ 902 (574.5) Қолжазба құқығында

**БАХТЫБАЕВ МЭЛС МАРАТОВИЧ**

# Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстандағы қызметі

6D020800 – Археология және этнология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертация

**Отандық ғылыми кеңесші:**
М. Елеуов
тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

**Шетелдің ғылыми кеңесші:**
Атакан Акчай
PhD доктор, доцент
Анкара Қажы Байрам вели университетінің
Археология бөлімінің доценті, Түркия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

**МАЗМҰНЫ**

**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**.......................................... 4

**КІРІСПЕ**........................................................................................ 5

**1 АРХЕОЛОГИЯ ӘУЕСҚОЙЛАРЫ ТҮРКІСТАН ҮЙІРМЕСІ**......... 20
1.1 Түркістан үйірмесінің құрылуының алғышарттары.............................. 20
1.1.1 Үйірме құрылғанға дейінгі Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің зерттелу тарихы........................................................ 20
1.1.2 Оңтүстік Қазақстан өңірінің XIX ғ. екінші жартысындағы әкімшілік-аймақтық бөлінуі........................................................................... 32
1.1.3 Қазақ жерінде жергілікті ғылыми ұйымдардың ашылуы..................... 34
1.2 Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылуы.................... 37
1.2.1 Түркістан үйірмесінің мақсаты мен міндеттері.................................... 41
1.2.2 Түркістан үйірмесі және В.В. Бартольд.................................................. 44
1.2.3 Үйірме хаттамалары................................................................................ 47

**2 ҮЙІРМЕНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ**................................................................................ 52
2.1 Жетісу облысы........................................................................................ 52
2.1.1 Лепсі және Жаркент уездері................................................................... 52
2.1.2 Қапал уезді............................................................................................... 54
2.1.3 Верный уезді............................................................................................ 58
2.2 Сырдария облысы................................................................................... 63
2.2.1 Әулиеата уезді.......................................................................................... 64
2.2.2 Шымкент уезді......................................................................................... 88
2.2.3 Перовск уезді........................................................................................... 97
2.2.4 Қазалы уезді............................................................................................. 107

**3 ҮЙІРМЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ТОПОГРАФИЯСЫ МЕН СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**........................ 114
3.1 Оңтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-топографиясы............................. 114
3.1.1 Әулиеата уездінің тарихи топографиясы.............................................. 114
3.1.2 Перовск уездінің тарихи топографиясы................................................ 126
3.2 Сәулет өнері ескерткіштері..................................................................... 135
3.2.1 Жетісу облысы......................................................................................... 135
3.2.2 Сырдария облысы.................................................................................... 137

**ҚОРЫТЫНДЫ**............................................................................................ 153

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**........................................... 162

**ҚОСЫМША А** ҮЙІРМЕ ҚҰРЫЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ........ 184
**ҚОСЫМША Ә** ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨҢІРЛЕРІНІҢ XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК- АЙМАҚТЫҚ БӨЛІНУІ............ 193
**ҚОСЫМША Б** АРХЕОЛОГИЯ ӘУЕСҚОЙЛАРЫ ТҮРКІСТАН ҮЙІРМЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ........ 195
**ҚОСЫМША В** ТҮРКІСТАН ҮЙІРМЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ........ 198
**ҚОСЫМША Г** ҮЙІРМЕ ХАТТАМАЛАРЫ........ 199
**ҚОСЫМША Ғ** ЛЕПСІ ЖӘНЕ ЖАРКЕНТ УЕЗДЕРІ........ 200
**ҚОСЫМША Д** ВЕРНЫЙ УЕЗДІ........ 201
**ҚОСЫМША Е** ӘУЛИЕАТА УЕЗДІ........ 203
**ҚОСЫМША Ж** ШЫМКЕНТ УЕЗДІ........ 209
**ҚОСЫМША И** ПЕРОВСК УЕЗДІ........ 212
**ҚОСЫМША К** ҚАЗАЛЫ УЕЗДІ........ 214
**ҚОСЫМША К** КЕСТЕЛЕР........ 215
**ҚОСЫМША Л** ӘУЛИЕАТА УЕЗДІНІҢ ТАРИХИ ТОПОГРАФИЯСЫ…... 226
**ҚОСЫМША М** ПЕРОВСК УЕЗДІНІҢ ТАРИХИ ТОПОГРАФИЯСЫ.......... 228
**ҚОСЫМША Н** ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ........ 229
**ҚОСЫМША О** СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ........ 233
**ҚОСЫМША П** ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК........ 252

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| АКК | Археологическая карта Казахстана |
| ЖАБ | Жамбыл археологиялық бекеті |
| ЖАЭ | Жамбыл археологиялық экспедициясы |
| ЗВОРАО | Записки Восточного отделения Русского Археологического общества |
| ОАК | Отчеты Археологической комиссии |
| ОАЭ | Отырар археологиялық экспедициясы |
| ОрҚАЭ | Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы |
| ОҚАЭ | Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы |
| ОҚКАЭ | Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы |
| ОҚО ТМЕЖ ОА | Оңтүстік Қазақстан облысы тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Отырар ауданы |
| ӨР ОММ | Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты |
| КСРО ҒА | Кеңес социалистік республикалар одағының Ғылым академиясы |
| ҚазКСР ҒА ТАЭИ | Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография институты |
| ҚазМУ | Қазақ мемлекеттік университеті |
| ҚазПИ | Абай атындағы Қазақ педагогикалық институт |
| ҚР ТМЕЖ ЖО | Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Жамбыл облысы |
| ҚР ТМЕЖ ҚО | Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы |
| ҚТМЕЖ ОҚО | Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Оңтүстік Қазақстан облысы |
| ҚР ОММ | Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты |
| САЭ | Сығанақ археологиялық экспедициясы |
| ПТКЛА | Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии |
| ТарАЭ | Тараз археологиялық экспедициясы |
| ТүрАЭ | Түркістан археологиялық экспедициясы |
| ТАЭ | Тұран археологиялық экспедициясы |
| Туркомстарис | Туркестанский комитет по делам музеев, охраны памятников старины, искусства и природы |
| ХҚТУ | Халықаралық қазақ-түрік университеті |
| ХАЭЭ | Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы |
| ШАЭ | Шірікрабат археологиялық экспедициясы |

# КІРІСПЕ

**Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс археология саласындағы алғашқы жергілікті қоғамдық өлкетану ұйымы ретінде Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде зерттеу жұмыстарын жүргізген – Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстан археологиясына қосқан үлесіне арналады. Үйірменің құрылуының алғышарттары, оның мақсаты мен міндеттері, тарихи-мәдени ескерткіштерінде жүргізген зерттеулері Кеңес дәуірі мен Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы зерттеулермен толықтырылып қарастырылды. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің орны мен маңызы айқындалып, Оңтүстік Қазақстанда жүргізген зерттеулерінің бағыттары көрсетіледі.

**Тақырыптың өзектілігі.** Ұлттық өркениетіміздің алтын бесігі, халқымыздың санғасырлық тарихы күні бүгінге дейін жалғасып отырған Оңтүстік Қазақстан жері ірі мәдениет ошақтарының бірі болғаны белгілі. Мыңдаған жылдар бойы осы жерді мекендеген халықтар өздеріне тән тарихи-мәдени нысандарын қалдырып отырған, олардың ішінде тас ғасыры, қола, ерте темір және орта ғасыр кезеңдерінің археологиялық ескерткіштері бар. Қазіргі таңда өркениетті елдерде, оның ішінде Қазақстанда да мәдени мұра құндылықтары ұлттық және мемлекеттілік сананы біріктіруші факторлардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы Отан тарихының түрлі салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының қарқынды түрде «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалар аясында жүргізіліп, белгіленген міндеттерді жүзеге асырудың бір бағыты тарихи-мәдени ескерткіштерде кешенді түрде археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және олардың негізінде қорық-музейлерін ұйымдастырып, нысандарды туристік бағыттарға енгізу болып табылды. Сондықтан тарихи-мәдени мұраны қазіргі кезеңдегі зерттеу және қорғау мәселесімен бірге ескерткіштердің ең алғашқы зерттелу тарихына да терең көңіл бөлу қажет болып отыр.

Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің археологиялық ескерткіштерінің ең алғашқы зерттелу кезеңі жүйесіз жүргізілген ізденістер болса, XIX ғ. соңында зерттеу жұмыстары арнайы белгіленген бағдарлама аясында атқарыла бастады. Осы уақыттан бастап Қазақстан археология ғылымының қалыптасуы мен оның әрі қарай дамуының негізі салынды. Сол кезде жергілікті әуесқойлар Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына кірген Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде орналасқан археологиялық ескерткіштерде ізденіс жұмыстарын жүргізді. Атқарылған зерттеу жұмыстарының негізгі бөлігін 1895 жылы Ташкент қаласында құрылған Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі орындады.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі осы өңірдегі археология саласындағы жергілікті қоғамдық өлкетану ұйымы ретінде құрылды, оның негізгі мақсаты осы өңірдің барлық территориясында арнайы қабылдаған бағдарлама аясында зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде атқару арқылы

Түркістан өңірінің археологиялық мұрасын анықтау болып табылды. Сонымен қатар, үйірме орталықта орналасқан Императорлық археология комиссиясымен, Санкт-Петербург және Мәскеу археологиялық қоғамдарымен, Қазан археология, тарих және этнография қоғамымен, Императорлық Қазан университетімен, Лейпцигтегі Этнография музейімен және жергілікті Семей статистикалық комитетімен, Астрахан мен Орынбор мұрағат комиссияларымен тығыз байланыста болды.

Үйірменің белсенді мүшелерінің қатарында Н.П. Остроумов, Н.В. Руднев, Ә.А. Диваев, Н.С. Лыкошин, Н.Г. Маллицкий, Е.Т. Смирнов, В.А. Каллаур, И.В. Аничков, В.П. Лаврентьев, А.К. Кларе, А.А. Черкасов, В.П. Панков, Н.Н. Пантусов, В.П. Колосовский, И.Т. Пославский, П.А. Комаров және т.б. болды.

Үйірме мүшелері өз отырыстарында археологиялық ескерткіштерде жүргізген зерттеу нәтижелерін баяндап отырды. 1896-1917 жылдар аралығындағы баяндамалар, айтылған пікірлер, мәжіліс қорытындылары «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» деген атаумен 21 рет жинақ болып жарияланды. Хаттамаларда жалпы шыққан мақала мен баяндамалар саны 279, оның ішінде Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналған 116 ғылыми мақала мен баяндамалар жарияланған.

Қазақстанның аймақтарында жүргізілген археологиялық ізденістерге тек археолог, тарихшы мамандардың емес, сонымен қатар, қоғамдағы көпшілік те қызығушылық білдіріп отырғандығы зерттеу жұмысының өзектілігі болып табылады. Себебі, бұл көп аспектті қамтиды, оның ішінде – тарихи және ұлттық сананың қалыптасу мәселесі, тарихи-мәдени мұраны сақтау, қорғау, көне ескерткіштерде пәнаралық зерттеулер жүргізу және нәтижелерін насихаттау.

Қазіргі таңда отандық археология ғылымының зерттелу тарихында жергілікті қоғамдық археологиялық ұйымдардың атқарған жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп жатыр. Олардың атқарған ізденістерін жан-жақты қарастырмай жергілікті археология саласының даму ерекшеліктерін, сыртқы және ішкі факторлардың әсерін анықтау мүмкін емес.

Еліміздің археологиялық ескерткіштеріне мемлекет тарапынан да қызығушылық артып, көп жылдан бері арнайы ғылыми мекемелер жұмысы да қарқынды жүргізілуде. Олардың негізгі мақсаты – тарихи-мәдени мұраны қорғау және зерттеулер жүргізу болып табылады. Сол себептен, қазіргі таңда Қазақстан археологиясының өткен кезеңдердегі даму этаптарын, оның ішінде Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңін зерттеу маңызды болып тұр. Сонымен қатар, үйірме мүшелері атқарған ізденістері археологиялық ескерткіштерді зерттеудегі көптеген сұрақтарға жауап беретін дереккөзі болып табылады.

Диссертациялық жұмыс археология ғылымы саласында жаңа ізденістерге талпыныс білдіруді көздейді. Тақырып өзектілігі зерттеу нысандарының өзіндік құндылығына, ерекшелігіне негізделген. Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихын толық және жан-жақты қарастырып, сараптап зерттеу бүгінгі таңда аса маңызды болып отыр. Себебі,

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің еңбектері осы өңірдің тарихи ескерткіштерін зерттеудегі XIX ғасырдың сонынан жеткен бірден-бір дереккөз болып табылады.

**Зерттеу жұмысының нысаны.** Зерттеудің негізгі нысаны ретінде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Жетісу облысы Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный уездтері мен Сырдария облысы Әулиеата, Шымкент, Перовск, Қазалы уездтерінде атқарған қызметі болып табылады.

**Зерттеу жұмысының пәні** ретінде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған ізденіс жұмыстарының нәтижесінде жарық көрген – «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» атты жинақта Қазақстандағы ескерткіштерге арналған ғылыми мақала мен баяндамалар, Қазақстан және Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған іс-құжаттар мен үйірме мүшелері туралы жарық көрген мақалалар арқау болады.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде атқарған археологиялық зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарын, оның нәтижелерін және үйірменің қызметі жайлы қорытынды жасап, Қазақстан археология ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін көрсету.

Көздеген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- үйірме құрылғанға дейінгі Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде орналасқан археологиялық ескерткіштерінде жүргізілген зерттеулерді анықтап зерделеу;
- үйірменің құрылуының алғышарттарын анықтап, оның рөлін, мақсаты мен міндеттерін сипаттау;
- үйірме қызметіне байласты мұрағат материалдарын жинақтап, ғылыми айналымға енгізу;
- үйірме мүшелерінің еңбектерін сараптай отырып, Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне қатысты деректерді іріктеп алу;
- үйірме мүшелері жүргізген зерттеулерін кезеңі мен аймағына қарай бөліп қарастырып, үйірме мүшелерінің қосқан үлесін көрсету;
- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған археологиялық ізденістерінің бағыттарын анықтап, пысықтау;
- үйірме мүшелері көтерген мәселелердің күнімізге дейін маңыздылығы мен өзектілігін жоғалтпағандығын көрсету;
- үйірме мүшелері ашқан ескерткіштерде Кеңес дәуірі мен Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда атқарылған зерттеулерге тоқталу;
- үйірме мүшелерінің Қазақстан археология ғылымының қалыптасуына қосқан үлесін сараптау.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің Оңтүстік Қазақстанда жүргізген ізденістері жайлы арнайы түрде үлкен еңбек жазылмаса да, бұл тақырып зерттеушілердің назарынан тыс қалмағаны белгілі.

Тақырып бойынша тарихнамалық негізін жазу барысында жүргізілген

зерттеулерді үш топқа бөліп қарастырылды: біріншісі – үйірме мүшелері ашқан ескерткіштерде жүргізілген зерттеулер жайлы еңбектер, екіншісі – үйірменің жеке мүшелеріне арналған еңбектер, үшіншісі – үйірменің қызметіне арналған еңбектер.

Шартты түрде бірінші деп аталған зерттеулер кең көлемді тақырыптағы еңбектер. Бұл топқа үйірме мүшелері ашқан, сипаттамасын беріп, ғылыми айналымға енгізген ескерткіштерді одан әрі зерттеп, тұжырымдарын қамтитын ғылыми еңбектер.

Үйірме мүшелері ашқан ескерткіштерді зерттеу XIX ғ. соңында басталды. В.А. Каллаур тапқан орхон жазулары орталықта орналасқан ғылыми ұйымдар тарапынан қызығушылық туғызып, 1897 жылы В.В. Бартольд пен П.М. Милиоранский жазулардың көшірмелерін зерттей келе, онда 17 орхон таңбалары кездесетіндігін атап [1, с. II.], бұл жазулар көне түркі жазуының Енисей түрі деген пікір айтты. Ал, алғашқы аудармасын академик В.В. Радлов жасады. XX ғ. 30-шы жылдары орхон жазуларын белгілі ғалым лингвист С.Е. Малов қайта зерттеп, олар эпитафия екенін атап өтті [2, с.57-63; 3, 74-75]. С.М. Малов бұл жазуды В.В. Радлов қолданған ретпен оқып, қайта аударды.

Кеңес дәуірінде алғашқылардың бірі болып 1929 жылы А.Ю. Якубовскийдің Сығанақ қалашығы жайлы мақаласы жарық көреді. А.Ю. Якубовский ортағасырлық Сығанақ қалашығының топографиясын зерттеп, онда орналасқан ғимараттардың құландыларына және қаланың суландыру жүйесі жайлы толық сипаттама береді. Мақаласында, үйірме мүшесі В.А. Каллаурдың Сығанақ қаласы туралы жазылған еңбегін жан-жақты сараптай отырып, Сығанақ қалашығының жобасын дұрыс сызбаған деген тұжырымға келеді [4, с. 123-159].

1936 жылы М.Е. Массонның Талас ескерткіштерінің ашылу тарихы жайлы мақаласы жарық көреді. Ол мақаласында Айыртамой шатқалындағы ескерткіштерді 1896 жылы В.А. Каллаур ашқандығын келтіріп, бұл туралы былай деп жазады: «Руникалық көне түркі жазулардың аударылуы – әлемдік түркологияның үлесіне бұйырған жетістіктерінің бірі, ал оның Талас жазығында табылуы, ...Ташкенттегі Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған қызметінің ерекше еңбегі деп бағаланды...» [5, с.5]. Талас жазуларын XX ғ. бірінші жартысында шетелдік ғалымдар Ю. Немет [6, с.1-2] пен Х.Н. Оркун [7, с. 3-160] зерттеп, қайта аударады. Ал, 1970-шы жылдары Ч. Джумагулов талас жазуларын аударып, оған қосымша түсініктеме береді [8, с.33].

В.А. Каллаур ашқан көне түркі ескерткіштерін зерттеуде қазақстандық ғалымдар сүбелі үлес қосты. Олардың қатарында белгілі түрколог ғалымдар бар: Ғ. Айдаров, А.С. Аманжолов, А. Есенқұлов, М. Жолдасбеков [9, с.18], Н. Базылхан [10, с.117-122], Т. Досанов [11, с.53-59] және т.б.

1953 жылы В.А. Крачковскаяның үйірме мүшелерінің арабша жазулар жайлы ізденістері туралы мақаласы жарық көреді [12, с. 45-69]. Мақалада үйірме мүшелерінің тек эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеудегі жетістіктеріне тоқталады.

Талас ескерткіштерін мерзімдеу мәселесі бойынша зерттеулер жарық көріп, бірнеше пікірлер айтылған. Г. Гейкель мен Г. Ретциус тастар табылған қорымда жүргізілген қазба жұмыстары барысында шыққан жәдігерлерге сүйене отырып, оларды V ғ.-мен мерзімдесе, С.Е. Малов олар жайлы: «Приурочение этих эпитафий и далее деревянной палочки с рунической надписью к какому-либо столетию затруднительно. Можно только предполагать, что все эти письмена не новее VIII в. н.э.» – деп жазады [2, с.63]. Л.Р. Кызласов Талас жазуларын, керісінше IX–X ғғ. мерзімдейді [13, с.189], ал И.В. Кормушин оларды қарахан кезеңіне (X–XII ғғ.) жатқызады [14, с.47]. Д.Ф. Винник VI–VIII ғғ. мерзімдейді [15, с.94-99]. Белгілі ғалым В. Левшиц И.А. Батмановтың пікіріне сүйене отырып, Талас ескерткіштерінің кескінделген уақытын орхон жазуларынан кейін жазылған деген пікір айты [16, с.89]. Ескерткішті мерзімдеу мәселесіне арналған еңбегінде С.Г. Кляшторный Талас ескерткіштеріндегі жазулар типология жағынан эпиграфикалық енисей руналарына жақын екенін, бірақ стилистика жағынан олардан төмен және өткен тарихты білмей, Талас жазуларының мазмұны мен терминологиясын түсіну өте қиын екенін алға тартып, VII ғ. бірінші жартысында Талас өңірі бастан кешірген тарихи оқиғаларды және «чор» титулы қара түргеш әулеті билік құрған кезіндегі жоғарғы титул екенін алға тартып, талас эпитафияларының кескінделген уақытын Чабыш-чора Сулук пен оның ұлы Тахварсен Кут-чора билік құрған кезеңіне (716-739) тура келеді, – деп жазады [17, с.91].

В.А. Каллаур Құлансай және Терексай шатқалдарында ашқан жазуларды 1923 жылы П.П. Иванов, 1930 жылы М.Е. Массон қайта зерттейді. П.П. Иванов тастардағы жазулардың көшірмесін түсіріп, оларды лингвист ғалымдар С.Е. Малов пен Н.Н. Поппе зерттеп, С.Е. Малов жазулардың ұйғыр тіліне ұқсамайтынын алға тартады, ал Н.Н. Поппе бұл жазулар моңғолша болуы мүмкін емес, – деп жазады [18, с.241-251]. С.Е. Малов 1931 жылы жазулар көшірмесін зерттей келе, эпиграфиканың негізгі бөлігі ұйғыр тілінде емес, моңғолша жазылған, – деген пікір айтады [19, с.17-38]. И.А. Батманов бұл ескерткіштерді 1971 жылы қайта зерттеп, жазулардың жаңа көшірмелерін жасады [20, с.16]. Бұған қоса, осы жазулар жайлы зерттеулерді Ч. Джумагулов, Д.Ф. Винник, С. Садыков, У. Асаналиева, К. Аширалиева секілді мамандар да жүргізді. XX ғ. 60-шы жылдары, түрколог Э.Р. Тенишев Терексайда 1930 жылы М.Е. Массон ашқан төрт қатарлы жазуды аударады [21, с.148]. Ал, В.А. Левшицтің мерзімдеуі бойынша, ең көне жазу Терексай шатқалындағы сарқырама маңындағы жазу, оның аудармасы: «275-й год (эры) Хосрова. Мы написали эту надпись – государь Кюль-тегин Алп-таркан». «Хосроу» жыл санау бойынша 275 ж. – біздің 906/7 жылға тура келеді дейді[16, с.89].

П.П. Ивановтың «К вопросу о древностьях в верховьях Таласа» атты мақаласын жан-жақты қарастырып зерттеген М.У. Турадилов, мақалада жаңа тасқа жазылған жазу жайлы келтірілген мәліметтердің жазылу мәнеріне қарай және онда сілтеме жоқтығын алға тартып, П.П. Иванов, В.А. Каллаурдың 1897 жылы Терексай шатқалында ашқан жазулары жайлы хабарсыз болған, – деген тұжырымға келеді. Сонымен бірге, М.У. Турадилов Терексайда П.П.

Ивановтың тапқан төрт тік жазылған жазуы, 1930 жылы осы шатқалдағы сарқырама маңынан М.Е. Массон ашқан жазу болуы мүмкін деген пікір айтады [22, с.112-113].

Екінші топ – үйірменің жеке мүшелеріне арналған еңбектер.

1993 жылы Т.В. Савельеваның «Исследователь Семиречья» атты мақаласы жарық көреді. Еңбегінде Т.В. Савельева Н.Н. Пантусовтың Жетісу өңірінде атқарған зерттеулерін жан-жақты сараптап, тоқталады [23, с.84-86].

2002 жылы Б.Ә. Байтанаев пен М.У. Турадиловың «Труды В.А. Каллаура и А.А. Диваева по исторической топографии и исторической топонимике Казахстана» атты мақаласы жарық көреді [24,с.104-108]. Мақалада үйірме мүшелерінің Әулиеата мен Перовск уездерінде атқарған зерттеулерін қарастырып, В.А. Каллаур өз зерттеулерін нақты фактілерге сүйенсе, Ә.А. Диваев – фольклорлық, этнографиялық және қолжазбаларға сүйенгендігін жазады.

Б.Ә. Байтанаев көп жылдар бойы үйірме мүшесі Ә.А. Диваевтің мұрасын жан-жақты зерттеп, 2004 жылы жарық көрген монографиясында Қазан төңкерісіне дейінгі Сырдария облыстық статистикалық комитетінде, Қазан университетінің жанындағы археология, тарих және этнография қоғамында, Мәскеу университетінің жанындағы жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары қоғамында, сонымен қатар Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінде атқарған жұмыстарын және Қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеудегі рөлін ашып көрсетеді [25, с.37-85].

2007 жылы үйірме мүшесі В.А. Каллаурдың атқарған археологиялық қызметі туралы М.У. Турадилов кандидаттық диссертация қорғайды. М.У. Турадиловтің диссертациясында В.А. Каллаурдың Әулиеата және Перовск уездерінде атқарған жұмыстарын жан-жақты қарастырып, зерттеу еңбегінде В.А. Каллаурдың өмірбаяны мен атқарған зерттеулері жайлы бұрын ғылымға белгісіз болып келген жаңа деректер келтірген. Сонымен қатар, В.А. Каллаурдың археологиялық зерттеулерінің бағыттарын көрсеткен [22, с. 9-16; 26, с.267-280]. Зерттеуде В.А. Каллаурдың Әулиеата уездінің шығыс бөлігінің тарихи топографиясы мен Сырдарияның сол жағында орналасқан ортағасырлық ескерткіштер жайлы ізденіс жұмыстары толық қамтылмай қалған.

Үйірменің қызметіне арналған үшінші топқа кіретін Б.В. Лунинің «Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. Туркестанский кружок любителей археологии (1895-1917 гг.)» атты монографиялық еңбек 1958 жылы жарық көреді [27]. Монографияда Б.В. Лунин Түркістан үйірмесінің құрылу тарихына, мүшелерінің атқарған ізденістерінің маңызына және үйірменің белсенді мүшелерінің өмірбаянына тоқталады. Б.В. Лунин Түркістан үйірмесі көп жыл бойы Орта Азиядағы жалғыз гуманитарлық ғылыми-қоғамдық өлкетану мекемесі болғандығын алға тартып, олар қалдырған мұра күнімізге дейін маңыздылығын жоғалтпағанын жазады [27, с. 244-245]. Б.В. Лунин зерттеу барысында көлемі жағынан көп материалдарды қамтығандықтан, үйірменің қазақ жерінде атқарылған ізденістеріне қысқаша тоқталған.

Сонымен қатар, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған ғылыми ізденістері жайлы деректер белгілі ғалымдар А.Н. Бернштам, Е.А. Агеева, А.Г. Максимова, Г.И. Пацевич, К.М. Байпақов, М.Е. Елеуов, Т.В. Савельева, Е.А. Смағұлов, М.Қ. Тұяқбаев, С.Г. Маньковская, Ю.А. Елгин және т.б. жекелеген мақалаларында кездеседі. Бірақ бұл мақалаларда авторлар өз тақырыптарына қатысты үйірме мүшелерінің еңбектерінен тарихи дерек ретінде үзінді келтірген немесе сілтеме ғана жасалған.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Жетісу облысының Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный уездтері мен Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент, Перовск, Қазалы уездерінде атқарған зерттеулері жайлы деректер Қазақстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы Ұлттық кітапханаларында, Өзбекстан Республикасының мұрағаттарында сақтаулы. Үйірме мүшелерінің Оңтүстік Қазақстан өңірінің тарихы, археологиясы, этнографиясы, сәулет өнері ескерткіштерін зерттеуде қосқан үлесі мол. Алайда, олардың қызметі мен атқарған археологиялық ізденісі жайлы деректер толық ғылыми айналымға енгізілмеген.

1895-1917 жылдар аралығында жүздеген ескерткіштер ашылып, алғашқылардың бірі болып Н.Н. Пантусов, А.К. Кларе, Н. Руднев, П. Спиридонов, Н.П. Остроумов қазба жұмыстарын жүргізді. Жинақталған деректерді жан-жақты сараптап, кейінгі жылдардағы зерттеулермен салыстырмалы түрде қарастырып, жаңа деректер алуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеу арқылы ұлттық сана-сезімді ояту, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және жаңа Қазақстанды құру идеясын қалыптастыруға негіз бола алады. Өткен тарихты зерттеуде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелерінің еңбектері қосар үлесі мол. Үйірме мүшелері зерттеген ескерткіштердің бір бөлігі қазіргі таңда сақталмағандығын ескерсек, олардың қалдырған мәліметтердің құндылығы мен маңыздылығы арта түседі. Үйірме мүшелерінің еңбектері ғылыми айналымға толық енбегендіктен, олар ашып, зерттеген ескерткіштердің бір бөлігі «қайта ашылып» басқалардың авторлығымен жарияланған, соңдықтан үйірме мүшелерінің еңбектерін зерттеу және талдау тарихи әділеттілікті сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған ізденістерін зерттеу қазақ қоғамында Қазақстанның тарихы мен археологиясына ғылыми қызығушылығын артатынына кәміл сенеміз.

**Зерттеудің деректік негізгі.**

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің қызметін зерттеуде негізгі деректер – үйірме мүшелерінің мақалалары мен баяндамалары болып табылады. Үйірме мүшелері қалдырған еңбектер, олар атқарған ізденістердің бағыттары, көтерген мәселелері және археология саласына қосқан үлесін ашып көрсету және алатын орнын айқындау зерттеудің өзегі болып табылады.

Диссертацияда Түркістан үйірмесінің құрылғанға дейінгі кезеңде Қазақстанда жүргізілген ғылыми-ізденістер, қазба жұмыстары жайлы еңбектерді талдау, атқарылған зерттеулер қандай деңгейде атқарылғандығын

анықтау мақсатында қарастырылады. Жоғарыда аталған мәселелерді қарастыру барысында әртүрлі уақытта жарық көрген басылымдардағы мақалалар және монографиялар дереккөз ретінде пайдаланылады. Олардың ішінде, «Записки Русского географического общества», «Отчеты Археологической комиссии», «Военный сборник», «Известия Императорского Русского Географического общества», «Всемирный путешественник», «Труды Четвертого Археологического съезда в России», «Записки Восточного отделения Русского Археологического общества», «Туркестанский сборник», «Туркестанские ведомости», «Среднеазиатский вестник», «Известия общества истории, археологии и этнографии при Казанском университете», «Санкт-Петербургские ведомости», «Туркестанский альбом», «Журнал министерства народного просвещения» және т.б. жинақтарда. Сонымен қатар, Ш.Ш. Валихановтың «О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще» [28], «Записки о Киргизах» [29], «Нужно осмотреть» [30], «Очерки Джунгарии» [31], В.Н. Федчинаның «Как создавалась карта Средней Азии» [32], А.И. Левшинның «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» [33], Н.А. Северцовтың «Путешествия по Туркестанскому краю» [34], М.Бекчуринның «Туркестанская область. Заметки статского советника Бекчурина» [35], А.К.Гейнстың «Путешествие в Туркестан. Дневник 1866 г.» [36], П.И. Рычковтың «Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советником императорской Академии наук корреспондентом Петром Рычковым» [37], А.П. Федченконың «Путешествие в Туркестан» [38], В.В. Бартольдтың «Отчет о командировке в Среднюю Азию с научной целью. 1893-1894» [39], Н.С. Лыкошинның «Очерк археологических изыскании в Туркестанском крае до учреждения Туркестанского кружка любителей археологии» [40, с.1-58] және т.б. еңбектер сарапталды.

Оңтүстік Қазақстан өңірінің XIX ғ. екінші жартысындағы әкімшілік-аймақтық бөлінуі мен Қазақстанда жергілікті ғылыми ұйымдардың ашылуы тарихын зерттеу барысында Н. Павловтың «История Туркестана» [41], М.А. Терентьевтің «История завоевания Средней Азии» [42], Б.В. Лунинның «Научные общества Туркестана и их прогрессивная деятельность. Конец XIX – начало XX в.» [43], жыл сайын шығатын «Сібір сауда-өнеркәсіп календары» және «Материалы относящиеся к проекту Положения об управлений Туркестанской областью. 1866 г.», «Материалы по истории политического строя Казахстана», «Проект Положения об управлении в Семиреческой и Сыр-Дарьинской областьях», «Образование и развитие СССР как союзного государства» атты материалдар жинақтары пайдаланылды.

Диссертацияны жазу барысында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылу тарихы, оның мақсаты мен міндеттері жайлы дереккөз ретінде «Протокол заседания членов-учредителей Туркестанского кружка любителей археологии, 11 декабря 1895 года» [44], «Открытие Туркестанского кружка любителей археологии 11 декабря 1895 г.» [45], «Устав Туркестанского кружка любителей археологии» [46] және И.И. Умняковтың «Охрана

памятников старины и искусства в Советском законодательстве Средней Азии» [47], Б.В. Лунинның «Жизнь и деятельность академика В.В. Бартольда. Средняя Азия в отечественном востоковедении» [48], С.М. Граменицкийдың «Инструкция для членов-корреспондентов Туркестанского кружка любителей археологии» [49, с.21-29], Н.Г. Маллицкийдың «О связи тюркских тамг с орхонскими письменами» [50, с.43-46], Б.В. Лунинның «Библиографический. Именной и географический указатели к протоколам и сообщениям Туркестанского кружка любителей археологии (1895-1917 гг.)» [51, с.231-255] атты еңбектер пайдаланылды. Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағат материалдары, Түркістан генерал-губернатор канцеляриясының қоры, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің қоры [52; 53].

Диссертация негізі – Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелерінің Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде орналасқан ескерткіштерде атқарған ізденістері жайлы еңбектері болып отыр. «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» атты жинақтарға мақалалармен қатар, үйірме отырыстарының хаттамалары, үйірме атқарған жұмыстардың жылдық есебі және жергілікті «Түркістан ведомості» газетінде және т.б. баспалардан басылып шыққан мақалалар да еніп отырған. 1896-1917 жылдар аралығында, үйірменің баспадан шығарған барлық жинақтарының жалпы көлемі – 2200 бет болды және оларға қоса 170-тен аса кесте, сурет пен жобалар жарияланды. Хаттамаларда Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналған 116 мақала мен баяндамалар талданып, оның ішінде Н.Н. Пантусов, В.А. Каллаур, И.В. Аничков, Ә.А. Диваев, В.П. Панков, Е.Т. Смирнов, В.А. Мустафин, Н.Г. Маллицкий, В.П. Лаврентьев, Н. Жетпісбаев, Н.П. Остроумов, Е.Т. Смирнов, Н.Г. Маллицкий, Н. Руднев, В.П. Колосовский, П.А. Комаров, А.А. Черкасов, А.К. Кларе, И.Т. Пославский, И.И. Гейер, П. Спиридонов, А.И. Симонов және т.б. еңбектері қарастырылды.

Диссертацияны жазу барысында үйірме мүшелері ашқан ескерткіштерде Кеңес дәуірі мен Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда атқарылған зерттеулер де талданды.

Түркістан үйірмесінің мүшесі Н.Н. Пантусов Жетісу облысында ашқан тасқа салынған суреттердің мерзімдеу мәселесі бойынша П.И. Мариковский [54, с.73-79], А.Н. Марьяшев, А.А. Горячев [55], З. Самашев [56] және т.б. зерттеулері қарастырылды. Тайғақ шатқалындағы жартас суреттері ғұн, көне түркі және кейінгі орта ғасыр кезеңдерімен, Теректі шатқалындағы суреттердің ең көне көріністері қола дәуірімен, Қараеспе жазығындағы жартас суреттері қола, сақ және көшпенділер кезенімен мерзімделіп, бейнелердің сипаттамалары берідген.

М.А. Кирхгофтың Бесрық шатқалында ашқан тасқа салынған суреттерді мерзімдеу және мотивтін көркемдік-стилистикалық характеристикасы бойынша М.К. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев [57, с.128-145], С.М. Ақынжанов [58, с.1-27] зерттеулері зерделенді. М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев Күйкентай

жартасында кескінделген суреттерді үш топқа бөліп, бейнелер бір хронологиялық кезенге жататының алға тартып, олардың мазмұны мен стилистикалық ерекшеліктеріне қарай сақ кезенімен мерзімдеді. С.М. Ақынжанов көріністің семантикасында тарихи негіз болмаса да, сөз жоқ діни-философиялық негізі бар деп пайымдап, бұл көріністерді сақ кезенімен мерзімдейді.

XIX ғ. соңында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Талас өзенінің жоғарғы ағысында, Айыртамой, Құлансай мен Терексай шатқалдарында орналасқан көне түркі жазулары мәселесі, олардың ашылу тарихы, мерзімделуі мен аудармасы бойынша П.М. Милиоранский [1], Ю. Немет [6], Х.Н. Оркун [7], В.Д. Горячева, Перегудова С.Я. [8], Н. Базылхан [10], Т. Досанов [11], Л.Р. Кызласов [13], И.В. Кормушин [14], Д.Ф. Винник [15], С.Г. Кляшторный [12], П.П. Иванов [18], И.А. Батманов [20], Э.Р. Тенишев [21], М.Е. Массон [5], С.Е. Малов [3], В.А.Левшиц [16] және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атап өте аламыз. Аталған еңбектер көне түркі жазба ескерткіштері соңғы жүз жыл бойы ғалымдардың назарынан тыс қалмағандығын көрсетеді. Зерттеулер нәтижесінде Айыртамой шатқалындағы эпитафиялық жазулардың мерзімі бойынша бірнеше пікірлер айтылады. Ал, Құлансай мен Терексай шатқалдарындағы соғды әліппесімен жазылған көне түркі жазуларының тарихи-мәдени маңызы бар. Себебі онда, қарахан түркілер билеушілерінің, ақсүйектерінің есімдерімен қатар, соғдылардың тіл жағынан түркілену үдерісі де көрініс тапқан.

Әулиеата уездінде орнааласқан тас мүсіндер мен тас қоршаулардың мәселесі, олардың мерзімделуі мен типологиясы бойынша А.М. Досымбаеваның [59] еңбектері қарастырылды. А.М. Досымбаева Қоралассазы, Тоғансай, Сулысай, Қарасай, Шольсай, Сандық деп аталатын жерде орналасқан ескерткіштерде жүргізген зерттеулері нәтижесінде, осы жердегі кешендердің құрылымы мен тас мүсіндердің типологиясының ұқсастығын алға тартып, бұл ғибадатханалар түркілердің тағзым ету орны ретінде қызмет еткен деп пайымдайды.

Түркістан үйірмесінің мүшесі В.А. Каллаур көтерген Оңтүстік Қазақстанның тарихи топографиясын зерделеу, керуен жолдардың бағыттары мен ескерткіштердің ортағасырлық жазба деректерде кездесетін қалалармен баламалау мәселесі бойынша В.В. Бартольд [60], С. Волин [61, с.72-82], Г.И. Пацевич [62, с.80-85], С.П. Толстов [63], Н.Н. Вактурская [64, с.127-132], К.А. Акишев, Л.Б. Ерзакович [65], К.М. Байпаков [66; 67], М.Е. Елеуов [68], М.Б. Қожа [69], Б.А. Байтанаев [70], М.У. Турадилов [27] және т.б. зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. Кеңес дәуірінде Оңтүстік Қазақстанда орналасқан ескерткіштер жаңа әдістер негізінде зерттеліп, осы өңірдің қала мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы жайлы жаңа деректермен толықтырылып, археологиялық, этнографиялық және жазба деректер негізінде ескерткіштерді баламалау мәселесі бойынша жаңа тұжырымдар айтылған.

Үйірме мүшелерінің Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде орналасқан сәулет өнері ескерткіштерін зерттеу мәселесі, салыну тарихы, мерзімделуі, құрылымы

бойынша А.Ю. Якубовский [4], А.А. Семенов [71], И.И. Умняков [47], М.Е. Массон [72, с.45], Г.И. Пацевич [73, с.96-98], Т.Ш. Карумидзе [74], Л.Ю. Маньковская [75], С.П. Толстов [63], С.Е. Ажигали [76], Ю.А. Елгин [77, с.30] және т.б. зерттеулері қарастырылды.

Сонымен қатар, қазіргі таңда атқарылып жатқан зерттеулерде тыс қалмады. Ортағасырлық Сығанақ қалашығында 2003 жылдан бастап Сығанақ археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж.С. Жолдасбаев) кешенді археологиялық жұмыстарын жүргізіп келеді [78]. 2019 жылы Халықаралық Қазақ-Өзбек археологиялық экспедициясы (жетекшілері М.М. Бахтыбаев, А.А. Искандерова) [79], 2022 жылы Сығанақ археологиялық экспедициясының Көккесене тобы (жетекшісі С.С. Мургабаев) Сығанақ қалашығынан 10 км жерде орналасқан көне қорымында зерттеулер жүргізіп, Көккесене құрылысын ашып зерттеді [80, с.216-222.]. Зерттеулер барысында үйірме мүшелері ашқан ескерткіштер қайта зерттеліп, жаңа деректер алынды.

2004-2005 жылдар аралығында Тұран археологиялық экспедициясы (жетекшісі М. Елеуов) Жамбыл облысының Жуалы, Талас, Сарысу, Жамбыл аудандарында және Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі аудандарда кен көдемді барлау жұмыстарын жүргізіп, үйірме мүшелері ашқан ескерткіштердің бір бөлігін қайта зерттеді [81; 82].

2005 жылыдан бастап ортағасырлық Жанкент қалашығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Жанкент археологиялық экспедициясы кешенді археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді [83].

2004 жылдан бастап Шірікрабат қалашығында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шірікрабат археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж. Курманкулов) тұрақты зерттеу жұмыстарын жүргізді [84,с.152-156].

**Диссертациялық жұмыстың территориялық аумағы.** Диссертациялық жұмыстың географиялық шеңбері ретінде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі ізденіс жұмыстарын жүргізген Жетісу облысының Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный уездтері мен Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент, Перовск, Қазалы уездтері (қазіргі әкімшілік-территориялық құрылымы бойынша – Қазақстан Республикасының Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары, Абай облысының оңтүстік-шығыс бөлігі және Қырғыз Республикасының Талас облысының солтүстік-батыс бөлігі) алынды.

**Диссертациялық жұмыстың мерзімдік шеңбері.** Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің Жетісу облысының Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный уездтері мен Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент, Перовск, Қазалы уездтерінде орналасқан археологиялық және сәулет өнері ескерткіштерінде зерттеулер жүргізген 1895-1917 жылдар аралығын қамтиды.

**Диссертациялық жұмысты жазу барысында қолданылған әдістер мен әдіснама.** Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде деректанулық, нақты-тарихилық, тарихи-салыстыру, тарихи-археологиялық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихылық пен ғылыми объективтілік

принциптері құрады. Біріншісі, декеккөздердің барлық түрін интерпретациялау кезінде тарихи контекстті ескеруді талап етеді, сонымен қатар, зерттеу пәнін XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы аралығында археология ғылымында орын алған процестер мен құбылыстарға байланысты қарастыруға мүмкіндік береді. Ал, ғылыми объективтілік принципі қарастырылатын материалдарға деректанулық пен тарихнамалық талдау жүргізуге негіз болды.

Үйірме мүшелері көтерген мәселелер бойынша жекелеген отандық археологтардың пікірлерін салыстыру кезінде салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды, бұл зерттелетін мәселені тұтастай қарастыруға, ал тарихи-генетикалық әдісі Түркістан үйірмесінің даму кезеңдері туралы жаңа деректер алуға мүмкіндік берді. Зерттеушілердің назарынан тыс қалған кейбір дереккөздерді саралау үшін сандық талдау әдісі пайдаланылды, оның арқасында археологиялық ескерткіштердің зерттелуіне үйірме мүшелерінің қосқан үлесін анықталды.

1895-1917 жылдар аралығында жарық көрген Түркістан үйірмесі мүшелерінің еңбектерін талдау барысында іріктеу әдісін қолданып, Қазақстанның ескерткіштеріне арналған материалдардың көлемін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмыстың жекелеген тарауларының құрылымын құру кезінде проблемалық-хронологиялық және аудандастыру әдістері қолданылды, бұл зерттеу жұмысың жазу барысында хронологиялық және аумақтық принципін ұстануға негіз болды.

Жүйелік-функционалдық талдау әдісін қолдану арқасында, құрылымы күрделі және әртүрлі ғылыми-зерттеу бағыттарда жұмыс атқарған Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесін жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Үйірменің атқарған ізденіс бағыттарының бірі археологиялық қызметі болды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық жұмыс 1895-1917 жж. аралығында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде атқарған археологиялық ізденіс жұмыстарының тарихын зерделеген алғашқы еңбек болып табылады. Оңтүстік Қазақстан өңірінің археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихы мәселесі күнімізге дейін кешенді түрде зерттелмеген. Зерттеу жұмысында алғаш рет үйірме қызметінің негізгі бағыттары айқындалып, сипатталған. Алға қойылған міндеттерді жан-жақты зерделеу және ғылыми талдау нәтижесінде келесі нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылдық:

- Отандық тарих ғылымында алғаш рет үйірме мүшелерінің барлық еңбектері сараланып, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасына қатысты еңбектер іріктеліп алынды. Үйірме мүшелерінің мақалалар атауы белгілі болғанымен, іс жүзінде мақаладағы деректер көпшілікке белгісіз болған, бұрын жарияланбаған жаңа деректер, суреттер, ескерткіштердің жоспарлары ғылыми айналымға енгізілді;
- Түркістан үйірмесі құрылғанға дейінгі Оңтүстік Қазақстан өңірінде жүргізілген зерттеулер сараланып, қандай ескерткіштерде ізденістер атқарылығандығы айқындалды;

- Түркістан үйірмесінің құрылу алғышарттары қарастырылып, мақсаты мен міндеттері мұрағат материалдары және ғылыми зерттеулер толықтай сипатталды;

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Жетісу мен Сырдария облыстарында атқарған ізденіс жұмыстары жүйелі әрі кешенді түрде сараланып қарастырылды;

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері жүргізген зерттеу жұмыстардың бағыттары, ізденіс барысында айтылған тұжырымдары мен зерттеулерінің маңызы айқындалды;

- Түркістан үйірмесінің мүшелері Жетісу мен Сырдария облыстарында ашқан және қайта зерттеген археологиялық ескерткіштердің түрлері мен саны, орналасқан жері, сақталу жағдайы анықталды;

- Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен өткен керуен жолдардың бағыттары мен ескерткіштердің ортағасырлық жазба деректерде кездесетін қалалармен баламалау мәселесіне қатысты үйірме мүшелерінің тұжырымдары Кеңес дәуіріндегі зерттеушілердің көзқарастарымен салыстыра қарастырылды;

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде атқарған қызметі, Императорлық Археологиялық комиссиясы, Императорлық орыс археологиялық қоғамы, Санкт-Петербург университеті және т.б. ғылыми мекемелермен байланыста атқарған ізденістері қарастырылып, Қазақстан археология ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі айқындалды;

- Үйірме мүшелері ашқан ескерткіштерді қорғау, сақтау мәселесі бүгінгі таңда қалай іске асырылып жатқанына ғылыми-практикалық баға берілді.

**Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:**

- Түркістан үйірмесі құрылғанға дейінгі Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде Ш.Ш. Уәлиханов, Н.А. Северцов, М. Бекчурин, А.К. Гейнс, П.И. Пашино, П.И. Лерх, П.И. Рычков, А.П. Федченко, О.А. Федченко, В.В. Верещагин, А.Л. Кун, Н.И. Веселовский, Д.Л. Иванов, Е.Ф. Каль, В.В. Бартольд және т.б. ізденіс жұмыстарының нәтижелері зерделенді. 1856-1895 ж. аралығында Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде ғылымға белгісіз болып келген 97 археологиялық ескерткіш зерттелді. Осы зерттеулердің ішінде В.В. Бартольдтың ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып Талас жазығында орналасқан қалалар жайлы деректерді келтірген және бірінші болып Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан қалалардың баламалау мәселесін көтерген.

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылуы тарихын сараптай келе, XIX ғ. екінші жартысында Ресейдің ғылыми мекемелері Қазақстанда мен Орта Азияда орналасқан ескерткіштерді зерттеу мақсатында ұйымдастырылған экспедициялар жұмыстарына жергілікті шенеуніктер, мұғалімдер тартылып, солардың арасынан уақыт өте әуесқой өлкетанушылар тобы бой көтергендігі және орталықта орналасқан Жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары қоғамы, Императорлық ресей бағбаншылық қоғамы, Императорлық орыс географиялық қоғамы өз бөлімдерін Ташкент қаласында аша бастауы Ташкент қаласында жергілікті өлкетану

үйірменің құрылуының алғышарттары болып табылады.

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесіне қатысты мұрағат деректері жинақталып, талданды. Н.П. Остроумов пен Түркістан генерал-губернатор канцеляриясы, Императорлық археология комиссиясы және Халыққа білім беру министрлігі арасында үйірме Жарғысын бекіту туралы хаттарын сараптай келе, Н.П. Остроумовтың Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесін бастапқыда Императорлық археология комиссиясының жергілікті бөлімі ретінде ашылуын көздегені белгілі болды;

- «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» атты жинақтарда жарияланған үйірме мүшелерінің еңбектері зерделенді. 1896-1917 жылдар аралығында 21 рет жинақ болып баспадан шыққан «Хаттамаларда» жарияланған 279 мақала мен баяндамалардың 116-сі Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналған еңбектер екендігі айқындалды. Санаулы данамен шыққандықтан үйірме мүшелерінің көпшілікке белгілі бола қоймаған еңбектері, оның ішінде фотосуреттер, сызбалар, жоспарлар бірінші рет ғылыми айналымға енді;

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің 1895-1917 жылдар аралығында атқарған ізденістерін зерделей келе, үйірменің 26 мүшесі (Н.Н. Пантусов, Н. Жетпісбаев, В.А. Каллаур, И.В. Аничков, В.П. Панков, В.Ф. Ошанин, И.А. Кастанье, В.П. Лаврентьев, Н.П. Остроумов, К.Д. Баронин, Е.Т. Смирнов, Н. Руднев, П.А. Комаров, В.П. Колосовский, А.А. Черкасов, Н.С. Лыкошин, Н.В. Ковалев, А.И. Симонов, Ә.А. Диваев, Н.Г. Маллицкий, А.К. Кларе, И.Т. Пославский, П.А. Комаров, П. Спиридонов, В.А. Мустафин, И.И. Гейер) Жетісу мен Сырдария облыстарында зерттеу жұмыстарын жүргізгендігі және әр зерттеушінің ескерткіштерді зерттеудегі қосқан үлесі анықталды;

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері тек ескерткіштерді іздестіріп, есепке алу және сипаттап жазуымен ғана шектелмей, жазба деректерді пайдалана отырып аймақтың тарихын, ашқан ескерткіштерді басқа өңірдегі ескерткіштермен салыстыра отырып зерделеу, қазба жұмыстарын жүргізу, ескерткіштерге байланысты аңыз-әңгімелер, жергілікті тұрғындар арасынан мәлімет жинау, керуен жолдардың бағыттары мен ескерткіштерді жазба деректерінде кездесетін қалалармен баламалау мәселесі бойынша зерттеулер жүргізген, сонымен бірге, тарихи-топографиясын зерттей отырып ашылған ескерткіштердің орналасу қартасын жасап, олардың жоспарлары, сызбалары алынғандығы анықталды;

- В.А. Каллаур, Н.С. Лыкошин ортағасырлық жазба деректерінде керуен жолдар бойында орналасқан қалаларды қалашықтармен баламалау мәселесін көтеріп, тұжырымдар жасайды. Бұл мәселе бойынша Г.И. Пацевич, Е.И. Агеева, К.А. Акишев, Л.Б. Ерзакович, К.М. Байпаков, М.Е. Елеуов, М.Б. Қожа, Б.А. Байтанаев, М.У. Турадилов және т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізіп, өз тұжырымдарын жасағанымен, Қазақстанның археология ғылымында баламалау мәселесі қазіргі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған, өзекті болып табылады;

- Үйірме мүшелері ізденіс жүргізген сәулет өңірі ескерткіштерде Кеңес

дәуірі мен Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда атқарылған зерттеулері зерделеніп, талдау жасалынды. Ескерткіштердің бір қатары толығымен бұзылып кеткен, олар Діңгек, Ақтам мазары, Көккесене, Адам ата зираты, Қорқыт ата кесенесі, ал Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесі Әулие ата (Қарахан), Айша бибі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Сырлытам кесенесі, Сараман қоса, Бегім мұнаралары қазіргі таңда қайта қалпына келтірілген. Ескерткіштерді қорғау, сақтау мәселесі бүгінгі таңда қалай іске асырылып жатқанына ғылыми-практикалық баға берілді.

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі 1895-1917 жж. аралығында Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жүргізген ізденіс жұмыстары барысында 324 ескерткіш ашып, олар жайлы құнды деректер қалдыруы Қазақстан археология ғылымына қосқан сүбелі үлесі болып табылады. Үйірменің атқарған ізденістері ауқымды және ескерткіштердің зерттелуін жаңа деңгейге көтерді.

**Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы.** Зерттеу жұмыста тұжырымдалған негізгі қорытындыларды жоғары оқу орындарында Қазақстан археологиясы бойынша оқу бағдарламаларына теориялық, практикалық толықтырулар енгізе алады, сонымен қатар, тарих мамандығы бойынша таңдау пәні ретінде дәрістер жүргізуге болады және семинар сабақтарында пайдалануға болады.

Болашақ ізденушілер осы мәселелер бойынша өздерінің тарихнамалық зерттеулерінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, зерттеуде келтірілген мәліметтер мен жасалған тұжырымдарды XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бірінші ширегі аралығындағы Қазақстан археологиясына қатысты ғылыми еңбектер мен оқу құралдарын жазу барысында қолдануы, өлкетану музейлерінің тақырыптық-экспозициялық жоспарларын дайындау барысында пайдалануы мүмкін.

**Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі.** Диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес 24 ғылыми мақала жарық көрді. Солардың ішінде докторантурада оқу барысында 12 мақала, оның 6 мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген журналда, 5 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында жарияланды және 1 ұжымдық монография шықты.

**Диссертация құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 17 қосымшадан тұрады.

# 1. АРХЕОЛОГИЯ ӘУЕСҚОЙЛАРЫ ТҮРКІСТАН ҮЙІРМЕСІ

## 1.1 Түркістан үйірмесінің құрылуының алғышарттары

1.1.1 Үйірме құрылғанға дейінгі Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің зерттелу тарихы

Мыңдаған жылдар бойы Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде мекендеген халықтар өздеріне тән тарихи-мәдени нысандары – тұрақтар, үңгірлер мен кен орындары, қорымдар, тасқа салынған суреттер, көне қоныстар мен қалалар, тастан салынған бекіністер, керуен-сарайлар және сәулет өнері ескерткіштерін қалдырған. Осы өңірлердің археологиялық ескерткіштерін зерттеу тарихы XIX ғ. қарқынды түрде бастау алады.

Оңтүстік Қазақстан аймағының тарихи-мәдени ескерткіштерінің зерттелу тарихына шолу жасауда Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі құрылған 1895 жылға дейінгі уақытты қамтимыз. Осы кезеңнің археологиялық ескерткіштері жайлы деректерді, негізінен, саяхатшылардың, өлкетанушылардың еңбектерінен кездестіреміз.

Оңтүстік Қазақстанда орналасқан ескерткіштердің зерттелу тарихы мен оны кезеңдерге бөлу жөнінде зерттеушілердің пікірлері сан алуан. Белгілі ғалымдар Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің зерттелу тарихын XVIII ғ. бастап кеңестік кезге дейінгі кезең және кеңес кезіндегі кезеңдер деп бөледі [85, с.12-13,17]. Академик К.М. Байпақов Оңтүстік Қазақстан, Талас, Шу, Іле өңірлеріндегі ортағасырлық қала мәдениетінің зерттелуін XVI ғ. бастап, кеңестік кезеңге дейінгі зерттеулердің өзін екіге: XVI ғ. – 1870 ж. және 1870-1917 жж. деп бөледі. Ал, кеңестік кезеңді төртке: 1917-1935 жж., 1936-1945 жж., 1946-1959 жж. және 1960 жылдан бергі уақытқа бөледі [86, с.12-21]. Профессор М. Елеуов Шу, Талас өңірлері мен Қаратаудың солтүстік беткейін біртұтас тарихи-географиялық аудан ретінде қарастыра отырып, осы аудандағы ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің зерттелу тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырған, олар: 1856-1935 жж., 1936-1945 жж., 1946-1960 жж. және 1961 жылдан бергі уақыт [68, 90 б.]. Т.В. Савельева Іле өңірінің қалалары мен елді мекендерінің зерттелу тарихын - XIX ғ. ортасынан бастап, кеңестік кезеңге дейінгі зерттеулерді екіге: XIX ғ. ортасынан – 1893 жылға дейін және 1893-1917 жж. деп бөледі. Ал, кеңестік кезеңнің өзін төртке: 1917 ж. - 1930 ж. ортасы, 1930 ж. ортасынан - 1946 ж., 1946-1960 жж. және 1960-1988 жж. деп бөледі [87, с.11-20]. Б.Ә. Байтанаев Оңтүстік Қазақстан (Испиджаб тарихи-мәдени ауданның) ескерткіштерінің зерттелуін XVI ғ. бастап, кеңестік кезеңге дейінгі зерттеулерді үшке: XVI ғ.- XIX ғ. ортасы, 1865-1895 жж. және 1895-1917 жж., ал, кеңестік кезеңнің (1917-1991 жж.) өзін, К.М. Байпақовты қолдап төртке: 1917-1935 жж., 1936-1945 жж., 1946-1959 жж., 1960-1991 жж. және 1991 ж. бері деп бөледі [70, с.7-8; 88].

Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихын саралай келе, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңді үшке бөлуді болады: XVIII ғ. басы - XIX ғ. ортасы, 1856 -1895 жж. және 1895-1917 жж. аралықтары.

Оңтүстік Қазақстанда орналасқан археологиялық ескерткіштер жайлы алғашқы мәліметтерді XVIII ғасырдағы деректерден бастап кездестіреміз. Солардың қатарына, 1701 жылы дайындалған Семен Ремезовтың «Сібір сызба кітабы» мен оған қосымша етіп шығарылған атласы [89, с.95.] және XVIII ғ. басында Д.Г. Мессершмидт сызып, онда қаланы қоршап тұрған қамал мен ор және көшелері мен алты қақпасы көрсетілген Түркістан қаласының аксонометриялық жобасын (сурет А.1, қосымша А) [90, с.55; 91, с.26.] және XVIII ғ. 20-шы жылдары жасалынған Каспий теңізінің, Орта Азия мен Кавказ өңірлерінің карталары жатады. Олардың бірі «Описание Каспийского моря и Узбекской страны с подлежащими провинциями, точно означены путешествия царя и другие примечания достойные вещи» атты қолжазба картасы. Картада Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның өзендері, көлдері мен жолдары, Сырдария бойындағы Аскент, Фараб, Есвиджаб (Испиджаб), Арал қалалардың [32, с.52-53] және 1777 жылы И. Неленьевтің «Карта реки Иртыша южную часть Сибирской губернии протекающих и бывших Зенгорский калмык владении» атты картасында Сайрам, Отырар, Иқан, Түркістан, Қарнақ, Сауран және т.б. қалалардың орналасуы көрсетілген (сурет А.2).

Қазақстанның табиғатын, тарихын және географиясын алғашқы рет сипаттап жазған А.И. Левшин болды. Оның «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегі 1832 жылы жарық көрді. Бұл еңбекте қазақ халқының тарихы, этнографиясы және географиясы жайлы құнды деректер келтірілген. Сонымен бірге, онда 1831 жылғы жаңа деректер бойынша жасалған «Карты Земель, принадлежащих Киргиз-Казакам и Туркестана» атты картасы қоса берілген [33].

1840-шы жылдары академик А.И. Шренк Ш.Ш. Уәлихановпен бірге Козы Көрпеш-Баян сұлу кесенесінде болып, оны сипаттап жазады. Ол Ш.Ш. Уәлихановтың көмегімен осы өңірден көне жәдігерлер коллекциясын жинақтап, оларды 1856 жылы Ресей ғылым академиясының Этнография музейінің қорына өткізеді [92, с.18].

Б.В. Лунин Түркістан өлкесі Ресейге қосылғаннан бастап Түркістан үйірмесі құрылғанға дейінгі кезеңде осы өңірінде атқарылған археологиялық зерттеулері жайлы қысқаша очеркісі барын алға тартып, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі өз қызметін «бос жерден» бастаған жоқ деген пікір айтты [27, с.23]. Төменде, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде үйірме құрылғанға дейінгі уақытта жүргізілген ізденістер қарастырылады.

Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің ескерткіштерін зерттеу, оны сипаттап жазудың жаңа кезеңі белгілі ғалым Ш.Ш. Уәлиханов есімімен байланысты. Ол XIX ғ. 50-шы жылдары бірнеше ғылыми экспедициялар құрамында Жетісу мен Ыстықкөл өңірлерінде болып, осы өңірдің тарихына ерекше көңіл бөлді. Ш.Ш. Уәлиханов Аягөз, Іле, Шу, Талғар, Қаратал, Талас өзендері бойы, Ұлытау, Ыстықкөл және т.б. өңірлерінің ортағасырлық ескерткіштері туралы алғашқы ғылыми мақалалар жазғандардың бірі болды [28, с.190-197]. Ол Лепсі мен Сырдария аралығында орналасқан ескерткіштер жайлы былай деп жазады: «Судя по останкам зданий, могил и насыпей, весь юго-восточный угол

киргизской степи, начиная от Лепсы до Сыра был населен когда-то, особенно течение речек Чу и Таласа, где всюду видны здания искусной работы, остатки водопроводов, надписи, иссеченные на скалах, курганы с извояниями, в которых уже находили много разных вещей...» [29, с.29]. Ш.Ш. Уәлиханов 1856 жылы Балғалы болысындағы Қапшағай деп аталатын жерде, Іле ауылынан 25 верст солтүстік-батыста, Іле өзені бойында орналасқан «Таңбалы тас» тасына салынған суреттер (сурет А.3-4) мен Шолақ тауындағы жартастардағы суреттердің орнын ашып, жартастарда кескінделген суреттердің көшірмелерін алады (сурет А.5) [30, с.69; 31, с.338-339]. Сонымен қатар, ол жазба деректерде кездесетін ортағасырлық Алматы қаласын Верный қаласымен баламалаған [31, с.332].

Н.А. Абрамов 1862 жылы Кеген өзенінің оң жағында, Арасан тауындағы «Арасан» деп аталатын бұлақтың маңында орналасқан жартастарға кескінделген тибетше және моңғолша жазуларды зерттеп, оны сипаттап жазады [93, с.279-320]. В.В. Радлов Императорлық археологиялық комиссиясының тапсырмасымен сол жылы Жетісу өңірі мен Қапал маңында ізденіс жұмыстарын жүргізіп, Верный қаласынан 5 км жерде орналасқан бірнеше обаларда қазба жұмыстарын жүргізеді [94, с.XXII-XXIII].

Белгілі зоолог Н.А. Северцов Әскери министрлік пен Географиялық қоғамның қаржыландыруымен 1864 жылы Шу мен Сырдария өзендерінің аралығында ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізу мақсатымен болып, оның географиясына, жер-су атауларына кеңінен тоқталады [32, с.77-101].

П.И. Лерх 1865-1866 жылдар аралығында Түркістан қаласында болып Ахмет Ясауи кесенесін (ханакасын) суреттеп жазады. Ханака жанына жерленген тұлғалар туралы құнды деректер қалдырып, ханака ішіндегі қабырғалардағы жазулардың аудармасын жасады [35, с.52,55-56; 95].

1866 жылы географ А.К. Гейнс Сауран, Ясы (Түркістан), Қарнақ және Испиджаб қалаларының орынында болып, Сауранның мұнараларын суреттеп жазып, қалашық аумағында шағын көлемдегі қазба жұмыстарын да жүргізеді [36, с.263-276].

П.И. Пашино 1866 жылы Оңтүстік Қазақстан өңірінде болып, Сауран қаласы туралы: «Сауранның айналдыра ұзындығы 2,5 верст, оны қоршаған, жобасында төртбұрышты болып келген қамалы мен оры бар» деп жазады. Ол қамалдың кесектен қаланғанына көңіл аударып, қамал құландыларына қарап, оның биіктігі 4 сажень, етегінің ені 6 аршын, жоғарғы жағына қарай сүйірленіп ені 2 футқа жеткен деп жорамалдады. П.И. Пашино Сауранның солтүстік жағында орналасқан екі мұнараның бір-бірінен 3 сажень қашықтықта, биіктігі 15 сажень, диаметрі 6 аршын болып келетінін, мұнара күйдірілген қыштан қаланған, сақталған қыш қаландылар бөлігі 200 қатар болатындығын және оның ішінде айналмалы баспалдақтарының да барын жазды [96, с.59-60]. Ол Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесіне де қысқаша сипаттама беріп, оның жанында шағын құрылыс (Рабия Сұлтан бегім кесенесі) орналасқанын және онда артиллериялық қойманың орналасқанын жазады [95, с.66].

1867 жылы Императорлық Археологиялық комиссияның тапсырмасы

бойынша Сырдарияның төменгі және орта ағысы бойында орналасқан ежелгі қалаларды зерттеу мақсатында белгілі шығыстанушы П.И. Лерх Жанкент, Сауран, Түркістан қалаларында және Міртөбе бекінісінде болды. П.И. Лерх Жанкент қалашығының топографиясына тоқталып, төрт жерде шағын қазба жұмыстарын жүргізіп [97, с.II-VII; 98, с.371], қаланың жобасын түсіреді [97, прил. с.5]. Ол жазба деректерге сүйене отырып, Жанкентті ортағасырлық Янгикент қаласымен баламалады және Қорқыт ата мазарының жанындағы төбелер ортағасырлық Жент қаласының орны болуы мүмкін деген болжам айтты [97, с.VII].

П.И. Лерх осы сапарында Сауран қалашығында болып, онда күйдірілген кесектен қаланған екі мұнараның бірінің айналасында шағын көлемде қазба жүргізіп, мұнаралар медресенің кіре берісінде орналасқанын жазады. Ол Саураннан 6 верст жерде орналасқан Міртөбе бекінісін көріп, Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи мен Рабия Сұлтан бегім кесенелерінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп [99, 360-361 б.], қырғыз (қазақ) сұлтандары мен Түркістан шейх ул-исламдарының құлпытастарындағы және кесене ішінде орналасқан қазандағы жазулардың көшірмесін түсіреді. П.И. Лерх жазуларды аударып, оны М. Бекчурин жасаған аудармалармен салыстыра келіп, М. Бекчуриннің аударма барысында жіберген кейбір қателіктеріне тоқталады [97, прил. с.17-21].

П.И. Лерх ортағасырлық Ясы қаласы қазіргі Түркістан қаласының орнында болған деген баламалауды ғылыми тұрғыдан негіздеп, Түркістан қаласы туралы былай жазады: «Түркістан XIV, XV, XVI ғасырларда Ясы деп аталған. Бұл атаумен Темір мен Әбілхайыр хан және олардың ұрпақтарының тарихы жайлы жазған тарихшылардың еңбектерінде кездеседі...» [97, прил. с.15].

П.И. Лерх Әулиеата уезіндегі Ақыртас құрылысында болып, сақталған құландылардың өлшемдерін алды, Алатаудың солтүстік беткейін жағалап жүрген Әулиеата–Ақыртас жолының сол жағында орналасқан обаларды көріп, олардың біріндегі жазуы бар тасқа назар аударып, оның көшірмесін түсірді [97, с. IX-X].

П.И. Лерх ортағасырлық Тараз қаласының орналасуы туралы былай деп жазады: «...Катрмер жинаған деректер бойынша Тараздың орналасқан жерін Талас айналасында іздеу керек деген пікіріне Түркістан өлкесіндегі келешек археолог-ізбасарлардың назарына ілігеді» [97, прил. с.38].

1866 жылы М.К. Приоров Сауранның мұнараларының суреттерін түсіріп, «Түркістан альбомында» жариялайды (сурет А.6) [100, л.2]. Күйдірілген кесектен қаланған екі мұнараның бірі 1867 жылы, ал екіншісі 1878 жылы құлаған [101, 5 б.]. Ал, 1864 және 1875 жылы кейінгі ортағасырлық Түркістан қаласының топографиялық жоспарлары түсіріледі (сурет А.7 - 1-2).

Белгілі зерттеуші П.И. Рычков «Топография Оренбургской губернии» атты еңбегінде Оңтүстік Қазақстанда орналасқан Түркістан, Сауран және Отырар қалаларының қалыптасуы жайлы аңыздарға тоқталып, Түркістан қаласының орнында бастапқыда Ясы қаласы болған деп, Сауран қаласы туралы

сипаттамасында: «Сауран XVIII ғ. ортасында Түркістан маңайындағы кішігірім елді мекен…», – деп жазады [37, с.18-19].

А.П. Федченко мен О.А. Федченко 1868-1872 жылдар аралығында Түркістан өңірінде зерттеу жүргізеді. О.А. Федченко осы өңірде орналасқан археологиялық, этнографиялық ескерткіштерге қызығушылық танытып, сәулет өнері ескерткіштеріне ерекше көңіл бөледі [102, с.70-71.], ал, А.П. Федченко Қызылқұмның шығыс бөлігін зерттеу барысында Сырдарияның оң жағындағы Байырқұм, Сүткент және Шардара айналасында Жоғарғы Сейт, Төменгі Сейт секілді ірілі-ұсақты қалалардың болғанын әрі көптеген көне арықтардың арналары барын анықтап, олардың кейбірінің ені 1 саженьнен асатынын, тереңдігі 1 саженьге жуық екендігін атап өткен [38, с.178-179].

«Живописная Россия» атты журналда Сығанақ құландыларының көріністері басылып және оған келетін суландыру жүйесі туралы деректер де келтірілген [103].

1867-1868 және 1869-1870 жылдар аралығында, белгілі суретші В.В. Верещагин Оңтүстік Қазақстанда болып, Түркістандағы Ахмет Ясауи ханакасын сипаттап жазып, оның жекелеген көріністерінің суреттерін салады («У дверей мечети», «У гробницы святого» және т.б.) [104, с.22; 105]. Сонымен қатар, ол П.И. Лерх Жанкент қаласында бастаған археологиялық қазба жұмыстарды жалғастырып, ыдыс сынықтарын, терракоталық бұйымдар мен рельефтік жазудың сынығын табады [106]. В.В. Верещагиннің осы өңірден жинаған археологиялық жәдігерлері, 1869 жылы Петербург қаласында ашылған арнайы көрмеге қойылады [27, с.36].

Түркістан өңірінің тарихи-мәдени және этнографиялық мұрасын 1868-1881 жылдар аралығында зерттеген зерттеуші-ориенталист А.Л. Кун Ресейдің ғылыми мекемелеріне арнап 1871 жылы Түркістан өңірінен жиналған 15 жәшікке салынған әртүрлі археологиялық заттарды Петербург қаласына жіберген [27, с.25].

А.Л. Кун Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия өңірлерінің археологиялық, этнографиялық, тарихи және сәулет өнері ескерткіштері жайлы 1200-ге жуық құнды фотодеректерді жинақтап, баспаға дайындайды. Археологиялық, тарихи, этнографиялық және индустриясы жайлы жиған деректері 1871-1872 жылдар аралығында 10 альбом жинағына топтастырылып, «Түркістан альбомы» атауымен баспадан шығады. Бұл еңбекте Оңтүстік Қазақстанда орналасқан ортағасырлық Сауран (сурет А.8), кейінгі ортағасырлық Түркістан, Иқан), Шымкент (сурет А.9), Сайрам, Ақмешіт, Әулиеата қалаларының көріністері мен Ахмет Ясауи (сурет А.10), Рабия Сұлтан бегім (сурет А.11), Қорқыт Ата (сурет А.12) кесенелерінің және Мырза Рабат құрылысының көріністері берілген [107, с.23-30]. 1877 жылы Қазан қаласында өткен Ресейдің IV Археологиялық съезінде Верный уездінің көне ескерткіштері туралы баяндама жасалып, Жетісудың алғашқы археологиялық картасы көпшілікке ұсынылады. Оның қосымшасында ескерткіштердің қысқаша сипаттамасы, суреттері берілген [108, с.CVIII-CIX].

Археология қоғамының тапсырмасымен Петербург университетінің

профессоры Н.И. Веселовский 1883 жылы Түркістан өңіріне ғылыми іс-сапармен келіп, Сырдария облысында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп [109, с.XI-XXX], оның ұсынысымен көне қалалардың алғашқы топографиялық жобасы түсіріледі [110, с.135-136]. Н.И. Веселовскийдің «Қазалыдан Ташкентке барар жолдағы көне қалалар қалдықтарының сипаттамасы» деп аталатын қолжазбасында (Мәскеу әдебиет және өнер орталық мемлекеттік мұрағаты, қ.118, жазба №1, сақтау бірлігі №243), Сырдария бойындағы Қазалы қаласының жанындағы көне Жанқаланың қалдықтарынан бастап Сайрамның археологиялық және сәулет өнері жәдігерлерін сипаттап, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның айналасындағы ескерткіштерді суреттейді. Сонымен қатар, Н.И. Веселовский Отырардың топографиясына кеңінен тоқталып, оның орталық бөлігінде қазба жұмыстарын жүргізеді [69, с.137-138].

Н.И. Веселовский 1882 жылы Түркістан өңіріндегі көне қалалар туралы деректерді жинау бағдарламасының жобасын дайындап, көпшілікке ұсынады [111, с.2]. Н.И. Веселовский Орыс археологиялық қоғамының шығыс бөлімінің 1886 жылдың 27 мамырындағы отырысында ортаазиялық төбелер туралы баяндама жасап, ол төбелерді – жерлеу орындары және елді мекендер деп, екі негізгі категорияға бөледі. Н.И. Веселовский оба қорымдары саны жағынан 100-ге жуық үлкен топ болып кездеседі, ал төбе орындары – жаугершілік кезінде шағын бекініс рөлін атқарған, – деп пайымдаған [112, с.221-226].

Белгілі ғалым А.В. Арциховский, Н.И. Веселовскийдің Орталық Азияда атқарған ғылыми жұмыстарына былай баға береді: «Во второй половине XIX в. в состав России вошла Средняя Азия с ее старинными городами. Эти города, высокоразвитые уже в глубокой древности, а в средние века культурнейшие в мире, драгоценны для археологии, но раскопки там сложны и трудны. Сначала пришлось ограничиваться археологическими разведками. В Средней Азии их удачно провел Н.И. Веселовский. Рассеянные по Средней Азии холмы, так называемые «тепе», иностранными путешественниками принимавшиеся за курганы, он определил правильно: это холмы, выросшие из строительных остатков древних жилищ» [113, с.10].

Д.Л. Иванов геологиялық экспедициясы барысында 1884 жылы Түркістан өңірінде болып, Ақыртас, Тасақыр, Айнатас, тас мүсіндер, оба және бірнеше үңгірлерді сипаттап жазады. Ол археологиямен айналысатын мамандарға бұл ескерткіштер туралы мәліметтер қызықты болады деп есептеді.

Д.Л. Иванов Әулиеата уездінде орналасқан Ақыртастың жобасын түсіріп (сурет А.13 - ф.1), оның толық өлшемдерін сипаттап, нақышталған тас блоктарды суреттеп жазады. Ол Ақыртас тас блоктарын үш топқа бөлді: 1-ші топқа «ақыр» секілді жасалған әртүрлі формалы қашалған тастар (сурет А.13 - ф.2-3), 2-ші топқа құрылыс қабырғаларын қаптайтын тегіс қаптама тастар (сурет А.13 - ф.4) және 3-ші топқа құрылыстың ішкі қабырғаларын өруге арналған, тіктөртбұрышты тас блоктарды жатқызады [114, с.2-3], ол Ақыртас туралы былай дейді: «Чем дольше и тщательнее всматриваться и изучать детали этой громады, тем большее удивление охватывает наблюдателя.

Огромные камни, гигантские размеры всего сооружения, смелость замысла, искусство и тщательность выполнения, наконец эта кажущаяся ныне изолированность громады развалин среди сухой пустынной степи, - все это заставляет смотреть на Ахыръ-ташъ, как на одно из замечательных древних архитектурных сооружений в Туркестане» [114, с.4-6; 115, с.162-177]. Сонымен қатар, Д.Л. Иванов Ыстықкөлдің солтүстік бөлігінде, Үйтал мен Орта Өрікті және Кудурға мен Құрметті шатқалдарының ортасында орналасқан тас мүсіндерді зерттейді. Олардың суреттерін салып, өлшемдерін алады. Д.Л. Иванов бұл зерттеулері туралы былай дейді: «Каменные бабы, о которых упоминали многие из путешественников, в моих материалах заслуживают внимание лишь потому, что я даю их рисунки, и таким образом является возможность сравнивать их с другими подобными памятниками» [114, с.11].

Белгілі ориенталист Н.Н. Пантусовтың Жетісу өңірінде табылған тасқа салынған суреттер жайлы алғашқы мақалалары 1879 жылы жарық көреді [116; 23, с.84-86]. Н.Н. Пантусов бұған қоса, 1890, 1894-1896 жылдары Жетісу өңірінде Байқұлақ тауындағы Шандрай, Сартамбет, Тамғалытас, Қарыпша, Қызылағаш, Жалпақтас, Тайғақ шатқалдарында және Қапшағайда орналасқан 10 жаңа тасқа салынған суреттердің орнын ашып, жартастарда кескінделген тау ешкі, марал, жылқы, салт атты садақшылар, адам, түйе және т.б. бейнелердің сипаттамасын береді [117, №3021-3025, 3033, 3266, 3988-3989, 4181, с.207-301].

1890 жылы шығыстанушы Е.Ф. Каль Әулиеата уездінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Әулиеата қаласынан 25 верст жерде, Талас өзенінің бойында орналасқан Түймекент қалашығын ашып, оның өлшемдерін алады. Сонымен қатар, Е.Ф. Каль Түймекент қалашығынан 4 верст жерде орналасқан шағын қалашық орнын, Әулиеата қаласы мен Түймекент қалашығы аралығында 20-ға жуық обалар және Жетітөбе обалар қорымында болып, оның бірінде қазба жұмыстарын жүргізеді [118, с.233; 119, с.12].

В.В. Бартольдтің Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің ескерткіштерін зерттеудегі еңбегі ерекше. Ол Санкт-Петербург университеті мен Ғылым академиясының тапсырмасымен 1893-1894 жылдар аралығында Талас, Шу, Іле, Нарын өңірлерінде, Ыстықкөл ойпатында және Тянь-Шаньның ішкі бөктерінде зерттеулер жүргізеді [39, с.26-90].

1893 жылы В.В. Бартольд Шымкент пен Әулиеата аралығында, Сайрам мекенінің жанында орналасқан Илан-бозғанды, Ақсу өзені бойында орналасқан Қабал (Қобал) бұлақты, Арыс өзенінің сол жағында орналасқан Түлкібас төбелерін және Мыңбұлақ пен Бурный (Б. Момышұлы) ауылынан 3 км солтүстік-батыста Теріс өзені бойындағы үш шағын қалашықты сипаттап жазады. Ибн Хордадбех, Кудама ибн Джа’фар және әл-Макдиси еңбектерінде кездесетін, Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан – Шараб, Будахкет, Тамтадж, Абарджадж, Джувикат мекендердің ара қашықтықтарын салыстыра қарастырып, Қабал бұлақты (Қобалбұлақ) – Ибн Хордадбехтің Шарабына, ал Түлкібас – Тамтаджға сәйкес келетіндігін алға тартады. Ол Түлкібас тауының үстіндегі моланың басында орналасқан екі таста жазылған арабша жазуларды

оқып, «Түлкібас» сөзінің этимологиясына назар аударады [39, с.26-29,112-113]. Сапар барысында ол Айша бибі кесенесін көріп, оның жыл өткен сайын бұзылып бара жатқанына қынжылып, өкініш білдіреді.

В.В. Бартольд осы жылы Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы Чон қақпа шатқалының солтүстігінде орналасқан Кутумиш, Орловка ауылдарының маңындағы Садырқорған, Кумуштаг (Күмістақ) және Ақтөбе қалашықтарын көріп, сипаттамасын береді. В.В. Бартольд сонымен қатар, Кумуштаг өзенінің оң жағында жобасында төртбұрышты болып келген төрткүлдің орналасқанын жазып, Ақтөбе мен Садырқорған қалаларында ұзындығы 7 және 10 шақырым келетін пахсадан салынған қамалдарының да бар екенін айтып өтеді [39, с.30-31, 113-114].

1894 жылы ол Әулиеата қаласының солтүстік жағында орналасқан төбелерді аралап, Талас өзенінің сол жағында орналасқан Оккум қалашығының орнында болып, қалашықтың үш қатар жалмен қоршалғанын, аумағы 1 шаршы верст келетіндігін және Әулиеатадан Оккумға барар жолдың 25-ші верстында Чуль-тепенің (Шөлтөбе) орналасқанын көрсетті. В.В. Бартольд Талас өзенінің оң жағында, Оккумның оңтүстік-шығысында орналасқан Тоймакент (Түймекент) қалашығында болып, С.М. Дудиннің сипаттамасын келтіреді: «Крепость окружена валом и широким, но неглубоким ровом. Вал сложен из больших сырцовых кирпичей без примеси галешника...». В.В. Бартольд Тараз қаласының VI ғ. бастап жазба деректерде кездесетіндігін алға тартып, оны Орталық Азиядағы көне қалалардың бірі деп жорамалдайды [39, с.31-33].

В.В. Бартольд әл-Макдисидің еңбегінен Сасанидтер кезеңінің соңына қарай Талас жазығында болған қалалар жайлы деректерді келтіреді. Олар: Тараз, Джикиль, Барсхан, Бехлу, Атлах, Хамукет, Шельджи, Сус, Куль, Текабкет. Осылардың ішіндегі соңғы үш қала, тау етегінде орналасқан. Онда күміс кендері барын атап өтеді. В.В. Бартольд олардың арасынан тек Шельджи қаласын Садырқорғанмен баламалады [39, с.34-35, 115]. В.В. Бартольд моңғол кезеңінде Талас өңірінде Яны, Яныбалық, Кенджек және Талас қалаларының аттарымен қатар, Вассафа (Шихаб ад-Дин Абдаллах ибн Фазаллах Ширази) еңбегінде Джикиль де аталатындығын жазады [39, с.35].

В.В. Бартольд өзінің «Путь от Таласа к Чу и Чуйская долина» атты баяндамасында Құмарық, Тарты (Құлан), Мерке станцияларының жанында ескі бекініс орындары мен көптеген обалар кездесетінін атап, олардың арасынан жалдарының көлемі жағынан Тарты маңындағы бекіністің ерекше көзге түсетініне назар аударып, олардың сипаттамаларын береді. В.В. Бартольд Шу өңіріндегі Шалдавар (Қайындық) мен Николаевка жанында орналасқан бекіністерді, Қарабалта жанындағы Шиш-төбе бекінісі мен төрткүлді, Ақсу өзені бойындағы Ақтөбені, Сукулук өзенінің Ақсуға құяр жері тұсындағы Чон төрткүлін, онан 8-10 верст жерде, Ақсу өзенінің сол жағасында Ақтөбе төрткүлі орналасқандықтарын жазып, олардың қысқаша сипаттамаларын береді. Ол сонымен қатар, Құрағаты (Қарақатты) өзенінің Шуға құяр жерінің жанында, Шу өзенінің оң жағында Ит-кечу (Иткешу) қалашығы құландыларының жатқанын және Николаевка мен Қарабалта ауылдарының маңында үстінде тас

мүсіндер орналасқан обалардың барын, Сукулук өзенінің бойында, жеке-жеке әрі таудан жазыққа қарай тізбектеле 3-7 төбеден тұратын обалардың орналасқанын, сонымен бірге обалар шатқалдарға кіре беріс алқымда орналасқаны туралы айтып өткен. В.В. Бартольд Кебин (Кемин) жазығында орналасқан тас мүсіндер туралы да құнды деректер қалдырады [39, с.40-46].

В.В. Бартольд ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып Испиджаб, Талас, Шу, Нарын, Ыстыққөл, Іле аймақтарының тарихи очеркін жазып, ортағасырлық жазба деректерінде кездесетін ортағасырлық қалалар мен бекіністерге жан-жақты сипаттама береді [39, с.43-57].

В.В. Бартольд архитектор В.П. Гурдэмен бірге 1894 жылы Верный қаласының оңтүстік-батысында, Үлкен Алматы өзенінің сол жағындағы шатқалдың кіре берісінде орналасқан қалашықты зерттейді. Осы зерттеулері жөнінде В.П. Гурдэ ойын былай деп білдірген: «Мұнда соңғы уақытқа дейін кірпіштен салынған құрылыстардың қалдықтары көрініп, барлық көшелердің бағытын дәл анықтауға болатын...». В.В. Бартольд болса, қалашықтың жанында обалар орналасқанын және В.П. Гурдэнің айтуынша, обалардың бірінің үстінде тас мүсіні барын атап өткен [39, с.82-84].

1893 жылдың мамыр айында Мамаевка ауылынан 5 верст қашықтықта орналасқан Қарауылтөбеден, Сырдария облыстық басқармасының қызметкері К.М. Баронин ішінде 1850 күміс, 4000 астам мыс теңгелер, бірнеше гауһар тас әшекейлері, екі күміс білезік, т.б. заттары бар құты және осы төбеден 3 км қашықтықта орналасқан Жуантөбеден үш аяқты дөңгелек үстел (сурет А.14) мен екі қол диірмен сынықтарын [120; 121, с. 17-18; 122, с. 389-390] тапқанын естіген Н.П. Остроумов осы жылдың маусым айында Шымкент уездіне арнайы іс-сапармен келген [123, с.119].

Н.П. Остроумов 1893 жылдың 20 маусымында Қарауылтөбе мен Жуантөбеде барлау жұмыстарын жүргізіп, олардың сипаттамасын жазады. Қарауылтөбе Бөріжар станциясынан солтүстікте, Түркістан қаласына барар пошта жолының сол жағында, Арыс өзенінің сол жағалық террасасында орналасқан. Қарауылтөбе конус тәрізді болып келген, биіктігі 7 сажень, төбе үстіндегі алаңның аумағы 15 шаршы сажень, етегінің айналдыра ұзындығы 300 сажень. Н.П. Остроумов қарауылтөбелер, негізінен, конус тәрізді келген қалпымен және ашық жерде орналасуымен ерекшеленеді деп пайымдайды [123, с.120]. Сонымен қатар, ол Қарауылтөбенің төңірегінде, Арыс өзенінің жағалық жазығында көптеген обалар орналасқанын да атап өтеді.

Қарауылтөбені көріп шыққан соң, Н.П. Остроумов Қарауылтөбеден 2-3 верст жерде, Арыс өзенінің сол жағасында орналасқан Жуантөбеде (Таяқ салды) болып, оның жобасын түсіреді (сурет А.15). Ол жөніндегі сипаттамасында Жуантөбе айналдыра қоршаған екі топырақ жалдың және олардың арасындағы үш ордың ортасында орналасқан, жобасында төртбұрышты, пирамида тәрізді болып келген төбенің көлемі: етегі 50х50 сажень, жоғарғы бөлігі 25х25 сажень, биіктігі 8 сажень болып келгенін, жалдар биіктігі 1-3 сажень, ені 15-20 сажень, оңтүстік-шығыс жағында ені 60-70 қадам және шығыс жағында кірер жерлері барын жазады. Н.П. Остроумов

Қарауылтөбе мен Жуантөбені олардың орналасқан жеріне және жобасына қарап бір-бірімен салыстыра отырып, былай деп жазады: «Сказать с увереностью, какое назначение имел холм Джуанъ-типя (Таякъ-салды), окруженный двойным валом и тройным рвом, я не берусь, но во всяком случае несомненно, что этот холм служил центральным пунктом, около которого ютились жители-кочевники...» [123, с.121-123].

Н.П. Остроумов осы сапары барысында Шымкентке барар жолдың бойында көптеген төбелерді кездестіргенін жазады. Олардың қатарында Ақжар станциясының жанынан екі төбені, Келес өзенінің бойынан бір төбені, Джери (Жерүй) станциясының шетінде аумағы үлкен, жобасында таға тәрізді болып келген топырақтан үйілген жалды, Шымкент қаласынан 4 верст оңтүстік-шығыста Бадам өзені бойындағы Альвандъ-кент төбе жанында орналасқан жал орындарын ашады. Н.П. Остроумов осы төбелерде кімдер тұрғаны жайлы жазба деректер болмағандығын алға тартып, тек археологиялық қазба жұмысы осы мәселені шешеді деп, пайымдайды. Ол бұл туралы былай жазады: «Археологические раскопки, веденные обдуманно и систематично, могли-бы оказать большую помощь при решений этого вопроса» [123, с.124].

Н.П. Остроумов Мамаевка ауылының шетінде және Шымкент қаласының төңірегінде орналасқан бірнеше обаларда қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазбаның негізгі мақсаты осы обалар астында адам жерленгенін, болмаса бұл төбелердің басқа да қандай мақсатта салынғанын анықтау болып табылды.

Н.П. Остроумов Мамаевка ауылының төңірегіндегі обаларда жүргізілген қазба жұмыстары барысында екі және төрт қатар болып жерленген адам мүрделерін ашады. Барлық мүрделер астына қиыршық тас немесе ыдыс сынықтары төселген, бастары солтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Кейбір обаларда мүрделер бір деңгейде, ал басқаларында әр түрлі деңгейде жерленген. Н.П. Остроумов осыған қарап, обаларда бір мезгілде қайтыс болған адамдар жерленген, болмаса әр түрлі уақытта қайтыс болған адамдар жерленіп, үстінен топырақ үйілген болуы мүмкін деген пікір айтады [123, с.125].

Қазба барысында бір мүрденің жанынан екі мыс сырға, шағын моншақтар, ал екіншісінен мыстан жасалынған қапсырма сынығын, үшінші мүрденің жанынан тастан жасалынған қайрақ тас тауып, төртінші мүрденің үстіне дуадақ құсының жұмыртқалары қойылғанын және бұл обалардан қазба барысында бірде бір ыдыс табылмағандығын атап өтеді.

Н.П. Остроумов Жуантөбенің орталық бөлігінде және оны айналдыра қоршаған жалда шағын қазба жұмыстарын жүргізеді. Төбені қоршаған жалда 1 сажень тереңдіктен диаметрі 1 аршын болып келетін екі шұңқыр аршып, сонымен қатар төбе үстінде көптеген ыдыс сынықтарының кездесетінін атап өтеді [123, с.127].

Н.П. Остроумов 1888 жылы Бадам өзенінің бойында орналасқан Альвандкент төбесінде алғаш рет болып, осы сапарында онда шағын қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазіргі таңда төбенің жартысы сумен шайылып, ал сақталған бөлігі солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағытталған, ұзындығы 25 сажень, биіктігі 3 сажень. Альвандкенттің солтүстік-батыс жағы

Бадам өзеніне тиіп жатқан, топырақтан үйілген жалға қарай бағытталып, созылыңқы болып келген. Н.П. Остроумов Альвандкенттің батыс бөлігінде тереңдігі 4 аршын, ені 3 аршын келетін кесінді салып, қазба барысында хұм, көзе, шыны сынықтарын, ыдыс түптері, бес ұршық тас пен темір пышақ және т.б. заттар табады [123, с.128-130]. Жүргізген қазба жұмыстары жайлы Н.П. Остроумов былай пайымдайды: «Таким образом и чимкентский «Альвандкендъ» не дал ничего положительного для каких-либо выводов относительно цели таких сооружений. Скрывают ли все подобные холмы что-нибудь под собой, под основанием, сказать трудно, а принят на себя труд срыть до основания такой холм – дело рискованное, потому что такая работа потребовало бы много денег и времени». Сонымен қатар, Н.П. Остроумов Түркістан өңірінде, оның ішінде Сырдария облысында көптеген төбелер барын алға тартып, Түркістан жеріндегі археологиялық ескерткіштерді картаға түсіріп, олар орналасқан жердің сипаттамаларын жазып және осы ескерткіштер жайлы аңыз-әңгімелерді жазып алуды ұсынады. Н.П. Остроумов осы сапарында Мамаевка ауылының жанында орналасқан Қараспантөбе туралы аңызды жазып алып мақаласында жариялайды [123, с.131-132].

Н.П. Остроумов зерттеулерін үйірме құрылғаннан бұрын жүргізсе де, оның нәтижелері 1899 жылдың 25 қыркүйегі күні өткен үйірме отырысында тыңдалып, «хаттамаларында» жарық көреді.

А.И. Симонов 1893 жылы Жусалыдан (Қармақшы бекінісі) 100 верст қашықтықта орналасқан Шоқтөбені зерттеп, тасқа айналған жануарлардың сүйектерін табады. А.И. Симонов, бұл төбе тас ғасырының ескерткіші болуы мүмкін деген жорамал айтады [124, с.272].

Сонымен, Оңтүстік Қазақстанда XVIII ғ. басынан бастап 1895 жылға дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде бұрын ғылымға белгісіз болып келген 97 археологиялық ескерткіш зерттеледі, оның 2-і Лепсі, 1-і Жаркент, 12-і Қапал, 4-і Верный, 42-і Әулиеата, 29-ы Шымкент, 3-і Перовск және 4-і Қазалы уездерінде орналасқан. Ескерткіштердің 50 қала мен елді мекендер, 17 жеке оба мен обалар қорымы, 13 тасқа салынған суреттер, 1 суландыру жүйесі, 1 тас ғасырының тұрағы, 4 тас мүсін, 2 үңгір және 9 сәулет өнері ескерткіштері. Тас мүсіндер мен үңгірлерді біз шартты түрде алып отырмыз, себебі, зерттеушілер олар туралы сипаттамасында негізінен бірнеше немесе көптеген деп берген.

Жүргізілген ізденіс жұмыстарын саралай отырып, зерттеушілер, негізінен, қалалар мен елді мекендерге назар аударғандығын көреміз. Олар қалалардың топографиясын суреттеумен ғана шектелмей, бірнеше қалаларда шағын қазба жұмыстарын да жүргізді:

- П.И. Лерх пен В.В. Верещагин Жанкентте;
- А.К. Гейнс пен П.И. Лерх Сауранда;
- Н.И. Веселовский Отырарда;
- Н.П. Остроумов Жуантөбе мен Альвандкентте.

Сонымен қатар, Е.Ф. Каль Жетітөбе обалар қорымында, ал Н.П. Остроумов Шымкент маңындағы обаларда және Бөріжар обалар қорымында қазба жүргізеді.

В.В. Бартольд Ибн Хордадбех, Кудама ибн Джа’фар және әл-Макдиси еңбектерінде кездесетін Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан Шараб, Будахкет, Тамтадж, Абарджадж, Джувикат тұрақтарының ара қашықтықтарын салыстыра қарастырып, Қапал бұлақты Шараппен, Түлкібасты Тамтаджбен, Садырқорғанды Шельджимен баламалады. Сонымен қатар, В.В. Бартольд ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып, Испиджаб, Талас, Шу, Нарын, Ыстыққөл, Іле аймақтарының тарихи очеркісін жазады.

Қорыта келгенде, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің археологиялық ескерткіштерінің зерттелуін XVIII ғ. басынан бастап Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеулерді үш кезеңге бөлуге болады: XVIII ғ. басы – XIX ғ. ортасы, 1856-1895 жж. және 1895-1917 жж. аралығы. Бірінші кезең Оңтүстік Қазақстанда орналасқан археологиялық ескерткіштер жайлы алғашқы мәліметтер 1701 жылы дайындалған Семен Ремезовтың «Сібір сызба кітабы» мен оған қосымша етіп шығарылған атласы мен XVIII ғ. басында Д.Г. Мессершмидт Түркістан қаласының аксонометриялық жобасын сызып, сипаттамасы берілген уақыттан бастау алып, бұл кезеңде өзен, көл, жолдар мен қалалар орны белгіленген карталар сызылып ескерткіштері туралы қысқаша мәліметтер берілген.

Ал, екінші кезең – 1856 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан өңірлерде орналасқан ескерткіштерде жүргізілген зерттеулер белгілі ғалым Ш.Ш. Уәлихановтың есімімен байланысты. Оның Ұлытау, Жетісу мен Ыстыққөл өңірлерінің ортағасырлық ескерткіштері туралы алғашқы ғылыми мақалалары жарық көрген кезден басталып, бұл кезеңде негізгі зерттеулерді орталықта орналасқан мекемелер атқарды.

Әскери министрлік пен Орыс географиялық қоғамының қаржыландыруымен жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің топографиясы, географиясы және жер-су атаулары жайлы, сонымен қатар, археологиялық, этнографиялық, сәулет өнері ескерткіштері жайлы алғашқы деректер алынды. Императорлық Археологиялық комиссияның тапсырмасы бойынша шығыстанушы П.И. Лерх Сырдарияның төменгі және орта ағысы бойында орналасқан ежелгі Жанкент, Сығанақ, Сауран, Міртөбе, Түркістан және Талас өңіріндегі Ақыртас қалаларын зерттеп, бірінші болып «баламалау мәселесін» көтерген ғалым. П.И. Лерх Жанкентті жазба деректерде кездесетін Янгикентпен, Түркістанды Ясымен баламалап, Жент қаласын Қорқыт ата мазарының жанындағы төбелердің бірінде және Тараз қаласы Талас өзені бойында орналасқан деген тұжырымдар ұсынылды.

XIX ғ. екінші жартысында фотографияның пайда болуы мен Ресейде фотографиялық әдістің дамуы Түркістан өлкесінің тарихи-мәдени, сәулет өнері және этнографиялық мұрасы жайлы фотодеректер алуға мүмкіндік берді. А.Л. Кунның Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия өңірлерінің археологиялық, тарихи және этнографиялық ескерткіштері жайлы жиған фотодеректері аса құнды болып табылады.

Императорлық орыс археология қоғамының тапсырмасымен профессор Н.И. Веселовский Сырдария облысында жүргізген зерттеулер барысында көне қалалардың алғашқы топографиялық жоспарларын түсіріп, көне қалалар

туралы деректерді жинау бағдарламасының жобасын дайындап, көпшілікке ұсынды. Санкт-Петербург университеті мен Ғылым академиясының тапсырмасымен В.В. Бартольдтің 1893-1894 жылдар аралығында Талас, Шу, Іле, Нарын өңірлерінде, Ыстықкөл ойпатында және Тянь-Шаньның ішкі бөктерінде зерттеулер жүргізіп, бірінші болып ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып Талас жазығында орналасқан қалалар жайлы деректерді келтірген және Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан қалалардың баламалау мәселесін көтерген. Сонымен бірге, осы кезеңде П.И. Лерх пен В.В. Верещагин Жанкентте, А.К. Гейнс пен П.И. Лерх Сауранда, Н.И. Веселовский Отырарда, Н.П. Остроумов Жуантөбе мен Альвандкентте, Е.Ф. Каль Жетітөбе обалар қорымында, ал Н.П. Остроумов Шымкент маңындағы обаларда және Бөріжар обалар қорымында қазба жұмыстарын жүргізді.

XIX ғ. екінші жартысында мемлекеттік ғылыми мекемелердің атқарылған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің материалдық мәдениет тарихы жайлы құнды деректер жинақталып, археология ғылымының қалыптасуына сүбелі үлес қосты.

Үшінші кезең, 1895-1917 жылдар аралығында Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде зерттеу жұмыстармен айналысқан Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесімен байланысты. Үйірме мүшелері археологиялық ескерткіштерді белгіленген бағдарлама аясында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл кезең, біріншіден зерттеулерді бір қоғамдық ұйым, екіншіден жергілікті әуесқой өлкетанушылар жүргізгендігі, үшіншіден тек зерттеулермен шектелмей, археологиялық ескерткіштерді қорғау, сақтау мәселелерін көтеріп, материалдарды сараптай отырып, баспаға дайындағандығымен ерекшеленеді.

### 1.1.2 Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің XIX ғ. екінші жартысындағы әкімшілік- аймақтық бөлінуі

XIX ғасырдың ортасында Патша өкіметінің Қазақстанның оңтүстік өңірлерін Ресейге қосу саясаты өрши түсті. Негізінен, бұл саясат екі бағыт бойынша жүргізіледі: біріншіден, қазақ даласына ұйымдастырылған әскери, әскери-тыңшылық әрекеттер; екіншіден, стратегиялық жағынан қолайлы бекіністер салу [125, с.370]. XIX ғ. бірінші жартысында, Сібір шебі жағынан Ақтау (1835 ж.), Ұлытау (1835 ж.), Қапал (1846 ж.), Сергиополь (Аягөз, 1831 ж.), Верный (1854 ж.), Қастек (1859 ж.) және т.б. бекіністер, ал, Сырдария жағынан Райым (1848 ж.), Қазалы (форт №1) және Қармақшы (форт №2) бекіністері салынды [126, с.95-96]. 1856 жылы Семей облысының құрамына кіретін Алатау округі құрылады. Бастапқы кезде Алатау округінің орталығы Қапал бекінісі (1846) болды, ал 1862 жылдан бастап орталық Верный бекінісіне (1854) ауыстырылады [41, с.85-86]. Патша өкіметі 1860 жылдан бастап Қоқан хандығына қарсы белсенді әскери әрекеттерін үдетеді. Осы жылдың 26 тамызында Тоқмақ, 4 қыркүйегінде Пишпек орыс әскерінің қол астына өтеді [42, с.252-259].

Ресей патшасы II Александр, әскери министр Д.А. Милютиннің Орта Азия хандықтарына қарсы әрекеттер жөніндегі бағдарламасын 1863 жылдың 20

желтоқсанында бекітіп, Әскери министрлік 1864 жылы Сібір мен Сырдария шептерін қосуды іске асырады [125, с.375]. Сібір мен Сырдария шептерін қосу саясатын іске асырудың нәтижесінде 1864 жылы Мерке, Әулиеата, Созақ, Шолаққорған, Түркістан, Шымкент, Сайрам және 1865 жылы Ташкент, Үржар, Ходжент, Жызақ қалалары Ресей патшалығының қол астына өтеді [125, с.379-380; 41, с.95-96.].

1865 жылы жаулап алынған аймақтарда Түркістан облысы құрылып, 1866 жылғы «Түркістан облысын басқару ережесі» атты жоба бойынша облыс төрт округке бөлінеді. Олар: Түркістан, Шымкент, Ташкент және Задария округтері еді [127]. Түркістан округіне Қазалы, Ақмешіт және Түркістан; Шымкент округіне Шымкент, Әулиеата және Тоқмақ; Ташкент округіне Ташкент, Зашыршық және Шардара; Задария округіне Ходжкент, Уратөбе, Заминск, Жызақ және Үржарды енгізу ұсынылады. Бірақ, бұл ұсыныс өтпей, II Александр патшаның жарлығымен 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып [125, с.381], оның орталығы Ташкент қаласы болып бекітіледі. Түркістан генерал-губернаторлығына Түркістан облысы, Ташкент ауданы, Сырдарияның сол жағасындағы жерлер (1866 жылы жаулап алынған) және Семей облысының бір бөлігі (Тарбағатай тауының оңтүстігіндегі жерлер) беріліп, бұл жерлер Жетісу және Сырдария облыстары болып екіге бөлінеді [128, с.281-282].

1867 жылғы «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» бойынша Түркістан генерал-губернаторлығы облыстар мен уездерге бөлінеді [125, с.418]. Оның құрамындағы Жетісу облысы Сергиополь, Қапал, Верный, Ыстыққөл, Тоқмақ уездеріне, ал Сырдария облысы Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент және Жызақ уездеріне бөлінеді [129, с.2-3]. 1867-1868 жж. «Уақытша ережелер» екі жыл мерзімге тәжірибе түрінде енгізілген болатын. Бірақ, бұл әкімшілік-аймақтық жіктеу саясаты жергілікті халыққа теріс әсер етуі мүмкін деген қауіппен жиырма жылдан астам уақытқа созылады.

Қазақстан жері 1865-1886 жж. аралығында үш генерал-губернаторлық құрамына енеді. Олар: Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан деп аталады (сурет Ә.1, қосымша Ә).

1886 жылдың 2 маусымында қабылданған «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже» және 1891 жылдың 25 наурызында қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» бойынша, Қазақстан территориясы Түркістан және Дала (Степной) генерал-губернаторлықтар құрамына енеді. Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласы болды. Оның құрамына Ферғана, Самарқан және Сырдария облыстары, ал, Дала генерал-губернаторлығының орталығы болып Омск қаласы бекітіліп, оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары кіреді [126, с.117]. 1897 жылы Жетісу облысы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығына қайтарылады [125, с.430]. Жаңа «Ереже» бойынша Сырдария облысы бес уездке бөлінеді: Әулиеата, Шымкент, Ташкент, Перовск, Қазалы және Амудария бөлімшесі. Облыстың жалпы

территориясының аумағы: 379 500 верст$^2$ (402 270 км$^2$) болды [130, с.289]. Ал, Жетісу облысы Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный, Пішпек және Пржевальск уездеріне бөлінді. Облыстың жалпы аумағы: 353 430 верст$^2$ (374 636 км$^2$) болды [131, с.271]. Олардың ішінде, Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный, Әулиеата, Шымкент, Перовск және Қазалы уездтері қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің жері болып табылады (сурет Ә.2-Ә.3).

Түркістан генерал-губернаторлығы солтүстікте Шу өзені бойымен Ақмола облысымен, солтүстік-шығыста Семей облысымен, шығыста, оңтүстік-шығыста Қытаймен, оңтүстікте Ауғанстанмен, оңтүстік-батыста Бұхара әмірлігімен, батыста Хиуа хандығымен және солтүстік-батыста Торғай облысымен шекаралас болды [132, с.295].

1867-1917 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан өңірлері Түркістан генерал-губернаторлығының, ал Қазан төңкерісінен кейін Түркістан АКСР-ның құрамына енеді. Тек, 1924-1925 жылдары аралығында Кеңес өкіметі жүргізген ұлттық-аймақтық межелеу саясатының нәтижесінде Түркістан АКСР, Бұхара ХКСР, Хорезм ХКСР таратылып, олардың территорияларында Өзбек КСР, Тәжік АКСР, Түркмен КСР құрылады [133]. Ал, Түркістан АКСР-ның басым бөлігі (қазіргі Қазақстанның оңтүстік өңірлері) Қазақ АКСР құрамына енді.

Қысқаша қорытындылай келсек, Қазақстан жері 1865-1886 жж. аралығында Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан генерал-губернаторлықтар құрамына енген. 1886 жылдың 2 маусымында қабылданған «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже» және 1891 жылдың 25 наурызында қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» бойынша, Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласы болды. Оның құрамына Ферғана, Самарқан және Сырдария облыстары, ал, Дала генерал-губернаторлығының орталығы болып Омск қаласы бекітіліп, оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары кіреді. 1897 жылы Жетісу облысы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығына қайтарылды. Жетісу облысының Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный уездтері және Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент, Перовск және Қазалы уездтері Қазақстанның қазіргі әкімшілік-территориялық бөлініс бойынша Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарын және Абай облысының оңтүстік-шығыс бөлігін қамтыған.

Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына кіретін Жетісу, Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарында орналасқан көне мұралар жайлы мәліметтерді жергілікті белсенді әуесқой ғалымдар Ташкент қаласында шығатын газеттерде және уезд басшылары өз рапорттарында баяндап отырған. Жергілікті мұғалімдер, әскері және темір жол қызметкерлері атқарған ізденістері тек өз аймақтарында орналасқан ескерткіштерін зерттеумен шектелмей, бірлесе отырып, ортақ ұйым құрылуына да септігін тигізді деп есептейміз.

### 1.1.3 Қазақ жерінде жергілікті ғылыми ұйымдардың ашылуы

Ресей өзі жаулап, зорлықпен қосып алған жерлердің байлығын пайдалану,

ресурстарын зерттеу мақсатында арнайы экспедициялар ұйымдастырады [125, с.687-688]. Негізінен, бұл жұмыстармен Ғылым академиясы, Императорлық орыс географиялық қоғамы, Тау-кен мен Темір жол ведомстволары, Мемлекеттік мүлік министрлігі мен Қазан университеті жанындағы археология, тарих және этнография қоғамы айналысады.

Патша өкіметі отарлау саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстанның көптеген қалаларында жергілікті өлкетану ғылыми ұйымдарын – облыстық статистикалық комитеттер, географиялық қоғамның бөлімдерін және т.б. ұйымдар құрады. Олардың негізгі мақсаты географиялық, статистикалық, этнографиялық, жаратылыстану мен тарихи деректерді жинақтау, сараптау, жариялау және ғылыми экспедициялар ұйымдастыру болып табылды. Жинақталған материалдар жергілікті: «Орал облыстық ведомості», «Семей облыстық ведомості», «Сібір газеті», «Жетісу облыстық ведомості», «Сырдария облысына арналған статистика материалдары», «Түркістан ведомості» және т.б. баспасөз беттерінде жарияланып отырды [125, с.558-561].

Орынбор қаласында Императорлық орыс географиялық қоғамының бөлімі мен Торғай статистикалық комитеті ашылып, Қазақстанның экономикасы, халқының тұрмысы мен мәдениеті және этнографиясы жайлы құнды деректер жинақтады. Сонымен қатар, Омск пен Ташкентте Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір және Түркістан бөлімдері ашылады. Батыс-Сібір өлкетану қоғамында белгілі ғалымдар М. Чорманов, Ш. Уәлиханов, қоғам қайраткері Ә. Бөкейханов белсенді жұмыс атқарады. Бұлармен қоса, зерттеушілердің қатарында Я.В. Ханыков, М.И. Иванин, В.В. Григорьев, В.В. Вельяминов-Зернов, П.А. Юдин, Л. Мейер, М.С. Бабажанов, Т. Сейдалин, Б. Даулбаев, С. Жантөрин, Б. Наурызбаева және т.б. болды [125, с.558-560]. С. Жантөрин қазақ халқының фольклоры, Д. Беркінбаев қазақтың этноәлеуметтік жағдайы, Т. Сейдалин қазақтар арасындағы егіншіліктің дамуы, ал М.С. Бабажанов қазақ этнографиясы жайлы зерттеулер жүргізеді.

Жергілікті өлкетану қоғамдарымен қатар, орталықта орналасқан ғылыми ұйымдар тарапынан да осы өңірдің көне ескерткіштерін зерттеуге деген қызығушылық пайда болды. Олардың қатарында Императорлық археология комиссиясы, Орынбор мұрағат ғылыми комиссиясы, Санкт-Петербург университеті, Санкт-Петербург археология институты және т.б. болды [132, с.296]. 1859 ж. құрылған Императорлық археологиялық комиссиясының негізгі мақсаты көне жәдігерлерді іздестіру, ескерткіштер жайлы мәліметтер жинақтау және жаңадан ашылған ескерткіштерді ғылыми тұрғыдан бағалау [134, 108-б.] болды. Ал, 1887 жылы құрылған, Орынбор мұрағат ғылыми комиссиясының мақсаты губерниялар тарихы жайлы мұрағаттарды жинақтау мен жүйелеу, археологиялық және этнографиялық деректерді жинақтау болып табылды [135; 125, с.690-691].

Орталықта орналасқан ғылыми ұйымдардың қаржыландыруымен Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің көне ескерткіштерін зерттеу мақсатында бірнеше экспедициялар ұйымдастырылады [134, 108-109-б]. XIX ғ. екінші

жартысында әуесқой ғалымдар Н.А. Северцев [34, с.95-97], М. Бекчурин [35, с.52-56], П.И. Лерх [97; 98], А.К. Гейнс [36, с.263-266], И.И. Пашино [96, с.59-66], П.И. Рычков [37, с.18-19] В.В. Верещагин [104; 136], А.Л. Кун [100], Н.И. Веселовский [69, с.137-138; 112, с.221-226] және т.б. осы өңір мұраларын зерттеуге сүбелі үлес қосты.

Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің табиғатын, географиясын, тарихы мен этнографиясын Н. Жетпісбаев, Ш.М. Ибрагимов, Ә.А. Диваев, Н.Н. Пантусов, П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, Н.Л. Зеланд, Н.А. Маев, Д. Иванов, И. Гейер, Е. Смирнов және т.б. зерттейді [125, с.561].

XIX ғ. екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірлері Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына еніп, орталықта орналасқан ғылыми ұйымдар өз бөлімдерін Ташкентте аша бастайды. Солардың қатарында 1870 жылы Жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары Мәскеу қоғамының Түркістан бөлімі, 1885 жылы Бағбаншылық қоғамының Түркістан бөлімі [137, с.336], 1879 жылы Жетісу облыстық статистикалық комитеті, 1887 жылы Сырдария облыстық статистикалық комитеті және т.б. болды [125, с.563]. Сонымен бірге, Ташкент қаласында жергілікті басшылардың қолдауымен алғашқы аймақтық ғылыми ұйымдар да ашыла бастайды. 1871 жылы генерал-губернатор К.П. Кауфманның қолдауымен алғашқы жергілікті ұйым – Ортаазиялық ғылыми қоғамы құрылады. Қоғамның Жарғы жобасында оның негізгі бағыттары: «Қоғам Орта Азияның тарихы, географиясы, статистикасы, этнографиясы, жер байлығы, сауда және кәсіпорындары жайлы деректерді жинақтайды, сараптайды және жариялайды» деп анықтаған [43, с.72].

Қоғамның атқарған жұмыстарының арасынан ерекше назар аударуға тұратыны Түркістан халықтарының әдет-ғұрыптары жинағын әзірлеу жобасы мен «Түркістан өңірі жайлы деректер жинағы» атты кітапты баспаға дайындауы болды [43, с.79]. 1895 жылы Түркістан генерал-губернаторы барон А.Б. Вревский Императорлық орыс географиялық қоғамына Ташкент қаласында Түркістан бөлімін ашу туралы өтініш білдіріп, 1896 жылдың 20 мамырында осы қоғамның Түркістан бөлімі Ташкентте ашылады [125, с.684-685].

Жоғарыда аталған жергілікті ғылыми ұйымдар арасында ерекше орын алатыны Ташкент қаласында құрылған Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі болды. 1895 жылдың 11 желтоқсанында құрылтайшы-мүшелердің жалпы отырысында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің ашылуы өтіп, жиырма жылдан астам уақыт Түркістан өңірінде зерттеу жұмыстарын атқарған алғашқы жергілікті қоғамдық ғылыми-өлкетану мекемелерінің бірі болып табылады [132, с.297].

Қорыта келгенде, біріншіден, XIX ғ. екінші жартысында орталықта орналасқан ғылыми ұйымдардың өз бөлімдерін Қазақ жерінде, оның ішінде Ташкент қаласында да аша бастауы, екіншіден, XIX ғ. екінші жартысында Орталық Азия өңірлерінің археологиялық ескерткіштері әуесқой өлкетанушылар мен ғалымдардың орталықта орналасқан ғылыми мекемелер тарапынан қаржыландырылып зерттелуі және олардың атқарған ізденіс

жұмыстарының ықпалымен XIX ғ. соңғы ширегінде Ташкент қаласында жергілікті шенеуніктер, мұғалімдер және т.б. арасынан Түркістан өлкесінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеп жүрген тобы бой көрсетіп, уақыт өте келе жергілікті әуесқой өлкетанушылардың бірігіп, арнайы бағдарлама аясында бірлесе жұмыс атқаруын атаймыз.

### 1.2. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылуы

Оңтүстік Қазақстанды Ресейге күштеп қосып алғаннан кейін осы өңірлердің археологиялық ескерткіштері бұзылып, тонала бастайды. XIX ғ. 60-90-шы жылдар аралығында археологиялық ескерткіштердегі қазба жұмыстарын арнайы мамандармен қатар әуесқойлардың, жергілікті тұрғындардың да жүргізуі арта түсті. Соның салдарынан көптеген ескерткіштерге зиян келтіріліп, табылған жәдігерлер біржолата жоғалады. Сол себептен, 1871 ж. Түркістан генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман ескерткіштерді ғылыми тұрғыда зерттеуге қиындық туып отырғанын ескере отырып, арнайы рұқсатсыз қазба жұмысын жүргізуге тыйым салады [47, с.46]. Алайда, 1883 ж. бастап археологиялық қазба жұмыстарын қаржысы бар жеке азаматтар да жүргізе бастайды. Өкінішке орай, бұл қазба жұмыстары ғылыми тұрғыдан қарағанда, төмен деңгейде атқарылады [138, 6-7 б.].

Оңтүстік Қазақстанда орналасқан археологиялық ескерткіштерде зерттеулерді бастапқы кезеңде орталықта орналасқан ғылыми мекемелер жүргізсе, XIX ғ. 80-шы жылдарынан бастап жергілікті шенеуніктер, зиялы қауым өкілдері және саяси себептермен жер ауып келген интеллигенция өкілдері арасынан Түркістан өлкесінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеп жүрген топ белгіленеді. Солардың қатарында Императорлық Археологиялық комиссиясымен және Археологиялық қоғамымен тығыз байланыста болған Ташкент ерлер гимназиясының директоры Н.П. Остроумов та болды.

Түркістан өңірінде 1886 жылға дейін жүйелі түрде археологиялық зерттеулер жүргізілмегендігін, орталықтағы археологиялық ұйымдармен тұрақты байланыс жоқтығын, сонымен қатар жергілікті жерде осы мәселелермен айналысатын мекеме не жеке азаматтардың жоқтығын ескеріп, Императорлық Археологиялық комиссия Н.П. Остроумовқа аталған жұмыстармен айналысуды өтінеді [40, с.37-38].

Императорлық Археологиялық комиссиясы және Түркістан генерал-губернаторлығының қаржыландыруымен Н.П. Остроумов бірнеше ескерткіштерде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, Түркістанда орналасқан көне ескерткіштердің көп бөлігі табиғат зардабынан және шаруашылық жұмыстары салдарынан бірте-бірте бұзылып жатқанын комиссияға жазған хаттарында хабарлады [40, с.46].

Императорлық жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары қоғамы Түркістан бөлімінің 1893 жылдың 11 желтоқсанында өткен отырысында Н.П. Остроумов Түркістан өңірінде көптеген археологиялық ескерткіштер орналасқанын, олардың тек аз ғана бөлігінде қазба жұмыстары жүргізілгеніне тоқталып, Түркістан өңірінің Ресейдің қол астына өтуінен бұрын

осы жердегі ескерткіштердің бұзылмай тұрғанын алға тарады. Ал, Ресейге қосылғаннан кейін осы өңірде шаруашылық өндірісінің қарқынды дамуының әсерінен археологиялық ескерткіштердің бұзылып жатқанын және ғылым үшін аса құнды заттардың біржолата жойылып кеткенін, оған қоса ескерткіштердің бұзылуына қазына іздеушілердің де қатысы барын баяндап, сөз соңында жергілікті әкімшілік тарапына осы өңірдегі тарихи-мәдени мұраларды қорғау шараларын қолға алуды ұсынады [40, с.56; 139, л.1]. Сөз кезегін алған В.В. Бартольд өзінің 1893 жылы атқарған археологиялық зерттеулеріне тоқтала келіп, жергілікті әуесқойлардың атқарған археологиялық зерттеулеріне үлкен баға беріп, Трансоксианадағы отырықшылық мәдениет ескерткіштерін зерттеуге жергілікті әуесқойлардың қабілетті екенін атап өтеді [139, л.2]. Сонымен бірге, В.В. Бартольд өз экспедициясының бағдарламасын толық орындауға мүмкіншілігі жоқ екенін атап, осы ізденіс жұмыстарының ең болмаса бір бөлігін жергілікті әуесқойлар атқарса деген өз ұсынысын да айтады [40, с.57]. В.В. Бартольд сөз соңында осы өңірде орналасқан ескерткіштерді зерттеу, негізінен, жергілікті ғалымдар мен өлкетанушыларға байланысты деп қорытындылайды [140, 245 б.; 141, с.326].

Н.П. Остроумов пен В.В. Бартольдтің баяндамасы жан-жақты талқыланып [27, с.44], осы отырыста генерал-губернатор барон А.Б. Вревскийдің ұсынысы бойынша, Ташкент қаласында археологиялық үйірме құру туралы шешім қабылданады [139, л.2].

Аз уақыт ішінде Н.П. Остроумов үйірме Жарғысының жобасын дайындап, 1894 жылдың 9 ақпанында Генерал-губернатор канцеляриясының басшысы К.А. Несторовскийге жазған хатында: «В исполнение возложенного на меня Главным Начальником края поручения составить проект устава Туркестанского кружка любителей археологии, имею честь покорнейше просить Ваше превосходительство доложить Его Высокопревосходительству предостовляемый при сем проект устава этого кружка и затем препроводить в Императорскую Археологическую комиссию для соответствующего разрешения проектируемой деятельности кружка» деп өтінеді (сурет Б.1, қосымша Б) [52, 1-п.]. Н.П. Остроумовтың жазған хатына қарағанда Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі Императорлық археология комиссиясының аясында жұмыс атқаратындығы көзделгенін көрсетеді. Алайда, Императорлық археология комиссиясы басшысының 1894 жылдың 6 сәуірінде жазылған жауап хатында: «...на основании Высочайше утвержденнаго Положения об Археологической комиссии, не считает себя вправе ни принять кружок в свое ведение, ни ходадатайствовать об утверждении означенного проекта, так как учреждение подобных частных ученых обществ и кружков зависить от усмотрения Министерства Народного просвящения...» делінген (сурет Б.2) [142, 4-5-п.].

1894 жылдың 31 мамырында Н.П. Остроумов Генерал-губернатор канцеляриясына жіберген хатында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Жарғысын бекіту үшін Халыққа білім беру министріне жіберуін өтінеді [143, 6-п.]. Н.П. Остроумов пен Түркістан генерал-губернатор

канцеляриясы, Императорлық археология комиссиясы және Халыққа білім беру министрлігі арасында үйірме Жарғысын бекіту туралы хат алмасуы бір жарым жылға созылады. Тек 1895 жылдың 31 қазанында Халыққа білім беру министрі граф Делянов үйірме Жарғысын бекітеді [144, 1-п.; 139, с.1-6]. Үйірме мүшесі Н.С. Лыкошин осы шешім туралы ойын былай тұжырымдайды: «Таким образом, в крае возникло самостоятельное археологическое учреждение, которому предстоить много работы» [40, с.57].

1895 жылдың 11 желтоқсанында өткен құрылтайшы-мүшелердің жалпы жиналысында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі (бұдан былай - үйірме) ашылады [45, с.4-5; 145, с.107]. Үйірменің құрметті төрағасы болып генерал-губернатор А.Б. Вревский сайланады. Үйірменің құрылтайшы-мүшелері: Н.А. Зеланд, О.М. Керенский, Д.М. Левшин, Н.П. Остроумов, В.Ф. Ошанин, Е.Т. Смирнов, В.О. Преображенский, А.П. Романович, Э.И. Мюллер, К.Вл. Аристов, В.В. Бартольд, Н.Д. Казицин, С.М. Граменицкий, Д.В. Назаров, Н.С. Лыкошин, С.А. Лидский және Ташкент училищесінің директоры князь К.М. Аргутинский-Долгоруков болып, Н.П. Остроумовты үйірменің вице-төрағасы, Н.С. Лыкошинды хатшы, С.А. Лидскийді казначей ретінде сайлайды [45, с.1-2].

Н.П. Остроумов өз сөзінде: «…құрметті төрағаның қолдауымен осы өңірде бұдан бұрын жеке-жеке жұмыс атқарған әуесқой археологтар бұдан соң үйірме «Жарғысын» басшылыққа алып, онда келтірілген бағдарлама бойынша бірігіп жұмыс атқарады, сонысымен ғылымға пайда әкеледі деп сенемін», - деді [45, с.2].

Үйірменің ашылуына байланысты, жергілікті «Түркістан ведомості», «Түркістан түземдік газеті» атты баспасөз ақпарат құралдарының беттерінде үйірменің ашылу тарихы мен Жарғысы жарияланады [146, с.1] әрі үйірме Жарғысы жеке кітапша ретінде де баспадан шығады [46].

Түркістан үйірмесі тарапынан Түркістан генерал-губернаторы канцеляриясының басшысына [147, 10-п] және облыс басшыларына арнайы хат жіберіледі, онда үйірме атқаратын ізденіс жұмыстарына көмек көрсету туралы өтініш жазады [148, 9-п.]. Сонымен қатар, генерал-губернатор барон А.Б. Вревскийдің Ташкент қаласында археологиялық үйірме ашылмастан бұрын облыстық әскери губернаторларға 1895 жылдың 29 наурыз айында (№2538 нөмірмен тіркелген) облыстар жерінде орналасқан көне ескерткіштер жайлы мәлімет талап еткен.

1894 жылдың 6 ақпанында Сырдария облысының әскери губернаторы Сырдария облысында орналасқан ескерткіштер туралы рапортында: а) Ташкент қаласында – екі төбе, оның бірінің атауы Шыршык-тиля; ә) Ташкент уездінде – бірнеше ескі мешіттер; б) Шымкент уездінде – Түркістан қаласында Сұлтан Хазрет (Әзірет Сұлтан) мешіті; в) Әулиеата қаласында - Қарахан мазары; г) Әулиеата уездінде – Головачевка ауылында Айша бибі мазары, Ошақты болысында Аққесене, Алмалы болысында Ақыртас құландылары; д) Қазалы уездінде – шағын төбелер орналасқандығын жазған [149, 91-92-п.]. Осы рапортқа (сурет Б.3) сүйенсек, Сырдария облысында орналасқан

ескерткіштердің тек аз ғана бөлігі тіркелгендігін көрсетеді. 1896 жылға дейін осы өңірде Н.А. Северцев, М. Бекчурин, П.И. Лерх, А.К. Гейнс, И.И. Пашино, П.И. Рычков, В.В. Верещагин, А.Л. Кун, Н.И. Веселовский, В.В. Бартольд және т.б. ашып, сипаттап жазған көптеген ескерткіштер енбеген.

Үйірме мүшелерінің отырыстары генерал-губернатор резиденциясы, Түркістан мұғалімдер семинариясы мен Қалалық Дума ғимараттарында өтіп отырған. Зерттеу жұмыстарына жұмсалатын қаржы, негізінен, меценаттық түсімдер мен мүшелер жарнасынан құралған. Сонымен қатар, Түркістан генерал-губернаторлығы, Петроград қаласындағы Орта және Шығыс Азияны зерттеу комитеті де зерттеу жұмыстарына қаржы бөліп отырады [140, 246-б.].

Үйірме мүшелерінің саны 1896 жылдың соңында 100-ге жетеді [150, с.8]. Олар аз уақыт ішінде үйірменің музей қорына көптеген археологиялық және нумизматикалық жәдігерлерді жинақтайды [151, л. 166-190]. Үйірменің кітапхана қоры да ұлғаяды. Үйірменің музейі мен кітапханасы Түркістан генерал-губернаторлық канцеляриясының шешімімен уақытша бөлінген ғимаратта орналасты.

Үйірме орталықта орналасқан Императорлық археология комиссиясы, Санкт-Петербург пен Мәскеу археологиялық қоғамдарымен, Қазан археология, тарих және этнография қоғамымен, Императорлық Қазан университетімен, Лейпцигтегі Этнография музейімен және жергілікті Семей статистикалық комитетімен, Астрахань мен Орынбор мұрағат комиссияларымен тығыз байланыста болды [152, с.197].

Б.В. Лунин Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған жұмыстарын екі кезеңге бөледі. Алғашқы кезең – 1895-1902 жж. аралығы, ал екінші кезең 1903 ж. басталады, бұл этапты Пайшалық Ресейдің Сыртқы істер министрлігі жағынан құрылған Орта және шығыс Азияны тарихи, археологилық, лингистикалық және этнографиялық жағынан зерттеу Орыс комитетінің құрылып, үйірме атқарған ізденістерді қаржыландыруымен байланыстырады [27, с. 64].

Қорыта келгенде, 1893 жылдың 11 желтоқсанында өткен Императорлық жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары қоғамы Түркістан бөлімінің отырысында Н.П. Остроумов осы өңірдегі археологиялық ескерткіштердің бұзылып жатқанын ескертіп, жергілікті әкімшілік тарапынан оларды қорғауға алуын ұсынды. Ал, В.В. Бартольд өз баяндамасында жергілікті әуесқойлардың атқарған археологиялық зерттеулеріне үлкен баға беріп, осы өңірде орналасқан ескерткіштерді зерттеу, жергілікті ғалымдар мен өлкетанушыларға байланысты деген пікірін білдірді. Осы отырыста Н.П. Остроумов пен В.В. Бартольдтің баяндамалары талқыланып, генерал-губернатор барон А.Б. Вревскийдің ұсынысы бойынша, Ташкент қаласында археологиялық үйірме құру туралы шешім қабылданады.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі құрылу тарихы екі жылға созылған. Үйірменің құрылуына белсенді атсалысқан Ташкент ерлер гимназиясының директоры Н.П. Остроумов болды. Ол үйірме Жарғысының жобасын дайындап, оны бекіту мәселесімен айналысты. Археология

әуесқойлары Түркістан үйірмесіне қатысты мұрағат деректері негізінде, Н.П. Остроумов пен Түркістан генерал-губернатор канцеляриясы, Императорлық археология комиссиясы және Халыққа білім беру министрлігі арасында үйірме Жарғысын бекіту туралы хаттарын сараптай келе, Н.П. Остроумовтың Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесін бастапқыда Императорлық археология комиссиясының жергілікті бөлімі ретінде ашылуын көздеген. Алайда, 1895 жылдың 31 қазанында Халыққа білім беру министрі граф Делянов үйірме Жарғысын бекітіп, 1895 ж. 11 желтоқсанда өткен құрылтайшылар отырысында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі қоғамдық ұйым ретінде құрылады.

1.2.1. Түркістан үйірмесінің мақсаты мен міндеттері

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мақсаттары мен міндеттері оның Жарғысында белгіленіп, негізгі атқаратын жұмысы Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштерінде зерттеу жүргізу болды.

Үйірме мүшелері зерттеу жұмыстарына белсене кірісіп, олардың саны көбейе түседі. 1896 жылдың 22 қаңтарында өткен үйірме отырысына 38 мүше қатысып, 47 азаматтың мүшелікке қабылдау туралы үйірме атына келіп түскен өтініштері қаралып, олар бір ауыздан үйірме мүшелігіне қабылданады [153, с.4-5]. Олардың қатарында жергілікті әуесқойлар, туған жер тарихының жанашырлары М.Л. Әбілқасымов, Мұхитдин Қожа Хәкім Қожа Ишанов, Сейіт-Ғани Сейіт Әзімбаев, Сейіт-Кәрім Сейіт Әзімбаев, М.С. Андреев, И.И. Гейер, Н.К. Смирнов, Ә.А. Диваев, Н.Г. Маллицкий және т.б. болды.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі осы өңірдегі археология саласындағы жергілікті қоғамдық өлкетану ұйымы ретінде құрылды, оның негізгі мақсаты: арнайы белгіленген бағдарлама аясында, осы өңірдің барлық территориясында зерттеу жұмыстарын жүргізу және оларды жүйелі түрде атқару арқылы Түркістан өңірінің барлық археологиялық мұрасын анықтау болып табылды. Үйірменің вице-президенті Н.С. Лыкошин осы мақсаттары туралы былай дейді: «Надо надеяться, что дружными усилиями членов нового археологического учреждения гигантский труд изучения Средней Азии, хотя и в продолжение многих лет, но будет выполнен» [40, с.57].

Үйірме Жарғысының екінші параграфында оның негізгі міндеттері айқындалған. Үйірменің қызметі:

а) Түркістан өңірінде орналасқан көне ескерткіштермен танысу;

б) оларды сипаттап жазу және археологиялық картаға түсіру;

в) археологиялық ескерткіштерді қорғау;

г) жер иелерінің рұқсатымен археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу;

д) археологиялық материалдарды сараптап-саралап, баспаға дайындау болып табылады [146, с.1; 46, с.1].

1895 жылдың 11 желтоқсанында өткен үйірме отырысында Жарғыда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Түркістан өңірі облыстарының әскери губернаторларынан, әскери әкімшілік пен оқу орын басшыларынан археологияға қызығатын азаматтарды үйірме мүшелігіне тарту

және өз территорияларында орналасқан көне ескерткіштерді қорғауға шаралар қолдануларын өтінеді [44, с.2-3; 141, с. 327]. Сонымен қатар, 1896 жылдың 22 қаңтарында өткен үйірме отырысында бірқатар шешімдер қабылданады:

1) болашақта атқарылатын зерттеу жұмыстарына қолайлы болу үшін Ташкент айналасының инструментальді түсірілген картасын дайындап беру жайлы Әскери-топографиялық бөлімінің басшысына өтініш айту;

2) Шымкент уездіндегі көне Отырар қалашығы айналасының да жобасын түсіріп беру жайлы өтініш беру;

3) Гаршынның қазба жүргізу туралы нұсқаулық ретіндегі кітапшасының қажетті данасын жаздырып алу [153, с.7].

Жарғының төртінші параграфына сай Үйірме құрметті және тұрақты мүшелері мен қызметкерлерден құралатын болды. Бесінші параграфта жергілікті археология зерттеулеріне қызығушылықпен қарайтын азаматтар үйірме мүшелігіне қабылданатындығы көрсетіліп, жетінші параграф бойынша тұрақты мүшелер арасынан басқару органы: вице-төраға, хатшы және қазынашы 1 жыл мерзімге сайланатын болды. Ал, Жарғының сегізінші параграфында олардың негізгі міндеттері белгіленді: вице-төраға – басқару органы мен жалпы мүшелер мәжілісін шақырады, қазынашы – үйірме кассасын басқарады, ал хатшы – басқару органы мен жалпы мүшелер мәжілісінің хаттамаларын жазады [46, с.2-3].

Жарғының тоғызыншы параграфында үйірмені басқару органының атқаратын жұмыстары айқындалған, үйірменің басқару органы үйірменің күнделікті атқаратын жұмыстарын қарап, шешім қабылдайды. Қай археологиялық ескерткішке қазба жұмыстары арқылы зерттеу жүргізілетіндігін белгілеп, үйірме мүшелері арасынан кім қазба жұмыстарын жүргізетінін анықтап отырды.  Сонымен бірге, басқару органына жергілікті органдармен, орталықтағы Археологиялық комиссиямен тығыз байланыста болуы міндеттеледі [140, 248-249 б.].

Үйірме Жарғысының оныншы параграфында қазба жұмыстарының барысы сипатталып жазылып, мемлекет, қоғамдық және жекеменшік жерлерде табылған заттай деректерді талапқа сай Императорлық археологиялық комиссияға таныстыру міндеттеледі.

Құрылған күннен бастап Түркістан үйірмесі алдына қойылған мақсаттарға сай қызмет атқарды. Олар Оңтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін есепке алып, топографиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зерттелген нысанның өлшемдері мен жобаларын түсіріп, сипаттамаларын жазумен айналысты. Зерттеу нәтижелері арнайы отырыстарда баяндалып, айтылған пікірлер, мәжіліс қорытындылары үйірменің арнайы жинақтарынан орын алады.

Зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамалық құралдары қолда болмағандықтан, үйірме мүшелері далалық зерттеу жұмыстарының әдістемесін, анықтама кітапшаларын мүмкіндігінше әзірледі. Солардың қатарында С.М. Граменицкийдің жеті параграфтан тұратын үйірменің атқаратын жұмыс бағдарламасы мен мақсаттарына қатысты Үйірменің корреспондент-

мүшелеріне арналған Нұсқаулығы да үйірменің 1896 жылғы 3 маусымдағы отырысында жан-жақты талқыланып бекітіледі [140, 249 б.].

Нұсқаудың 1 параграфында: Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің жақын арада атқаратын қызметі Түркістан өңірінде орналасқан көне ескерткіштерді табу, сипаттап жазу және оларды қорғау болып табылады делінген;

2 параграфында: осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін үйірменің корреспондент-мүшелері өздері тұратын жақын жерлерде орналасқан көне ескерткіштер (оба, төбе, қорым, көне құрылыстар, құландылар және т.б.) жайлы естіген болса, ол жерлерге барып ескерткіштердің сипаттамасын жазуға міндетті болады;

3 параграфында: ескерткіштерді сипаттап жазу кезінде келесі мәліметтерге назар аудару қажет: а) ескерткіштің орналасқан жерін, оның жақын елді мекеннен қанша шақырымда екенін және барар жолын; ә) ескерткіштердің (егер бірнеше ескерткіш болса) орналасу жобасын, өзара қашықтығын және жалпы көлемін; б) ескерткіштің сыртқы көрінісінің сипаттамасын, оның ішкі формасын, ұзындығын, енін, биіктігін және жергілікті атауын (болған жағдайда); в) кім де кім ілгеріде осы ескерткіштерде қазба немесе зерттеу жұмыстарын жүргізген бе? Жүргізсе, осы жұмыстар барысында көне заттар табылған ба және олар қандай заттар әрі кімнің қолында сақтаулы тұрғаны туралы мәліметтерге; г) осы ескерткіштер жайлы жергілікті тұрғындардың арасындағы аңыздар мен әңгімелерге, осы аңыздардың шығуы мен мәнін қалай түсіндіретініне; д) осы ескерткіштерге бұзылу қаупі төніп тұр ма, болмаса жақын арада су шайып, құлап қалды ма, немесе шаруашылық жұмыстары мен жаңа құрылыстар салу нәтижесінде, не басқа да себептерге байланысты өзгерді ме;

4 параграфында: көне ескерткіштерді сақтау мақсатында корреспондент-мүшелер өздеріне белгілі ескерткіштерде рұқсатсыз қазба жұмыстары жүргізілсе, не осы ескерткіштерді бұзып жатқан жағдайда, үйірменің вице төрағасына хабар беруі тиісті;

5 параграфында: сонымен қатар, үйірменің вице төрағасына кездейсоқ табылған көне жәдігерлер туралы мәлімет беру, ғылыми құндылығы бар осы көне заттарды иелерінен үйірме қаржысына сатып алу қажеттілігі туралы хабарлау;

6 параграфында: барлық корреспондент-мүшелер тапқан, жинап алған көне жәдігерлері жайлы толық сипаттама беріп, вице төрағаға мәлімет беруге міндеттелді;

7 параграфында: Түркістан өңірінде кездесетін көне ескерткіштерді сипаттап жазу, оларды картаға түсірудің маңызды екенін ескере отырып, корреспондент-мүшелер тек қана өздері болған ескерткіштер туралы мәліметтерді берумен шектелмей, өзге адамдардан естіген ескерткіштер туралы үшінші параграфқа сай сипаттама беріп және осы мәліметтерді берген адамдар туралы да анықтама жіберуінің қажеттігі көрсетілген [49, с.28-29].

Үйірме мүшелері осы Нұсқауды өз зерттеулерінде ұстанғанда, атқарған

жұмыстары белгіленген бір жүйе аясында жасала бастайды. Сонымен қатар, үйірме мүшесі М.А. Терентьев өзі қолданып жүрген тастардағы жазуларды сулы қағаз арқылы көшіру әдісін қолдануды ұсынады [27 с.52].

Үйірме мүшесі Н.Г. Маллицкий түркі, қазақ ру таңбалары мен орхон жазуларының ұқсастығын алға тартып, үйірме мүшелеріне зерттеу жұмыстары барысында қажеттігін ескеріп, орхон жазуына ұқсас таңбалар кестесін (сурет В.1, қосымша В) дайындайды [ 50, с.44-46; 140, 250 б., 4 сурет].

Қорыта келгенде, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мақсаттары мен міндеттері айқындалып, оның негізгі мақсаты осы өңірдің барлық территориясында, арнайы белгіленген бағдарлама аясында зерттеу жұмыстарын жүргізу және оларды жүйелі түрде атқару арқылы Түркістан өңірінің барлық археологиялық мұраларын анықтау болып табылды. Ал, осы мақсатты орындау үшін келесі міндеттер белгіленеді: Түркістан өңірінде орналасқан көне ескерткіштермен танысу, оларды сипаттап жазу және археологиялық картаға түсіру, археологиялық ескерткіштерді қорғау, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу, археологиялық материалдарды сараптай отырып, баспаға әзірлеу. Сонымен қатар, С.М. Граменицкийдің корреспондент-мүшелерге арнаған Нұсқаулығы да үйірме жұмысын сапалы әрі жүйелі түрде жүргізуге бағытталған.

### 1.2.2 Түркістан үйірмесі және В.В. Бартольд

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылуы мен оның жұмыс атқаруына белсенді атсалысқан белгілі шығыстанушы академик В.В. Бартольд болды. В.В. Бартольдтың Түркістан үйірмесімен байланысы туралы белгілі ғалым Б.В. Лунин былай дейді: «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің қызметі Бартольдтің тұрақты бақылауымен және ықпалымен жүрді және оның үйірмемен байланысы соншалықты тығыз болғандығы, Бартольдтың өмірі «үйірменің өмірмен» белгілі бір дәрежеде бір болған» [27, с.206].

В.В. Бартольд көп жылдар бойы Түркістан үйірмесіне қолдау көрсетіп, осы өңірдегі басқа да ғылыми ұйымдармен, жекелеген өлкетанушылармен тығыз байланыста болды. Ол өзінің қысқаша өмірбаянында: «Я не буду касаться вопроса о результатах произведенной мною исследовательской работы, начиная с появления в печати в 1882 г. первых моих статей. Помимо петербургских научных учреждений, эти работы были тесно связаны с деятельностью научных учреждений и отдельных исследователей в Туркестане», - дейді [154].

Ғалым Орталық Азияға ерекше көңіл бөліп, осы өңірде археологиялық зерттеулерді сапалы түрде жүргізу алдыңғы уақытта жемісті нәтижелер береді деп сенген. Ал Иран, Кавказ және Орталық Азияда жүргізілген археологиялық жұмыстар, ХХ ғасырда Египет пен Месопотамия секілді өзіне әлем назарын аударады деп есептеді.

В.В. Бартольд 1893-1894 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан өңіріне келудегі негізгі мақсаты, жазба деректерде келтірілген мәліметтерге қоса, осы жерді ілгеріде мекен еткен халықтардың қалдырған нысандары жайлы

мәліметтер жинау болды. Ол жазба деректер негізінде ортағасырлық қалалар мен бекіністерге жан-жақты сипаттама беріп, археология мен жазба деректер бір-біріне байланысты, заттай деректер болмаса жазба деректерді, жазба деректер болмаса заттай деректерді түсінуге болмайды деп пайымдайды [27, с.227]. Үйірме мүшелері оның еңбегінде келтірілген мәліметтерді толықтыру мақсатында көне ескерткіштерде болып зерттеулер жүргізеді.

В.В. Бартольд осы сапар барысында Ташкент қаласында болып, жергілікті әуесқой өлкетанушылармен танысып, құрылтайшы мүше ретінде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылуына тікелей қатысты. Жиырма жылға жуық уақыт үйірменің белсенді мүшесі, қамқоршысы және жергілікті өлкетанушылар мен сол кездегі шығыстану ғылымының орталығы болған Петербург арасындағы байланыстырушысы болды.

В.В. Бартольд 1900 жылы Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрметті мүшесі болып сайланады [155, 18 б.].

Үйірме мүшелері В.В. Бартольдтің «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» атты еңбегін құнды құрал ретінде танып, осы өңірде орналасқан ескерткіштерді зерттеу барысында одан қажетті мәлімет алуға болатынын алға тартты. Бұл еңбекте «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» атты жинаққа енген мақалаларға онға жуық сілтеме бергенін атап өтіп, осы арқылы үйірме мүшелерінің атқарған ізденістері ғылымға пайда келтірді деп қорытындылайды [155, 18-19 б.].

В.В. Бартольд Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінің өтініші бойынша 1902 жылдың жазында Түркістан өңіріне келгенде, өзінің негізгі мақсаты Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесімен және жергілікті өлкетанушылармен байланысты нығайту мен кеңейту, осы өңірде сақталған қолжазбалармен танысу болып табылатындығын атап көрсетеді [27, с.229].

В.В. Бартольд үйірме мүшелерінің еңбектерінің сыншысы да болды. Көп жылдар бойы ол үйірме «Хаттамаларында» басылып шыққан мақалаларды, жеке авторлардың еңбектерін оқып, үйірме мүшелерімен жақсы қарым-қатынаста болғанына қарамастан, олардың кейбір еңбектеріне сын көзбен қарап, кемшіліктерін де көрсетіп отырған. Мысалы, Н.П. Остроумовтың ислам жайлы жазған еңбегін сынға алып, бұл еңбекте соңғы жылдардағы зерттеулер ескерілмей жазылғанын алға тартады. Н.П. Остроумовқа 1912 жылдың 28 қарашасында жазған хатында В.В. Бартольд: «Может быть эта работа будет иметь некоторую связь с той стороной Вашей деятельности, которой я, признаться, всегда больше сочуствовал, чем Вашим статьям об исламе и шариате» - деп жазды [27, с.234]. Сонымен қатар, ол үйірме мүшесі Ә.А. Диваевтің этнография саласындағы мақалаларына [156, с.3-84] оң баға беріп, осы бастамасын әрі қарай жалғастыруына тілектестік білдіреді [157, с.297-299].

Ғалым өз пікірлерін, рецензияларын тек қана хат арқылы білдіріп қойған жоқ, сонымен бірге, жергілікті «Түркістан ведомості» газетінде де мақалалар жариялап отырған. Солардың бірі, оның «По поводу статьи «Догадки о

прошлом Отрара» атты мақаласы.

Үйірме мүшесі Н.С. Лыкошин 1899 жылы жарық көрген өзінің «Догадки о прошлом Отрара» атты мақаласында Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерінде орналасқан Отырартөбе қаласының сипаттамасын беріп, пайда болу тарихына тоқталады. Ол Мухаммад Наршахидың «Бұхара тарихы» атты еңбегінде келтірілген деректерге сүйене отырып [158], Отырар қаласын ортағасырлық жазба деректерде кездесетін Хамукет (Хамукат) қаласымен баламалады [159, с.171-174; 27, с. 110]. Н.С. Лыкошин қаланың «Хамукет» атауының уақыт өте келе өзгергенін немесе қала жаугершілік заманында өртенгенін алға тартып, қаланың аталуындағы «Ут» - деген сөз, – «от» деген мағынаны білдірген, сондықтан - «Утрар» деп аталған деген пікір айтты. Н.С. Лыкошинның «Түркістан ведомості» газетінде шыққан бұл мақаласына қатысты өз пікірін, В.В. Бартольд «По поводу статьи «Догадки о прошлом Отрара» атты мақаласында білдіреді. Ол қарсы дәйек ретінде әл-Макдиси еңбегіндегі (Х ғ.) Хамукет қаласы Фараб өңірінде емес, Талас өңірінде орналасқан қалалардың қатарында аталатындығын алға тартады. Сонымен қатар, Отырар қаласы ертедегі араб тарихшысы ат-Табаридің шығармасында «Отрар-бенд» атауымен кездесетіндігін, Хамукет қалашығын Отырартөбемен баламалаудың дұрыс еместігін атап өтеді [160, с.175-176].

В.В. Бартольд үйірме мүшелерінің мақалаларына қосымша ретінде ортағасырлық жазба деректерде кездесетін мәліметтерді келтіріп, мақалалардың ғылыми деңгейін де көтереді. Сонымен бірге, ол А.Д. Калмыковтың, М.В. Лавровтың және т.б. еңбектеріне баға беріп, рецензиялар жазып, көп жылдар бойы В.Л. Вяткинмен, Н.С. Остроумовпен, Н.Г. Маллицкиймен хат алмасып тұрған.

В.В. Бартольд Түркістан өңірінде атқарылып жатқан зерттеу жұмыстарын баспасөз арқылы қадағалап отырған. Өзінің 1913 жылдың 25 қазанында жазған хатында былай дейді: «Жду теперь известий о том, что было на последних собраниях кружка, особенно подробностей о результатах работ... в Ташкенте, в Шахрохии» [155, 20-21 б.].

Бірінші дүниежүзілік соғыстың ауыр жылдарында, В.В. Бартольд Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесіне далалық зерттеу жұмыстарына қажетті қаржы іздестіріп, оның бөлінуін қамтамасыз етті.

Белгілі ғалым А.Ю. Якубовский өз еңбегінде осы өңірдің археологиялық ескерткіштерін зерттеп, алғашқы сипаттамасын жазып, қазба жұмыстарын жүргізген Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мен т.б. ұйымдардың қосқан сүбелі үлестерін атап өтіп, қазба жұмыстары қазіргі заман талаптарына салыстыра қарағанда, деңгейінің төмендігін ескертеді. Осы жұмыстарға көбінде В.В. Бартольд басшылық жасап, қазба жұмыстарының бағыттары мен сипаттамасына ықпал жасағанын атап өтеді [161, с.14-15].

Қысқаша қорыта келгенде, В.В. Бартольд Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылған күнінен бастап, көп жылдар бойы Түркістан үйірмесіне қолдау көрсетіп, осы өңірдегі басқа да ғылыми ұйымдармен, жекелеген өлкетанушылармен тығыз байланыста болды. Ол үйірменің атқарған

жұмыстарына басшылық жасап, қазба жұмыстарының бағыттарын көрсетіп, жарық көрген мақалаларға баға беріп, осы үйірменің ғылыми ұстазы болды десек қателеспейміз. В.В. Бартольд үйірменің құрылып, ғылыми ұйым ретінде қалыптасуына сүбелі үлес қосқан ғалымдардың бірі болып табылады.

### 1.2.3 Үйірме хаттамалары

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелері өз отырыстарында археологиялық ескерткіштерде жүргізген зерттеулердің нәтижелерін баяндап отырды. 1896-1917 жылдар аралығындағы баяндамалар, айтылған пікірлер, мәжіліс қорытындылары «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» деген атпен 21 жинақ болып жарияланады. «Хаттамалардың» алғашқы жинағы 1896 жылы (I жыл), ал соңғысы 1917 жылы (XXI жыл) жарық көреді. «Хаттамалардың» тек 1910-1912 (XV-XVII) жылдары аралығында үйірме мүшелері жасаған баяндамалар мен мәжіліс хаттамалары И.Т. Пославскийге арналған арнайы жинақ шығуына дейінгі уақытқа шегеріледі [162, с.XVI], алайда бұл жинақ жарық көрмеді.

«Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндама хаттамаларының» алғашқы сандары Е.Т. Смирновтың Ташкент қаласында шығарып келген «Средне-Азиятский вестник» журналында басылып шықты [163, 54-55-п.]. Үйірме мүшелерінің 1897 жылдың 17 ақпанында өткен отырысында вице-төраға Н.П. Остроумов «Средне-Азиятский вестник» журналы жабылуына байланысты, «хаттамалар» бұдан былай үйірме қаржысымен жеке жинақ ретінде басып шығарылатынын ескертеді [164, с.15]. Бастапқы кезде «хаттамалар» таралымы 150 дана болды [53, 3-п.]. Ал, келесі 1898 жылы шығарылған «хаттамалар» 160 дана болып шығады. Тек соңғы жылдары «хаттамалар» жинағы (1914 ж.) 275 дана болып шыға бастайды [165, 83-п.].

Алғашқы екі жылда (1896-1897 жж.) әр мәжіліс отырысының хаттамалары жеке-жеке шығарылған болса, ал, үшінші жылдан бастап бір жылдың барлық мәжіліс отырыстарының хаттамалары және олардың қосымшалары топтастырылып, жинақ ретінде шығарыла бастады. Бұл туралы белгілі шығыстанушы С.Ф. Ольденбург өз рецензиясында былай дейді: «Түркістан үйірмесі бірінші рет өздерінің қызықты хаттамаларын бір кітапшаға біріктіруге шешім қабылдады, бұл үшін оларға алғыс айтапсақ болмайды...Түркістан үйірмесі алдына қойылған өз міндеттерін белгілеп, оларды құлшыныспен және шеберлікпен орындауда» [166, с.27-28].

В.В. Бартольд 1900 жылы жарық көрген «хаттамаға» (V жыл) берген рецензиясында былай дейді: «…Хаттаманың жаңа басылымы мазмұны жағынан ғылыми тұрғыдан құнды әрі жан-жақты» [167, с.114]. Сонымен қатар, ол 1913-1915 жылдар аралығында жарық көрген бес «хаттама» жинағында (XVIII-XX жылдар) көптеген қызықты мәліметтер барын атап өтіп: «Үйірменің жеткен жетістіктерін мамандар мойындаған, бұл олардың өткен жолына моральдық тұрғыдан қанағаттанарлық сезіммен карауға құқық берді», -деген [168, с.217-

226]. Ал, барон В.Р. Розен үйірменің құрметті төрғасына жазған хатында: «Мы здесь следим с большим интересом за деятельностью Туркестанского кружка любителей археологии и глубоко убеждены в том, что ему предстоить блестящее будущность в деле изучения истории и древностей Туркестанской окраины. Протоколы Кружка уже теперь представляют не мало полезных важных сведении и сообщений, и без сомнений, будут бывать таковыми и впредь», - деп жазады [169, с.1-5].

«Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамаларына» (сурет Г.1, қосымша Г) мақалалармен қатар, үйірме отырыстарының хаттамалары, үйірме атқарған жұмыстардың жылдық есебі және жергілікті «Түркістан ведомості» газетінде және т.б. баспалардан басылып шыққан мақалалар да еніп отырған.

1896-1916 жылдар аралығында, үйірменің баспадан шығарған барлық жинақтарының жалпы көлемі – 2200 бет болды және оларға қоса 170-тен аса кесте, сурет пен жобалар жарияланды [162, с.V]. Төменде 1896-1917 жж. аралығында жарық көрген «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» жинағына енген мақала мен баяндамалардың саны, шыққан жылы, отырыстар өткен күндері және т.б. мәліметтер келтірілген (кесте 1).

В. Миловановтың дайындаған «За двадцать лет. Указатели хронологический и предметный к «Протоколам заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии» с 11.12. 1895 г. до 11.12. 1915 г.» атты хронологиялық көрсеткішінде 230 ғылыми мақала басылып шыққанын көрсетеді [170, 132-б.]. Бірақ біз бұл мақала санын шартты түрде алып отырмыз. Себебі, В. Милованов бір автордың бірнеше мақалаларын топтастырып жазғанын және бірқатар мақалаларды өз көрсеткішіне енгізбегені анықталды [171, с.158-169; 172, с.105-111; 173, с.3-22].

Б.В. Лунинның көрсеткішінде I-XXI жинақта жалпы басылып шыққан 279 мақала мен баяндамалардың саны көрсетілген [51, с.235-252]. Бірақ В. Миловановтың «За двадцать лет. Указатели хронологический и предметный к «Протоколам заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии» с 11.12.1895 г. до 11.12.1915 г.» атты көрсеткішінде және Б.В. Лунинның «Библиографический. Именной и географический указатели к протоколам и сообщениям Туркестанского кружка любителей археологии (1895-1917 гг.)» атты мақаласында үйірме мүшелерінің «ПТКЛА за второй год его деятельности» атты бөлімінде келтірілген мақала мен баяндамалар тізімінде: В.А. Каллаурдың баяндамасы «О Карахане и мазарах Аулиеата и Айша биби» деп берілген [162, с.VIII; 51, с.237]. Ал, В.А. Каллаурдың баяндамасынан кейін оқылған В.В. Панковтің «Мазар Аулие ата» (баспаның жіберген қателігінен «Мазар Аулие ата» дегенінің орнына «Мазар Айша бибі» деп басылып кеткен) баяндамасы ескерілмеген [174, с.7]. Біздіңше, В. Милованов оның соңынан Б.В. Лунин да В.А. Каллаур мен В.В. Панковтің баяндамаларын біріктіріп жіберген. Сол себептен, В.В. Панковтің баяндамасы жеке баяндама ретінде танылып, оны жалпы баяндамалар санына енгізіп

Кесте 1 – Хаттамаларға енген мақалалар мен баяндамалардың саны, шыққан жылы, отырыстар өткен күндер

| Баспадан шыққан «Хаттама-лардың» реттік саны | Баспа-дан шыққан жылы | Жинаққа енген үйірме мүшелерінің отырыстары хаттамаларының өткен күні мен жылы | В. Милованов-тың көрсеткіші бойынша жинаққа енген мақалалар саны | Баспа-дан шыққан мақала-лар мен баянда малар саны | Қазақстанда жүргізілген зерттеулерге арналған мақалалар мен баяндамалар саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| I жыл | 1896 | 1895 ж. 11 желтоқсан, 1896 ж. 22 қаңтар, 26 ақпан, 1 сәуір, 3 маусым, 26 тамыз, 28 қазан | 17 | 18 | 6 |
| II жыл | 1897 | 1896 ж. 11 желтоқсан, 1897 ж. 17 ақпан, 5 мамыр, 29 тамыз, 16 қазан, 10 қараша | 27 | 30 | 18 |
| III жыл | 1898 | 1897 ж. 11 желтоқсан, 1898 ж. 12 қаңтар, 21 сәуір, 16 қараша, 11 желтоқсан | 19 | 23 | 14 |
| IV жыл | 1899 | 1899 ж. 5 наурыз, 13 наурыз, 25 қыркүйек, 9 қараша, 11 желтоқсан | 15 | 31 | 22 |
| V жыл | 1900 | 1900 ж. 7 ақпан, 27 наурыз, 11 қыркүйек, 11 желтоқсан | 30 | 34 | 11 |
| VI жыл | 1901 | 1901 ж. 19 наурыз, 18 қыркүйек, 11 желтоқсан | 18 | 21 | 11 |
| VII жыл | 1902 | 1902 ж. 1 мамыр, 16 тамыз, 1903 ж. 15 қаңтар | 7 | 9 | 2 |
| VIII жыл | 1903 | 1903 ж. 22қыркүйек, 17 желтоқсан | 11 | 14 | 7 |
| IX жыл | 1904 | 1904 ж. 12 қараша | 7 | 8 | 5 |
| X жыл | 1905 | 1905 ж. 28 наурыз, 23 желтоқсан | 8 | 10 | 5 |
| XI жыл | 1906 | 1906 ж. 5 мамыр, 20 қазан, 11 желтоқсан | 8 | 10 | 4 |
| XII жыл | 1908 | 1907 ж. 27 ақпан, 11 сәуір, 12 желтоқсан | 10 | 11 | 3 |
| XIII жыл | 1909 | 1908 ж. 23 наурыз, 26 мамыр, 17 | 9 | 9 | 4 |

Кесте 1 жалғасы

| Баспадан шыққан «Хаттама-лардың» реттік саны | Баспа-дан шыққан жылы | Жинаққа енген үйірме мүшелерінің отырыстары хаттамаларының өткен күні мен жылы | В. Миловановтың көрсеткіші бойынша жинаққа енген мақалалар саны | Баспа-дан шыққан мақала-лар мен баянда малар саны | Қазақстанда жүргізілген зерттеулерге арналған мақалалар мен баяндамалар саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | желтоқсан | | | |
| XIV жыл | 1910 | 1909 ж. 31 наурыз, 14 қазан, 14 желтоқсан | 6 | 7 | - |
| XV жыл | бұл жылдар аралығында - үйірме мүшелері жасаған баяндамалар мен мәжіліс хаттамалары - И.Т.Пославскийге арналаған жинақ шығуына дейінгі уақытқа шегерілді | | | | |
| XVI жыл | | | | | |
| XVII жыл | | | | | |
| XVIII жыл | I бөлім-1913<br>II бөлім -1913 | 1912 ж. 11 желтоқсан,<br>1913 ж. 29 қаңтар, 4 наурыз, 30 сәуір, 9 қыркүйек, 28 қыркүйек, 15 қазан | 11 | 14 | - |
| XIX жыл | I бөлім-1915<br>II бөлім -1915 | 1913 ж. 11 желтоқсан,<br>1914 ж. 12 ақпан, 17 наурыз, 19 мамыр, 8 қыркүйек | 8 | 8 | 1 |
| XX жыл | I бөлім-1915<br>II бөлім -1916 | 1914 ж. 30 желтоқсан,<br>1915 ж. 14 ақпан, 15 сәуір, 14 маусым, 5 тамыз, 11 қараша | 8 | 11 | - |
| XXI жыл | 1917 | 1916 ж. 2 маусым, 5 қазан, 30 желтоқсан, 1917 ж. 2 наурыз | - | 11 | 3 |
| Барлығы: I-XXI | | | 230 | 279 | 116 |

отырмыз.

Б.В. Лунин библиографиялық көрсеткіштің «ПТКЛА год третий» атты бөлімінде «Легенда о Джанкенте...» атты мақаланың авторы Е. Александров деп береді [51, с.238], бірақ үйірме мүшелерінің баяндамаларын саралай отырып «Легенда о Джанкенте...» атты тақырып бойынша И.И. Гейер баяндама жасағанын анықтадық [175, с.2]. Мүмкін Б.В. Лунин мақалада И.И. Гейер Е. Александровтың Джаркент жайлы жазып алған аңызын және онда жүргізген қазба жұмысы жайлы баяндағандықтан, бұл мақала авторы Е. Александров деп

көрсеткіште көрсеткен болар.

Сонымен қатар, XXI жинаққа енген №1-ші (02.06.1916 ж.) және №4-ші (02.03.1917 ж.) хаттамаларда да Түркістанда орналасқан Ахмет Ясауи мешітінен (ханакасынан) қола шырағдан ұрланғаны туралы және мешітте қалған көне жәдігерлерді сақтау мәселелері қаралады. Ал №3-ші (30.12.1916 ж.) хаттамада үйірме мүшесі И.А. Кастаньенің Темір станциясынан 45 верст жерде, Бөген өзенінің бойында орналасқан Бұзық қалашығы туралы қысқаша баяндамасы келтірілген [171, с.105-111].

Үйірме хаттамаларында қала, елді мекен орындарын авторлар әр түрлі атаулармен берген, солардың ішінде «төбе», «қорған», «төбе тәрізді қорғандар», «төбе тәрізді үйме», «қалашық», «ірі молалар» және т.б аталуы әртекті болып кездеседі. Әрі осы терминдермен басқа да ескерткіштерді атайды.

Қорыта келгенде, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі 20 жыл бойы атқарған ізденіс жұмыстарының нәтижелерін жыл сайын жарық көрген үйірме жинақтарында баяндап отырды. Алғашқы екі саны (1896-1897 жж.), әр мәжіліс отырысының хаттамалары жеке-жеке «Средне-Азиятский вестник» журналының ай сайын жарық көрген сандарында шығарылған болса, ал үшінші жылдан бастап бір жылдың барлық мәжіліс отырыстарының хаттамалары мен оның қосымшалары топтастырылып, жинақ ретінде шығарыла бастайды. Хаттамаларда жалпы шыққан мақала мен баяндамалар саны 279, оның ішінде Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналған 116 ғылыми мақала мен баяндамалар жарияланған. Түркістан генерал-губернаторлығының жалпы жер көлемінің басым көпшілігін қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірлері алып жатса да онда орналасқан ескерткіштерге үйірме тарапынан аз көңіл бөлінгені байқалады.

# 2. ҮЙІРМЕНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Үйірме мүшелерінің Жетісу мен Сырдария облыстарында жүргізген зерттеу жұмыстарын атқарған жылдары және жеке-жеке уездтер бойынша тоқталатын боламыз.

## 2.1. Жетісу облысы

Жетісу облысы Түркістан генерал-губернаторлығының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Оның аумағы 353 430 верст$^2$ (374 636 км$^2$), орталығы Верный қаласы. Жетісу облысы солтүстікте Семей облысымен, шығыста Қытаймен, оңтүстікте Ферғана облысымен, батыста Сырдария облысымен, солтүстік-батыста Ақмола облысымен шекаралас.

Жетісу облысына қазіргі әкімшілік-территориялық бөлініс бойынша Абай облысынының Ұржар ауданы және Аягөз ауданының шығыс бөлігі, Алматы және Жетісу облыстарының барлық аудандары, Жамбыл облысының Қордай ауданы толық, Шу ауданының басым бөлігі, Мойынқұм ауданының оңтүстік-шығыс бөлігі кірген.

Жетісу облысының Лепсі, Жаркент, Қапал, Верный уездерінде кең көлемді ізденіс жұмыстарын жүргізген, үйірменің белсенді мүшелерінің бірі белгілі археолог, этнограф, фольклорист әрі географ Николай Николаевич Пантусов (1849-1909) болды.

Н.Н. Пантусов Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетін 1871 жылы бітіріп, осы университетке профессорлық атағын алу үшін дайындыққа қалдырылды. Бірақ, ол 1872 жылы Түркістан өңіріне әскери қызметке ауысып, Жетісу облыстық басқармасында қызмет атқарды [176, 1 б.].

### 2.1.1. Лепсі және Жаркент уездері

Лепсі уезі Жетісу облысының солтүстік-шығысында орналасқан. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының оңтүстік-шығыс, Үржар ауданының оңтүстік бөліктері және Жетісу облысының Алакөл, Сарқанд аудандары мен Ақсу ауданының солтүстік-шығыс бөлігін алып жатқан. Ал, Жаркент уезі Жетісу облысының шығысында орналасқан. Ол қазіргі Жетісу облысының Жаркент ауданы мен Кербұлақ ауданының оңтүстік-шығыс бөлігін қамтыған.

Үйірменің 1899 жылдың 5 наурызында өткен отырысында Н.Н. Пантусов 1897-1898 жылдары аралығында Лепсі, Жаркент, Қапал және Верный уездерінің көне мұраларында жүргізген зерттеулері жайлы баяндама жасап, атқарған жұмыстарына кеңірек тоқталды.

Н.Н. Пантусов 1897 жылы Сарқан станциясынан 7 верст шығыста, Сарқан-Тополевский жолынан 3 верст қашықтықта, Басқана өзенінің сол жағында орналасқан тастардағы жазуларды зерттеп, бұл тастар осы маңда орналасқан жартастардан бөлініп түскенін анықтаған. Олардың биіктігі адам бойындай келеді. Тастардың саны оннан асады деп сипаттап жазды. Н.Н.

Пантусов тастардың ішіндегі ең ірісі шөгіп жатқан түйе бейнесіне ұқсайтындығын айтып, оның суретін салды (сурет Ғ.1, қосымша Ғ). «Түйе бейнелі таста» жазу мен ешкі бейнесі кескінделген және оның қасында, өзенге жақын жерде жатқан таста араб әліпесімен жазылған жазу ( لا الا الله محمد ر سو ل الله اله) барын атап, бұл тасты жергілікті тұрғындар киелі тас ретінде құрметтеп, оны «әулие тас», -деп атайды деді [177, с.68]. Сонымен бірге, Н.Н. Пантусов осы «әулие тас» туралы жергілікті халық айтып жүрген аңыздарды жазып алды.

Аңыз бойынша бұл жерге Мұхаммет пайғамбар келіп, осы тастардың үстінде дамылдап отырған, сол себептен оның отырған жері атқа салар ер тәрізді болып қалған дейді. Ал, екінші аңыз бойынша Мұхаммет пайғамбар бұл жерге түйеге мініп келген де түйесі тасқа айналған екен. Сол себептен де бұл жер жергілікті мұсылмандар арасында киелі деп саналған. Н.Н. Пантусов осы тастардың жанында тағы бір шатыр тәрізді болып келген тас барын жазып, аңыз бойынша бұл жерде Мұхаммет пайғамбардың «Дуль-дуль» атты жылқысы тұрған, кейінірек оны Мұхаммет пайғамбар өзінің күйеу баласы Әліге сыйға тартқан екен деген аңыз барын атап өткен. Тағы бір аңызда осы жерге Мұхаммет пайғамбар емес, Хазіретті Әлі келген екен деп айтылады [177, с.68].

Осы жылдың 13-15 шілдесі аралығында Н.Н. Пантусов Лепсі уезіндегі Сергиополь ауылында болып, жергілікті тұрғындар станица төңірегінен жинап әкелген тас мүсіндерді көріп, оларды суретке түсірген (сурет Ғ.2). Тас мүсіндерді тұрғындар баған, қоршау ретінде қолданғаны туралы Н.Н. Пантусов былай жазады: «Я видел много таких баб с головами и без голов замурованных в стенах, употреблеными на столбы и тому подобное» [178, с.18]. Ол ондай тас мүсіндердің станица төңірегінде әлі де көп екендігін атап өтті.

Н.Н. Пантусов 1900 жылдың 24 мамыр күні Кеген өзенінің оң жағында орналасқан Арасан тауларында болып, «Арасан» деп аталатын бұлақтың маңындағы алты жартастардағы тибет және моңғол тілдерінде жазулар кескінделген орынды қайта зерттеп, олардың сипаттамасын берген. Бірінші таста тибет тілінде: «Ом-ма-ни-бад-ма-хум» деген «тарни» (дұға) сөзінің жазылуы тоғыз рет қайталанады. Екінші таста тибетше: «Ом-ма-ни-бад-ма-хум» үш рет қайталанып және моңғолша «изом бұсыр (жол) бочочжи-бособэ (көтерілді)» деген жазу жазылған. Үшінші және төртінші тастарда: «Ом-ма-ни-бад-ма-хум» деген жазу, ал бесінші таста: «Ом-ма-ни-бад-ма-хум» деген тибет «тарни» (дұға) сөзінің жазуы тоғыз рет қайталанады. Алтыншы тастағы жазу өшіп кеткен [179, с.12-13]. Н.Н. Пантусов Арасан тауларының батысында ескі бекеттің (бекіністің) және Кеген өзенінің оң жағында көптеген обалардың орналасқанын жазып, өз мақаласында осы обалар туралы 1897 ж. Кеген болыстығының басшысы жазған рапортты келтіреді: «Менің басқаруымдағы Айталаман болыстығының Сартоғай (Сарытоғай), Арасан және Құрайлы деп аталатын жерлерінде және Кеген жазығында көптеген төбелер орналасқан. Бұл төбелер қолдан үйілген. Себебі, олар жобасында домалақ, табаны және жоғарғы бөлігі айналдыра таспен қоршалған және олардың үстінде шұңқырлары бар. Олар ретсіз орналасқан, биіктігі $^{3}/_{4}$-$1^{1}/_{2}$ аршын, диаметрі $1^{1}/_{2}$-3 сажень. Ал, Кеген жазығында орналасқан төбелер онан да ірі болып келеді. Олардың

биіктігі $1^1/_4$-4 сажень, диаметрі 5-10 сажень. Олардың да үстінде шұңқырлары бар» [179, с.13-14].

2.1.2. Қапал уезді

Қапал уезі Жетісу облысының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Қазіргі Алматы облысының Қаратал, Көксу, Талдықорған аудандарын; Ақсу ауданының басым бөлігін (солтүстік-шығысынан басқа); Кербұлақ ауданының басым бөлігін (оңтүстік-шығысынан басқа); Талғар ауданының солтүстік бөлігін; Балқаш ауданының басым бөлігін (оңтүстік-батысынан басқа) қамтыған.

Н.Н. Пантусов 1899 жылдың 5 наурызында өткен үйірменің отырысында 1897-1898 жылдар аралығында Қапал уезінде орналасқан ескерткіштерде жүргізген ізденіс жұмыстары туралы баяндама жасап, олардың нәтижелеріне кеңірек тоқталған.

Ол 1856 жылы Ш.Ш. Уәлиханов ашқан «Тамғалы тас» ескерткішін зерттеу мақсатында 1897 жылдың 26 қыркүйек күні Қапал уездінің Балғалы болысындағы Қапшағай деп аталатын жерде іс-сапарда болды. Іле ауылынан 25 верст солтүстік-батыста, Іле өзені бойындағы жартастарда кескінделген бұрханды (будданы), жылан бейнелері мен жазуларды қайта зерттеп, он сегіз жартасқа салынған 34 кескінді суретке түсірді [180, с.53-57]. Ең үлкен жартаста (биіктігі $7^3/_4$ аршын, ені диоганал бойынша $4^1/_2$ сажень) үш бұрханның (будданың) бейнесі және олардың төменгі оң жағында жазулар кескінделген. Осы жартастың қабатында, жеке-жеке бұрхан бейнелері салынған екі жартас орналасқан. Жартастардың бірінде (үлкен жартастың сол жағындағы), бұрхан бейнесінің жоғарғы жағында жеті жылан суреттері бейнеленіп және жекелеген жеті жартаста қалмақ пен тибет тілдерінде кескінделген жазулар барын атап өтті [181, 157-б.].

Н.Н. Пантусов ескерткіштің жалпы көрінісін суретке түсірді. Онан, тастардың орналасу жобасын, бір-бірінен ара қашықтығын және жалпы алып жатқан аумағын көруге болады деп жазады. Зерттеу барысында жартастардағы суреттер мен жазуларды фотоаппаратпен түсіріп, ондағы 23 фотосуретке сипаттама жазып, моңғол (қалмақ) және тибет тілінде кескінделген жазуларды аударып, оларға қысқаша түсініктеме берді [176, 4 б.].

Н.Н. Пантусов үш бұрхан бейнелерінің төменгі жағындағы кескінделген «бұрхандардың атауларын» тибет және моңғол тілінен транскрипцияда береді. №1 - №2 фотосуретте: ортасында орналасқан «бұрхан» Пагда джань расикь (моңғолша: нидубэр-уцзукчи); оның сол жағында: «будда» Шакчжамань чжила (моңғолша: оточи бұрхан); оның он жағында: «будда» Шак-чжа-тоба (моңғолша: читакчи-бұрхан). Ал, бұл жазудың төменінде, тибет тілінде екі рет жазылған буддистердің діни дұғасы «тарти» кескінделгенін атап өтті. №3-№7, №9-№13, №15-№16, №18, №22 - фотосуреттерде тастардағы бұддистердің діни дұғасының (тарти) кескінделген көрінісі беріліп, олардың тибет және моңғол тілінде жазылғанын, ал №8 - фотосуретте: бұрхан бейнесі түсірілгенін, оның таңғұт тіліндегі «атауы» - “Дорчжи-мэнрук”, ал тибетше - “акшоби-бұрхан”,

оның сол жағында және төменінде діни дұғалар барын, №14, №23 - фотосуреттерде “Лун-ван” (Лусунхан) айдаһарлар патшасының бейнесінің кескінделген көрінісі берілгенін, №17 - фотосуретте үш бұрхан бейнелері мен жазулары кескінделгенін атап өтеді [182, с.57-59].

Кеңес дәуірінде Іле өзені бойында орналасқан Таңбалы тас ескерткішінде қайта зерттеу жұмыстары жүргізілген. Таңбалы тастағы этнографиялық суреттерді белгілі археолог З. Самашев зерттеп, ол «Ш. Уәлиханов, А. Позднеев, Н. Пантусовтың еңбектерінің арқасында ғылымға белгілі болған Іле өзені бойындағы кескінделген суреттердің ішінде Сакьямуни Будда, Аволокита Будда (жанашыр Будда) және Манла Будда (медицина Буддасы) жатады...» деп сипаттай отырып, Жетісудағы буддалар суреттері кескінделуін XVII–XVIII ғғ. жоңғарлардың қазақ жеріне басқыншылық заманымен тікелей байланысты деп пайымдайды [56, с.145].

Таңбалы тастағы суреттердің қазіргі сақталу жағдайы қанағаттанарлық, кескінділер үстінен жазылған кейінгі жазулар өшіріліп, бұл ескерткіш қазіргі таңда ашық аспан асты музейіне айналдырылған, алайда тастардың беті табиғат зардабынан бұзылуда.

Н.Н. Пантусов 1897 жылдың 29 қыркүйек күні Айыр кезең мен Шолақ тауындағы Тайғақ шатқалдарында болып, тасқа салынған суреттердің екі орнын ашып, оларды суретке түсірді [183, с.60]. Айыр кезең шатқалында орналасқанын жартастарда, негізінен, марал мен тауешкінің бейнеленгенін, ал Тайғақ шатқалының кіреберісінен ішке қарай 5-6 верст жерде орналасқанын жазып, жартастарда көптеген жануарлар бейнелері мен жазулар кескінделгенін атап өтті. Сонымен қатар, Тайғақтан Шолақ жиде деп аталатын жерге барар жолдың бойында, Мақұмбек қыстағының жанында тауешкі бейнелері салынған суреттердің орнын ашып, олардың көшірмелерін түсірді [176, 4 б.].

Н.Н. Пантусов Айыр кезең мен Тайғақ шатқалдарында кездескен жазуларды суретке түсіріп, оларға қысқаша сипаттама берді [184, с.62-63]. Бұл жазуларды ламалар жазған. Олар ешбір тілге аударылмайды. Н.Н. Пантусов оларды көрген монғол укурдайы Чжалана, мұны Таң әулетінің (618-907 жж.) кезеңіне жатқызады деп сипаттамасын түйіндейді. Н.Н. Пантусов 1898 жылы Қарабұлақтан 25 верст жерде, Қаратал өзенінің бойында орналасқан, жергілікті тұрғындар «Келіншек тас» деп атайтын тасты да зерттеп, оның сипаттамасын берді [185, с.14-15]. Таста «бұрхан», айдаһар бейнесі мен мұнара және олардың үстіңгі жағында жазу барын атап өтеді.

1950-шы жылдардың басында П.И. Мариковский Н.Н. Пантусов Шолақ тауының Тайғақ шатқалында ашқан тасқа салынған суреттер орнын [6, №4182. с.301] қайта зерттеп, олардың сипаттамаларын берді [54, с.73-79; 186, с.95-100; 187, с.1046-1073]. П.И. Мариковский өз зерттеулерінде көне фаунасына, жоғалып кеткен жануарлардың, аң аулау тәсілдеріне және т.б. ерекшеліктеріне көңіл бөлген. Ал, Тайғақ шатқалында орналасқан тасқа салынған суреттерді XX ғасырдың 80-шы жылдары Абай атындағы ҚазПИ археологиялық экспедициясы (А.Н. Марьяшев, А.А. Горячев) қайта зерттеп, 300-ге жуық жекелеген суреттер шатқалға кіре берісінде, ал аз бөлігі шатқалдың жоғарғы

жағында топтасқанын жазады.

А.Н. Марьяшев пен А.А. Горячев суреттердің басым көпшілігін ғұн, көне түрік және кейінгі орта ғасыр кезеңдерімен мерзімдейді [55, с.26].

Жартастарда туы бар салт атты сарбаздар, бұғы және түйе үстіндегі сарбаздар, сонымен қатар түйе, бұғы, жылқы, доңыз және тау ешкі кескінделген осы топ бейнелерін ғұн мен көне түрік кезеңіне, ал салт атты садақшылар, аң аулау көріністер, тау ешкі, жылқы, түйе бейнелерін жасалу әдісі мен патинизациясына қарай кейінгі орта ғасыр кезеңіне жатқызады. Сонымен қатар, осы кезеңге тастарда кескінделген 50 тибетше және 1 моңғолша жазулар жатады.

Н.Н. Пантусов 1900 жылдың 7 ақпанында өткен үйірме отырысында 1898-1899 жылдары Қапал уездінің Алтын-Емел болысында жүргізген зерттеулері жайлы баяндама жасады. Баяндамада 1898 жылы Алтын-Емел мен оған шекаралас болыстық жеріне барған сапарының жемісті әрі құнды болғанын айтып, бұрын белгісіз болып келген көптеген археологиялық ескерткіштерді ашқанына кеңірек тоқталды.

Н.Н. Пантусов Алтын-Емел болысының барлық жерінде көптеген обалар көргенін, олар жобасында шеңбер тәрізді болып келіп, жақсы сақталғанын жазады. Солардың ішінде, Қоғалы-Луговой жолының оң жағындағы жазығындағы, Кескен терек өзенінің екі жағы және Көксу станциясынан 20-25 верст оңтүстік-батыстағы жерлер обалар ең көп шоғырланған орындар болып табылады. Обалар тауға қарай тізбектеле орналасқан. Олардың аумағы 5 сажень, биіктігі 3 сажень. Н.Н. Пантусов Луговой ауылының батысында орналасқан бірнеше ірі обаларды және Қапал мен Жаркент уездерін байланыстыратын Югенъ-тасу (Үйген асу) шатқалында тасқа салынған суреттер орны, Алтын-Емел станциясының жанында орналасқан үлкен обаны, оның төменгі жағында Қоғалы өзенінің бойында орналасқан үш обаны және Байғожы мен Ащыбұлақ деп аталатын жерлердің аралығында тағы бір үлкен оба барын аттап өтті [188, с.20].

Н.Н. Пантусов 1898 жылдың 29 шілдесінде Байғожы мен Ащыбұлақта болып, осы жерде ұзына бойы жатқан орды көріп, оны сипаттап жазды. Бұл ор шығыстан батысқа қарай бағытталған Алтын-Емел тауынан басталып, Байғожы жазығы мен Асан тауы арқылы өтіп, әрі қарай Көксу өзеніне дейін жалғасып жатқанын және ордың ені 2 сажень, тереңдігі 2 аршын болып келетінін баян етті [176, 5 б.]. Ордың солтүстік жағында топырақтан үйілген жалы бар. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл ор ілгеріде терең болған. Іле өзенінен басталып Көксу өзеніне дейін созылған. Н.Н. Пантусов өз мақаласында осы ор туралы жергілікті халық арасында айтылатын аңызды да келтіреді [188, с.21].

Осы ор туралы деректерді Н. Жетпісбаев та келтіреді. Ол, бұл орды Әмір Темірдің оры дей келіп: «...тянется знаменитый по неимоверной длине своей ров грозного завоевателя Средней Азии – Тамерлана, местами уже заваленный землей и от времени сделавшийся почти незаметным», -деп суреттейді [189, с.137]. Ор Алтын-Емел станциясынан Верныйға барар жол бойымен созыла орналасқан. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл ор Балқаш көлінен бастау

алып Іле өзеніне дейін келген, дейді. Н. Жетпісбаевта ор жөнінде халық арасында сақталған аңызды жазып алды [189, с.137-138].

Н.Н. Пантусов пен Н. Жетпісбаев сипаттап жазған орлар жайлы келтірілген мәліметтерді салыстыра, олардың бір аймақта орналасқандығын ескере отырып, біз олар бір ор туралы жазған деп есептейміз.

Н.Н. Пантусов Шағанбұғы тауының жанындағы «Мамырхан бастау» деп аталатын жерде бірнеше тас қоршаулар мен бір сынған тас мүсінді, Досым мен Көкбастау аталатын жазықтардың аралығынан да бір тас мүсінді көрген.

Н.Н. Пантусов Теректі шатқалындағы тастағы жазуларды суретке түсіру мақсатында 1899 жылдың 19 маусымында Жалғызағаш ауылынан шығып, олардың жалпы көрінісі мен үш жартаста салынған суреттерді жеке-жеке түсірді. Жартастардың бірінде мүйізі үлкен болып келген тауешкі бейнесі кескінделгеніне баса назар аударды. Тасқа салынған суреттер Жалғызағаш ауылынан 5-6 верст оңтүстік-шығыста орналасқан. Н.Н. Пантусов таудың жоғары жағынан, кейбір жекелеген жартастарға тауешкі, бұғы, марал, ит және садақшылардың бейнелері кескінделген орынды да ашты [190, с.26].

Н.Н. Пантусов жартастардағы жазуларды манжурлік ғалым Джалангке аудартты. Жартастың бірінде моңғолша: «Дэду оронь» деп жазылған. Оның аудармасы «биік жер», ал қалған екі жартаста: сол жақтағы таста, моңғолша: «Арія-бало» Хоншимъ-Бодисатва немесе Нидубэръ-Ужекчи (бұрханның он бірінші атауы), оң жақтағы таста аударылмайтын дұға кескінделген деп жазады [176, 6 б.].

Н.Н. Пантусов Теректі шатқалында ашқан ескерткішті ХХ ғасырдың 80-шы жылдары Абай атындағы ҚазПИ археологиялық экспедициясы (А.Н. Марьяшев, А.А. Горячев) қайта зерттеп, жартастарда 1500-ге жуық суреттер кескінделген атап, оларды орналасуына байланысты екі топқа бөлді [55, с.23].

Бірінші топ шатқалға кіре берісінде орналасқан, жартастарда ешкі, бұғы, жылқы және садақшылар мен аң аулау көріністері бейнеленген. Сонымен қатар, екі жартаста суреттерден бөлек бірнеше көне моңғол жазулары бар.

Екінші топ алғашқы топтан 800 м шығыста жотаның жоғарғы жағындағы жартастарда орналасқан. Жартастарда ешкі, бұқа, жылқы, арқар, бұғы, ит, жыртқыштар, құс бейнелері және аң аулау, жауынгерлер шайқасы, бір-бірін қуып бара жатқан екі арба, мал айдау көріністері де кездеседі. А.Н. Марьяшев пен А.А. Горячев Теректі шатқалындағы суреттердегі ең көне көріністерін қола дәуірімен мерзімдейді [55, с.23].

Н.Н. Пантусов осы сапарында Жалғызағаш ауылынан 6-7 верст жердегі Көксу өзенінің сарқырамасы бар тұсынан бастап Көксу өзенінің оң жағасы мен Шыбынды тауы аралығын көріп шықты. Сапар барысында, ол сарқырама жанындағы жартастардан тауешкі бейнеленген орынды және өзеннің төменгі ағысына қарай, сарқырамалардан 4 верст қашықтықтағы Қызылбұлақ өзенінің Көксуға құяр жерінің сәл жоғарғы тұсынан тағы бір петроглиф бар орынды ашты [190, с.27].

Н.Н. Пантусов суреттердің өзен жағасындағы тастарда кескінделгенін, онда, негізінен, тауешкі, арқар, марал, жылқы және ит пен аңшылардың

бейнелері барын, бұл суреттер кескінделген тастар Көксу мен тауаралық жазықта 0,5 версттей аумақта шашылып жатқанын атап өтті.

Н.Н. Пантусов 1890 жылы Қапалдың солтүстік-батыс жағындағы Қызылағаш аталатын жердегі бес обада қазба жұмыстарын жүргізіп, ұсақ мал және т.б. жануарлардың сүйектерін, ыдыс сынықтарын және адам мүрделерін ашты [191, с.372].

2.1.3. Верный уезді

Верный уезі Жетісу облысының орталық, батыс, оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ол қазіргі Алматы мен Жетісу облыстарын және Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының шығыс бөлігін, Шу ауданының солтүстік-шығыс бөлігі мен Қордай ауданының солтүстік-шығыс бөлігін қамтыған.

Н.Н. Пантусов 1899 жылдың 5 наурызында өткен үйірме отырысында Верный уезінде орналасқан ескерткіштерде жүргізген зерттеу жұмыстары туралы баяндама жасады.

Н.Н. Пантусов 1897 жылдың 6 қазан күні Верный уездінің Күрті болысында болып, Күрті өзенінің сол жағалауынан "Тасқотан" деп аталатын жерге дейінгі аралықта обалар көптеп орналасқанын жазды. Н.Н. Пантусов Күртілік Қапшағай жағалауындағы жартастардағы марал бейнелері мен жазудың кескіндерін зерттеп, бір жартаста жақсы сақталған төрт жазуды суретке түсірді [192, с.64]. Н.Н. Пантусов Күрті өзенінің сол жағасындағы Тасқотан жазығында орналасқан үш обаны ашып, зерттеді. Ортадағы обаны жергілікті тұрғындар қазып тастағанын, оның шұңқырында бір сынық тас мүсін мен бүтін үш тас мүсіндердің орналасқанын жазды. Ол осы тас мүсіндерді қазып алып, суретке түсірді [176, 5-6 б.]. И.А. Кастанье оның түсірген суреттерінің көшірмесін алып, өзінің «Древности киргизских степей и Оренбургского края» атты еңбегінде келтірген (сурет Д.1, қосымша Д).

Н.Н. Пантусов келесі күні Сарытоқым болысындағы Қараеспе жазығын зерттеп, 30 оба ашты. Олардың 10-ы Қараеспенің батыс бөлігінде, 20-ы шығыс бөлігінде орналасқан. Сонымен қатар, ол Қараеспенің шығысынан адам жүзі бейнеленген жартасты тауып, суретке түсірді [181, 158-б.].

Ол сол күннің кешінде Күрті болысындағы "Жалпақтас" аталатын жерге жетіп, келесі күні осы өңірді шолып шықты. Жалпақтас және оның қабатында жатқан: Өтеген, Қозыбек, Қалыбұлақ жерлерін "Қоңыр адыр" деп атаған. Н.Н. Пантусов Жалпақтастан 2-3 верст оңтүстік-батысынан бұғы, тауешкі, түйе жетектеген адам бейнелері кескінделеген үлкен тас бетіндегі суреттерді және онан 150-200 қадам қашықтықта обалар қорымын ашып, тастағы кескінділерді суретке түсірді. Н.Н. Пантусов түсірген суреттердің көшірмесін Ташкент музейіне өткізді [192, с.65]. Сонымен қатар, Н.Н. Пантусов Козыбек, Қапыбұлақ шатқалдарында тасқа салынған суреттердің және Тасқотан, Козыбек, Өтеген, Сиректаста үстінде тастары бар оба қорымдарының барын атап өтті.

Н.Н. Пантусов Тасқотанды көріп шыққан соң Жалпақтас шатқалынан көптеген обаларды тауып, олардың бір бөлігінің тоналғанын жазды. Ол

тоналған обаларды зерттей келе, олардың жалпақ тіктөртбұрышты тастармен қоршалғанын, кейбір обалардың жанында шағын төртбұрышты камералар салынғанын және ол жерде шағын табақ тәрізді ыдыс қойылғанын айтып, оның жобасын түсірді (сурет Д.2) [192, с.66].

Қараеспе жазығында Н.Н. Пантусов ашқан ескерткіште А.Н. Марьяшев пен А.А. Горячев зерттеулер жүргізіп, шатқалының кіре берісіндегі жартастарда адорантар мен қолында балтасы бар адам бейнелері кескінделген суреттерді қола дәуірімен, шатқалдың батысында орналасқан суреттерді сақ кезеңімен, ал жотаның жоғарғы бөлігінде орналасқан суреттерді көшпенділер кезеңімен мерзімдейді [55, с.25]. Қараеспедегі суреттердің жалпы саны 50-ге жуық.

1899 жылы баспадан шыққан «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» жинағында, Н.Н. Пантусовтың 1889 жылдың сәуір-мамыр айларында Верный қаласының батыс бөлігінде жүргізген қазба жұмыстарының нәтижелері жарияланды [193, с.105-113].

Н.Н. Пантусов 1889 жылы Верный қаласы аумағындағы екі обада (5-12 сәуір күндері аралығында) және Үлкен Алматы станицасы маңындағы бір обада қазба жұмыстарын жүргізіп, алдыңғы екеуінің көлемі орташа, ал үшінші оба көлемінің үлкен екенін жазады. Н.Н. Пантусов осы қазба жұмыстары туралы былай дейді: «Начал я раскопки со средних с делою познакомиться на опыте с приемами работы и подготовиться к раскопке крупных курганов» [193, с.105]. Н.Н. Пантусов бұнымен қоса, Верный қаласының, Алматы станицасының және Алматы ауылының (выселкасының) төңіректерінде, Үлкен Алматы, Кіші Алматы және т.б. өзендерді жағалай, оңтүстіктен-солтүстікке қарай тізбектеле орналасқан көптеген обалардың орналасқанын айтады.

Н.Н. Пантусов қазба жүргізген екі оба Верный қаласының батысында орналасқан мұсылман және христиан қорымдарынан 100 сажень оңтүстік-батыста, Весновка (Есентай) өзенінің бойында орналасқан. Н.Н. Пантусов бұл екі обаны шатастырмау үшін өз мақаласында оларды шартты түрде: оңтүстік №1 және солтүстік №2 деп атайды [176, 8 б.].

Обалардың бір-бірінен ара қашықтығы 6,25 сажень. Оңтүстік (№1) обаның аумағы 12,8 сажень, биіктігі 4 аршын 5 вершок, айналдыра ұзындығы 33,75 сажень. Оба үсті «алаң» секілді болып келген және оның ортасында шұңқыр бар. Крест тәрізді болып келген алаңның шығыстан батысқа қарай ұзындығы 4,7 сажень, оңтүстіктен солтүстікке қарай 4,4 сажень. Ал, оба үстіндегі шұңқырдың көлемі: 1,2х0,85 сажень, тереңдігі 4-5 вершок. Қазба жұмыстары траншея тәсілімен жүргізілді. Салынған траншея ені 1,5-2 аршын (сурет Д.3 - 1).

Н.Н. Пантусов обаның батыс бөлігінде, ортасынан 6 аршын қашықтықта, 3 аршын 4 вершок тереңдікте ұсақ малдың жақ сүйегі және одан шамамен 1 аршын төмен тереңдіктен ыдыс сынықтарын аршыды. Ол қабір шұңқырын аршып, оны былай сипаттап жазады: «На материке, по окраинам могильной ямы положены были колобки рядов 2-3 и толстые бревна по направлению север

юг; бревна, как видно, по остаткам их, положены были только в один слой. Камней не было около бревень, а все колобки, которые лежали вокруг всей могильной ямы. Заливки не было ни в этих колобковых стенах, ни сверху бревенчатой крыши» [193, с.107-108].

Қазба барысында аумағы 5 аршын 11 вершок х 5 аршын 5 вершок келетін қабір шұңқыры аршылып, оның солтүстік-батыс бөлігінде адам, ірі қара малдың сүйектері және алтын пластиналардың бөліктері табылды. Қазба «еденінде» құм іздері кездеседі. Сонымен қатар, қазба жұмыстары кезінде шұңқырмен байланысқан екі көрдәліздері (дромос) ашылды. Оның бірі солтүстіке қарай бағытталған. ұзындығы 6 аршын 12 вешок, ені 1 аршын 9 вершок, биіктігі 2 аршын, ал екіншісі шығысқа қарай бағытталған. Оның ұзындығы 1 сажень, ені 1 аршын 3 вершок, биіктігі 2 аршын. Н.Н. Пантусов көрдәліздер (дромостар) жайлы: «Мина была завалена до половины ее высоты камнями-галькою, а выше – рыхлой землей. С восточной стороны ямы тоже обнаружена мина, которая была ограничена в глубине камнями галькой...» - дейді [176, 9 б.].

Н.Н. Пантусов 5 сәуір күні солтүстік (№2) обада қазба жұмыстарын бастап, оның барысын сипаттап жазып, жобасын түсірді (сурет Д.3 - 2). Солтүстік (№ 2) обаның аумағы 12 сажень, биіктігі 4 аршын 9 вершок, айналдыра ұзындығы 32,5 сажень. Обаның үсті «алаң» секілді болып келген және оның ортасында шұңқыр бар. Крест тәрізді келген алаңның шығыстан батысқа қарай ұзындығы 3,8 сажень, оңтүстіктен солтүстікке қарай 4 сажень болып келген. Ал, оба үстіндегі шұңқыр шығыстан-батысқа қарай бағытталып, созылыңқы болып келген. Қазба жұмыстары траншея тәсілімен жүргізілді [193, с.110].

Н.Н. Пантусов 6-7 сәуір күні жүргізілген қазба барысында обаның батыс бөлігінде (оба ортасынан 4 аршын 6 вершок), 2 аршын 3 вершок тереңдіктен құты сынықтарын және шағын көмір түйіршіктерін, обаның үстінен (ортасынан) 1 аршын 8 вершок тереңдікте шағын және орташа көлемді қиыршық тастар қабатын, онан 1 аршын 11 вершок тереңдіктен шіріген ағаш пен көмір бөлшектерін аршыды. Н.Н. Пантусов сонымен қатар обаға кесік салып, оны сипаттап жазады: «Курган покрывает мягкий грунт с растительным слоем земли и признаками сырости, толщиной в 1 арш. – 1 арш. 1 верш. Ниже этого находится чрезвычайно плотный слой чистой глины, до того слежавшейся, что приходилось отделять куски ломом, так как кетмени (мотыги ломались)» [193, с.111]. Н.Н. Пантусов бұл қабат арнайы иленген лайдан құйылған деп пайымдады.

Н.Н. Пантусов 8 сәуір күні, обаның үстіңгі жағынан 3 аршын 9 вершок тереңдікте қиыршық тастар қабатын және онан тереңірек шіріген ірі ағаш қалдықтарын аршып, бұл мүрде үстіне салынған қабір құрылысының (мүрдехана) құландылары болуы мүмкін деп болжамдады [193, с.111]. Ол келесі күні қабір құрылысынан оңтүстік-шығыста құтының жарты сынығы мен ұсақ мал сүйектерін аршып, қазбаны әрі қарай жалғастырды. Қазба барысында қабір құрылысының жобасын анықтап, келесі тұжырымға келді: «...могильный

склеп устроен был так: вырыта входная яма в грунте, размерами: ширина от севера к югу 3 арш. 6 верш., длина от востока к западу 5 арш. 12 верш., глубина в грунте 1 арш. 8 верш.» [176, 10 б.]. Сонымен қатар, ол шұңқырда ошақ қызметін атқарған екі ойық барын атап, олар: «...вероятно служили поддувалами для сожжения трупа, который положень был на них», -деп тұжырымдайды [193, с.112-113]. Осы ойықтардан шыққан көмір мен құм және оның астыңғы бөлігінің отпен қатты күйдірілгені мүрдені өртегіндігін дәлелдейді.

Шұңқырдағы ойықтардан солтүстікте және оңтүстік-батыста екі көрдәліз (дромос) аршылып, солтүстік дәліздің көлемдері: ұзындығы 8 аршын 6 вершок, ені 1 аршын 3 вершок, биіктігі 2 аршын 3 вершок, ал, оңтүстік-батыс дәліздің ұзындығы 1 сажень, ені 1 аршын 3 вершок, биіктігі 2 аршын болып келген [193, с.113].

Н.Н. Пантусов 1889 жылдың 13 сәуірінде Верный қаласынан 5 верст қашықтықта, Үлкен Алматы өзенінен 3 верст шығыста, Верный-Ташкент жолының бойында орналасқан обада қазба жұмыстарын жүргізді.

Оба аумағы 38 сажень, биіктігі 8 аршын 9 вершок, етегінің айналдыра ұзындығы 102 сажень. Қазба жұмыстары ені 1 сажень келетін траншея салу тәсілімен обаның батыс жағынан басталды. Қазба барысында обаны айналдыра 1 аршын тереңдікте етегінен жоғары қарай бір қатар ірі тастармен төселгені анықталып, кесіктің оң жағында бұл қаланған тас обаның орта бөлігінде үзіліп, төменге қарай түседі. Ал, кесіктің солтүстік бөлігінде обаның үстіңгі жағынан 2 аршын тереңдікте басы солтүстік-батысқа бағытталған адам мүрдесі аршылып, оның үстіңгі қабатынан шіріген ағаш қалдықтары табылды [194, с.115]. Сонымен қоса, обаның орталық бөлігінен батыста 2 аршын тереңдікте тағы да екі адам мүрдесі ашылды. Олардың басы - солтүстікке, жүздері - батысқа қарай бағытталған. Екі мүрде де айналдыра ірі кесектермен қоршалған. Онан соң, обаның орталық бөлігінде, 2 аршын тереңдіктен бір мүрде, оның астынан 2 аршын 10 вершок тереңдікте тағы екі адам мүрделері аршылды. Олардың бастары солтүстікке қарай бағытталған, мүрденің бірінің айналасында шіріген ағаш қалдықтары барын алға тартып, Н.Н. Пантусов: “бұл мүрде табытқа салынған болуы мүмкін”, -деген пікір айтты [194, с.116]. Кесікті әрі қарай қазу барысында тағы да екі мүрде аршылды. Ол мүрделер айналдыра кесекпен өріп көмкерілген.

Обаның солтүстік-шығыс бөлігінде жүргізілген қазба жұмыстары барысында оның орталық бөлігіне жақын жерден 1 аршын 3 вершок тереңдікте екіге бөлінген шойын қазан табылды. Обаның осы бөлігінде 1 аршын 10 вершок пен 2 аршын тереңдік аралығынан көптеген адам мүрделері аршылды. Н.Н. Пантусов солтүстік бөліктегі қазбаны құрлыққа дейін жеткізіп, обаның орталық бөлігінен әрі қарай қазып, ешнәрсе табылмағаннан кейін қазбаны тоқтатты [176, 10 б.].

Үйірме мүшесі Н.Н. Пантусовтың Жетісу облысының Лепсі, Жаркент, Қапал және Верный уездерінде атқарған зерттеулерінің нәтижесі кестеде көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2. Н.Н. Пантусовтың Лепсі, Жаркент, Қапал, Верный уездерінде ашқан, қайта зерттеген және қазба жұмыстарын жүргізген ескерткіштері

| № | Уезд атауы | Ескерткіштертердің түрі | | | | | | | | Қайта зерттеген ескерткіштер | | Қазба жүргізген ескерткіштер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тас мүсіндер | Тасқа салынған суреттер мен жазулар | Обалар қорымы | Обалар тобы | Жеке оба | Тас қоршау | Қалашықтар | Ор | Тасқа салынған суреттер | Тас мүсіндер | Обалар |
| 1 | Лепсі | 2 | 1 | - | - | - | - | - | - | - | 1 | - |
| 2 | Жаркент | - | - | 5 | - | - | - | 2 | - | 1 | - | - |
| 3 | Қапал | 1 | 8 | 4 | 2 | 2 | 1 | - | 1 | - | - | 5 |
| 4 | Верный | - | 5 | 15 | 1 | 1 | - | - | - | 1 | - | 3 |
| | Барлығы: | 3 | 14 | 24 | 3 | 3 | 1 | 2 | 1 | 2 | 1 | 8 |

Қорыта келгенде, тарауда Н.Н. Пантусовтың Жетісу облысында жүргізген ізденістеріне тоқталып, оның осы өңірдің тарихи-мәдени мұраларын зерттеуде қосқан үлесі айқындалды.

2-ші кестеде көрсетілгендей, Жетісу облысының Лепсі, Жаркент, Қапал және Верный уездерінде жүргізілген зерттеулер барысында 51 ескерткіш ашылып, олардың басым бөлігінің сипаттамасы берілген. 3 ескерткіш қайта зерттеліп, 8 обада қазба жұмыстары жүргізілген.

Осы мәліметтерді саралай келіп, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- Жетісу облысының Лепсі, Жаркент, Қапал, Верный уездерінде үйірме мүшелерінің ішінен тек Н.Н. Пантусов қана 1889-1900 жж. аралығында кең көлемді ізденіс және қазба жұмыстарын жүргізіп, атқарған жұмысы жайлы үйірме отырыстарында баяндама жасап отырған;
- Лепсі уезінде 3 ескерткіш ашылып (тас мүсіндер және 1 тасқа салынған сурет орны), 1 ескерткіш қайта зерттелді (тас мүсін);
- Жаркент уезінде 7 ескерткіш ашылып (5 оба қорымы және 2 бекініс), 1 тасқа салынған суреттер орнын қайта зерттелді;
- Қапал уезінде 19 ескерткіш ашылып (1 тас мүсін, 8 тасқа салынған сурет орны, 4 оба қорымы, 2 оба тобы, 2 жеке оба, 1 тас қоршау және 1 ор), 5 обада қазба жұмыстары жүргізілді;
- Верный уезінде 22 ескерткіш ашылып (5 тасқа салынған сурет, 15 оба

қорымды, 1 оба тобы және 1 жеке оба ), 1 ескерткіш қайта зерттеліп (1 тасқа салынған сурет орны), 3 обада қазба жұмыстары жүргізілді.

- Н.Н. Пантусов атқарған зерттеулер барысында ескерткіштердің сипаттамасын, орналасқан жерін және оларға байланысты аңыздарды жинақтап, тастарда кескінделген жазулардын аудармасына көңіл бөліп, жазулардың транскрипциясын жасап суретке түсірді.

Кеңес дәуірі кезеңінде Н.Н. Пантусов ашқан Шолақ тауындағы Тайғақ шатқалында орналасқан ескерткішті 1950-шы жылдары П.И. Мариковский, XX ғ. 80-шы жылдары Қараеспе, Тайғақ, Теректі шатқалдарындағы тасқа салынған суреттерді Абай атындағы ҚазПИ экспедициясы (А.Н. Марьяшев, А.А. Горячев) және Іле өзені бойында орналасқан «Таңбалы тас» ескерткішінде З. Самашев қайта зерттеген. Тайғақ шатқалындағы жартас суреттері ғұн, көне түркі және кейінгі орта ғасыр кезеңдерімен, Теректі шатқалындағы суреттердің ең көне көріністері қола дәуірімен, Қараеспе жазығындағы жартас суреттері қола, сақ және көшпенділер кезеңімен мерзімделді.

1960 жылы жарық көрген «Археологическая карта Казахстана» атты реестрге Н.Н. Пантусов ашқан обалар қорымдарының тек бір бөлігі енген, олар: Кеген өзенінің оң жағында орналасқан тас аралас топырақтан үйілген обалар қорымы [195, с.331, №4605], Луговой ауылының батыс шетіндегі обалар [195, с.214, №3143], Көксу ауылынан 25 км оңтүстік-батыста орналасқан тас аралас топырақтан үйілген обалар қорымы [195, с.213, №3122], Алтынемел асуынан 30 км қашықтықта, Ашыбұлақ деп аталатын жерде орналасқан оба (оба маңында меңгір бар) [195, с.205, №2985], Күрті өзеннің орта ағысында, Тасқотан деп аталатын жерде орналасқан обалар тобы (3) [195, с.305, №4229], Жалпақтастан 3 км жерде орналасқан обалар [195, с.283, №3975], Күрті өзеннің орта ағысында, Қозыбек деп аталатын жерде орналасқан тастан үйілген обалар қорымы [195, с.305, №4230] және Күрті өзеннің орта ағысында, Жалпақтас деп аталатын жерде орналасқан тастан үйілген обалар қорымы [195, с.283, №3971].

Реестрдегі сегіз ескерткіштің жетеуі Н.Н. Пантусов жазған сипаттамасы бойынша берілген. Ал сегізінші ескерткіш, Кеген өзенінің оң жағында орналасқан тас аралас топырақтан үйілген обалар қорымын 1915 жылы В.Д. Городецкий қайта зерттеп, оның өлшемдерін берді [195, с.331, №4605].

Кеңес дәуірінде Н.Н. Пантусов ашқан 51 ескерткіштердің санаулысында ғана кең көлемді зерттеулер жүргізілді.

### 2.2. Сырдария облысы

Сырдария облысы Түркістан генерал-губернаторлығының солтүстік, солтүстік-батыс, батыс бөлігінде орналасқан. Оның аумағы: 379 500 верст$^2$ (402 270 км$^2$), орталығы – Ташкент қаласы болды. Сырдария облысы, солтүстікте Ақмола облысымен, шығыста Жетісу облысымен, оңтүстікте Ауғанстанмен, оңтүстік-батыста Бұхара әмірлігімен, батыста Хиуа хандығымен шектескен.

Сырдария облысына, қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының барлық аудандары, Түркістан облысының Созақ ауданының солтүстік бөлігінен (Шу өзенінен солтүстігі)

басқа барлық жері, Жамбыл облысының Жуалы, Жамбыл, Байзақ, Талас, Мерке, Тұрар Рысқұлов аудандарын және Сарысу мен Мойынқұм аудандарының оңтүстік бөліктері мен Қырғыз Республикасының Талас облысының солтүстік-батыс бөлігін қамтылған.

2.2.1. Әулиеата уезді

Әулиеата уезді Сырдария облысының шығыс, солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Қазіргі Жамбыл облысының орталық, оңтүстік, батыс, оңтүстік-шығыс және Қырғыз Республикасының солтүстіктегі (Талас облысы) жерлерін алып жатқан.

Әулиеата уезді Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің кең көлемде зерттеу жүргізген аудандарының бірі. В.А. Каллаур, И.В. Аничков, Ә.А. Диваев, В.П. Панков, Е.Т. Смирнов, В.А. Мустафин, Н.Г. Маллицкий, В.П. Лаврентьев, Н. Жетпісбаев және т.б. үйірме мүшелері уезд жерінде орналасқан ескерткіштер жайлы құнды деректер қалдырып, олардың баяндамалары үйірме «хаттамаларында» орын алды.

Үйірме мүшелерінің ішінде Әулиеата уездінде атқарған зерттеу жұмыстарының белсенділігімен ерекше көзге түскен Василий Андреевич Каллаур (1843-1918 жж.) болды. Ол 1876 жылы әскери қызметтен кетіп, Түркістан генерал-губернаторлығының Әскери-халық басқармасына қызметке ауысады. 1876 жылдың 17 наурызында №49 бұйрық негізінде ол Әулиеата уезд басшысының аға көмекшісі болып тағайындалады. Ал, 1880-1898 жылдар аралығында Әулиеата уезді, 1898-1901 жылдары Перовск уезді басшысы қызметін атқарады [141, с.327; 22, с.9-10].

1896 жылдың 26 ақпанында өткен үйірме отырысында үйірме мүшелігіне қабылданған В.А. Каллаур Әулиеата мен Перовск уездерінде орналасқан ескерткіштердің зерттелуіне сүбелі үлес қосқан зерттеушілердің бірі болды [196, с.9-11].

В.А. Каллаурдың Әулиеата уездінде орналасқан ескерткіштер жайлы алғашқы баяндамасын 1896 жылдың 30 қаңтарында үйірме атына жіберілген хатында кездестіреміз [197, с. 112; 198, 39-п.], осы баяндамасы сол жылғы үйірме «хаттамаларында» жарық көреді. В.А. Каллаур уезд жеріндегі Дмитревское ауылының жанында, Талас өзенінің екі жағында – Ақтөбе (Ақтөбе мен Ақший) қалашығы, Романовка ауылының жанында – Шалдавар қалашығы, Орлов ауылының жанында тағы бір – Ақтөбе қалашығы, Гродиково ауылының жанында – Жуантөбе қалашығы, Шалдавар ауылында – Аспара бекінісін, Меркеде топырақ жалмен қоршалған төбені, Николаев ауылының жанында – Уйрянды (Ойранды) және Шаповаловка ауылының жанында Түймекент қалашықтары орналасқанын баян етті. В.А. Каллаур келешекте Александровское ауылының жанында орналасқан Садырқорған және Михайловское ауылдарының жанында, Талас өзенінің оң жағында орналасқан Сарыкемер қалашықтарын зерттеу және олардың толық өлшемдерін алуды жоспарлады [199, с.12]. В.А. Каллаур сол жылдың қараша айында Шалдовар қалашығында болып, оның сипаттамасын берді. Қалашық Дмитривское (Талас

қаласы) ауылына барар жолдан 2 верст оңтүстікте, Өрмарал өзенінен 2 верст батыста орналасқан. Қалашық жобасында айналдыра төртбұрышты жалмен қоршалған, ұзындығы 100 қадам, ені 60 қадам болып келген. В.А. Каллаур Шалдовардан жазуы бар тас тауып, оның көшірмесін түсіреді [200, с.11-14].

И.В. Аничков пен В.А. Каллаурдың баяндамалары 1896 жылдың 28 қазанында өткен үйірме отырысында тыңдалып, олардың мақалалары «хаттамалар» қосымшасында басылып шығады.

В.А. Калалур 1896 жылдың көктемінде Дмитревское (қазіргі Қырғыз Республикасы Талас облысының орталығы Талас қаласы) ауылының жанында орналасқан Ақтөбе қалашығын зерттеп, оның сипаттамасын береді [201, с.43-46]. Ақтөбе қалашығының цитаделі екі қатар ұзын қамалмен қоршалған, оның сыртқы топырақтан үйілген жалының ұзындығы 30 шақырымға жуық, ал ішкі орталық бөлігін қоршаған қамалдың ұзындығы 3 шақырым болған. В.А. Каллаур қалашықтың топырақтан үйілген жалы солтүстіктегі Құлансай шатқалына дейін созылып, онда Құлан-Қамалған бекінісінің қамалына ұласқанын жазады [197, с.112].

В.А. Каллаур 1896 жылдың басында Бесағаш ауылынан әкелінген ою-өрнегі бар тас бағана сынығын көріп және И.В. Аничковтың соған ұқсас бағананы Сайрамдағы Идіріс мешітінде көргенін негізге алып, олар сол жылдың мамыр айында Қараой жазығы мен Бесағаш ауылына дейінгі аралықта орналасқан ескерткіштерді толығымен көріп шығу мақсатында іссапарға шыққан. Сапар барысында Саңлақ ауылынан 2-3 верст қашықтықта орналасқан бірнеше төбелер мен обаларда болып, ескерткіштердің бірнешеуінің толығымен бұзылып кеткенін, ал қалғаны бұзылу қауіпінде екенін жазып, олардың ішіндегі ең үлкені төртбұрышты, ұзындығы мен ені 120 қадамға жуық Төрткүл төбе екендігін айтып, оны сипаттап береді [202, с.3; 145, с.108].

Бесағаш ауылының шетіндегі, жобасы созыңқы төртбұрышты, көлемі 300х300 қадамға жуық, айналдыра қоршаған оры бар Төрткүл төбені, оның жанында орналасқан Ақтөбені және одан 2 верст қашықтықта, бұлақтардың сол жағасында орналасқан, аумағы 4 верст болып келген ескі қала орнын көріп, оларды сипаттап жазады [203, 214-б.].

Ескі қала үстіндегі ыдыс сынықтарын теріп алып, төбенің оңтүстік бөлігінде орналасқан төбе үстіндегі алаңның жоғарғы қабатын 1,5-2 аршын тереңдікке дейін қазып, үлкен хұм сынығын және сол жерден В.А. Каллаур мыс теңге табады. Олар осы жылдың басында В.А. Каллаурға жеткізілген тас бағананың табылған орнын көріп, бұлақтардың солтүстік бөлігінде орналасқан құрылыстың жобасын түсіреді (сурет Е.1, қосымша Е). Ол құрылыс жайлы И.В. Аничков былай сипаттап жазады: «Место оказалось весьма интересным. Оно расположено недалеко от ключей, на северной стороне бугров, как будто на их краю; небольшая площадка, перерытая канавами, расположенными в виде параллелограмма, указывает на бывшую здесь постройку...» [202, с.5].

И.В. Аничков бұл құрылыс діни-ғұрыптық орын болуы мүмкін деген ой білдірсе де, соңында аудармашы Шәріп Бекчуровтың айтқан пікіріне сүйене отырып, бұл құрылыс мешіт еместігін қолдайды. И.В. Аничков бұл

құрылыстың жобасына қарап, шығыс және батыс жағында қосалқы құрылысының салынғанын алға тартып, христиандық немесе буддалық шіркеу болуы мүмкін дейді. Алайда, буддизм осы өңірде христиандыққа қарағанда аз таралғанын ескере отырып, бұл құрылыс христиандық шіркеуі болуы мүмкін деген болжам жасаған [203, 214 б.].

И.В. Аничков аудармашы Шәріп Бекчуровты Майтөбе төңірегін көріп шығу тапсырмасымен жібереді. Ш. Бекчуров Майтөбе қалашығынан басқа Ақтөбе мен Төрткүл қалашықтарының орналасқанын хабарлайды [202, с.7]. Майтөбе қалашығын көріп шыққан соң, олар бұлақтардың оң жағасында орналасқан, жобасында төртбұрышты болып келген, көлемі 200х200 қадамға жуық Чанг (Чон) төрткүлінде, онан шығыста, Үшқұдық ауылына барар жолда орналасқан Жуантөбеде болып, олардың сипаттамасын жазады. Жуантөбенің биіктігі 10 сажень болып келген, айналдыра қамал және ормен қоршалған. И.В. Аничковтің пікірінше: «...не служиль ли он сторожевой башней, состовляя часть цитадели или какой нибудь крепости, так как стоит в углу огибающаго его вала со рвом, следы которого хорошо сохранились», -деп пайымдайды [202, с.7]. В.А. Каллаур мен И.В. Аничков осы сапарларында Жалпақтөбе ауылына жақын жерде орналасқан, Талас арқылы өтетін Қарақомар тас көпірінің орнын көріп, тастан жасалса да орны сақталмағанын атап өтеді [202, с.8].

И.В. Аничков Талас жазығының топографиясымен танысып, осы жерде қалашық, бірнеше төрткүлдер, обалар мен ор орындарының іздері барын алға тартып, бұл жерде ірі елді мекен немесе бірнеше елді мекендер болған дейді. Үлкен Капкы мен Кіші Капкы шатқалдарының жақын орналасқандығы және Талас өзені арқылы өтетін тұрақты көпір барын алға тартып, «бұл жерден Ферғанадан Шу мен Сырдария өңірлеріне өтетін жол торабы болған» деп тұжырымдайды [202, с.8]. И.В. Аничков өз мақаласында В.В. Бартольд пен Н.Ф. Петровскийдің көне Тараз қаласының орналасқан жері туралы пікірлеріне сүйене отырып, осы жерде көне Тараз қаласының орны болуы мүмкін деп болжамдап, осы қалашықта қазба жұмыстарын жүргізгенде ғана бұл мәселенің нақты шешімі табылады деп тұжырымдайды [203, 214-215 бб.].

И.В. Аничков 1896 жылдың 11 желтоқсанында өткен үйірме отырысында Александровск (Қырғыз Алатауы) тау алды жазығына 1896 жылдың тамыз айында жасаған іссапар нәтижелерін баяндайды.

И.В. Аничков 1896 жылдың 10-11 тамыз күндері тас мүсіндерді іздестіру және зерттеу жүргізу мақсатында Александровск тау алды жазындағы Талдыбұлақ деп аталатын жерде болып, екі тас мүсінді тапты [204, с.4]. Жолсерігі болған Нұрымбет Баковтің айтуынша, бұл тас мүсіндер Қарасай шатқалынан әкелінген. И.В. Аничков Чуль-Джайляу (Шөл жайлау) деп аталатын жерден тастан үйілген үш топ обаларды көріп, сипаттамасын жазады. Жергілікті халықтың айтуынша, бұл обаларды қазына іздеушілер қазып, тонаған [204, с.5; 145, с.109]. Ол оба тастардың жан-жақта шашылып жатқанын, олардың арасында тас мүсіндер де барын атап өтеді. Ол өз сипаттамасында, бірінші жерде 2 сажень тереңдікте қазылған шұңқырдың жанында екі тас мүсіндердің жатқанын, оның бірінің басы, ал екіншісінің төменгі бөлігі жоқ

екенін және олардың жанындағы тастан үйілген екінші обадан тұтас тас мүсінің тапқанын сөз етеді. И.В. Аничков екінші обадан жоғарырақ, тауға жақын жердегі тоналған оба жанынан екі тас мүсін тауып, оның бірі – тұтас, ал екіншісі – үш бөлікке сынғанын жазады.

И.В. Аничков Шөл жайлауды көріп шыққан соң, Қарасай шатқалы арқылы өтіп, Бақтекен деп аталатын жерде болып, тастан үйілген оба үстінде орналасқан шағын көлемді бір тас мүсінді табады [204, с.6]. Нұрымбет Баков И.В. Аничковке бір жергілікті тұрғынның ауласында тұрған төрт тас мүсіндерді көрсетеді. Зерттеуші өз жазбасында, тас мүсіндердің бірінің қабырға арасына қаланып кеткендігін де нақтап атап өтеді. Келесі күні И.В. Аничковпен іссапарда бірге болған Түркістан мұғалім семинариясының оқушылары Әділ Нұрходжинов пен Қарабас Әділбеков Жалаңаш деп аталатын жерде болып, онда тастан үйілген екі оба барын оған хабарлайды. Осы жылдың 25 тамызында И.В. Аничков Жалаңаш жазығында болып, обалардың шығыс жағында, жүздері шығысқа қаратылып көмілген екі тас мүсіннің барын жазады [145, с. 109].

И.В. Аничков жергілікті тұрғындардың айтуына сүйеніп, Александровск тауының шатқалдарында, тау алды жазықтарында және Сусамыр жазығында көптеген тас мүсіндердің барын атап өтеді. Тас мүсіндерді сыртқы пішіміне қарай екіге бөлді: ер және әйел адам бейнелері. Ал, тас мүсіндердің «бас» формасына қарай екі категорияға: кейбіреулерінде – бастың жоғарғы жағы домалақ, екіншілерінде – шошақ тәрізді деп бөледі [204, с.7-10; 145, с. 109].

И.В. Аничков Талдыбұлақтан табылған екі тас мүсінді және Бақтекеннен табылған үш тас мүсінді Ташкент қаласына жібереді. Оның бірі 1896 жылдың 11 желтоқсанында өткен үйірме отырысында көрсетіледі [205, с.21].

В.А. Каллаур өзінің «Каменная бабы в Аулиеатинском уезде» атты мақаласында 1885 жылы Мерке жанында орналасқан Сымтөбеден өзінің алғашқы тас мүсінін ашқанын және ол конус тәрізді обаның үстіне орналасқанын жазады [206, с.9]. Ал, екінші тас мүсін 1889 жылы Қаратаудың Көктал шатқалынан табылып, оған жеткізілгенін, сонымен қатар 1893 жылы Александровское жотасында, Жалаңаш атты жерде болып, бірнеше тас мүсінді есепке алғанын жазады. Тас мүсіндер шағын обалардың үстінде, иығына дейін жерге көміліп, жүздері шығысқа қарап орналасқан. В.А. Каллаур бұл тас мүсіндер жайлы В.В. Бартольдке хабарлап, оларды 1894 жылы В.В. Бартольд көріп шығады [203, 215 б.].

1896 жылдың көктемінде Үкітас шатқалындағы Урмарал (Өрмарал) өзенінің сол жағасында (Дмитревское ауылының жанында), Бақайыр шатқалында және Әулиеата қаласында табылған тас мүсіндер В.А. Каллаурға жеткізіліп, жергілікті уезд басшысының бау-бақшасына қойылады [206, с.9-10].

В.А. Каллаур 1896 жылы Ақыртастан 8 верст жерде, Ұлықайыңды шатқалына кіре берісінде Ұлықайыңды қалашығын ашып [207, с.25], онда табылған жазуы бар тас хауызды (“Сандық”) сипаттап жазып, жазудың көшірмесін түсірді. Хауыз жобасында төртбұрышты болып келген, биіктігі 1 аршын $3^{1}/_{2}$ вершок, қалыңдығы 1 аршын 3 вершок. Хауыз сыртындағы жазуларды И.В. Аничков фотосуретке түсіріп, бұл көне араб тілінің куфи

жазуымен жазылған жазу деп пайымдайды. В.А. Каллаур өз баяндамасында жазудың аудармасын да келтірді: "...Бұл хауыз – барлық сәби және қарт адамдар үшін [арналған]" [207, с.26-27; 208, 31-37-п.]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Ұлықайынды қалашықтың жанында, төбе үстінде төменгі жағы жерге көмілген жазуы бар тасты тауып, Әулиеата қаласына алып келген. Тастың ұзындығы 16 вершок, ені 6,5 вершок және қалыңдығы 3 вершок болып келген, тастағы жазудың көшірмесін алады. В.А. Каллаур жазулар қай тілде жазылғаны белгісіз деп хабарлайды [207, с.26; 4, с.85].

В.А. Каллаур 1896 жылдың қараша айында Айыртамой жазығындағы Қалба шатқалына барар жолдың бойында, Дмитривское ауылынан 8 верст жерден төрт қатардан тұратын жазуы бар тасты тауып, оның сипаттамасын береді. Жазуы бар құмтастың алғашқы орнынан екі қадам жерге қозғалтылғандығын, ол бастапқыда 7,5 вершок тереңдікке көмілгенін атап өтіп, тас өлшемдерін береді: ұзындығы 1,75 аршын, биіктігі 10 вершок. Тастың бетіндегі жазулар жақсы сақталған. Бірінші қатардағы жазудың ұзындығы 1 аршын 7 вершок, екінші қатардағы жазудың ұзындығы 1 аршын 9 вершок, үшіншісі – 1 аршын 7,5 вершок, ал төртіншісі – 9 вершок (сурет Е.2). В.А. Каллаур тас табылған жерді көріп шығып және оның бетінде «10» және «1892» деген жазулар барын атап, бұл тасты жергілікті орыс диірменшілерінің бірі қазып алған болар деп пайымдайды. Бұл тастың сақталып қалуы, оның диірмен үшін қолдануға көлемінің аз болғаны болар деген пікірін алға тартады [209, с. 81-82]. В.А. Каллаур мен И.В. Аничков тастағы жазудын көшірмесін алып, бұл жазулар руникалық Орхон және Енисей жазуларына ұқсас деген пікір айтады [200, с.11-14; 210, 7-13-п.].

В.А. Каллаурдың 1896 жылғы 11 желтоқсанда өткен үйірме отырысында орхон жазуы бар тас туралы баяндамасы тыңдалады. Үйірме мүшелері бұл «тас» ғылым үшін өте қызықты және оны сақтау үшін тез арада Әулиеатаға жеткізу, сонымен қатар тастағы жазу көшірмесін Петербург қаласындағы Археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің басшысы В.Р. Розенге сипатын анықтау және аудару үшін жіберу туралы шешім қабылдайды [205, с.14].

В.А. Каллаур ашқан орхон жазуларының зерттелу тарихын Б.В. Лунин [27, с.142-145] және М.У. Турадилов [209, с.81-85] өз еңбектерінде жан-жақты қарастырып, баяндаған.

В.А. Каллаур тапқан орхон жазулары орталықта орналасқан ғылыми ұйымдар тарапынан қызығушылық туғызып, В.Р. Розен үйірме атына жіберген жеделхатында: «Письмена несомнено орхонские, отдельные слова разобраны, письмо следует...», – деп жазады [4, с. 82; 211, 21-п.]. В.В. Бартольд пен П.М. Милиорадский жазулардың көшірмелерін зерттей келе, онда 17 орхон таңбалары кездесетіндігін атап [1, с.II.], бұл жазулар көне түркі жазуының Енисей түрі деген пікір айтады. Ал, алғашқы аудармасын академик В.В. Радлов [212, 82 б.] жасайды:

1. «Народа [имеющего] героическое имя ... Алтыз
2. пег ... ушел [умер?] там остались его вдова
3. его младшие братья Кара-Барс и Огул-Барс.

4. От товарищей своих [находившихся] при нем, [он удалился?]» [27, с.143-144; 209, с.81-85].

Ал, XX ғ. 30-шы жылдары В.А. Каллаур ашқан орхон жазуларын белгілі ғалым лингвист С.Е. Малов қайта зерттеп, олар эпитафия екенін атап өтеді [2, с.63]. С.М. Малов бұл жазуды В.В. Радлов қолданған ретпен оқып, қайта аударады:

(1) Устроив свои владения (?); мое геройское имя Удун, от вас (я отделился, т.е. умер)

(2) Жена его в печали своей осталась вдовой

(3) Его младшие братья: Кара-барс и Огул-барс,

(4) в отношении своих товарищей (отделился) [2, с.59].

Оңтүстік Қазақстан өңірінде де алғашқы көне түркі жазуының табылуы Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі тайпалары арасында орхон алфавиті қолданылғанын көрсетеді. Академик В.В. Радлов үйірмеге жіберген хатында осы өңірде орналасқан көне жазба ескерткіштерді ашуға және оларды сақтауға жергілікті тұрғындардан көмек сұраудың қажеттілігін атап өтеді [166, с.14].

В.А. Каллаур ашқан көне жазу ескерткішінің үйірме үшін маңызы зор болды. Осы уақыттан бастап орталықта орналасқан ғылыми ұйымдар мен белгілі зерттеушілер үйірменің атқарған жұмыстарына қызығушылықпен қарай бастайды. М.Е. Массон бұл туралы былай деп жазады: «Руникалық көне түркі жазулардың аударылуы – әлемдік түркологияның үлесіне бұйырған жетістіктерінің бірі, ал оның Талас жазығында табылуы, ...Ташкенттегі Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған қызметінің ерекше еңбегі деп бағаланды...» [5, с.5].

В.А. Каллаур осы сапар барысында жазуы бар тастың шығысында жобасы төртбұрышты болып келген, топырақтан үйілген жалдың орналасқанын жазып, оның айналдыра ұзындығы 1400 қадамға жуық екенін, қалашықтың шығысында цитадель немесе құрылыс құландысының орналасқанын жазады. Ол осы жерден 100 қадам солтүстіктен екінші қалашық орнын ашып, оны айналдыра қоршаған жалдың ұзындығы 40 қадамға жуық деп баяндайды [200, с.11-13]. В.А. Каллаур сонан соң Құлансай шатқалында орналасқан жазуды зерттеп, он сегіз қатардан тұратын бұл жазу араб әліппесімен жазылған деп, жаңсақ пікір айтады. Жергілікті тұрғындар бұл тасты «Шиим-тас» деп атайды. В.А. Каллаур «Шиим-тас» жазуы туралы аудармашы Бекчуровтан 1896 жылдың көктемінде естіген болатын. «Шиим-тас» жазуының бір бөлігінің көшірмесін Т. Бекчуров түсіріп, оны В.А. Каллаур Ташкент қаласына жіберіп, 1896 жылдың 28 қазанда өткен үйірме отырысында көрсетіледі [213, с.44].

1896 жылдың 15 қараша күні үйірме мүшесі В.П. Панков Ботамойнақ шатқалында болып, жергілікті тұрғын Чаджарлы Базарбаев көрсеткен үңгірді зерттеп, оның жобасын түсіреді (сурет Е.3). Үңгір Әулиеата қаласынан 20 верст жерде, Ботамойнақ шатқалының кіре берісінен 1,5 верст ішінде, таудың жоғарғы жағында орналасқан. Үңгірге кіретін жері шағын, оған адам еңкейіп кіре алады. Үңгірдің жалпы ішкі ұзындығы 182 сажень, онда бір қатар бойы

орналасқан алты «үңгір» бар. В.П. Панков баяндамасында үңгір ішіндегі бөлмелерді «үңгір» деп берген. «Үңгірлердің» ішкі жағындағы қабырға тастары тік келген және тегіс, тек кейбір жерлерінде карниз секілді тастар шығып тұр [214, с.15-16]. В.П. Панков «үңгірлер» қабырғаларында кескінделген суреттер барын жазып, олардың көшірмесін түсірді. №1-ші сурет үшінші «үңгір» және №2-3 суреттер бесінші «үңгір» қабырғаларында кескінделген (сурет Е.3), сонымен қатар, №3-ші суреттің үстіңгі қабатында крест тәрізді таңба кескінделгенін атап өтеді [214, с.16] .

В.А. Каллаур 1897 жылдың 31 мамыры күні көне жазуларды іздестіру мақсатымен Алатаудың бірнеше шатқалдарын және Талас өзенінің бойын аралайды. Бақайыр мен Шилбилі (Шілбілі сай) шатқалдарының аралығындағы Ақтайлақ мазарының жанынан үстінде тас мүсін орнатылған оба және Жолсай асуының жанында Қарабас деп аталатын жерден тасқа салынған суреттер орнын ашып, зерттейді. Тастағы суреттерді, негізінен түйе, жылқы бейнелері және қарақырғыз руларының таңбалары құрайтындығын жазды [215, с.2-3]. В.А. Каллаур келесі күні Алатаудың етегіндегі Қарабура шатқалының батысында, Садырқорғаның оңтүстігінде, Александровское ауылынан 10 верст жерде орналасқан қалашықты зерттейді. Қалашық ішінде айналдыра жалмен қоршалған төрткүл орналасқанын жазып, оның сипаттамасын береді. Жалдың айналдыра ұзындығы 500 сажень. Төрткүлдің ішкі бөлігі егістікке пайдаланылып жатқанын және ыдыс сынықтары мен су құбырлары шыққанын атап өтеді [215, с.3].

В.А. Каллаур осы сапарында Құлансай шатқалында орналасқан «Шиим-тас» ескерткішінде екінші рет болып, жазуларды қайта зерттеп, олардың арабша емес екендігіне көз жеткізеді. В.А. Каллаур жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша Құлансай шатқалының батысында орналасқан Терексай шатқалының етегінен 1,5 верст қашықтықта екі жартаста кескінделген жазу орынын ашып, олардың көшірмесін түсіреді. Жазулардың бірі тік жазылған, отыз сегіз қатардан тұрады. Оның жоғарғы сол жағында екі қатар көлденең жазылған жазудың барын, олардың ені 3 аршын екенін атап өтеді. В.А. Каллаур осы екі қатар жазудың орхон жазуына ұқсастығын атап, бірінші қатарда 5 әріп, ал екінші қатарда 4 әріп барын және олардың, төменде орналасқан 38 қатар тік жазылған жазулардан ертерек жазылған немесе олардың бас әріптері болуы мүмкін деп жорамалдайды [215, с.6].

Келесі жазу бірінші тастан 200 сажень жоғарыда орналасқан. Оның ұзындығы 7 аршын, биіктігі 4,5 аршын, жартаста тек 7 қатар жазу сақталған. В.А. Каллаур жартастардағы жазулар ұйғыр тілінде жазылған деген пікір айтып: «...егер менің пікірім қате болған жағдайда, бұл археологиялық маңызы бар көне жазулар, әрі назар аударуға лайықты», -деп ой түйеді [215, с.6; 4, с.83-84]. 1897 жылдың 10 қараша күні өткен үйірменің отырысында 1896 жылы Құлансайдан табылған жазу жайлы В.Р. Розеннің хаты оқылып, онда: «Әулиеата уезінен В.А. Каллаур тапқан бұл жазулардың ұйғыр тілінде жазылғаны сөзсіз. Онан академик В.В. Радлов бірнеше есімдерді анықтайды» делінген [27, с.155].

В.А. Каллаур өз мақалаларында Құлансай шатқалында табылған жазуы бар тасты №1 (сурет Е.4), ал Терексай шатқалында табылған тастарды №2 (38 қатар жазуы бар тас) және №3 (7 қатар жазуы бар тас) деп нөмірлейді [215, с.6].

В.А. Каллаурдың Құлансай мен Терексай шатқалдарынан ашқан жазулары да ғылыми ортада қызығушылық туғызып, 1923 жылы П.П. Иванов, 1930 жылы М.Е. Массон, XX ғ. 70-шы жылдары И.А. Батманов, иранист-согдолог В.А. Левшиц қайта зерттейді [212, 86 б.].

В.А. Левшиц бұл жазулардың соғды тілінде жазылғанын анықтап, жазулардың толық дешифровкасын жасап аударады [216, с.78-85]. Жазулар негізінен соғды графемасымен берілген көне түркі тілінде жазылған. Онда шатқал арқылы керуен жолымен өткен жолаушылардың есімдері жазылған. Жазулардың арасында ұйғыр тілінде жазылған бірнеше қысқа жазулар да бар [217, с.38-39].

Терексайдағы жартастағы жазулардың ішінде 3 қатар руникалық және 7 тік қатар соғды графемасымен берілген жазулар – В.А. Левшиц бойынша Орта Азиядағы ең үлкен және бүлінуге қатты ұшыраған ескерткіш. Онда көптеген түркі ерлері мен әйелдерінің есімдері, сонымен бірге кейбір ер азаматтардың есімдеріне қосымша «богра», «алп-тарқан» және т.б. титулдары, ал әйелдердің есімдеріне қосымша «хатун» титулдары жазылған. Жазулардың бірінде мәтінді жазған автордың есімі жазылған: «Государь Алп-богра это написал», ал тексте, - Алп-богра 14 ақ сүйек «патша» титулының иегерлері – жергілікті билеушілерді өзіне шақырып, оларға сый-сияпат көрсетті деп жазылған [216, с.78-85]. В.А. Левшиц жоғарыда аталған жазуларды X ғ. деп мерзімдейді. Ал, бұл екі жазудың оң жағындағы жазуда уақыты келтірілген - «хосроу эрасының» 371 жылдың «навсарт» айы (б.з. 1002 жылдың сәуір айы).

Ал, Құлансайдағы жазу «хосров эрасының» 394 жылдың алтыншы айымен мерзімделген (б.з. 1025 жылдың тамыз-қыркүйек айы). Бұл ескерткіш уақыты, нақты көрсетілген ескерткіштердің ішіндегі ең кейінгісі болып табылады. Жазуда «хосров» эрасынан бөлек, түріктің 12 жылдық жануарлар күнтізбесі бойынша уақыт эквиваленты берілген – «тышқан жылы». Жазуда 18 есім титулдарымен келтірілген және ең сонында 18-ші қатарда тексті жазған авторының есімі жазылған – «шапағатты» Күлтак [4, с.84-85; 212, 87-б.].

В.А. Каллаур 1897 жылдың маусым айында Ақыртас құландысы мен жергілікті тұрғындардан жазып алынған аңызда аталатын – Керегетас су қоймасын зерттеу мақсатында Қараарша, Суғаты шатқалдарындағы Ұзынбұлақ пен Сазөзек бойларын аралап көреді. Аңыздағы Керегетас табиғи тау жотасы болып шыққанын атап, есесіне Сазөзек бойында тізбектеле орналасқан алты обаны ашып және Ақыртастың оңтүстігінде орналасқан төрткүлді зерттейді [218, с.30-31]. Төрткүлдің жобасы төртбұрышты болып келген. В.А. Каллаурдың пікірінше, бұл бекініс Ақыртасқа кірер қақпаны қорғаған, олардың ортасымен Ақыртастың оңтүстік қабырғасының жанынан ор өткенін де атап өтеді.

В.А. Каллаур 1897 жылдың 15 қыркүйек күні Сандық деп аталатын тауаралық жазықта болып, тастан үйілген обаны ашады. Оның үстіндегі

шұңқырда екі тас мүсін және оба етегінде бір тас мүсіннің барын және олардың екеуінде де әйел адамның бейнесі бейнеленгенін жазады. Сонымен бірге, Сүйіндік өзенінің жоғарғы ағысына қарай баратын жолдың екі жағындағы тастан үйілген 15 обаны есепке алып, олардың тек үшеуінің ғана үстінде тас мүсіндер барын және өзеннің жоғарғы ағысында конус тәрізді жеті обаның тізбектеле орналасқанын атап өтеді [206, с.11]. Келесі күні ол Шымбұлақ жотасында тастан үйілген, үстінде шұңқыры бар екі обаны ашып, олардың біріндегі екі тас мүсін обаның шығыс бөлігіне қойылғанын және обаны айналдыра тас мүсін тәрізді 10-ға жуық тас көмілгенін, ал екінші обаның үстінде үш тас мүсін орналасқанын жазды. Шайсандық жотасынан бір оба ашып, оның үстінде және етегінде жүздері батысқа қараған екі тас мүсін орналасқанын атайды [206, с.12].

В.А. Каллаур осы сапар барысында аталған ескерткіштерден басқа, Николаевское ауылынан бір тас мүсін, жеке адамдардың ауласынан екі тас мүсін, Қарабалта ауылынан екі тас мүсінің көріп, олардың сипаттамасын береді. Соңғы екі тас мүсін басқаларына қарағанда пішімі жағынан ерекше болып келген. Тастарда ер адамның мүсіні қашалып жасалған. Ол сақалсыз, ал мұрттары үлкен жоғарыға қарай қайырылған, оң қолында кесе, ал сол қол астында қылыш кескінделген [203, 218 б.]. В.А. Каллаур сонымен қатар, Әулиеата қаласынан 16 верст, Жетітөбеден 3 верст жерде, Александровское жотасының солтүстік шетіндегі Ботамойнақ деп аталатын жерден айналдыра ұзындығы 29 қадам, ұзындығы 10 қадам, ені 8 қадам, биіктігі 1 аршын келетін – Түлкітөбе обасы үстінде де бір тас мүсіннің барын атап өтеді. Ол осы сапары туралы былай тұжырымдайды: «Описав район нахождения каменных баб на пространстве Аулиеатинского уезда и вкратце курганы, на которых найдены бабы, и расположение их на курганах, я полагаю, что это мое сообщение послужить материалом для местных археологов, занимающихся изучением этих памятников древности» [206, с.14.].

Үйірменің 1897 жылдың 16 қазанында өткен отырысында үйірме мүшесі В.Ф. Ошанин 1897 жылдың шілдесінде Әулиеата уезіндегі Билікөл көлінің маңында орналасқан обаларда болғанын баяндайды. Обалар жайлы қысқаша сипаттамасында олардың айналдыра төрт қатар етіліп жерге жартылай көмілген тастармен қоршалғанын және олар Билікөлдің батыс жағынан Қаратаудың Беріққара шатқалына қарай бірнеше қатар болып тізбектеле орналасқанын хабарлайды [219, с.8]. Үйірме мүшелері В.Ф. Ошаниннің баяндамасына қызығушылық білдіріп, В.А. Каллаур мен И.В. Аничковтің мүмкіндігі болса, осы обаларда қазба жұмысын жүргізуі туралы өтініш айтады.

В.А. Мустафин өзінің «Каменные бабы» атты мақаласында И.В. Аничков, В.А. Каллаур, В.В. Бартольд, А.А. Ивановский және т.б. Жетісу мен Түркістан өңірлерінен тапқан тас мүсіндерді сипаттап жазып, тас мүсіндердің суреттерін береді (сурет Е.5). Сонымен қатар, ол осы өңірлерде орналасқан тас мүсіндерді батыс Сібір мен Оңтүстік Ресейде кездесетін тас мүсіндермен салыстыра отырып, олардың бір типті болып келгенін, барлығының қолдарында кесе және басым көпшілігінде қылыш кескінделгенін алға тартады [220, с.35-36].

В.А. Мустафин Жетісу мен Түркістандағы тас мүсіндер туралы зерттеулерді сараптай отырып, келесі тұжырымдарды жасаған:

1. Жетісу мен Түркістанда табылған тас мүсіндер Батыс Сібір мен Оңтүстік Ресейдегі тас мүсіндермен бір типтес, олардың көбінің қолында қылыш пен кесе кескінделген;

2. Ресейде табылған тас мүсіндеріне қарағанда, Жетісу мен Түркістандағы дөрекілеу жасалған және киімімен бейнеленген, ал сырға, алқа әшекейлері бейнеленген тас мүсіндер сирек кездеседі;

3. Жетісу мен Түркістанда табылған тас мүсіндердің басым көпшілігінде ер адам, ал Ресейде әйел адам бейнеленген;

4. Жетісу мен Түркістанда табылған тас мүсіндер, негізінен, обалар үстінде не оның жанында орналасқан;

5. Үстінде тас мүсіндер бар обалар кесілген конус тәрізді болып келген, олардың үстінде шұңқырлар бар;

6. Үстіне тас мүсіндер қойылған обаларда адам сүйектері бар, бұл тас мүсіндерді оба үстіне қою салты мүрде өртеумен байланыспайды;

7. Тас мүсіндердің жүзі негізінен шығысқа қарай бағытталған, ал аз бөлігі – батысқа, сонымен қатар санаулы ғана тас мүсіндер алғашқы орнынан қозғалтылғаны себебінен дүниенің басқа бағыттарына қарай бағытталған;

8. Тас мүсіндердің бір бөлігі түркі дәуірінің ескерткіштеріне жатады [216, с.35-36].

Сонымен қатар, ол тас мүсіндерді кімдер орнатты, олар қай ұлттың еншісінде екенін анықтау үшін:

1. Тас мүсіндер орнатылған обаларда қазба жұмыстарын жүргізу;

2. Қазба барысында табылған заттай деректер мен адам сүйектері арқылы ескерткіштің уақытын және қай ұлттың өкілі жерленгенің анықтау;

3. Тас мүсіндерді картаға түсіру арқылы олардың таралған аймағын белгілеу жұмыстарын атқаруды ұсынды [220, с.42].

В.П. Панков 1898 жылдың 12 қаңтарында өткен үйірме отырысында Жетітөбе обаларында жүргізген қазба жұмыстарының нәтижелерін баяндайды.

В.А. Каллаур мен В.П. Панков 1897 жылы Әулиеата қаласынан 15 верст шығыста орналасқан «Жеті қорған» (Жетітөбе) деп аталатын жерде 15 обадан тұратын обалар қорымын қайта зерттейді. Жеті үлкен оба батыстан шығысқа қарай тізбектеле орналасқан, биіктігі 20 фут, төменгі жағының ені (диаметрі) 25 сажень. Ал, сегіз орташа және шағын обалар жолға жақын жерде батыстан шығысқа қарай тізбектеле орналасқан. Олардың ең үлкенінің биіктігі 8 фут келеді. Барлық обалардың үстінде шұңқырлар бар және оларды айналдыра үш қатар тігінен қойылған таспен қоршалған, олардың биіктігі 3-4 вершок. Олардың бірі обаны айналдыра шеңбер тәрізді, ал бірі төртбұрышты болып келген. Оба мен оған жақын тас қоршаудың ара қашықтығы, үлкен жеті обада 2-4 сажень, ал сегіз орташа және шағын обаларда 1 саженьді құрайды. Барлық қоршаулардың оңтүстігінде ашық орны бар [221, с.47-48].

В.П. Панков бұдан бірнеше жыл бұрын жергілікті шенеунік Е.Ф. Каль үлкен обалардың екеуінде қазба жүргізгенін атап, оның бірінде: жер деңгейінен

төмен тереңдікте - ортасына салынған галлерея, ал екіншісінде: жер деңгейіне дейін салынғанын - галлереяның барын жазады. В.П. Панков екінші обада қазба жұмысын жалғастырып, 0,5 сажень тереңдікте екі жалпақ, тігінен қойылған тастарды табады. В.П. Панков қазба нәтижесі қанағаттанарлық болмағандықтан, тізбектеле орналасқан үлкен обалардың, батыстан санағанда №5 обаның қабатында орналасқан шағын обада қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазба барысында, жер деңгейінен 2 фут тереңдікте жерленген адамның бас сүйегі, тістері және қол сүйектері аршылып, В.П. Панковтің жорамалы бойынша адамды отырғызып жерлеген. Оның арқасы шығысқа қараған. В.П. Панков зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып, келесі тұжырымға келеді: «Что курганы были построены над могилами, в этом нельзя сомневаться. Воронки над курганами, вершины которых указывают на место нахождения трупа, дают повод заключить, что трупы хоронились в ямах, сверху перекрывавшихся...» [221, с.50].

В.А. Каллаур 1897 жылдың 19 қараша күні Түймекент бекінісінде болып, бұзылған құрылыстардың қыштарын жергілікті тұрғындардың қазып алып жатқанын атап өтеді. Сонымен қатар, ол Ұшбұлақ маңынан бірнеше оба ашып, олардың сипаттамасын жазады:

1. Кіші Қаратөбе обасы Үшбұлақ станциясынан 5 верст жерде, Аққойлы арықтың батысында, Қызылқисықтың оңтүстігінде орналасқан. Төбе (оба) конус тәрізді, биіктігі 76 қадам, айналдыра ұзындығы 360 қадам. Төбе үстінде аумағы 35 қадам келетін шұңқыр бар. Оба айналдыра тізбектеле таспен қоршалған, тас қоршау мен оба етегінің арасы 30 қадам болады;

2. Чен Қаратөбе обасы Үшбұлақ станциясынан 1,5 верст жерде орналасқан. Оба конус тәрізді, биіктігі 75 қадам, айналдыра ұзындығы 410 қадам. Төбе үстінде тереңдігі 20 қадам келетін шұңқыр бар. Обаның шығыс бөлігіндегі топырақтан үйілген шағын төбешік пен батыс және үстіңгі бөліктері қазылған. Оба айналдыра үш қатар таспен қоршалған;

3. Майдатөбе обасы Чен Қаратөбеден 1 верст жерде (Үшбұлақ станциясына қарай) орналасқан. Оба аумағы 100 қадам;

4. Қоңыртөбе обасы Үшбұлақ станциясынан 5 верст жерде, Шаповаловка (Түймекент) ауылына барар жолдың оң жағында орналасқан. Оба конус тәрізді, биіктігі 75 қадам, айналдыра ұзындығы 420 қадам. Үстінде шұңқыры бар. Оба айналдыра төртбұрышты етіп, бір қатар таспен қоршалған, онан 50 қадам жерде төртбұрышты айналдыра төрт қатар таспен қоршалған қоршау орналасқан;

5. Итсигектөбе обасы Кіші Қаратөбе обасынан 1,5 верст жерде орналасқан. Биіктігі 25 қадам, аумағы 165 қадам [218, с.32-33].

В.А. Каллаур осы сапарында Ақыртастың шығысында, Әйтімбет Тутов кепесінің жанында орналасқан Оразымбет Тутовтің мазарына (күмбезі) қойылған тас бағанды зерттейді. Бағананың ұзындығы 2,5 аршын, жоғарғы бөлігінің (дөңгелек) диаметрі $^3/_4$ аршын, төменгі бөлігі төртбұрышты болып келген, көлемі $1^3/_4$ аршын. Оның екі жағында тесігі бар. Тесіктің тереңдігі 2 аршын, ұзындығы 3 вершок, ені 1 вершок. В.А. Каллаурдың пайымдауы бойынша бағана сыртына орхон жазуы мен Тарақты руының таңбасы

кескінделген [218, с.33]. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл тас бағана Ұлықайыңды қалашығының құландысынан әкелінген.

В.А. Каллаур Қостанай, Торғай, Ақтөбе және Әулиеата уездерінде орналасқан төбелер жайлы еңбектерді салыстырып, Түркістан өңірі мен Торғай облысындағы обалар бір-біріне ұқсас, бір халықтың мұрасы деп пайымдайды. Ол бұл ескерткіштерді, Әулиеата уезінде – «төбе» деп, ал, Торғайда - «оба» деп атайтынын алға тартады [218, с.36].

В.А. Каллаур 1898 жылдың қаңтар айында жергілікті тұрғын Бердіқожиннан Айыртамойда тағы бір жазуы бар тас табылғанын естіп, осы жылдың 2 мамырында сол тасты көріп, көшірмесін түсіру үшін іссапарға шығуды жоспарлайды. Бірақ, 1898 жылдың 28 сәуірінде Түркістан генерал-губернаторының канцеляриясынан Императорлық Археологиялық қоғамы тарапынан Г.И. Гейкель басқарған Фин-Угор ғылыми қоғамының археологиялық экспедициясына, Талас өзенінің жоғарғы ағысында қазба жүргізуге және жазуы бар тастарды іздестіруге рұқсат қағазы берілгені және оларға көмек көрсету туралы хат келеді. Осы жылдың 5 мамырында В.А. Каллаур Фин-Угор ғылыми қоғамының экспедиция мүшелері барон К. Мункемен және О. Доннермен бірге Терексай шатқалында орналасқан №2 және №3 тастардағы «ұйғыр жазуларын» көрсетеді. Оларға кейінірек қосылған экспедиция жетекшісі Г.И. Гейкель де осы жазуларды көріп, барлығы бірігіп Құлансай шатқалында орналасқан №1 жазуды зерттеп, Дмитриевское ауылына қайтар жолында биік, үш жағы топырақ жалмен қоршалған, ал бір жағы таумен қорғалған «Құлан қорық» деп аталатын жерде болып, оның ішінде төрткүл, жалмен қоршалған бекініс және төбелер орналасқанын атап өтеді [222, с.123-124]. Осы жерде ол экспедиция мүшелерімен қоштасып, өзі орхон жазулары бар жартастарды іздестіру мақсатында Айыртамой шатқалына қарай бет алады.

В.А. Каллаур осы сапарында жергілікті тұрғын Бердіқожин берген мәліметке сүйене отырып, орхон жазуы бар екі тасты тауып, олардың көшірмелерін түсірді. Бірінші таста бес қатар жазу сақталған, ал, алтыншы қатардағы жазу өшіп кеткен, оның ұзындығы $1^1/_2$ аршын (сурет Е.6). Ал, екінші таста кескінделген он бір қатар жазудың бір бөлігі табиғат әсерінің салдарынан бұзылған (сурет Е.7). Оның ұзындығы 3 аршын болып келген. Екінші тастағы жазулардың 5 қатары жақсы сақталған, 3 қатары толық емес және 3 қатары өшіп кеткен. Жазу көшірмелері Санкт-Петербургке жіберіледі. Барон В.Р. Розен үйірмеге жіберген жеделхатында бұл жазулар ғылым үшін қызығушылық туғызады және олардың аудармаларын баспадан шығару жоспарланып отыр деп жазады [222, с.124-127].

В.А. Каллаур Г.И. Гейкелге хат жазып, ашқан орхон жазулары бар тастарды көруге шақырды. Фин-Угор экспедициясы мүшелері орхон жазуларын көріп, В.А. Каллаурмен бірге Айыртамой шатқалындағы бекіністі, топырақтан үйілген жалдардың бөліктерін және Қырғыз Алатауынан Талас өзеніне қарай тізбектеле орналасқан көптеген обаларды көріп шықты [222, с.126].

В.А. Каллаур Айыртамойда тапқан екінші Талас ескерткішін (сурет К.4) 1936 жылы С.Е. Малов және 1970-шы жылдары Ч. Джумагулов аударып, оған

қосымша түсініктеме береді.

Екінші ескерткіштің аудармасы (С.Е. Малов бойынша):

(1) Верные друзья «Тридцати огланов-юношей». В год Обезьяны, семнадцатого числа,

(8) случилось

(2) Мое имя «Черный чур», почетное имя – «Снег не распустит» (или «Черту (финиш) не пропустит»)

(7) имя сына его Агулт (?)

(3) Нижнее (?) мое государство обходя и проежая, я допустил появиться красным и белым пятнам (на лице).

(6) Имя жены – Тучаян, имя сына «Черный чур»

(4) «Черный чур»; - «Совершенно гнедой» ... «Не распускающий снег» (?).

(5) «Черный чур» ... от своих родственников отделился (т.е. умер) [2, с.60-61].

Екінші ескерткіштін аудармасы (Ч.Джумагулов бойынша):

От пользы и удовольствий «тридцати огланов-юношей» (отделился). В (год) обезьяны, семнадцатого числа случилось.

Мое имя –«Черный чур», почетное имя – «Снег не распустит» (или: «Черноту не минует»).

Имя сына его Агулт (?)

Нижнее (?) мое государство обходя и проежая, я допустил появиться красным и белым пятнам на своем лице.

Имя жены – Тучаян, имя сына «Черный чур».

«Черный чур» - «Совершенно гнедой», «Не распускающий снег».

«Черный чур» от шестидесяти благ и своих родственников отделился (т.е. он умер) [8, с.33].

Екінші Талас ескерткішінің басқалары қарағанда бір ерекшелігі бұл жазуда цикликалық жануарлар күнтізбесі бойынша уақыты келтірілген және онда 150-ге жуық таңбалар бар.

Үшінші (С.Е. Малов бойынша төртінші ескерткіш) тастағы жазуларды (сурет К.5) П.М. Милиоранский және С.Е. Малов аударды.

П.М. Милиоранскийдің аудармасы:

1) вы не взяли (??) ... 2) ? низкие вы люди, юноша Чогул (?) погиб (или: юноша с Чугулом остался) ... 3) имя его Чур (или Чора), с тридцатью 4) юношами (или огланами) телохранителями (?) он разлу- 5) чился [1, с272].

С.Е. Маловтың аударамасы:

Имя его – Чур. От вас, тридцать огланов, от выгод и благ (мира) он отделился (т.е. умер). Вам, доверенные мужи, Оглан-чур, наследуя, остался. Жена его вдовой осталась [3, с.75].

Фин-угор экспедициясы ашқан төртінші (сурет К.6) (С.Е. Малов бойынша үшінші) және бесінші тастардағы (сурет К.7) жазулардың аудармасы:

(1) Я непрерывно ходил (походом) на заграницу и внутри государства.

(2) Я, Бег-чур сын, от выгод и благ (мира

(3) отделился). Сын его, наследуя, остал-
(4) ся. Печальная вдова осталась
(5) ................
(6) ................
(1) Разбитая горем княгиня рыдает, старшая бабушка, в отношении вас
(2) Сын ее Умач... дары... блестящее серебро...
(3) ... дары... дары [2, с.61-63].

Көне түрк ескерткіштерін зерттеуде қазақстандық ғалымдар сүбелі үлес қосты, олардың қатарында белгілі түрколог ғалымдар Ғ. Айдаров, А.С. Аманжолов, А. Есенқұлов, М. Жолдасбеков [9, с.18], Н. Базылхан [10, с.117-122] және т.б.

Қазіргі таңда ұлттық мәдениет тарихының ең басты белгісі – жазу-сызу мәдениеті болып табылады. Көне руникалық жазу біздің төлтума болмысымыздың айғақты көрсеткіші екенін алға тартып Талас ескерткіштерін соңғы жүз жыл бойы жинақталған материалдарын сараптай отырып зерттеулер жалғасуда.

Т. Досанов 1896 жылы В.А. Каллаур және 1961 жылы П.Н. Кожемяко ашқан жазуларды қайта зерттеп, С.Е. Малов, Ч.Джумагулов, И.А. Батманов пен А. Аманжоловтардың аудармаларын анализ жасап, олар жіберген қателіктерге тоқталады [11, с.53-69].

Бірінші Талас ескерткіштегі жазуының аудармасы (Т. Досанов бойынша):

1. По состоявшемуся именованию мое воинское имя Одун. Вы
2. (Вы) его госпожа, при этом расстовании остались вдовой.
3. Его младшие братья Кара-барс и Огул-барс
4. замкнулись в себе [11, с.65-68].

Әулиеата уездінде табылған көне түрк жазулардың жазылған уақыты туралы бірнеше пікірлер бар. Г. Гейкель мен Г. Ретциус тастар астындағы қорымда жүргізілген қазба жұмыстары барысында шыққан жәдігерлерге сүйене отырып оларды V ғ.-мен мерзімдесе, С.Е. Малов олар жайлы: «Приурочение этих эпитафий и далее деревянной палочки с рунической надписью к какому-либо столетию затруднительно. Можно только предполагать, что все эти письмена не новее VIII в. н.э.» деп пайымдайды [2, с.63]. Л.Р. Кызласов Талас жазуларын керісінше IX-X ғғ. мерзімдейді [13, с.186], ал И.В. Кормушин оларды қарахан кезеңіне (X-XII ғғ.) жатқызады [14, с.47]. Бірақ, соңғы екі пікір П.Н. Кожемяко мен Д.Ф. Винниктің жүргізген стратиграфиялық зерттеулер нәтижелеріне қайшы келеді. Қорымның бір бөлігі бұзылған, оның үстіне қарахан кезеңінің бекінісі салынған (ортағасырлық Кескентөбе) болатын, Д.Ф. Винник сегізінші және тоғызыншы орхон жазуы бар тастар табылған жерде шурф салып, оның нәтижесінде бұл тастар қарахан кезеңінің мәдени қабатының астында орналасқаны және бір тас сол кезеңде салынған құрылыс фундаментіне қолданғаны анықталады. Айыртамойда табылған барлық жазулар мен екі тас мүсін оба қорымымен байланысты екенін алға тартып, Д.Ф. Винник оны (оба қорымы) конструкция ерекшелігіне қарай VI-VIII ғғ. мерзімдейді [15, с.94-99].

В. Левшиц И.А. Батмановтың пікіріне сүйене отырып, Талас

ескерткіштерінің жазылған уақытын орхон жазуларынан (орхон жазуларының ең ерте кезеңі VII ғ. екінші жартысымен мерзімделген) кейін жазылған деген пікір айтады [16, с.89].

Қазіргі таңда белгілі ғалым С.Г. Кляшторный Талас ескерткіштердегі жазулар типология жағынан эпиграфикалық Енисей руналарына жақын екенін, бірақ стилистика жағынан олардан төмен және өткен тарихты білмей Талас жазуларының мазмұны мен терминологиясын түсіну өте қиын екенін алға тартып, Талас ескерткіштерін палеографиялық және текстологиялық негіздеріне сүйене отырып мерзімдеу өте қиын деп пайымдайды [17, с.90]. С.Г. Кляшторный Айыртамойдағы обаларда жерленген билеушілердің эпитафиялық жазуларына сүйеніп, ең жоғарғы титул «чор» (чур) болып табылады деп жазады.

С.Г. Кляшторный VII ғ. бірінші жартысында Талас өңірі бастан кешірген тарихи оқиғаларды және «чор» титулы қара түргеш әулеті билік құрған кезінде жоғарғы титул екенін алға тартып, талас эпитафияларының кескінделген уақытын Чабыш-чора Сулук пен оның ұлы Тахварсен Кут-чора билік құрған кезіне (716-739) тура келеді деп пайымдайды [17, с.91; 209, с.84-85].

Түрколог С.Г. Кляшторный В.В. Радлов көне түрік тілінің тілдік, жазулық, морфологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, үш диалектке, Н.А. Баскаков үш кезеңге (Алтайлық, Хұн және көне түрк), ал С.Г. Кляшторный жазба ескерткіштерін тарихи-саяси (этникалық) тұрғыдан бөлгенін алға тартып, жазба ескерткіштеріндегі тарихи оқиғаларды тарихи-деректанулық тұрғыдан топтастырудың маңыздылығы зор деп пайымдайды [10, с.111].

Т. Досанов В.А. Каллаур 1896 жылы ашқан ескерткіштің жазуы ерекше әдісімен (дукт) және бірінші екі қатар төменнен жоғарға қарай кескінделгенін, жазу солдан оңға қарай жазылғанын, екінші екі қатар бірінші қатарға қарағанда теріс кескінделгенін және оңнан солға қарай жазылғанын алға тартып, ол келесі тұжырымға келеді: «Тем не менее это самый верный полеографический признак, свидетельствующий о том, что данный памятник является самым древнейшим среди известных каменописных текстов и составлен гораздо древнее V века» [11, с.69]. Сонымен қатар, Т. Досанов жазу Енисей өңіріне Жетісу өңірінен келген. Оларды өздерімен бірге үйсіндер әкелген деген пікір айтады.

Айыртамой жазығында В.А. Каллаур және Фин-угор экспедициясы ашқан 5 орхон жазуы бар тастардан басқа, 1961 жылы археолог П.Н. Кожемяко жаңадан бұрын ғылымға белісіз болып келген көне түрк жазуы бар 1 тас және Д.Ф. Винник басқарған экспедициясы үш тас ашты [223, с.3-10]. Ғылыми әдебиеттерге П.Н. Кожемяко ашқан тас – сегізінші Талас ескерткіші (С.Г. Кляшторный бойынша - алтыншы), ал Д.Ф. Винник ашқан жазулар – тоғызыншы, оңыншы және он бірінші Талас ескерткіштері атымен енді.

В.А. Каллаур Айыртамойдағы тастардағы жазулардың көшірмелерін түсіріп алған соң, Александровский жотасынан асып, Қалба өзенінің сол жағында орналасқан Қалба төрткүлін зерттеп, өлшемдерін алады. Төрткүлдің жобасында төртбұрышты және айналдыра жалмен қоршалған. Аумағы 160 х

140 сажень, жалдың айналдыра ұзындағы 600 сажень, биіктігі: солтүстік жағы – 5 сажень, шығыс жағы – 3-5 сажень, оңтүстік жағы – 3 сажень және батас жағы – 4 сажень. Сонымен қатар, ол Қалба өзенінің шығыс жағында орналасқан биіктігі 8 сажень келетін Шалдавар обасын, оның солтүстік жағында орналасқан құрылыс құландыларын, Қалба өзенінің Таласқа құяр жерінің оң жағында орналасқан төрткүлді де зерттейді [222, с.128]. В.А. Каллаур Шалдавардың солтүстік-батыс жағында, 1 верст жерде орналасқан төрт обаны қайта зерттейді. Бұл обаларды 1893-1894 жж. В.В. Бартольд ашып, зерттеген болатын.

1898 жылдың 21 сәуір күні өткен үйірме отырысында И.В. Аничковтің Мерке ауылының жанында орналасқан обадан қазып алған заттары жайлы баяндамасы тыңдалады. И.В. Аничков жергілікті тұрғын Сұлтан Әсімтөреден алған заттарды сипаттап жазды. Сұлтан Әсімтөре Құдаймендиновтың айтуынша, оба тастан үйілген. Оны қазу барысында адам бойы тереңдікте адам қаңқасы және оның жанында қойылған заттар ашылған. Олардың қатарында: сүйектен жасалған ат ері қаптамасының бір бөлігі, тері және мата бөліктері, күміс кесенің сынығы, темірден жасалған үзеңгі мен ауыздық бөліктері және үш жебе ұштары бар [224, с.129-130]. И.В. Аничков Сұлтан Әсімтөре хабарлаған тасқа салынған суреттер орнын көру мақсатында Александровский жотасындағы Қорғантас шатқалында болды. Каменка (Қарақыстақ) ауылының маңында, тау етегінен 1000 фут биіктікте, жартаста кескінделген суреттерді ашып, зерттеді. Сурет салынған жартастың ұзындығы 10 сажень, биіктігі 5 сажень болып келген. И.В. Аничков таста ру және тайпа таңбасы кескінделгенін атап, жергілікті тұрғындар бұл таңба жайлы еш нәрсе білмейтіндігін алға тартып, бұл таңба сұлтан таңбасы мен ұраны болуы мүмкін деген болжам жасайды [224, с.131].

В.А. Каллаур 1898 жылдың 15 сәуір күні Талас өзенінің төменгі ағысы мен Қаратаудың тау алды жазығы аралығында іс-сапармен болып, осы өңірде орналасқан ескерткіштерді зерттейді. Ол Әулиеата қаласынан 25 верст жерде, Тастөбе болысының №1 ауылында, Тастөбе өзенінің бойында орналасқан Тастөбе қалашығын зерттеп, оның өлшемдерін алады. Оның айналдыра ұзындығы 800 қадам, биіктігі 100 қадам, үстінде көптеген ыдыс сынықтары мен күйдірілген кесектер барын атап өтеді. Тастөбенің оңтүстік-шығысында шағын төбелер, онан әрі шығыстан солтүстікке қарай көптеген төбелер орналасқан. В.А. Каллаур бұл төбелер ескі үй орны болуы мүмкін деген пікір айтады [225, с.73]. Келесі күні ол Әулиеата қаласынан 60 верст қашықтықта, Тастөбе болысының №6 ауыл тұрғыны Шешенқара Жангелдиннің қыстауының жанында, Тасбастау деп аталатын жерде бірнеше обалар ашып, сипаттап жазады. Тастан үйілген обаның аумағы 12 қадам, айналдыра ұзындығы 28 қадам, үстінде тереңдігі 2 аршын болып келген шұңқыры бар. Обаның жанында екі тас мүсін орналасқан. В.А. Каллаур жергілікті тұрғындардың арасынан обалар туралы сұрастырып, оны 1889 жылы Шешенқара Жангелдин қазып, алтын табақ және ұзындығы 0,5 аршын, ені 0,5 вершок келетін пластина табылғандығын жазды [225, с.74]. Бірінші обадан 30 қадам батыста тас қоршау

орналасқан. Қоршаудың ішкі оңтүстік жағында оба орналасқан. Оның аумағы 12 қадам, айналдыра ұзындығы 50 қадам, биіктігі $1^{1}/_{4}$ аршын. Оба үстінде шұңқыры бар. Екі жағынан, тас қоршауға өтетін, әр қайсысы 23 қадамға жуық «жол» қарастырылған және тас қоршаудың солтүстік жағында кіретін орын бар, оның ұзындығы 140 қадам [203, 221-б.]. В.А. Каллаур бұлармен қоса тас қоршаудың айналасында бірнеше обалардың орналасқанын да жазады.

В.А. Каллаур тас қоршаудың қандай мақсатпен салынғаны жайлы былай пайымдайды: «...в Скандинавии каменные ограды служили местом, где проводился суд, а ...Г.Х. Татур говорить, что в таких оградах происходили народные собрания, судные и вечевые, на которых собирались тяжущиеся и обвиняемые для слушания решений и приговоров, и что там же устраивались поединки т.е. суд - Божий, который назывался «копа». – Не имел ли этот каменный круг какой-либо в этом роде назначения?» [225, с.74].

Еуразия кеңістігінде орналасқан тас мүсіндер Кеңес дәуірінде және Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде кешенді түрде зерттелген. Жамбыл облысында орналасқан түркі кезеңінің ескерткіштерін А.М. Досымбаева 1987 жылдан бастап зерттеулер жүргізіп, түркі монументальды өнерінің тас мүсінді ғибадатханаларын, оның ішінде Мерке және Жайсан өңірлеріндегі ескерткіштерді Монғолия, Жайық, Дон, Алтай, Ыстыққөл аймақтарындағы, Қазақстандағы ескерткіштермен жан-жақты салыстыра зерделеген. А.М. Досымбаева ескерткіштердің ұқсастығы мен айырмашылығын саралап, Меркедегі ғұрыптық құрылыстарының обалар үстінде мүсіндердің жұп болып орналасқандығымен ерекшеленеді деп тұжырымдайды [226, 25-97 б.]. Мерке ғибадатханасында анықталған құрбандық тас (алтарь), шұңқыры бар үлкен тастар ғұрыптық нысандар болып табылған. Бұл тастарда таңбалар мен руникалық жазулар кескінделген. Мерке ғибадатханасы құрамына 38 кешен кіреді. Онда 64 тас мүсін анықталған [59, с.41]. А.М. Досымбаева ғибадатханалардың ғұрыптық қоршауларын зерттей келе, Жайсан ғибадатханасының құрылуы мен кейінгі қызмет ету уақытын VIII–IX ғғ., ал Мерке ғибадатханасының Аралтөбе кешенін VI–VII ғғ. мерзімдейді [226, 97 б.].

И.В. Аничков пен В.А. Каллаур Мерке өңіріндегі ашқан ескерткіштерде А.М. Досымбаева зерттеу жүргізіп, Қоралассазы, Тоғансай, Сулысай, Қарасай, Шөлсай, Саңдық деп аталатын жерде орналасқан кешендердің құрылымы мен тас мүсіндердің типологиясының ұқсастығын алға тартып, бұл жер түркілердің тағзым ету орны ретінде қызмет еткен деп пайымдайды [59, с.13]. Ғалым Мерке ғибадатханасы кешеніне кіретін ескерткіштерді құрылымының сыртқы жоспары, орнатылған тас мүсіндер саны және оның құрылыстың қай жерде орнатылғаны бойынша типтерге бөледі. [59, с.41].

В.А. Каллаур 18 сәуір күні Әулиеата қаласынан 125 верст жерде, Талас өзенінің оң жағында, құмға (Мойынқұм) жақын жерде орналасқан «Жетітөбе» обаларында болып, оларды сипаттап жазды. Обалар бір қатар бойы тізбектеле орналасқан, олардың ең үлкенінің айналдыра ұзындығы 200 қадам, биіктігі 30 қадам. Жергілікті тұрғын Бөлтірік Әлікин оны үш жыл бұрын қазғанын, онда жерленген адам сүйегі, жылқы, ит және қой қаңқалары аршылғанын айтқан.

Сонан соң, ол осы обалардың батысында 5 верст жерде, Ошақты болысының №6 ауылы жанында, Талас өзенінің оң жағында орналасқан Тектұрмас (Тектұрмыс) бекінісінің құландыларын зерттеп, сипаттап жазады. Бекіністің айналдыра ұзындығы 830 қадам, оны айналдыра қоршаған жалдың биіктігі 2 саженьге жуық. Бекіністің ішінде цитадель орналасқан. Оның биіктігі 5 сажень, айналдыра ұзындығы 250 қадам. Цитадельдің кірер қақпасы оңтүстік қабырғада орналасқан. Цитадель үстінен көптеген ыдыс сынықтары мен тасқа айналған сүйектер табылады. В.А. Каллаур цитадельдің оңтүстік-батыс бұрышында шағын қазба салып, тасқа айналған сүйектер мен асық және т.б. заттар ашылғанын атап өтеді [225, с.74-76].

Жетітөбе мен Тектұрмыс және Атбайларға дейінгі аралықтан көптеген жебе ұштары, кетпендер және т.б. заттар табылады. Жебелердің ұзындығы 8 вершок, қалыңдығы саусақ қалыңдығына тең. Жергілікті тұрғындар Бөлтірік Әлікин мен Бәйімбет Тоқбергенов Тектұрмыс жанында табылған алты жебе ұшын және қапсырма сынығын В.А. Каллаурға беріп, ол оларды өзі тапқан жәдігерлермен бірге Ташкент қаласына жібереді [203, 221 б.].

В.А. Каллаур Тектұрмас бекінісінен 4 верст батыста орналасқан Атбайлар бекінісінде болып, оның өлшемдерін алады. Жобасында бекініс төртбұрышты, айналдыра топырақ жалмен қоршалған, солтүстік бөлігінің биіктігі 2 сажень, айналдыра ұзындығы 120 қадам. Бекіністің кірер қақпасы шығыс жағында орналасқан.

В.А. Каллаур осы сапарында Әулиеата қаласынан 145 верст жерде, Атбайлар бекінісінен 12 верст батыста орналасқан Аққесене бекінісі мен Қалмақ арықты зерттеп, сипаттамасын жазады. Бекініс жобасында төртбұрышты, қабырғалары кесектен қаланған, аумағы (айналдыра ұзындығы) 30 сажень, биіктігі $5^1/_2$ аршын, қабырға қалыңдығы $3^3/_4$ аршын. Бекіністің солтүстік-батысында мұнара орналасқан. Оның биіктігі 6 сажень, төменгі бөлігінің айналдыра ұзындығы – 40 аршын, жоғарғы бөлігі – 20 аршын. Қалмақ арық Аққесененің батысынан өткен. Арық бастауын Талас өзенінен алып, Төре сүйек арқылы өтеді. Оның жалпы ұзындығы 100 верстке жуық, ені 40 аршын, тереңдігі 24 аршын болып келген [225, с.76-77]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Қалмақ арықтан 12 верст батыстағы Көккесене бекінісін және 21 сәуір күні Көкбұлақ өзенінің бойында орналасқан екі обаны, Қыш көпір деп аталатын жерде тас мүсін бар обаны және бірнеше шағын обаларды ашып, зерттейді [181, 159-б.].

В.А. Каллаур 1898 жылдың мамыр айында Талас өзенінің жоғарғы ағысында, Бестас деп аталатын жерде екі тас мүсін, Рамановка ауылында екі тас мүсін және Михайловск ауылында бір тас мүсін көргенін айтады [225, с.78].

В.П. Лаврентьев «Краткий перечень бугров (курганов), находящихся в черте г.Аулие-ата» атты мақаласында 40-тан астам төбе мен обалар туралы қысқаша сипаттама беріп, Әулиеата қаласы мен оның төңірегінде орналасқан ескерткіштерді картаға түсіреді (сурет Е.8) [227, с.39-44]. Төменде, В.П. Лаврентьевтің келтірген сипаттамасын қысқартып беріп отырмыз (картада қорған, төбелер төмендегі келтірілген сандармен белгіленген):

1. Жұрымбайтөбе – қаланың солтүстік, солтүстік-батыс жағында, Тілеу арықтан 150 сажень оңтүстік-батыста, Қаңлы арықтан 150 сажень солтүстік-шығыста орналасқан. Жобасында төртбұрышты, көлемі: солтүстіктен-оңтүстікке қарай ұзындығы 43 сажень, батыстан-шығысқа қарай 32 сажень. Бұл жер Шайқорық деп аталады;

2. Төбе – Тілеу мен Қаңлы арықтар аралығында, Жұрымбайтөбеден 1 верст 500 сажень оңтүстік-шығыста, Шайқұрық жалынан солтүстік, солтүстік-батыста орналасқан. Аумағы 10х24 сажень;

3. Төрткүл төбе – Жұрымбайтөбеден 2 верст 100 сажень оңтүстікте, Сарымбет арығынан 10-12 сажень оңтүстікте, Билікөл деп аталатын жерге барар жолдың бойында орналасқан. Төбе үстінде зират бар. Жобасында төртбұрышты, аумағы 46х42 сажень. Оның батыс жағында аумағы 20 сажень келетін оба орналасқан;

4. Төбе – Төрткүлден 400 сажень оңтүстікте, Үшбұлақ арықтан 100 сажень оңтүстікте орналасқан, үстінде зират бар. Жобасында созылыңқы, шеңбер тәрізді болып келген, аумағы 28х15 сажень;

5.Үштөбе – бірінші төбе қаланың шекарасында, ал қалған екі төбе оның сыртында орналасқан. Біріншісі Билікөл болысына барар жолдың оңтүстігінде, Төрткүлтөбеден (№3) $2^{3}/_{4}$ верст оңтүстік-батыс, батыста, Ташкентке барар жолдың солтүстігінде орналасқан. Төбелер солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле орналасқан, бір-бірінен арақашықтығы 100 сажень. Аумағы 25 сажень;

6. Төбе – Билікөл деп аталатын жерге барар жолдың бойында, Төрткүлден 270 сажень оңтүстікте, Үшбұлақ арықтан 150 сажень шығыста орналасқан, үстінде зират бар. Жобасында созылыңқы болып келген, көлемі: солтүстіктен оңтүстікке қарай 200 сажень, батыстан шығысқа қарай 40 сажень;

7. Обалар – Головочевская көшесінің соңында, Үшбұлақ арығының бойында, табиғи төбе үстінде орналасқан;

8. Төбе – сыра заводы жерінде орналасқан. Жобасында созыңқы болып келген, аумағы 17х8 сажень;

9. Төбе – Ташкентке барар жолдан 44 сажень оңтүстікте орналасқан. Аумағы 37 сажень;

9а. Төбе – Ташкентке барар жолдан 42 сажень оңтүстікте, осы жолдың оңтүстік-батысқа қарай бұрылған жерінде орналасқан. Аумағы 30х16 сажень;

10. Төбе – қаланың солтүстігінде, Қапал-арық пен Қарабақыр деп аталатын жерлерге барар жолдан солтүстік-шығыс, шығыста орналасқан. Аумағы 20х14 сажень;

11. Төбе – №10 төбе мен Бастөрткүл төбенің аралығында орналасқан. Аумағы 23х11 сажень;

12. «Бастөрткүл» төбе – қаланың солтүстігінде орналасқан. Жобасында төртбұрышты, көлемі 52х51 сажень;

13-18. Алты төбе «Бастөрткүл» төбеден оңтүстік, оңтүстік-батыста, Қарабақыр болысына барар жолдың және Өтеміс арықтың бойында, Сенкібай арықтан 100-120 сажень батыста орналасқан. Аумағы 20х10, 9х7 сажень;

19.Төбе – Қапал арықтың және Қарабақыр болысына барар жолдан 105 сажень шығыста, Шайқұрық топырақ жалының соңында орналасқан. Жобасында төртбұрышты, аумағы 30 сажень;

20. Төбе – Өтеміс арығынан 120 сажень шығыста орналасқан. Аумағы 26х15 сажень;

21-23. Үштөбе Қарабақыр көшесінде орналасқан. Ең үлкен қорғанның аумағы 30 сажень және осы жерде созылыңқы иілген төбе орналасқан. ұзындығы 48 сажень, ені 10 сажень. Сонымен қатар, жылқы базарының оңтүстігінде (Ак-чапар) үлкен оба орналасқан. В.А. Каллаур Ак-чапар төбесінде 1897 жылы табылған күміс теңгені Түркістан үйірмесіне жіберген;

24. Қостөбе – қаланың солтүстік-батыс жағында, Қостөбе деп аталатын жерде, Михайловское ауылына барар жолдың бойында орналасқан. Жобасында созылыңқы болып келген, көлемі 63х51 сажень. Онан 90 сажень шығыста төрт оба орналасқан, аумағы 10-13 сажень;

25.Төрткүлтөбе – Талас өзенінен 700 сажень қашықтықта (он жағында), Пешпекке барар жолдан 130 сажень солтүстікте, Ақбұлым деп аталатын жерде, Қарасу бұлақтың бойында орналасқан. Төбе үш бөліктен және алты төбешіктен тұрады. Жобасында төртбұрышты болып келген, көлемі: солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай ұзындығы 170 сажень, ені 87 сажень. Оның солтүстік-шығыс жағында көлемі 40х25 сажень, оңтүстік-батыс жағында көлемі 25х13 сажень және шығыс жағында диаметрі 18 сажень болып келген төбелер орналасқан;

26. Төбе – Төрткүлтөбеден 350 сажень солтүстікте, Рыстембет ауылына барар жолдың солтүстігінде орналасқан. Аумағы 25х20 сажень;

27. Оба - Пишпекке барар жолдың солтүстігінде орналасқан. Аумағы 11 сажень;

28. Төбе Ақбұлым деп аталатын жерде, Түрекелді арығынан 60 сажень солтүстікте, Төрткүлден 350 сажень оңтүстікте орналасқан. Аумағы 38х28 сажень;

29-31. Бұл үш оба Ақбұлым деп аталатын жерде тізбектеле, бір-бірінен 75-80 сажень арақашықтықта орналасқан. Аумағы 14 сажень;

32. Төбе – Ақбұлым деп аталатын жерде, Түрегелді арықтан 100 сажень оңтүстікте орналасқан. Аумағы 25х10 сажень;

33. Төбе – Түйше арықтан солтүстікте орналасқан. Жобасында төртбұрышты, көлемі 31х18 сажень. Топырақтан үйілген жал іздері сақталған;

34. Төбе – №33 төбенің оңтүстік-батысында, жал бойында орналасқан. Жобасында төртбұрышты, көлемі 20х11 сажень;

35. Төбе – Донай арығының бұрылған жерінде, №34 төбеден 1 верст оңтүстікте орналасқан. Жобасында төртбұрышты, көлемі 17х12 сажень. Жанында екі есе кіші болып келген тағы бір төбе орналасқан. Осы төбелер мен «Бақи мазар» атты зират аралығында екі қатарлы ескі жал бар;

36. Төбе – №35 төбеден 150 сажень оңтүстік-батыста, Донай арығының жоғарғы ағысында орналасқан. Аумағы 34х23 сажень;

37. Төбе – №36 төбеден батыста орналасқан. Жобасында төртбұрышты,

көлемі 19х13 сажень;

38. Төбе – №37 төбеден 280 сажень батыста орналасқан. Аумағы 76х21 сажень. Үстінде үш төбешік бар, оның екіншісінің аумағы 44х36 сажень;

39. Төбе – №38 төбеден оңтүстікте орналасқан. Көлемі 154х80 сажень. Бір бөлігі бұзылған;

40. «Қаратөрткүл» төбесі – №39 төбеден 44-50 сажень оңтүстікте, қаланың оңтүстігінде, Қапқа ауылына барар жолдан 180 сажень шығыста орналасқан. Жобасында төртбұрышты, көлемі 46х46 сажень;

41. Оба – Қара төрткүлден 2 верст оңтүстік-батыста орналасқан. Аумағы 29 сажень;

42. Жалаңаштөбе обасы – қаланың оңтүстігінде, №41 обадан 300 сажень оңтүстік-батыста орналасқан, аумағы 10 сажень. «Бақи мазар» зиратының солтүстігі мен шығысында онға жуық обалар орналасқан;

43. Жалғызаяқ төбесі – қаланың шығыс жағында, Талас өзенінің солтүстігінде, Покровское ауылына барар жолдан 700 сажень қашықтықта орналасқан. Аумағы 60х43 сажень;

44. Төбе – Түйте арықтың бойында орналасқан. Бір бөлігі бұзылған, аумағы 65 сажень;

45. Төбе – Қараой деп аталатын жерде, Түйте арықтан 1 верст батыста орналасқан. Аумағы 60 сажень;

46. «Саңлақ» төбе – Саңлақ ауылына барар жолдан 260 сажень солтүстік-батыста орналасқан. Аумағы 13 сажень;

47-48. Екі оба Гродеково ауылына барар жолдан 320 және 470 сажень оңтүстік-батыста орналасқан. Аумағы 16 сажень [227, с.39-44].

В.П. Лаврентьевтің жоғарыда аталған обалар мен төбелер туралы баяндамасы 1900 жылы 27 наурызда өткен үйірме отырысында тыңдалады. Қазіргі таңда Тараз қаласы ұлғайып, көптеген құрылыстар салынып, аталған төбелер жойылып кетті. Сол себептен, оның қала аумағында орналасқан ескерткіштер жайлы деректері өте құнды және картада ескі арық атаулары, қаланы қоршаған қорғаныс жүйесі (жалдар) көрсетілген, сол кездің топографиясын анықтауға болатын дерек көзі болып табылады.

1903 жылдың 22 қыркүйегінде өткен Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырысында В.А. Каллаурдың «К истории города Аулиеата» атты баяндамасы тыңдалады. Онда ол, қазіргі Әулиеата қаласының жақында пайда болғанын алға тартып, осы өңірдің Қоқандықтар кезеңіне және қаланың қалыптасу тарихына тоқталады [228, с.11-18]. В.А. Каллаур жергілікті тұрғындардан жинаған деректерге сүйене отырып, Әулиеата уездінде алғашқы болып Жаңақорған (Үшқорған), ал 1826 ж. немесе 1827 ж. Әулиеата бекінісі салынған деп пайымдайды. Әулиеата бекінісінің жанында 1837 жылы «Наманган көше» атты елді мекен қалыптасып, 1856 жылы онда базар пайда болады. Сөйтіп, қазіргі Әулиеата қаласы қалыптасты деп жазады [228, с.15-16]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур өз мақаласында А.И. Макшеевтің «Исторический обзор Туркестана» атты еңбегінен алынған Әулиеата қаласының 1864 жылғы жобасын келтірген (сурет Е.9).

1907 жылы 27 қарашасы мен 1908 жылдың 23 наурызында өткен үйірме отырысында В.А. Каллаур Әулиеата уездінде табылған теңге көмбелері жайлы баяндама жасайды [229, с.31; 230, с.16-17].

В.А. Каллаур бірінші көмбенің Әулиеата қаласының жәрмеңке алаңында (төбеде) табылғанын атап, төбені сипаттап береді. Төбенің айналдыра ұзындығы 240 қадам, төбеден жергілікті тұрғындар кесек құю үшін топырақ алып жатқанын, қазу кезінде ішінде мыс теңгелері бар құты тапқанын айтады. В.А. Каллаур бұл көмбеден шыққан теңгелердің тек бес данасын және бір теңгенің сынығын жинап алғандығын, оларда араб жазуы барын атап, ол теңгелерді Үйірме музейіне жібергенін жазады [229, с.31]. Ал екінші көмбе Талас өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан Орлов ауылында 1899 жылы шаруашылық жұмыстары кезінде табылған. Көмбеде 90-ға жуық теңгелер болған, оның 89 данасын көмбені тауып алған П.М. Мартенс Фин-Угор ғылыми қоғамының археологиялық экспедициясының жетекшісі Г.И. Гейкельге берген. Ал бір данасын В.А. Каллаур арқылы Үйірме музейіне өткізеді [230, с.16].

1897 жылдың 5 мамырында өткен үйірме отырысында В.А. Каллаурдың «Древние местности Аулияатинскаго уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в Восточный Туркестан» және 1904 жылғы 12 қараша күні өткен үйірме отырысында оның «Древние местности Аулиеатинскаго уезда на древнем караванном пути на запад от Аулиеата к границе Чимкентского уезда» атты баяндамалары тыңдалып, онда ол ортағасырлық жазба деректерінде кездесетін «көне орындар» жайлы жинақтаған мәліметтері мен ізденістері нәтижелеріне тоқталады [231, с. 1-9; 232, с. 48-55]. В.А. Каллаурдың Әулиеата уездінің тарихи топографиясына арналған ізденіс жұмыстары үшінші тарауда кеңінен қарастырылады.

1910 жылы үйірме мүшесі И.А. Кастаньенің «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» деп аталатын еңбегі жарық көреді. Онда И.А. Кастанье Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Бөкей ордасы және Орынбор губерниясы территориясында орналасқан археологиялық, этнографиялық, сәулет өнері және т.б. ескерткіштерді сипаттап жазады [118].

Әулиеата уездінде И.А. Кастанье «Акар-тюбе» (Ақыртөбе) төбені ашып, ол пошта жолының Сұмқайтыға барар жолмен қиылысқан жерінде Ақыртөбе станциясының жанында орналасқан деп жазады [118, с.239].

Қорыта келгенде, Әулиеата уездінде үйірме мүшелері атқарған зерттеулері ауқымды әрі жемісті болды (кесте 3).

3-ші кестеде көрсетілгендей Сырдария облысының Әулиеата уездінде үйірме мүшелері жүргізілген зерттеулер барысында 140 ескерткіш ашылып, орналасқан жері жайлы мәлімет келтіріліп, басым бөлігінің сипаттамасы берілген, 5 ескерткіш қайта зерттеледі (4 қалашық пен 1 обалар тобы). Сонымен бірге 2 ескерткіште (Жетітөбе обалар қорымында және Тектұрмас қалашығында) қазба жұмыстары жүргізілген.

Үйірме мүшелері ашқан 53 қалалардың 24-нің сипаттамасы мен өлшемдерін беріп, 29-ның орналасқан жері жайлы хабарлайды. Олардың 15-і

қазіргі кезде Қырғыз Республикасының Талас облысына қарасты жерде орналасқан.

Осы мәліметтерді саралай келіп, мынадай қорытынды жасауға болады:

1. В.А. Каллаур 71 ескерткішті ашып, 4 ескерткішті қайта зерттеген;

2. И.В. Аничков 22 ескерткішті ашып, олардың сипаттамасын жазды;

3. В.П. Панков 2 ескерткішті ашып, 1 обалар қорымында қазба жұмыстарын жүргізді;

4. В.Ф. Ошанин 1 ескерткіш ашты;

5. И.А. Кастанье 1 ескерткіш ашты;

6. В.П. Лаврентьев Әулиеата қаласы аймағында орналасқан 43 ескерткіш жайлы хабарлап, олардың орналасқан жері мен өлшемдерін береді.

Кесте 3 – Үйірме мүшелері Әулиеата уездінде ашқан, орналасқан жері жайлы хабарлаған және қайта зерттеген ескерткіштер

| № | Зерттеушілердің аты-жөні | Ескерткіштер түрі | | | | | | | | | | | Қайта зерттеген ескерткіштер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тас мүсіндер | Тасқа салынғансуреттер | Обалар қорымы | Обалар тобы | Жеке оба | Тас қоршау | Қалашықтар | Суландыру жүйесі | Тас бағандар мен хауыз | Тас көпір орны | Үңгір | Қалашықтар мен обалар |
| 1 | В.В. Каллаур | 12 | 6 | 5 | 4 | 10 | 2 | 28 | 1 | 2 | 1 | - | 4 |
| 2 | И.В. Аничков | 5 | 1 | 3 | 1 | 2 | - | 9 | - | 1 | - | - | - |
| 3 | В.П. Панков | - | - | 1 | - | - | - | - | - | - | - | 1 | 1 |
| 4 | И.А. Кастанье | - | - | - | - | - | - | 1 | - | - | - | - | - |
| 5 | В.Ф. Ошанин | - | - | 1 | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 6 | В.П. Лаврентьев | - | - | 2 | 7 | 19 | - | 15 | - | - | - | - | - |
| | Барлығы: | 17 | 7 | 12 | 12 | 31 | 2 | 53 | 1 | 3 | 1 | 1 | 5 |

Үйірме мүшелері ескерткіштерді сипаттаумен ғана шектелмей, зерттеу барысында туындаған пікірлері мен тұжырымдарын да ұсынды.

И.В. Аничков Тараз қаласын орналасу жері жайлы мәселесі бойынша Ферғанадан Шу мен Сырдария өңірлеріне өтетін жол Талас өзеніндегі тұрақты көпір арқылы өткен деп тұжырым жасап, осы жерде бірнеше елді мекендер мен қалашық болғандығын айтады. И.В. Аничков В.В. Бартольд пен Н.Ф.

Петровскийдің көне Тараз қаласының орналасқан жері туралы пікірлеріне сүйене отырып, осы жерде көне Тараз қаласының орны болуы мүмкін деп болжамдап, осы қалашықта қазба жұмыстарын жүргізгенде ғана бұл мәселенің нақты шешімі табылады деп тұжырымдады.

Үйірме мүшелері И.В. Аничков пен В.А. Мустафин Әулиеата уездінде орналасқан тас мүсіндерді зерттеп, И.В. Аничков тас мүсіндерді сыртқы пішініне қарай екіге бөледі: ер және әйел адам бейнелері және тас мүсіндердің «бас» формасына қарай екі категорияға бастың жоғарғы жағы домалақ және шошақ тәрізді келген деп бөледі. Ал, В.А. Мустафин Жетісу мен Түркістан өңірлерінде орналасқан тас мүсіндерді батыс Сібір мен Оңтүстік Ресейде кездесетін тас мүсіндермен салыстыра отырып, олардың бір типті жасалғанын және қолдарында кесе, басым көпшілігінде қылыш кескінделгенін айтады. Сонымен қатар, Жетісу мен Түркістандағы тас мүсіндер батыс Сібір мен Оңтүстік Ресейдегі мүсіндерге қарағанда ерекшеліктеріне тоқталады – жергілікті мүсіндер дөрекілеу жасалған және киімімен бейнеленген, ал сырға, алқа әшекейлері бейнеленген тас мүсіндер сирек кездеседі, басым көпшілігінде ер адам кескінделген, мүсіндер обалар үстінде не оның жанында орналасқан.

В.А. Мустафин обаларда жүргізілген зерттеулер нәтижесін саралай келе, обаларда адам сүйектері шыққандықтан, бұл тас мүсіндерді оба үстіне қою салты мүрде өртеумен байланыспайды деген тұжырымға келеді. Сонымен бірге, тас мүсіндердің бір бөлігін түркі дәуірімен мерзімдеген.

В.П. Панков Жетітөбе обалар қырымында жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша келесі тұжырымға келеді: мүрдені үсті жабылатын шұңқырға отырғызып, арқасы шығысқа қаратылып жерлеген.

В.В. Каллаур Қостанай, Торғай, Ақтөбе және Әулиеата уездерінде орналасқан төбелер жайлы еңбектерді салыстырып, Түркістан өңірі мен Торғай облысындағы обалар бір-біріне ұқсас, бір халықтың мұрасы деген тұжырымға келеді. Сонымен, бұл ескерткіштерді Әулиеата уездінде – «төбе», ал, Торғайда – «оба» деп атайтындығын жазады. В.В. Каллаур Тасбастау деп аталатын жерде орналасқан тас қоршауларды сипаттай келе, оны қандай мақсатпен салынғаны туралы мәселені зерделейді. В.В. Каллаур Скандинавияда мұндай тас қоршаулар сот, халықтың жиналыс өткізетін орны болған, ондай жерде дауласқандар мен айыпталушыларға шешім шығаратын, сонымен бірге жекпе-жекке шығатын жер болғандығын алға тартып, Тасбастаудағы тас қоршаулар осындай орын болған емес пе деген пікір айтты.

Кейінгі зерттеушілер, тас мүсіндер орналасқан обалар мен тас қоршауларда жүргізілген зерттеулер нәтижесінде бұл нысандар ғұрыптық кешен екендігін айтады. Шу мен Талас өңірлерінде орналасқан – Жайсан ғибадатханасының құрылуы мен кейінгі қызмет ету уақыты VIII–IX ғғ., ал Мерке ғибадатханасының Аралтөбе кешенін VI–VII ғғ. жатқызады. А.М. Досымбаева Мерке ғибадатханасының ғұрыптық кешенінде жинақталған материалдар бойынша Аспан мен Ұмайға (Жер-Су) құрбандық шалу мен тағзым ету рәсімінің жекелеген құрылымы он оқ халқының киелі жерінде – Мерке өзенінің бойында, биік таудағы Мыңбұлақ жайлауында орын алғандығы

дәлелдей түседі деп пайымдайды.

Үйірме мүшесі В.А. Каллаурдың Айыртамой, Құлансай және Терексайда ашқан түркі жазу ескерткіштердің мерзімдеу мен жазуларды аудару мәселесі бойынша көптеген еңбектері жарық көрді. Ғылыми әдебиетте «Талас ескерткіштері» атаумен енген бұл ескерткіштер Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған қызметінің ерекше еңбегі деп бағаланып, П.П. Иванов, М.Е. Массон, И.А. Батманов, В.А. Левшиц, Ч. Джумагулов, Л.Р. Кызласов, И.В. Кормушин, П.Н. Кожемяко, Д.Ф. Винник, С.Г. Кляшторный, Т. Досанов қайта зерттеді. Қазіргі таңда «Талас ескерткіштерін» мерзімдеу және оның аудару мәселесі бойынша бірнеше пікірлер бар.

В.П. Лаврентьевтың Әулиеата қаласы мен оның төңірегінде орналасқан ескерткіштердің картасы бүгінгі күніге дейін жеткен құнды дерек болып табылады, себебі Кеңес дәуірінде қаланың ұлғаюына байланысты ол ескерткіштер бұзылып кеткен. В.П. Лаврентьев мақаласындағы деректер сол кездегі тарихи-топографияны қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

2.2.2. Шымкент уезді

Шымкент уезді Сырдария облысының солтүстік және орталық бөлігінде орналасып, қазіргі Түркістан облысының солтүстігіндегі Созақ ауданынан ағып өтетін Шу өзенінен бастап, оңтүстікте, оңтүстік-шығыста Өзбекстан Республикасымен, шығыста Жамбыл облысының Жуалы ауданының Шақпақата ауылдық округінен бастап, батыста Сауран ауданының Майдамтал ауылдық округіне дейінгі жерін алып жатқан.

Шымкент уездінде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің арасында зерттеу жүргізген Н.П. Остроумов, Е.Т. Смирнов, Н.Г. Маллицкий, Н. Руднев, В.П. Колосовский, П.А. Комаров, А.А. Черкасов, А.К. Кларе және т.б. үйірме мүшелері болды [233, с.149-152].

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі тарапынан Сырдария өңіріне үлкен назар аударылып, онда орналасқан ескерткіштерді зерттеу мақсатында бірнеше «экспедициялар» ұйымдастырылады. Олардың қатарында Е.Т. Смирнов пен Н.В. Руднев экспедициялары да болды. Е.Т. Смирнов зерттеу нәтижелерін 1897 жылы 17 ақпанда, ал Н.В. Руднев 1900 жылы 27 наурызда өткен үйірме отырыстарында баяндалады.

Е.Т. Смирнов «Древности на среднем и нижнем течении р.Сыр-Дарьи» атты мақаласында: «Менің баяндамамның мақсаты Археологиялық үйірме мүшелерінің Орта Азияның тарихи және археологиялық жағынан аз зерттелген Сырдария өзенінің жазықтарына назар аудару болды...» деп жазып, Сырдария өзенінің ежелгі және орта ғасыр кезеңдерінде қалай аталғанына кеңінен тоқталады. Ол, Геродот бұл өзенді «Аракс» деп атағанын және Масагеттердің батыс шекарасы болғанын, Александр Македонскийдің Орталық Азияға жасаған жорығын баяндаған грек тарихшылары, оны «Яксарт» деп атағанын, X-XIII ғғ. араб географтары, оны «Шаш» немесе «Джейхун» деп атағанын келтіріп, бұл өзенге Сырдария деген атауды солтүстік-шығыстан келген түркі тайпалары бергенін жазады. Е.Т. Смирнов бұған қоса осы өңірдің қысқаша

тарихына тоқталып, Сыр бойында орналасқан көне қалалар туралы жазба деректер аз болғандықтан, тек археологиялық деректерге сүйенуге мәжбүр болғанын алға тартады [234, 414 б.].

Е.Т. Смирнов Сырдария бойында орналасқан археологиялық ескерткіштер жайлы өз пікірін дәйектеу үшін осы өңірде болып өткен белгілі тарихи оқиғамен байланыстыруды жөн көреді. Осы мақсатпен ол Шыңғысханның Орта Азияға жасаған жорығы жайлы мәліметтерді келтіре отырып, жаулап алынған аймақтарда орналасқан ортағасырлық қалаларды атап өтеді. Олардың қатарында: Отырар, Бинакен, Ходжент, Нұрата, Сығанақ, Жент және т.б. қалалар бар.

Е.Т. Смирнов Отырар өңірінің қалалары, негізінен, Сырдария өзенінің бойында Арыс өзенінің оң жағасы мен Бөген, Шаян, Арыстанды өзендері аралығындағы жазықтықта орналасқандығын, орта ғасырларда бұл өңірдің оңтүстік бөлігі үлкен Арыс-Бөген суландыру жүйесімен, ал Отырар қаласы Арыс өзенінен бастау алған канал арқылы суландырылғанын жазады. Сырдарияның сол жағалық жазығында көптеген төбелер, бекініс орындары мен ескі суландыру жүйесі барлығын, олардың ішінде көлемі жағынан үлкендері Қауған, Артық, Құмиян және Мейрам қалашықтары мен елді мекендері болғанын атап көрсетеді. Сонымен қатар, қазіргі кезде Қаратаудың теріскейінде Созақ пен Шолаққорған айналасында көптеген елді мекендердің орындары барын атап, онда күйдірілген кесектерден салынған құрылыстар барын жазады [235, с.5-6].

Н.В. Руднев 1899 жылы Сырдарияның сол жағасымен жүріп, Шардара бекінісінен (Шыназ ауылынан 60-70 верст төмен орналасқан) бастап Үш Қайық (Түркістан болысы мен Перовск уездінің шекарасына жақын жерде орналасқан) өткеліне дейінгі аралықты зерттейді. Ол Шардара маңында бірнеше топтан тұратын төбелерді (Мыңтөбе) ашып, мұндай обалар тек Шардара бекінісі мен «Ұзын Ата» деп аталатын жерге дейінгі аралығында кездесетіндігін жазады. Ал, Ксты (Қысты) деп аталатын жер мен Үш Қайық өткеліне дейінгі аралықта он бір көне қалашық орналасқанын атап өтеді. Олардың қатарында: Ксты (Қысты), Ұзын-Ата, Сүткент, Байырқұм, Ичкеле (Ешкілі), Жартөбе, Рабат, Қалған-Ата (Қауғаната), Артықата, Раздыата және Оқсыз аталады. Н.В. Руднев: «...бұл атаулардың ішінде көне, бұрыннан келе жатқан атау тек қана Оқсыз атауы болып табылады» – деп, ал, басқа атаулардың кейінгі кезеңдерде өзгергендігін алға тартып, жаңсақ пікір айтады [236, с.57-58; 24, с.106].

Қалашықтардың төңірегі бұзылып тегістеліп кеткен, тек қана арықтардың іздері ғана байқалады. Ашылған ескерткіштердің тек қана цитадельдері мен ішкі құрылыс жобалары жақсы сақталған. Негізінен, цитадельдер қалашықтардың шетіне орналасқан үлкен төбе, әдетте биіктігі 10-25 сажень болып келеді. Қала ішіндегі тұрғын үй кварталдарының құрылымы төртбұрышты, тіктөртбұрышты және шеңбер тәрізді болып келеді. Қалалар айналдыра кесектен өрілген қамалмен қоршалған. Олардың сыртында оры болған. Қамал құландыларында қақпа іздері де байқалады. Н.В. Руднев жергілікті тұрғындар Қысты, Артықата, Қауғаната және Оқсыз қалашықтарын

қазып, осы жерде орналасқан құрылыстар құландыларын бұзып, күйдірілген қыштарын алып кеткендігін жазады [236, с.59-60]. Сонымен қатар, барлық қалашықтар үстінен бояулы және бояусыз ыдыстар сынықтары табылғандығын да атап өтеді.

Ашылған қалашықтардың ішіндегі көлемі жағынан үлкені Қаракөл көлінен 2 верст қашықтықта орналасқан Сүткент қалашығы болып табылады. Жобасында көп бұрышты болып келген қала, сыртын айналдыра қолмен үйілген төбе үстіне кесекпен өрілген қамалмен қоршалған. Қалаға кіретін төрт қақпаның арасынан мұнарасы бар батыс қақпа ғана жақсы сақталған. Оның қабатында сыртын айналдыра ормен қоршаған цитадель орналасқан. Қақпалардан қала орталығына қарай баратын және сол жерде тік қиылысатын екі көше болған [233, 416-417 б.]. Зерттеу барысында Н.В. Руднев Сүткент қалашығының топографиялық жобасын түсіреді (сурет Ж.1, қосымша Ж).

Н.В. Руднев осы қалаларға келетін жолдар бойында да, негізгі арықтардың Сырдан бастау алатын жерінде де және Сырдың Қызылқұмға қарайтын бетінде де төртбұрышты болып келетін шағын бекіністер мен қалалар арасында көптеген қарауылтөбелер орналасқанын атап өтеді [236, с.61]. Сонымен қатар, Н.В. Руднев Оқсыз қалашығының маңында шағын көлемді қазба жұмыстарын жүргізіп, үй құрылыс құландыларының бірінде жерленген адам мүрдесін ашты.

1947-1951 жылдар аралығында ОҚАЭ-сы (Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич) Оңтүстік Қазақстанның тарихи-археологиялық картасын дайындау мақсатында кең көлемді барлау жұмысын жүргізіп, ортағасырлық елді мекендер мен қалашықтарда және оба қорымдарда стратиграфиялық кесіктер салады [85, с.4]. Зерттеу барысында Мыңтөбе обалар қорымында қазба жұмыстары жүргізілді.

Мыңтөбе обалар қорымы Шардара ауылынан 4 км оңтүстік-батыста ретсіз орналасқан, бірнеше жүз обадан тұрады. ОҚАЭ-сы үш обада қазба жүргізіп, оның №28- және №29-шы обада үйінді астында күл қабаты кездескендігін жазып, бұл жерде мүрде өртеу әдісі қолданылған болуы мүмкін деп пайымдайды. Сонымен қатар, Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич араб және парсы жазба деректерінде Сүткент қаласы көшпенді түркілермен шекаралас екенін, Земарх елшілігі жинаған деректерде Сильзувула қағанның мүрдесін өртеу ғұрпын келтіргенін және қытай жазба деректерінде мүрде өртеу туралы келтірілген мәліметтерге сүйне отырып келесі тұжырымға келеді: «Очевидно этого же обычая придерживались и тюрки – кочевники левобережья Сыр-Дарьи» [85, с.41].

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі Шымкент уездінде орналасқан ортағасырлық Отырар қалашығын зерттеуге ерекше назар аударып, онда қазба жұмыстарын жүргізіп, оның зерттелуіне сүбелі үлес қосты. Үйірме мүшесі И.Т. Пославский алғашқылардың бірі болып 1898 жылы Отырартөбе мен оның айналасында орналасқан шағын төбелерді зерттеп, тарихи топографиясына сүйене отырып, Отырар қаласы үш бөліктен – бекініс, қала және оны қоршаған шаруашылық аймақтан тұратындығын, ал оның сыртында бау-бақша болғанын атап өтеді. Сонымен қатар, ол Отырартөбеден бірнеше

шақырым жерде Арыс өзені бойында орналасқан басқа бір көне қалашықтың (Құйрықтөбе) ескі қорымы бар екендігін және ол жерде «Арыстан баб» жерленіп, үстіне кесене салынғанын жазып қалдырды [237, с.236-238].

Үйірме мүшесі Н.С. Лыкошин 1899 жылы өзінің «Догадки о прошлом Отрара» атты мақаласында Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерінде орналасқан Отырартөбе қаласының сипаттамасын беріп, пайда болу тарихына тоқталады. Ол Мухаммад Наршахидың «Бұхара тарихы» атты еңбегінде келтірілген деректерге сүйене отырып, Отырар қаласын ортағасырлық жазба деректерде кездесетін Хамукет (Хамукат) қаласымен баламалап, қателесті [159, с.171-174]. Н.С. Лыкошин қаланың «Хамукет» атауы уақыт өте өзгергенін немесе қала жаугершілік заманында өртенгенін алға тартып, қаланың атауында «Ут» деген сөз – «от» деген мағынаны білдірген, сондықтан «Утрар» деп аталған деген пікір айтты. Сонымен қатар, ол Түркістан мен Отырар ортасында Утрабат (Отырабат) ескерткіші бар екенін жазып, ол қалашықтың аталуы да «Ут» сөзімен басталатындығын алға тартады. Бұған қоса, ол осы өңірде орналасқан Алтынтөбе, Пышақшытөбе ескерткіштерін атап өтіп, өз мақаласында Отырар қалашығын қазына іздеушілер қазып бүлдірмей тұрғанда, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуді ұсынады [159, с.172-174]. Сонымен қатар, И.Т. Пославский және Н.С. Лыкошин да қала орнының сыртқы жағында қабырғалары күйдірілген қышпен қаланған жер асты жолдары барын, оны көмбе іздеушілер қазып жатқанын атап өтеді [237, с.237; 159, с.171].

Н.С. Лыкошиннің «Түркістан ведомості» газетінде шыққан бұл мақаласына қатысты В.В. Бартольд өз пікірін білдіреді. Ол Хамукет қаласы әл Макдиси еңбегінде (Х ғ.) Фараб өңірінде емес Талас өңірінде орналасқан қалалар қатарында аталатындығын алға тартты. Сонымен қоса Отырар қаласы ертедегі араб тарихшысы ат-Табаридің шығармасында «Отрар-бенд» атауымен кездесетіндігін, Хамукетті Отырартөбемен баламалау қате екендігін атап өтті [159, с.175-176].

Үйірменің вице-президенті Н.П. Остроумовтың тапсырмасымен А.А. Черкасов пен А.К. Кларе 1903 жылы Отырартөбе қалашығында болып, қалашықтың солтүстік-шығыс бөлігінде жобасында бесбұрыш болып келетін қамал орналасқанын жазып, А.А. Черкасов төбенің топографиясына сүйене отырып, цитадельдің үш қақпасы (оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс және солтүстік бөлігінде) болғанын және бұл қақпалар цитадельді (бекіністі) үш бөлікке бөлетінін атап өтеді [238, с.70].

А.А. Черкасов қамалдың әр бөлігіне жеке-жеке мынадай сипаттама береді: «Юго-западная часть, имеющая вид прямоугольного теругольника, самая возвышенная и, как наружная отголость бруствера... Северо-западная часть – наименьшая – отделяется от предыдущей и представляет из себя покатость... Восточная часть крепости – самая большая – с севера на юг сначало постепенно поднимается, достигает наибольшей точки посредине, около площадки и затем влево опускается к углу» [238, с,71-74]. Сонымен қатар, А.А. Черкасов төбе үстінен жинап алынған ыдыс сынықтарын суреттеп жазып, Отырар қалашығының орталық бөлігінің жобасын түсіреді (сурет Ж.2).

А.А. Черкасов осы сапарында Отырар қалашығының төңірегінде үлкенді-кішілі арықтардың (каналдар) орналасқанын жазып, осы өңірде көптеген төбелер кездесетінін және олардың өзіндік атаулары бар екенін атап өтеді. Бұл төбелер солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле екі қатар болып орналасқанына тоқталады. Олардың бірі Қаратаудан басталып, Отырар қалашығының батыс жағынан Арыс өзенінің сол жағасымен; ал екіншісі Түркістанның шығыс жағынан басталып, Отырардың шығыс жағымен Арыс өзенінің оң жағалауымен өткенін жазады. Батыс тармағында – Джумалак-тойтөбе, Үштөбе, Жалғызтөбе, Отырабад, Мәслихат, Алтынтөбе, Арыстанбаб, Пшақшытөбе; Арыс өзенінің арғы бетінде: Үлкентөбе, Мардан, Жетітөбе, Берден, Сеткин және Бесқарақұм төбелер; ал, шығыс тармағында – Қарауыл, Қисық, Майтөбе, Джамана, Ақтөбе 1, Ақтөбе 2, Жалпақ, Чакчакой, Жетітөбе, Айдарны, Арыс өзенінің арғы бетінде Қаракүңгір, Ақтөбе 3 және Ишым төбелер бар екенін атап өтеді [238, с.71]. Өкінішке орай, бір қатар төбелердің атаулары қате жазылып, орналасу жері нақты анықталып берілмеген. Сол себептен олардың орналасқан жерін, қазіргі атауын анықтау қиынға түсіп отыр.

А.К. Кларе «Древний Отрар и раскопки, произведенныя в развалинах его в 1904 году» атты мақаласында Отырар қаласы жайлы жазылған жазба деректерге сүйене отырып, оның тарихына және төбеде жүргізілген қазба жұмыстарына кеңінен тоқталады.

А.А. Черкасов пен А.К. Кларе Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің тапсырысымен 1904 жылы Отырартөбенің орталық бөлігінде қазба жұмыстарын жүргізеді (сурет Ж.3). Қазба жұмыстары Орта және Шығыс Азияны зерттеу жөніндегі Орыс комитеті тарапынан қаржыландырылады. Археологиялық қазба жұмыстары траншея тәсілімен жүргізіліп, №1 траншея үш қақпадан келген жолдардың түйіскен жеріндегі төбешік үстінен салынды. Қазба жұмыстары барысында қыштан төселген еден, тандыр, ташнау орындары ашылып, тас диірмендер, темір балта, бояулы ыдыс сынықтары, 2 күміс, 6 мыс теңгелер, мыс қоңырау, алқа, тастан жасалған 2 ядро және т.б. заттар табылады [239, с.33].

№1 траншеяның соңынан №2 траншея төбенің шығыс бөлігінде, солтүстік-батыс қақпасынан оңтүстік қақпаға барар жолдың бойында салынды. Қазба жұмыстары барысында тандыр, ташнау ашылып, бірнеше мыс теңгелер, шағын көзе (сурет Ж.4), қаптама плиткалары және т.б. заттар табылды (сурет Ж.5). Төбе үстінде, солтүстіктен оңтүстікке қарай №3 траншея салынып, қазу барысында қыш және ыдыс сынықтары табылады.

Н.П. Остроумов пен И.Т. Пославскийдің берген кеңесі бойынша, Отырартөбенің құрылымын анықтау мақсатындағы А.А. Черкасов пен А.К. Кларе төбенің солтүстік жиегінен қосымша №4 және №5 траншеялар салады. Қазба барысында кесектен қаланған қабырға ашылып, А.К. Кларе қабырғаның биіктігі төбе биіктігімен бірдей болған деген пікір айтады [239, с.35]. Қазбаны одан әрі жалғастыру барысында рабад аймағына дейін жалғасқан №5 траншеяны қазу барысында бірнеше сәби мүрделері мен қабырға қаландысының ішінен адам мүрдесі аршылады. Сонымен қатар, А.А. Черкасов

пен А.К. Кларе қазба барысында табылған заттардың тізімін жасап, оларды Ташкент музейіне өткізеді [240, с.40-42].

Отырар тарихын көп жылдар бойы зерттеп жүрген ғалым, археолог М. Қожа: «1904 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында ашылған құрылыстардың жобалары, суреттері түсірілмегендігі, осы қазбаның ғылыми құндылық нәтижесін төмендетті», – деген орынды пікір білдіреді [69, 144-б.].

1901 жылдың 11 желтоқсан күні өткен үйірме отырысында В.П. Колосовскийдің «В Каратавских горах Чимкентского уезда» атты баяндамасы тыңдалып, ол «хаттамалар» бетінде жарық көреді. В.П. Колосовский баяндамасын былай деп бастайды: «Судьба предусмотрительно скрыла от человека будущее. Непроницаемая завеса полной неизвестности, побуждая человека напрягать свой ум, держит нас на почве шатких теории и смутных догадок...» [241, с.89]. Үйірме мүшесі В.П. Колосовский Қаратаудың солтүстік беткейінде іс-сапармен болып, Құмкент, Саудакент және Бабаата қалаларының құландыларын сипаттап жазады. Құмкент қалашығының ауқымды жерді алып орналасқанын, айналдыра қамалмен қоршалғанын және цитаделі орталық бөлігінде орналасқанын атап өтеді. Осы жерде орналасқан төртбұрышты, күйдірілген екі қыш құландылары қақпа мұнараларының орнын көрсетеді деп пайымдап, төбе үстінде көптеген ыдыс сынықтары шашылып жатқанын жазады. В.П. Колосовский Саудакент қалашығында да болып, оның Құмкент қалашығынан 30 верст шығыста орналасқанын баяндайды. Саудакенттің Құмкентке қарағанда әлдеқайда үлкен екендігін, оны айналдыра биік жал мен ор қоршағанын және оның сыртында жеке тағы бір қорғаны болғанын айқындайды. В.П. Колосовский қамал (қала) ішінде орналасқан төртбұрышты құрылыс екінші цитадель немесе жергілікті патшаның «кешк-сарайы» болуы мүмкін деген пікір айтты [241, с.89-94].

Саудакент пен Құмкент қалашықтарын көрген соң В.П. Колосовский Бабаата қалашығында болып, оның орналасқан жерінің топографиясына қарай: «По конфигурации местности город не мог быть велик и скорее представлял из себя укрепленный замок», – деп пайымдайды [241, с.95]. Қазіргі таңда бұл жерде тек мұнарасы бар төртбұрышты құланды сақталғанын атап өтеді. Сонымен қатар, В.П. Колосовский Үсітас шатқалында орналасқан тас мүсін де суретке түсіріп (сурет Ж.6) сипаттап жазады [241, с.96-97].

1905 жылдың тамыз айында П.А. Комаров пен Ф.С. Шпотин Боралдай өзенінің бойын аралап, осы өзенге Теректі өзенінің құяр жерінен жоғары, Қаратастыбұлақ пен Қызылбұлақ ортасындағы суайрықтағы жартастарда салынған суреттер мен жазулардың орнын ашып, зерттейді. Жартастарда жылқы, арқар, бұғы, ит, қасқыр және адам бейнелері кескінделген. Олардың ішінде, арқарды садақпен атып жатқан салт атты садақшылар мен арқардың жолын бөгеген ит бейнелері аң аулау көріністеріне жатады [242, с,23]. Бұнымен қатар, П.А. Комаров жартастарда кескінделген таңбалар орхон немесе қазақтардың таңбаларына ұқсастығын, ал, жартастағы суреттердің Саймалытаста салынған суреттерге ұқсас екенін жазады. Сонымен қатар, П.А. Комаров кейбір жекелеген тастардағы таңбалар мен суреттердің көшірмелерін

сызып алады (сурет Ж.7) [242, с. 24].

Кеңес дәуірінде П.А. Комаров ашқан ескерткіштен басқа «Боралдай қақпасы» деп аталатын жерде 1986 жылы «Қазпроектреставрация» институтының қызметкерлері 300-ге жуық сурет кескінделген тасқа салынған суреттер орнын ашып, оның хронологиялық мерзімін анықтап семантикалық анализ жасайды [243, с.229-230]. Ал, 1995 жылы «Ордабасы» тарихи-мәдени қорық-музейі қызметкерлері Қаратас ауылынан 1,5 км шығыста Қаратас деп аталатын жартаста кескінделген жаңа тасқа салынған суреттер орнын ашады [244, с.122].

Жартастарда бұқа, тау ешкі, бұғы, ит, жылқы, түйе, жылан, құс бейнелері және таңбалар кескінделген. Таңбалар жайлы А.С. Мирзабаев былай сипаттайды: «Есть и изображения знаков: лунарные и солярные (в виде точки, круга с вписанным в него крестом, очковидные), тюркские тамги и тамги казахов» [244, с.123]. Қазақ руларының таңбалары ішінде Ұлы жүздің – дулат, ошақты, Орта жүздің – матай, уақ, садыр, Кіші жүздің – тама руларының таңбалары кескінделген. А.С. Мирзабаев жартастардағы таңбалар осы өңірге 1726-1728 жылдар аралығында болған жоңғар шапқыншылығы кезінде және Ордабасында қазақтардың бас қосқан оқиғаларға байланысты кескінделуі мүмкін деп пайымдайды [244, с.124]. Бізше таңбалар кескінделген уақытын нақты анықтау үшін әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе деп санаймыз. Себебі, таңбалардың кескінделген уақыты А.С. Мирзабаев айтқанындай Ордабасыдағы оқиғамен байланысты болса, қазақтың басқа руларының таңбалары неге салынбаған деген сұрақ туады.

А.С. Мирзабаев Боралдайда жаңадан ашылған тасқа салынған суреттерді зерттеп және сараптай отырып, Боралдай суреттерін төрт хронологиялық кезеңге бөледі, олар: 1. Қола дәуірі (б.з.б. II мыңжылдық); 2. Ерте темір кезеңі (б.з.б. I мыңжылдық); 3.Түркі кезеңі (VI-IX ғғ.); 4. Қазақ және сопылық кезеңі (XV-XIX ғғ.) [244, с.124].

1989-2005 жж. Б.А. Байтанаев және Оңтүстік Қазақстан облыстық Мәдениет басқармасының ескерткіштерді қорғау жөніндегі бас маман А.Н. Грищенко Боралдай өзеннің жоғарғы ағысында орналасқан тасқа салынған суреттерді жан-жақты зерттеп, суретке түсіреді, сонымен қатар ол өзеннің оң жағында орналасқан жаңа жартастағы суреттер орнын ашады [245, с.13].

П.А. Комаров ашқан тасқа салынған суреттердің ішіндегі таңбаларды жаңа заман және этнографиялық кезеңге жатқызуға болады [245, с.36].

Боралдай шатқалындағы тасқа салынған суреттердің қазіргі сақталу жағдайы мүшкіл. Кескінді үстіне жергілікті тұрғындар өз есімдерін жазып, сонымен қатар суреттер салып көне мұраны бұзуда [245, с.70, рис.4; с.85, рис.31]. Бұл ескерткішті қазіргі таңда қорғауды қажет ететін мұралардың бірі болып отыр.

В.А. Каллаур жергілікті тұрғындардан жиып алынған мәліметтерге сүйене отырып, Сырдарияның оң жағында Шорнақ және Сидақата қалашықтары орналасқанын хабарлап, олар жайлы қысқаша сипаттама берді.

1905 жылы орман қараушысы Максимов, Корниловка (Жаскешу)

ауылынан 8 км жердегі Теректі шатқалында орналасқан шлактарға толы көне штольняларды ашады. Осы жылы геолог Н.В. Ковалев оларды зерттеп, оның нәтижелерін 1905 жылдың 23 желтоқсанда өткен үйірме отырысында баяндайды [246, с.26-27]. Зерттеуші құлаған тас пен тіреу ағаштарының қалдығына толы 10 штольняны және осы жерде сақталған, қабырғасы өңделмеген жалпақ тастардан ұқыпты етіп қаланған ауа тартатын құрылысты суреттеп жазады. Штольня ішінен бүтін және сынық сырлы шырағдандар табылады. Шлактардың талдауы бұл XII-XIII ғғ. күміс-қорғасын рудалары алынған кен орыны екендігін көрсетті [247]. Сонымен қатар, Н.В. Ковалев Түлкібас ауылынан оңтүстікте Дәубаба тауындағы Назардай сайда (Назарбай сай) орналасқан суландыру жүйесін ашып, оны сипаттап жазады [246, с.27]. Күйдірілген құбырлар ұзындығы 12 вершок, диаметрі – бір жағы 3 вершок, екінші жағы 5 вершок, бір-біріне кіргізілген. Су құбыры таудан басталып, Арыс өзені бойында орналасқан төбе маңына дейін тартылған, оның жалпы ұзындығы 5 верст құрайды.

Н.П. Остроумов 1913 жылы 11 желтоқсанда өткен үйірме отырысында Балықшы ауылы жанынан табылған жазуы бар тас туралы баяндап, бұл тастағы жазу араб жазуына дейінгі белгісіз бір жазумен жазылған деп жазады [248, с.57]. Сонымен қатар, 1916 жылы 30 желтоқсанда өткен үйірме отырысында И.А. Кастаньенің Темір станциясынан 45 верст жерде, Бөген өзенінің бойында орналасқан Бұзық қалашығы туралы қысқаша баяндамасы тыңдалады [249, с.109].

Қорыта келгенде, үйірме мүшелерінің Шымкент уездінде атқарған ізденістері ауқымды болып, бірқатар ескерткіштерді ашады (кесте 4).

4-ші кестеде көрсетілгеніндей, Сырдария облысының Шымкент уездінде жүргізілген зерттеулер барысында 65 ескерткіш ашылып, олардың басым бөлігінің сипаттамасы берілген, 2 ескерткіш қайта зерттеліп, 2 ескерткіште (2 қалашықта) қазба жұмыстары жүргізіледі.

Осы мәліметтерді саралай отырып, келесі қорытындыларға келуге болады:

- Н.П. Остроумов 1 ескерткіш ашты;
- В.А. Каллаур 2 ескерткіш туралы хабарлады;
- К.М. Баронин 2 ескерткіш ашты;
- С.Т. Смирнов 7 ескерткіш ашты;
- Н. Руднев 11 ескерткіш ашып, 1 ескерткіште қазба жүргізді;
- П.А. Комаров 1 тасқа салынған сурет орнын ашты;
- В.П. Колосовский 3 ескерткіш ашып, 1 ескерткішті қайта зерттеді;
- А.А. Черкасов 24 ескерткіштер жайлы хабарлап, 1 ескерткішті қайта зерттеді;
- А.К. Кларе 1 ескерткішті қайта зерттеп, қазба жұмыстарын жүргізді;
- Н.С. Лыкошин 2 ескерткіш жайлы хабарлады;
- Н.В. Ковалев 11 ескерткіш ашты;
- И.А. Кастанье 1 ескерткіш ашты.

Үйірме мүшелері Е.Т. Смирнов, Н.В. Руднев, А.А. Черкасов, И.Т.

Пославский Сырдарияның сол жағалық жазығында, Шардарадан Үш Қайық өткеліне дейінгі аралықта, Арыс өзенінің сол жағасында орналасқан қалаларды сипаттап, Е.Т. Смирнов Сырдария өзенінің антикалық – «Аракс», «Яксарт» және орта ғасырларда «Шаш», «Джейхун» деп аталғандығына тоқталады. Сонымен қатар, жазба деректердегі Шыңғысханның Орта Азияға жасаған жорығы жайлы мәліметтерді келтіре отырып, жаулап алынған аймақтарда орналасқан ортағасырлық қалалар жайлы баяндайды.

Кесте 4 – Үйірме мүшелері Шымкент уезінде ашқан, орналасқан жері жайлы хабарлаған және қайта зерттеген ескерткіштер

| № | Зерттеушінің аты-жөні | Ескерткіштердің түрі | | | | | | | | Қазба жүргізілген ескерткіштер | Қайта зерттеген ескерткіштер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тас мүсіндер | Тасқа салынған суреттер мен жазулар | Обалар қорымы | Обалар тобы | Жеке оба | Суландыру жүйесі | Кең орны | Қалашықтар | | |
| 1 | Н.П. Остроумов | - | 1 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 2 | К.Д. Бронин | - | - | - | - | 1 | - | - | 1 | - | - |
| 3 | С.Т. Смирнов | - | - | - | - | - | 1 | - | 6 | - | - |
| 4 | Н. Руднев | - | - | 1 | - | - | 1 | - | 9 | 1 | - |
| 5 | П.А. Комаров | - | 1 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 6 | В.П. Колосовский | 1 | - | - | - | - | - | - | 2 | - | 1 |
| 7 | А.А. Черкасов | - | - | - | - | - | - | - | 24 | - | 1 |
| 8 | А.К. Кларе | - | - | - | - | - | - | - | - | 1 | - |
| 9 | Н.С. Лыкошин | - | - | - | - | - | - | - | 2 | - | - |
| 10 | Н.В. Ковалев | - | - | - | - | - | 1 | 10 | - | - | - |
| 11 | В.А. Каллаур | - | - | - | - | - | - | - | 2 | - | - |
| 12 | И.А. Кастанье | - | - | - | - | - | - | - | 1 | - | - |
| Барлығы: | | 1 | 2 | 1 | - | 1 | 3 | 10 | 47 | 2 | 2 |

А.А. Черкасов пен А.К. Кларенің үйірменің тапсырысымен Отырартөбенің орталық бөлігінде жүргізген қазба жұмыстары барысында 5 траншея салынып, тұрғын үй құрылыстарының бөлігін және солтүстік жиегінен қабырға бөлігін ашады. А.К. Кларе бұл қабырғаның биіктігі төбе биіктігімен бірдей болған деген пікір айтады.

Отырар тарихын көп жылдар бойы зерттеп жүрген ғалым, археолог М.

Қожа А.А. Черкасов пен А.К. Кларенің 1904 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында ашылған құрылыстардың жобалары, суреттері түсірілмегендігі, осы қазбаның ғылыми құндылық нәтижесін төмендетті деп пайымдады.

В.П. Колосовский Қаратаудың солтүстік беткейінде орналасқан Құмкент, Саудакент және Бабаата қалаларының топографиясын зерттей келе, Бабаата шағын бекініс болған, ал Саудакент Құмкентке қарағанда үлкен, оның қамал ішінде орналасқан төртбұрышты құрылыс екінші цитадель немесе жергілікті патшаның «кешк-сарайы» болуы мүмкін деген тұжырым жасайды.

Үйірме мүшесі П.А. Комаров пен Ф.С. Шпотин Боралдай тауындағы ашқан жартас суреттерден бөлек Кеңес дәуірінде «Боралдай қақпасы» деп аталатын жерде басқа да жартас суреттер орны ашылады. Боралдайда жаңадан ашылған тасқа салынған суреттері мен таңбалар көріністері төрт кезеңге жататындығы анықталды, олар қола дәуірі (б.з.б. II мыңжылдық), ерте темір кезеңі (б.з.б. I мыңжылдық), түркі кезеңі (VI–IX ғғ.) және орта ғасыр мен жаңа заман кезеңі (XV–XIX ғғ.). Таңбалы ішінде Ұлы жүздің – дулат, ошақты, Орта жүздің – матай, уақ, садыр, Кіші жүздің – тама руларының таңбалары кескінделген.

2.2.3. Перовск уезді

Перовск уезді Сырдария облысының солтүстік-батыс, батыс бөлігінде орналасқан, қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш аудандары мен Қармақшы ауданының оңтүстік-батыс бөлігін және Түркістан облысының Сауран ауданының батыс бөлігін (Майдамтал ауылдық аймағы) алып жатқан.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері Перовск уездінде орналасқан көне ескерткіштерді зерттеуге үлкен мән беріп, оның тарихи топографиясына кеңінен тоқталады. Перовск уездінде орналасқан ескерткіштер жайлы алғашқы басылым екінші жылдың «хаттамаларында» орын алады.

1897 жылы 17 ақпан күні өткен үйірме отырысында Е.Т. Смирновтың «Древности на среднем и нижнем течении р.Сыр-Дарьи» атты баяндамасы тыңдалады.

Е.Т. Смирнов Сырдарияның оң жағында, Төменарық станциясынан 8-10 верст солтүстікте орналасқан Сунақ қорғанды (Сунақатаны), ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалап, оның айналасында көптеген құрылыс құландылары барын және бұл қала ілгеріде Төменарық каналы арқылы суландырылғанын атап өтеді. Ол жазба деректерде кездесетін Жент, Бархалигкент, Өзгент және Ашнас (Эшнас) қалаларының нақты қай жерде орналасқаны белгісіз, бұл қалалар Перовск қаласының айналасында орналасуы мүмкін деген болжам жасайды [235, с.7-9]. Е.Т. Смирнов Перовск пен Қармақшы аралығында Қараөзек деп аталатын жер бар, ілгеріде бұл жерде ескі арық қазылып, судың көптігінен арық арнасынан тасып, осы жердің жазығын толық су алған деп жазады. Қараөзекте көптеген суландыру жүйесінің іздері

бар, алайда бұл жер археологиялық жағынан зерттелмеген деп жазады.

Е.Т. Смирнов Перовск бекінісінің жанында Сырдарияның сол жағында Жаңадария мен Кувандария атты ескі арналар бастау алады. Олардың жоғарғы ағысы бойында, Перовск бекінісінің оңтүстік-батысында көптеген қала, елді мекен құландылары мен суландыру жүйесінің іздері барын жазады [235, с.9-11].

Ақмола облысында оңтүстігінде, Первоск уездімен шекаралас аймақта Е.Т. Смирнов Таңбалыжар (Таңбалытас) шатқалында, Сарысу өзеннің төменгі ағысында орналасқан жартастардағы суреттер тұралы 1898 жылдың 13 наурыз күні өткен үйірме отырысында хабарлама жасайды. Е.Т. Смирнов түрк тайпаларының таңбалары орхон жазуына ұқсастығын алға тартып, шатқал жартастарында кескінделген таңбалар орхон жазуы болуы мүмкін деп пайымдайды [250, с.71]. Үйірме тарапынан В.А. Каллаурға осы Таңбалыжарды ізденіс жұмыстарын жүргізуге көніл бөлуді өтінген. Бірақ, В.А. Каллаур Перовскіде аз уақыт жұмыс атқарғанына байланысты Таңбалытастағы ескерткішті зерттеуге мүмкіндігі болмады. Таңбалыжар ескерткіші туралы алғашқы мәліметтер А.И. Шренктің жазбаларында кездеседі. Таңбалытас ескерткіш жайлы мәліметті 1903 жылы жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Киргизский край» атты еңбектен кездестіреміз. Онда Кендерлі бастаулардан батыста Тамғалытас (Таңбалытас) деп аталатын жерде көлемі 3 сажень$^3$ келетін ірі құмтас бар, қырғыздар (қазақтар) оны қасиетті тас деп санайды. Таста көптеген иероглиф және қырғыз (қазақ) жазулар кескінделген деп жазылған [251, с.364-365].

Тамғалытас (Таңбалытас) ескерткіші жайлы Л. Кузнецовтың мақаласы 1927 жылы жарық көреді, онда жартастарда түркі жазулар және 500-ге жуық қазақ таңбалар кескінделгенін жазады. Олар Таңбалытас жартастарында, Сарысу өзеннің бойында, оның бастау алар жерінен 120 шақырым жерде орналасқандығын атап өтеді. Біздіңше, Е.Т. Смирновтың «Таңбалыжар» мен Л. Кузнецов зерттеген «Таңбалытас» бір ескерткіш деп есептейміз. Себебі, біріншіден – ескерткіштің орналасу жері жайлы сипаттамасы бір, Е.Т. Смирновта және Л. Кузнецов та оны Сарысу өзеннің бойында орналасқанын, Е.Т. Смирнов оны өзеннің төменгі ағысында орналасқан десе, Л. Кузнецов оны өзеннің бастау алар жерінен 120 шақырым жерде орналасқан дейді. Екіншіден, жартастарда кескінделген жазулар мен ру таңбалар жайлы сипаттамалары да ұқсас, Е.Т. Смирнов жартастарда таңбалары бар, олар орхон жазуына ұқсайды деп жазса, Л. Кузнецов түркі жазулар және таңбалар кескінделгенін атап өтеді [252, с.122-124].

1898-1901 жылдар аралығында Перовск уездінің басшысы қызметін атқарған В.А. Каллаур осы уезде орналасқан көне ескерткіштерді зерттеуге сүбелі үлес қосып, атқарған зерттеулері жайлы алғашқы баяндамасын 1900 жылдың 7 ақпан күні өткен үйірме отырысында баян етеді.

1898 жылы Перовск уездіне қызметі ауысып келген В.А. Каллаур Сырдария бойында орналасқан көне ескерткіштер туралы осы уақытқа дейін басылымдарда жарияланған деректерді жинақтайды [253, с.6]. Ал, 1899 жылдың 12 маусымында Скобелево ауылынан 18 верст шығыста, Сунақата

керуен жолының бойында орналасқан Сунақата (Сығанақ) қалашығында болып, оның сипаттамасын беріп, жоспарын түсіреді (сурет И.1, қосымша И).

Сунақата қалашығы екі бөліктен тұрады. Цитадель және бекініс. Цитадельді айналдыра қоршаған қамалы жақсы сақталған. Оның ұзындығы 540 сажень, кейбір бөліктерінің биіктігі 3 саженьге дейін жетеді. В.А. Каллаур цитадель мен бекініс ішіндегі құрылыстардың және көше іздерінің анық байқалатындығын, ал оның сыртында пахсадан салынған құрылыстар мен керуен сарай және т.б. қалдықтары барын атап көрсетеді. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Сунақатаның айналасында көптеген арықтар барын атап, ілгеріде бұл жерде егіншіліктің дамығанын алға тартып, қалашық Төменарық арқылы суландырылғанын атап өтеді. В.А. Каллаур бұл арық Арыс өзенінен бастау алған деген пікір айтады [253, с.9-11]. В.А. Каллаур, ілгеріде Сырдарияның ескі арнасы Арыс өзенінің Сырға құяр жерінен жоғары жағында, Түгел деп аталатын жерде, Ешкіөлмес бекінісінің тұсынан бөлініп, Қызылқұм арқылы өткен дейді. Бұл ескі арнаның аты – Өгіз жылғасы (Өгізсай), оның бойында: Шымкент уездінің жеріндегі Ешкілі, Жартытөбе, Сазан, Оқсыз, Артықата, Қауғаната және Перовск уездінде Қаратөбе, Абызтөбе, Келінтөбе, Мейрамтөбе, Аққорған, Құмиян, Алғыр-салғыр, Қырлы Өзгент, Қорасан ата, Бақсаис ата және т.б. қалалары мен бекіністері орналасқан деп жазады [253, с.10].

В.В. Бартольд Сығанақ қалашығының суландыру жүйесі жайлы жазба деректер мен вақфтық құжаттарына сүйене отырып зерделеп, қаланың солтүстік, солтүстік-батыс егістік бөлігі Қаратаудан аққан өзендерден шығарылған шағын арықтар арқалы суландырылғанын жазады. Сонымен қатар, өзендер мен арықтардың атауларын келтірген – Мыңбұлақ, Шолақ, Арыстанды, Тоқтамыс, Қисаршоқ, Қыраш.

Кеңес дәуірінде Сығанақ қалашығының суландыру жүйесі мәселесі бойынша А.Ю. Якубовский, В.Н. Грошев [254], С.Ж. Жолдасбаевтың [255, 153-156 бб] еңбектерінде қарастырылған. А.Ю. Якубовский Сығанақ Төменарық арқылы суландырылғанын жазып, ол бір шақырым ағып Ақтөбеде екіге бөлінеді, бір тармағы Көккесене барады, ал екіншісі – оңтүстік-батысқа қарай бағытталып Сығанаққа барады. Сонымен қатар, Бозғыл өзек көлшіктен бастау алған Бозғыл өзек арқылы суландырылғандығын хабарлайды [4].

1970-шы жылдары В.Н. Грошев Сығанақ, Сауран, Түркістан қалашықтарының айналасындағы, Қаратаудың оңтүстік беткейінде орналасқан суландыру жүйелерді зерттейді. Жазба деректерді саралай және барлау барысында алған деректерімен салыстыра отырып, Сығанақ қалашығы екі ірі – Төменарық және Бозғыл өзек арықтар арқылы суландырылған деген тұжырымға келеді [254, с.94-96.]. Сонымен қатар, кейінгі орта ғасырларда таудан аққан өзендер арқылы да суландырылғандығын анықтаған.

Жиырма жылдан астам уақыт Сығанақты зерттеген С.Ж. Жолдасбаевтың қаланың суландыру жүйесі жайлы мәселеге байланысты бірнеше еңбектері жарық көреді. Ғалым Сығанақ Төменарық арқылы суландырылған, оны XIV–XV ғғ. Сығанақтың айналасында тұрған туман тайпасының өкілдері қазған деген тұжырым айтады [255, 155 б.]. С.Ж Жолдасбаев Сығанақтың суландыру

жүйесі Отырардыкіне қарағанда күрделі, себебі Отырар Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жеріне жақын, ал Сығанақ – 20-30 км жерде орналасқан [256, с.209].

В.А. Каллаур өлкетанушылар Н.С. Лыкошин мен Е.Т. Смирновтың пікірлерін қолдап, Сунақата қалашығын ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалады [253, с.11].

В.А. Каллаур 1899 жылдың 13 маусымында Скобелево ауылынан 20 верст солтүстікте орналасқан Биш-Там (Бестам) бекінісінде болып, оның топографиясына сипаттама береді. Бестам бекінісі цитадель мен оны қоршаған жалдан тұрады. Цитадель аумағы 108 сажень. Ал, жалдың айналдыра ұзындығы 400 сажень, биіктігі 3 сажень. В.А. Каллаур Бестам бекінісінің Сырдарияның оң жағасынан бастау алған арық арқылы суландырылғанын жазып, арық іздерінің Сығанаққа дейін анық байқалатынын, Сығанақ пен Бестам арасында арық құммен көміліп, ал Бестам мен Көпрабад арасындағы арықтың да анық байқалатынын және бұл арық «Нәнсай» атаумен белгілі деп көрсетеді [257, с.199].

В.А. Каллаур 1899 жылдың 12 тамызында Сырдарияның сол жағасындағы ескі арықтың төменгі жағында, Бірқазан станциясынан 25 верст жерде, Асанас өзектің бойында орналасқан Асанас қалашығында болып, оның сипаттамасын береді. Асанас құландылары ішіндегі, ерекше орын алатыны – бекініс болып табылады. Қамал биіктігі 20 қадам, ал үстіңгі ені 15 қадамға жуық, айналдыра аумағы 2 верст. Қамалға кіретін бес қақпа болған. Оңтүстігінде – екі, шығыс, батыс, солтүстігінде бір-бір қақпадан. Қамалдың оңтүстік-батыс бұрышында күйдірілген кесектен салынған құрылыс орналасқан. Қамалдың ішкі аумағында көптеген құрылыс қалдықтары сақталған. Құрылыс іргетасы ретінде күйдірілген қыш пайдаланылып, қабырғалары пахса не кесектен қаланған. В.А. Каллаур Асанасты ортағасырлық Ашнас қаласымен баламалады [253, с.14-15].

Асанас қалашығынан 1 верст батыста бекініс орналасқан. Жобасында төртбұрышты болып келген, аумағы 300х300 қадам және айналдыра жалмен қоршалған. Оның шығыс бөлігінде биік (цитадель не құрылыс құландысы) төбе орналасқан. Осы бекіністен 2 верст батыста Ақтөбе бекінісі орналасқан. Ақтөбе жобасында төртбұрышты болып келген, аумағы 200х200 қадамға жетеді. Бекіністің ішінде көлемі 70х60 қадам, биіктігі 55 қадам келетін төбе орналасқан. В.А. Каллаур Асанас қалашығынан 2 верст шығыста тағы бір бекініс орналасқанын атап өтеді. Ол жобасында төртбұрышты болып келген, аумағы 200х185 қадамға жуық. В.А. Каллаур Асанас пен бекініс арасында көптеген құрылыс пен арық іздері байқалатындығын жазады. Ол Асанастан жергілікті халықтың мыс, күміс және алтыннан жасалынған заттар тапқанын атап өтеді [253, с.15].

В.А. Каллаур осы жылы Құткеншек болысының басшысы Басықариннен, Қызылқұмдағы Сырлытам кесенесі барын және оның жанында бекініс орналасқаны жайлы дерек алып, ол Сырлытам кесенесі мен бекініс жобаларын түсіру үшін Төлепберген Жылқыбаевты арнайы жібереді. В.А. Каллаур Т.

Жылқыбаевтың деректеріне сүйене отырып, Сырлытам Перовск қаласынан 70 верст қашықтықта, Перовск-Бұхара керуен жолынан 25 верст батыста, Түркістан өңірінің картасында, Асанас қалашығынан 80 верст ара қашықтықта орналасқанын жазады [258, с.15]. Сонымен бірге, ол жергілікті тұрғындар арасында бекіністің «қорған» атаумен белгілі екенін, ол Сырлытам кесенесі жанында орналасқандықтан, оны «Сырлытам қорғаны» деп атағандығын да атап өтеді.

В.А. Каллаур бекіністің жобасына қарай оны сипаттап жазады. Бекініс айналдыра пахсамен салынған қамалмен қоршалған. ұзындығы 960 қадам, биіктігі 3-4 аршын, оры құммен көміліп қалған. Бекініс ішінде цитадель және күйдірілген қышпен салынған үш құрылыс құландылары бар. Қақпасы батыс жағында орналасқан [258, с.16].

В.А. Каллаур 1899 жылдың қазан айында Жаңадарияның төменгі ағысы өңіріне іс-сапармен барып, оның төңірегінде орналасқан ескерткіштерді зерттейді [259, с.79-87]. Зерттеу барысында ол Сырдарияның сол жағында, Перовск қаласынан 25-30 верст қашықтықта, «Тұмарөткел» деп аталатын жерде орналасқанын Кысъ-Кала (Қышқала) қалашығын зерттеп, оны сипаттап жазып жобасын түсіреді. В.А. Каллаур қалашықтың аумағы 3х2,5 верст екенін, онда күйдірілген қыштан салынған құрылыс құландылары барына тоқталып, төбе үстінен жинап алынған ыдыс сынықтары мен теңгелерді және т.б. жәдігерлерді Н.П. Остроумовқа жібереді [259, с.85-86]. В.А. Каллаур Қышқала қалашығын ортағасырлық Жент қаласымен баламалап жаңсақтық жасайды [253, с.16]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур осы сапарында Жаңадария бойында Жанқаланың, онан 10 верст жерде Құмқаланың, онан 30 верст жерде Чавек қаласының және 80 верст жерде Шірікрабат қалашықтарының орналасқанын жазады [259, с.82-83].

В.А. Каллаур 1900 жылдың 3-8 сәуірі мен 1901 жылдың 23-27 сәуірі аралығында Перовск уездінің Сауран, Приречной және т.б. болыстарында болып, осы жерлерде орналасқан ескерткіштерді зерттеп, сипаттамасын береді.

Барлау барысында, Сырдарияның сол жағасында суландыру жүйесінің іздері барын және олардың ауқымды аймақты алып жатқанын атап өтіп, жергілікті тұрғындардың Баспақ көлден бастау алатын Баспақ арықты осыдан 40 жыл бұрын, ал Келін арықты 10 жыл бұрын қайта іске қосып, пайдаланып келгендігін атап көрсетеді [260, с.70]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур ортағасырлық арықтар (каналдар) бойын аралап, Сырдарияның сол жағасында – ортағасырлық Мейрам, Аққорған, Балапантөбе, Өзгент (Қырлы Өзгент), Төбесі ойық, Абызтөбе (Құтлыкент), Ішкі Өзгент (Сырлы Өзгент), Алғыр-салғыр, Молдақорған және оң жағасында орналасқан Ордакент, Ақтөбе, Қызылқала қалашықтары мен бекіністерінің топографиясына тоқталып, оларды сипаттап жазады.

Мейрам (Мейрамтөбе) бекінісі жобасында төртбұрышты болып келген (сурет И.2). Оны айналдыра қоршаған жалдың ұзындығы 675 саженьге тең. Ал, ордың тереңдігі 3 сажень шамасында. Бекіністің ішінде, биік төбе үстінде цитаделі орналасқан. Оның қабырғаларының ұзындығы 860 қадам. Цитадельдің

оңтүстік-шығыс бұрышында кесектен салынған қабырға сақталған, оның биіктігі 4 сажень [260, с.70-71].

Аққорған бекінісі Келін арық бойында (Келінтөбеден төмен) орналасқан. Цитаделі бекіністің солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан. Жобасында он қырлы шеңбер тәрізді болып келген (сурет И.3). Цитадель жалының биіктігі 1 сажень, оны айналдыра қоршаған ордың тереңдігі 2 сажень. Бекіністің пахсадан салынған қамалының бір бөлігі күйдірілген қыштан тұрғызылған. Қамалдың айнала ұзындығы 440 қадам, биіктігі 3-4 сажень. Оны қоршаған ордың тереңдігі 5 сажень.

Ішкі Өзгент (Сырлы өзгент) шағын бекініс. Өзгент көлінің жағасында орналасқан. Бекіністің ішкі жағында бірнеше төбелер бар, құрылыс құландылары байқалмайды.

Балапантөбе бекінісі жобасында төртбұрышты болып келген. Айналдыра қоршаған жалдың ұзындығы 385 қадам. Іргесінен есептегендегі ұзындығы 517 қадам, биіктігі 27 қадам (сурет И.4). Бекіністің Сырдария жағында топырақтан үйілген жал орналасқан. Оның батысқа қарай бағытталған бөлігінің ұзындығы 180 қадам. Ал, шығысқа қарай бағытталған бөлігінің ұзындығы 115 қадам, биіктігі 18 қадам [260, с.71-72].

Өзгент қалашығы (Қырлы Өзгент) Өгіз жылғасы ескі өзек бойында орналасқан. Қалашық жобасында төртбұрышты болып келген. Оны айналдыра қоршаған жалдың ұзындығы 1600 қадам, биіктігі 27 қадам. Қала қақпасы шығыс бөлігінде орналасқан. В.А. Каллаур қаланың ішіндегі құрылыс құландылары мен көше іздерінің сақталғанын және көптеген ыдыс сынықтарының кездесетінін жазып, бұл жерде жергілікті тұрғындар мыс, күміс теңгелер тапқанын атап өтеді. В.А. Каллаур Өзгент қалашығын 1219 жылы Жошы хан қиратқан ортағасырлық Өзгентпен баламалайды [260, с.72-73].

Төбесі ойық (Қасымата) қалашығы Өзгент қалашығынан 7 верст солтүстік-батыста орналасқан. Ол жобасында төртбұрышты, айналдыра ұзындығы 600 қадам шамасында. Оның қабатында төртбұрышты төбе (цитадель) орналасқан. Оның ұзындығы 120 қадам. Қаланың айналасында құрылыс құландылары бар. Қала Өгіз жылғасы өзенінен бастау алатын бірнеше арықтар арқылы суландырылған [260, с.73]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Абызтөбе (Құтлыкент), Алғыр-салғыр, Молдақорған бекіністері жайлы баяндап, Алғыр-салғыр мен Молдақорғанда өзі болмаса да, жергілікті тұрғын Мингли-Ходжин (Меңлі Қожа) сызған жобалар бойынша оларды сипаттап жазады.

Жобасына қарай Алғыр-салғыр қисық төртбұрышты, айналдыра ұзындығы 570 қадам. Ал, Молдақорған жобасында редут (топырақтан үйілген бекініс) тәрізді айналдыра ұзындығы 500 қадам. В.А. Каллаур бұған қоса, Молдақорғанда мешіт пен құдығының барын да атап өтеді [261, 78-б.].

В.А. Каллаур Сырдың сол жағында орналасқан Қасым ата, Қорасан ата, Бақсаис ата мазарларын да көріп, олардың қысқаша сипаттамасын береді. Сонымен қатар, ол Сырдарияның оң жағында орналасқан Ақтөбе, Ордакент, Қызылқала қалашықтарында болып, оларды сипаттап жазады. Ақтөбе

қалашығы Скобелево жолының бойында, Төменарықтан 6 верст қашықтықта орналасқан. Қаланы қоршаған жалдың ұзындығы 750 қадам. Цитаделі биік төбе үстінде орналасқан. Цитадельдің биіктігі 5 сажень, батыс жағындағы жалдың биіктігі 2,5 сажень. Қалаға кірер қақпа шығыс жағында орналасқан [260, с.73-75]. Ал, Қызылқала Скобелево ауылына барар жолдың бойында, Жүлектен 15 верст қашықтықта орналасқан. Бұл ескі бекініс, оның тек қана пахсадан салынған қамал құландылары мен оның ішіндегі құрылыс қалдықтары сақталған. Сонымен бірге, ол Ордакент қалашығының жобасында шеңбер тәрізді екендігін, оны айналдыра қоршаған жалдың ұзындығы 575 қадам болғанын атап өтеді [260, с.75].

В.А. Каллаур өзі ашқан ескерткіштерді картаға түсіріп, Өгіз жылғасы (ескі өзек) өзені Шымкент уезіндегі Шардара атты жерден, Сырдарияның сол жағасынан бастау алатынын атап өтеді. Өгіз жылғасы Өзгентке дейін осы атаумен белгілі, ал Бақаис атаға дейінгі аралықта Дариялық атауымен белгілі деп жазады [260, с.75]. Осы жерде өзен бірнеше арнаға бөлінеді. Олардың бірі – Күлбарыс атауымен белгілі және бұл арна «Қарғалы тоғай» деп аталатын жерден солтүстікте Сырдарияға құяды. Ал, басқа арналардың Қызылқұмға қарай бағытталғандығын атап көрсетеді.

1906 жылдың 11 желтоқсанында өткен үйірме отырысында, И.Т. Пославский топограф М.А. Кирхгофтың Түркістанның солтүстігінде тапқан тас құралдары жайлы баяндама жасап, тас құралдардың табылған жерінің толық сипаттамасын береді.

И.Т. Пославский, М.А. Кирхгофтың айтуымен тас құралдары табылған жерді сипаттап, жебе ұшы Бесарық өзенінің, ал қырғыш Ақүйік өзенінің арналарынан табылғанын атап өтіп, бұл құралдар тау ішінен су арқылы ағып келген деп пайымдайды. Сонымен қатар, тас құралдар табылған жерде Бесарық және Ақүйік шатқалдарында көптеген обалар, ал Ақүйік шатқалында, Ақата мазарының жанында үш үлкен үңгір және олардан 6-7 верст ара қашықтықта өзеннің жоғарғы ағысында төртінші үңгір орналасқанын атап өтеді.

М.А. Кирхгоф Қарын жарық өзені бойынан 2 км жерде, Басарық өзенің орта ағысында, Бесарық жазығында Әбзелбаб мазарының солтүстігінде қара түсті жартастарда кескінделген, тасқа салынған сурет орындары орналасқандығын жазады [262, с.58-59].

И.Т. Пославскийдің тас құралдары қою-сары түсті, онда қызыл, қоңыр және жасыл түсті қабаттары бар деп жазады. Тау кен инженері Г.Б. Леонов, бұл тастарды яшма түріне жатқызады деп баяндайды. И.Т. Пославскийдің тас құралдарының бірін – жебе ұшы (сурет И.5 - 1), ал екіншісін - қырғыш (сурет И.5 - 2), -деп танып, оларды неолит кезеңіне жатқызады [258, с.57-58]. Кейінгі зерттеулер нәтижелері жиналған материалдарға қарап М.А. Кирхгофтың тапқан жебе ұшын тас ғасырының құралына жатпайды десе, оны С.Н. Замятин қола дәуіріне жатқызады [263, с.12].

М.А. Кирхгофт Бесарық өзені бойында ашқан ескерткіш «Қазақстанның археологиялық картасы» атты жинаққа №3346 нөмірмен еніп [117, с.228], ғылыми әдебиетте Күйкентай тасқа салынған суреттері атпен белгілі болды.

Күйкентай тасқа салынған суреттер орнын 1969-1972 жылдар аралығында ОҚКАЭ-ның Қаратау тобы (М.К. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев) [57, с.128-145; 43], 1975 жылы ОҚКАЭ-ның Бесарық тобы (С.М. Ақынжанов) зерттейді [58, с.10-14].

М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев зерттеу жұмыстары барысында Бесарық шатқалында екі топ суреттер барын анықтайды, оның бірі – шатқалға кіре беріс жерінің маңында, шығыс жағындағы жартастарда кескінделген тау ешкі мен түйе бейнелері, ал екіншісі – шатқалдың кіре берісінен 9 км ішке қарай, Күйкентай жартасында кескінделген суреттер. М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев М.А. Кирхгофт хабарлаған тасқа салынған суреттер орны шатқалға кіре беріс жеріндегі болуы мүмкін, бірақ ол өз хабарламасында екі сурет орындары жайлы мәліметтерді біріктіріп беруі де мүмкін деп пайымдайды [264, с.16].

М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев Күйкентай жартасында кескінделген суреттерді үш топқа бөліп, бірінші топ көрінісіне - ірі тау ешкі, оның төменінде жылқы, оның сол жағында шағын тау ешкі бейнелері, сонымен бірге соңғы суретін төменінде тау ешкі, адам және екі өркешті түйе бейнелері жатады, соңғы екі сурет (адам мен түйе бейнелері) кейінен салынған; екінші топқа – ірі екі өркешті түйе, қолында садағы бар адам, жыртқыш, екі шағын түйе мен бір қатарға тізбектеле салынған бірнеше тау ешкі бейнелері кіреді; үшінші топты – адам, екі тау ешкі және жылқы бейнелері құрайды.

М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев Күйкентай тасқа салынған суреттер бір хронологиялық кезеңге жататынын алға тартып, олардың мазмұны мен стилистикалық ерекшеліктеріне қарай сақ кезеңімен мерзімдейді [264, с.189-190].

1975 жылы ОҚКАЭ-ның Бесарық тобы (С.М. Ақынжанов) Бесарық шатқалында орналасқан тасқа салынған суреттерді қайта зерттеп, шатқалға кіре берісіндегі, онан 1 км жерде, Бесарық өзенінің оң жағындағы және Күйкентайлы деп аталатын жерде жартастарда орналасқанын атап өтеді [58, с.10].

Шатқалдың кіре берісіндегі жартастарда тау теке, арқар, таңба тәрізді белгілер және т.б. көріністер кескінделген. Сонымен қатар, жартастардың бірінде аң аулау көрінісі бейнеленген. Көріністің бір бөлігі өшіп кеткен, ал садақшы бейнесі жақсы сақталған. Садақшының бас киімі жартылай үшбұрышты (полусферическая) екі жағынан төменге қарай лента тәрізді түскен. С.М. Ақынжанов суреттердің ішінде стилистикалық жағынан Тува, Алтай және Шығыс Қазақстандағы ерте түркі кезеңіне жататын суреттерге жақын бір топ көріністер барын айтып, олар салт атты аңшы мен иттен қашып бара жатқан тау теке бейнесі. С.М. Ақынжанов суреттердің стилистикалық және композициялық мазмұнын сараптай отырып келесі тұжырымға келеді: «Горбоносые морды животных с опущенными уголками губ, положение ушей, бородка тау-теке, изогнутые длинные шеи, композиционное построение, - все это заставляет отнести памятник к эпохе ранних тюрок, реликты которых сохранились в Бес-Арыке в виде поминальных «каменных ящиков» со стелами»

[58, с.10-11].

Күйкентай жартасындағы көріністердің ішінде шаман және оны айналдыра ешкі, түйе, арыстан, арқар және басқа да белгісіз жануарлар қоршаған бейнелер бар. Құйрығы бар шаманның бас киімі жартылай үшбұрышты (полусферическая) екі жағынан төменге қарай лента тәрізді түскен, жоғарыға көтеріп тұрған сол қолында калатушкасы бар, ал оң қолы иілген ерекше ұзын болып келген. Келесі көріністе, жартастың ортасында бір жарым метрлік профиліне кескінделген бактриан – екі өркешті түйе бейнесі салынған. Сонымен қатар, Күйкентайдағы көріністердің ішінде ерекше көзге түсетін көрініс үлкен түйенің оң жағында 5 м қашықтықта бір-бірімен текетіресіп тұрған бактриан мен екі арыстан бейнелері болып табылады [265, с.68]. Бір-біріне текетіресіп тұрған жануарлардың ортасында адам бейнесі бар. Адамның бактрианға қарсы көтеріп тұрған оң қолында садақ, ал арыстандарға қарай бағытталған сол қолында бір зат (мүмкін пышақ немесе қанжар) бар. Адам шағын екі өркешті түйе үстінде тұр.

С.М. Ақынжанов жартастағы көрініс және мотивтің көркемдік-стилистикалық характеристикасы бойынша Қобланды, Алтысу және Егізқара обалар қорымымен мәдени-хронологиялық байланыста болған деп пайымдайды [265, с.68]. Ол бұл көріністің негізінде екі бастаудың текетірестік философиялық идеясы жатқанын алға тартып, жартастағы көріністің семантикасының бір болжамы бойынша, - «Лев – зверь ариев, символ Передней Азии, запада, верблюд – степи, туранские скифы (саки), живые воплощения неукротимой отваги кочевников востока. Человек умеротворяющий восток и запад ...» дейді. Сонымен бірге С.М. Ақынжанов көріністің семантикасында тарихи негіз болмаса да, сөз жоқ діни-философиялық негізі бар деп пайымдайды [265, с.70]. Онда «арыстандармен аңға шығу» көріністі аң аулау көрініс емес керісінше мәдени, философиялық, діни, тарихи маңызы бар көрініс екенін жазады. С.М. Ақынжанов бұл көріністерді сақ кезеңімен мерзімдейді [265, с.68-70].

Күйкентай жартасында басқа да ғұрыптық көріністер бар олар: тау текені таяқпен ұру, жылқылардың қосылуы (малдың көбеюін білдіреді), барысты (жолбарысты) аулау және т.б. Сонымен қатар, қарапайым нүктелеу әдісімен кескінделген кейінгі кезең көріністері де кездеседі. Олар көне суреттер үстінен салынған [265, с.70].

2004-2005 жылдары ХҚТУ ТАЭ-сы (М. Елеуов) Күйкентай тасқа салынған суреттерді қайта зерттеп, ескерткіштің географиялық координаттарын анықтады [81, с.31, №5]. Күйкентай тасқа салынған суреттері (сурет К.10) Талап ауылынан 17,6 км солтүстікте, Бесарық өзенінің оң жағасында, Күйкентай шоқысының шығыс беткейіндегі жартастарға салынған. Жартастағы бейнелердің арасында адам, оны қоршаған әртүрлі жануарлар, ешкілер, түйе, жалы қалың арыстан, арқарлар және түсініксіз хайуандардың суреттері кездеседі. Петроглифтер жаппай ұру тәсілімен салынған.

Күйкентай тасқа салған суреттердің қазіргі сақталу жағдайы өте мүшкіл, жартастар коррозияға ұшырап, көріністердің көбісі бұзылған оған қоса

суреттердің үстінен адамдар өз есімдерін және т.б. жазулар жазып бүлдірген.

Қорыта келгенде, Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мүшелерінің Перовск уездінде атқарған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы өңірде орналасқан археологиялық ескерткіштер ғылыми айналымға енгізіліп, олардың жобалары сызылады (кесте 5).

5-ші кестеде көрсетілгендей, Сырдария облысының Перовск уездінде үйірме мүшелерінің жүргізген зерттеулері барысында - 56 ескерткіш ашылып, орналасқан жері жайлы мәлімет және басым бөлігінің сипаттамасы берілген, 1 ескерткіш қайта зерттелген (Сығанақ қалашығы), олардың қатарында:

- В.В. Каллаур 45 ескерткіш ашып (39 қала мен елді мекендер және 6 суландыру жүйесі), 1 ескерткішті қайта зерттеді;

- И.Т. Пославский М.А. Кирхгофтың мәліметі негізінде 11 ескерткіш жайлы хабарлап (3 тасқа салынған сурет, 4 үңгір, 2 обалар қорымы және 2 тас құрал табылған орны), олардың орналасқан жері жайлы мәлімет берді.

Кесте 5 – Үйірме мүшелері Перовск уездінде ашқан, орналасқан жері жайлы хабарлаған және қайта зерттеген ескерткіштер

| № | Зерттеушінің аты-жөні | Ескерткіштер түрі | | | | | | Қайта зерттелген ескерткіштер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тас құралдар | Үңгір | Тасқа салынған суреттер | Обалар қорымы | Суландыру жүйесі | Қалашықтар | |
| 1 | В.А. Каллаур | - | - | - | - | 6 | 39 | 1 |
| 2 | И.Т. Пославский* | 2 | 4 | 3 | 2 | - | - | - |
| | Барлығы: | 2 | 4 | 3 | 2 | 6 | 39 | 1 |

*- М.А. Кирхгоф хабарлаған ескерткіштер.

Үйірме мүшесі В.А. Каллаур Перовск уездінде ауқымды ізденіс жұмыстар атқарған. Ол Сырдарияның сол және оң жағалауында орналасқан ескерткіштердің сипаттамаларын беріп, ескерткіштердің жоспарын, олардың орналасу картасын түсірген. Сонымен қатар, тарихи-топографиясын зерделей келе, ортағасырлық ескерткіштердің құрылымына, қорғаныс жүйесіне қалашықтардың өлшемдеріне, ғимарат құрылыстарына, суландыру жүйесіне ерекше назар аударған.

Кеңес дәуірінде жүргізілген шаруашылық жұмыстар кезінде ескерткіштердің бұзылып кеткенін ескерсек, В.А. Каллаурдың еңбектері бүгінгі күнімізге дейін өзектілігін жоғалтпаған.

В.А. Каллаур ортағасырлық қалалардың суландыру жүйесін зерттеп, осы мәселеге қатысты өз тұжырымдарын айтқан. Ол Сығанақ қалашығы Төменарық арқылы суландырылғанын атап, ілгеріде Сырдарияның ескі арнасы Арыс

өзенінің Сырға құяр жерінен жоғары жағында, Түгел деп аталатын жерде, Ешкіөлмес бекінісінің тұсынан бөлініп, Қызылқұм арқылы өткен деп пайымдайды. Ал, Сырдарияның сол жағасында орналасқан қалалар Баспақ көлден бастау алатын Баспақ арық, Келін (Келінтөбе) арық арқылы суландырылған және қазіргі кезде дейін пайдаланып келгендігін айтады.

В.А. Каллаур ізденіс жұмыстары барысында жергілікті тұрғындардан өзендердің ескі өзектері жайлы мәліметтер жинап, осы мәселе бойынша өз пікірін жазады. Ескі өзектердің бірі Өгіз жылғасы Сырдарияның сол жағасынан Шардара тұсынан бастау алып, Өзгентке дейін Өгіз жылғасы атаумен белгілі, ал Бақаис атаға дейінгі аралықта Дариялық атауымен аталатындығын жазады. Осы жерде өзен бірнеше арнаға бөліп, олардың бірі - Күлбарыс атауымен белгілі және бұл арна «Қарғалы тоғай» деп аталатын жерден солтүстікте Сырдарияға қайта құяды. Ал, басқа арналардың Қызылқұмға қарай бағытталғандығын атап көрсетеді.

Кеңес дәуірінде Сығанақ қалашығының суландыру жүйесі жайлы А.Ю. Якубовскийдің, В.Н. Грошевтың, С.Ж. Жолдасбаевтың зерттеулері В.А. Каллаурдың Сығанақ қалашының Төменарық арқылы суландырылған деген пікіріп қолдап, Төменарық Арыс өзенінен бастау алған деген пікірі жаңсақ екендігін көрсетті. Қазіргі таңда, орта ғасырларда Сырдарияның орта ағысы тұсынан бастау алған арықтар туралы арнайы зерттеулер аз болғандықтан, бұл мәселе қазіргі таңда ашық болып тұр.

М.А. Кирхгофтың Бесарық өзені бойында ашқан жартас суреттер ескерткіштері Кеңес дәуірінде М.К. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев, С.М. Ақынжанов қайта зерттейді.

1975 жылы С.М. Ақынжанов Күйкентай жартасындағы суреттерін қайта зерттеп, кескінделген тау теке, арқар, таңба тәрізді белгілер, аң аулау, садақшы және т.б. бейнелері стилистикалық жағынан Тува, Алтай және Шығыс Қазақстандағы ерте түркі кезеңіне жататын суреттерге жақын екендігін және суреттердің стилистикалық және композициялық мазмұнын сараптай келе ерте түркі кезеңімен мерзімдейді. Ал, шаман және оны айналдыра ешкі, түйе, арыстан, арқар, белгісіз жануарлар суреттердің ішінде бір-бірімен текетіресіп тұрған бактриан мен екі арыстан көрінісінің негізінде екі бастаудың текетірестік философиялық идеясы жатқанын алға тартып, жартастағы көріністің семантикасының бір болжамы бойынша, арыстан – арилердің жануары, батыстың, яғни, Алдыңғы Азияның символы, ал түйе – даланың, шығыстың көшпенділерін, тұранның сақтарын білдірген деген тұжырым айтып, бұл бейнелерді сақ кезеңімен мерзімдейді.

2.2.4. Қазалы уезі

Қазалы уезі Сырдария облысының солтүстік-батыс бөлігінде орналасып, қазіргі Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандары мен Қармақшы ауданының солтүстік-шығыс бөлігін алып жатқан.

1898 жылдың 12 қаңтарында өткен үйірме отырысында, И.И. Гейер, П. Спиридонов Қазалы уездінде орналасқан Жанкент қалашығы, ал И.В. Аничков

осы өңірде орналасқан мұнаралар туралы кеңінен хабардар етеді.

И.И. Гейер өз мақаласында Е. Александровтың Жанкент қалашығында жүргізген қазба жұмысына тоқталып, қазба барысында шыққан заттарды сипаттап жазады. Ол Жанкент қалашығы Сырдарияның сол жағында, Қазалыдан 16-18 верст төменірек орналасқанын атап, жобасында төртбұрышты болып келіп, айналдыра қамалмен қоршалғанын, оның сыртында оры барын көрсетеді. Қамал ішіндегі көптеген төбелерді бұзылған ғимараттардың құландылары болу керек деп пайымдайды [266, с.56]. Сонымен қатар, И.И. Гейер бекіністің оң жағында – Сырдария бағытында үлкен көне қаланың құландылары орналасқанын жазып, оны жергілікті тұрғындар «Мыңтөбе» деп атайтынын жазады.

Е. Александров үлкен төбелердің бірінде қазба жұмыстарын жүргізіп, алғашқы (жоғарғы) қабатынан күйдірілген төртбұрышты және тіктөртбұрышты қыштар аршып алады. Ал, онан төменнен сыртында өрілген өрнек тәрізді ою бар сылақ сынығын табады. Сонымен қатар, И.И. Гейер Жанкент қаласын жыландардың жайлап алғаны туралы Е. Александров жазып алған аңызды өз мақаласында келтіреді [266, с.57-62].

П. Спиридонов «Статьи о Джанкенте» атты мақаласында Жанкентті зерттеген В.В. Верещагин мен П.И. Лерх еңбектерін атап өтіп, 1870 жылы жарық көрген П.И. Лерхтың «Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г.» атты еңбегі Жанкент жайлы 1870 жылға дейінгі барлық деректерді қамтыған жинақ деп пайымдады [267, с.62-63]. П. Спиридонов, П.И. Лерхтың Жанкент жайлы жазған еңбегіне кеңірек тоқталады: «Форт №1-ден (Қазалы) 22 верст төмен, Сырдарияның сол жағасында «Жанқала» атты Хиуа бекінісі орналасқан. Оның айналдыра ұзындығы 80 сажень, биіктігі 2 сажень. Бекініс құландысының жанынан арық (канал) бастау алып, оның арнасының ұзындығы 6-7 верст болған. Қазіргі кезде, тек 2-3 верстында суы бар. Жанқаладан 5 верст жерде, арық бойында аумағы 4 верст$^2$ келетін жерді алып көптеген төбелер орналасқан. Оның оңтүстік-шығыс жағында «Жанкент» деп аталатын жерде, биіктігі 3-4 сажень келетін, жобасында қисық төртбұрышты жал бар. Оның шығысында, пахсадан салынған қабырғаның іздері сақталған. Ал, солтүстік-батыс бұрышы кесектен салынған. Жалды айналдыра ені 2 сажень келетін ор қоршаған. Бекіністің ішкі жағында бірнеше төбелер орналасқан» [267, с.63-64]. Сонымен бірге, П. Спиридонов П.И. Лерхтің Жанкент қаласының орталық бөлігіндегі 2 төбеде және қалалық алаңның батыс жағындағы 2 төбеде жергілікті тұрғындар қазған төбелерді зерттеп, оның осы төбелерде жүргізген қазбаларына тоқталады. Қазба жүргізілген бірінші төбе қала қамалынан 550 сажень солтүстік-батыста орналасқан. П.И. Лерх, онда құрылыс іргетасы мен сағана қабырғасының төменгі қабатын аршып, айналасында көптеген көк түсті шыңылтыр қаптама және т.б. плиткалары шашылып жатқанын атап өтеді. Екінші төбе бірінші төбеден 50 сажень жерде орналасқан. Онда ыдыс күйдіретін шеберхана орны ашылады. Қазба барысында биіктігі 1,5 аршын келетін, бір-біріне тақап салынған, жобасында сегіз қырлы болып келген, екі пештің қабырғалары мен күйдірілетін ыдыс қоятын «едені» және олардың

астыңғы жағындағы от жағатын камералары ашылады. П.И. Лерх пештердің айналасында көптеген ыдыс сынықтары шашылып жатқанын, солардың ішіндегі бір құмыра сынығының сыртында өрнек пен арабша жазуы барын атап өтеді. Ал, үшінші төбеде қабырғаларында ойықтары бар бөлме ашылады [267, с.65-66]. Төртінші төбе үшінші төбеден 120 сажень жерде орналасқан. Қазба барысында құрылыс құландысы ашылып, ондағы көптеген қыштар көгілдір, ақ түсті қаптамалармен әрленіп, олардың арасында сыртында көк түсті араб жазуы барын да кезіктіреді. Ал, онан төмен, іргетас деңгейінде шыңылтыр қаптамалар, карниздер, капительдер, жазуы бар плиткалар және т.б. табылып, П.И. Лерх төртбұрышты еден және оның төрт бұрышында төртбұрышты қыштан қаланған биіктігі 8,5 фут болып келген бағаналарды, оның солтүстік-шығыс бұрышында - биіктігі 3 фут болатын қыштан қаланған қабырғаны ашып, осы жерде 50-ге жуық мыс және 2 күміс теңгелерді табады [267, с.66-67]. П.И. Лерх бұл теңгелер Алтын Орда кезеңіне жатады, кейбіреулері VIII хиджра жылы (XV ғ.) Сарай қаласында басылып шыққан деп жазады.

П.И. Лерх жүргізген зерттеулерінің нәтижесі мен жазба деректерге сүйене отырып, Жанкент қалашығын ортағасырлық Янгикентпен баламалайды [267, с.67-68].

П. Спиридонов 1897 жылы Жанкент қалашығында өзі арнайы іс-сапармен болып, оның сипаттамасын береді. П. Спиридонов Жанкент қалашығы Қазалыдан 25 верст оңтүстік, оңтүстік-батыста орналасқан. Жобасында төртбұрышты, аумағы 40 000 сажень$^2$ деп жазып, Жанкент пен Жанқаланың кесінді жоспарын да сызады [268, с.69].

П. Спиридонов егер Жанкент қалашығын тігінен, шығыстан батысқа немесе солтүстіктен оңтүстікке қарай кесінді салса (сурет К.1, қосымша К) келесі көрініс шығады деп, онда А-Б - Жанкент құландыларының жалпы аумағы, g-m, n-o - жал, оның биіктігі h - 4 саженьге жуық, k-m, l-n - пахсадан салынған қабырғалар, оның биіктігі 2 сажень. Ал, егер Сырдариядан бастап Жанқала мен Жанкентке дейінгі аралықты (ұзындығы 6 верст) тігінен кесінді салса келесі көрініс болады (сурет К.2), онда А - Сырдария суының деңгейі, В-С - жер деңгейінің көлденең келетін сызығы, Q - Жанкент құландылары, О - Жанқала құландылары, R - шығыстан батысқа қарай ұзындығы 3-4 верст, ені 150 сажень келетін төбе кесіндісі, Р - қолдан жасалған көл, М - Жанкентті айналдыра қоршаған жал және ор [268, с.69-70].

П. Спиридонов төбе үстінде (R) бір-бірінен 30-100 сажень арақашықтықта орналасып, күйдірілген қыштардан салынған көптеген құрылыстардың құландыларының барын, олардың «Мыңтөбе» деп аталатынын жазып, бекініс ішінде шағын қазба жұмыстарын жүргізеді [269, 213 б.]. П. Спиридонов Сырдария бойында орналасқан Жанқала бекінісінде, өзеннен бастау алатын арықты қорғауға арналған шағын әскери горнизон болған әрі ол Жанқаладан 30 верст жерде орналасқан қарауылтөбелерді бақылап отырған деп пайымдайды [268, с.72].

Үйірме мүшесі А.И. Симонов 1900 жылдың 11 қыркүйегі күні өткен үйірме отырысында өзінің Жеті асарға барған іссапары барысында жүргізген

зерттеулерінің нәтижелерімен таныстырады.

А.И. Симонов Сырдарияның сол жағында, Жамандария мен Қараөзектің қосылған жерінде орналасқан «Жеті асар» атауымен белгілі ескерткіште болып, оның сипаттамасын береді.

«Жеті асар» тобындағы қалашықтар бір-бірінен 5 верст қашықтықта орналасқан. «Асар қалашықтары» жобасында төртбұрышты, екі деңгейлі болып келеді. Қалашықтардың аумағы 50-60 сажень, биіктігі 15 аршынға жуық. Оларда, айналдыра кесектен қаланып қоршалған қамалдары сақталған. Екі ярустың жоғарғы алаңында қабырғалардың іздері бар. Олардың аумағы 9х6 аршын. Барлық Жеті асардың батыс қабырғаларында қақпа орындары сақталған және олардың сыртында аумағы екі десятинаға жуық келетін, кесектен қаланған сыртқы қамалдары болған. Сыртқы қамалдың қабырғаларының бір бөлігі мен бұрыштарындағы мұнаралары сақталған [270, с.100].

А.И. Симонов Жеті асар қалашықтарының айналасында көптеген үлкенді-кішілі канал іздерінің сақталғанын және ірі каналдардың шағын каналдарға қарағанда биік деңгейде орналасқанын атап өтіп, «асарлардың» бірінде арнайы су қоймасы болғанын сипаттап жазады. Сонымен қатар, А.И. Симонов «асарлардың» бірінде шағын қазба жұмыстарын жүргізіп, оның барысында өңделген тас, бірнеше моншақ, күйдірілген заттар, тастан жасалынған жебе ұштары мен көптеген жануарлардың сүйектерін табады [270, с.100-101]. А.И. Симонов Жеті асарлардан басқа, оның солтүстігінде Алтын асар, ал Қуаңдарияда Үңгірлі асар барын жазып әрі осы «асарлар» туралы аңыздарды келтіреді [270, с.96-99].

Сонымен қатар, үйірме мүшесі Е.Т. Смирнов «Древности на среднем и нижнем течении р.Сыр-Дарьи» атты мақаласында Сырдарияның төменгі ағысында А.И. Симонов тек Жеті асарлар орналасқан жерде болды деп жазады. Е.Т. Смирнов Түркістан өлкесінің картасында көрсетілгендей, Жаңадария мен Қуаңдария бойларында көптеген асарлар барын жазып, олардың ішінде көзге түсетіндері: Тибет-асар, Ирис-куль-асар (Ырысқұл асар), Бидаик-асар (Бидайық асар), Құм-чеку, Үңгірлі, Қараш, Тектұрмас және т.б. деп атап өтеді [235, с.11].

Қазалы уездінде үйірме мүшелері атқарған зерттеулері осы өңірде орналасқан ескерткіштері жайлы қалдырған деректері құнды әрі маңызды болып табылады (кесте 6).

Қысқаша қорыта келгенде, 6-ші кестеде көрсетілгендей, Сырдария облысының Қазалы уездінде үйірме мүшелері жүргізген зерттеулер барысында 12 ескерткіш ашылып, орналасқан жері жайлы мәлімет берілген, 3 ескерткіш қайта зерттелген (Жанкент, Жанқала мен Мыңтөбе қалалар мен бекіністер), олардың қатарында:

- Е.Т. Смирнов 7 ескерткіштің орналасқан жері жайлы хабарлады;
- А.И. Симонов 5 ескерткішті ашып (4 қала және 1 суландыру жүйесі), 1 ескерткіште қазба жүргізді;
- П. Спиридонов 3 ескерткішті қайта зерттеп, оның бірінде шағын қазба жүргізді.

Қазалы уездінде үйірменің атқарған ізденіс жұмыстары негізінде

Жанкент қалашығына арналған. И.И. Гейер қалашықта жүргізілген зерттеулер тарихына тоқталып, ескерткішке байланысты аңыздарды жазып алған. Ал, П. Спиридонов П.И. Лерхтің Жанкент қалашығында жүргізген қазба жұмыстарын сипаттап, зерттеу барысында табылған теңгелерді П.И. Лерх Алтын Орда кезеңіне жатқызғандығын жазады. П. Спиридонов Жанкент пен Жанқала қалашығының кесінді жоспарын сызып, осы жердің топографиясын зерделей келе, Сырдария бойында орналасқан Жанқала бекінісі өзеннен бастау алатын арықты қорғауға арналған шағын әскери горнизон болған әрі ол Жанқаладан 30 верст жерде орналасқан қарауылтөбелерді бақылап отырған деп пайымдайды.

Үйірме мүшесі А.И. Симонов Жеті асар тобындағы ескерткіштерді сипаттап, олардың өлшемдері, жоспары мен құрылымы жайлы деректер қалдырады. Сонымен қатар, асарлардың айналасында көптеген үлкенді-кішілі канал іздерінің сақталғанын және ірі каналдардың шағын каналдарға қарағанда биік деңгейде орналасқанын атап өтіп, «асарлардың» бірінде арнайы су қоймасы болғанын сипаттап жазады.

Кесте 6. Үйірме мүшелері Қазалы уездінде ашқан, орналасқан жері жайлы хабарлаған және қайта зерттеген ескерткіштер

| № | Зерттеушінің аты-жөні | Ескерткіштер түрі | | Қайта зерттеген ескерткіштер |
|---|---|---|---|---|
| | | қалалар мен бекіністер | Суландыру жүйесі | |
| 1 | Е.Т. Смирнов | 7 | - | - |
| 2 | А.И. Симонов | 4 | 1 | - |
| 3 | П.Спиридонов | - | - | 3 |
| | Барлығы: | 11 | 1 | 3 |

А.И. Симонов Жеті асардан басқа, оның солтүстігінде Алтын асар, ал Қуаңдарияда Үңгірлі асар барын жазып әрі осы «асарлар» туралы аңыздарды жазып алады. Ал, Е.Т. Смирнов Түркістан өлкесінің картасын сараптай келе, Жаңадария мен Қуаңдария бойларында Тибет-асар, Ирис-куль-асар (Ырысқұл асар), Бидаик-асар (Бидайық асар), Құм-чеку, Үңгірлі, Қараш, Тектұрмас және т.б. асарлар орналасқанын хабарлаған.

Үйірме мүшелері Сырдария облысында жүргізген зерттеу жұмыстары барысында жүздеген археологиялық ескерткіштер ашылып, оларды ғылыми айналымға енгізіп, орналасқан жерін анықтап, есепке алу және қорғау жұмыстарын жүргізеді (кесте 7).

Олардың обалар мен қалашықтарда жүргізген алғашқы қазба жұмыстары нәтижелерінің ғылымда ерекше орын алатыны сөзсіз. Олардың барысында алынған заттай деректер, жерлеу үрдісі және қалашықтардың тарихи топографиясы сипатталып жазылды. Сонымен қатар, осы өңірде орналасқан ескерткіштер жайлы деректерді саралап, басқа өңірлердегі ескерткіштермен салыстыра отырып, өз пікірлерін үйірме отырыстарында ортаға салды.

7-ші кестеде көрсетілгендей, Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент,

Кесте 7 – Үйірме мүшелері Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент, Перовск және Қазалы уездерінде ашқан, орналасқан жері жайлы хабарлаған және қайта зерттеген ескерткіштер

| № | Уезд атауы | Ескерткіштердің түрі | | | | | | | | | | | | | | Қазба жүргізген ескерткіштер | | Қайта зерттеген ескерткіштер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Балбалдар | Тасқа салынған суреттер мен жазулар | Обалар қорымы | Обалар тобы | Жеке оба | Қалашықтар мен мекіністер | Суландыру жүйесі | Кең орындары | Тас бағандар | Тас қоршау | Тас көпір орны | хауыз | Тас құралдар | Үңгір | Обалар | Қалалар мен елді мекендер | |
| 1 | Әулиеата | 17 | 7 | 12 | 12 | 31 | 53 | 1 | - | 2 | 2 | 1 | 1 | - | 1 | 1 | 1 | 5 |
| 2 | Шымкент | 1 | 2 | 1 | - | 1 | 47 | 3 | 10 | - | - | - | - | - | - | - | 2 | 2 |
| 3 | Перовск | - | 3 | 2 | - | - | 39 | 6 | - | - | - | - | - | 2 | 4 | - | - | 1 |
| 4 | Қазалы | - | - | - | - | - | 11 | 1 | - | - | - | - | - | - | - | - | 2 | 3 |
| | Барлығы: | 18 | 12 | 15 | 12 | 32 | 150 | 11 | 10 | 2 | 2 | 1 | 1 | 2 | 5 | 1 | 5 | 11 |

Перовск және Қазалы уездерінде үйірме мүшелері жүргізген зерттеулер барысында 273 ескерткіш ашылып, олардың 18 тас мүсін, 12 тасқа салынған суреттер мен жазулар орны, 15 обалар қорымы, 12 обалар тобы, 32 жеке оба, 150 қалалар мен елді мекендер, 11 суландыру жүйесі (арық, канал және т.б.), 10 кен орны, 2 тас баған, 2 тас қоршау,1 тас көпір, 1 жазуы бар хауыз, 2 тас құрал, 5 үңгір және 11 ескерткіш қайта зерттеліп, 6 ескерткіште қазба жұмыстары жүргізілді. Ал, Жетісу мен Сырдария облыстарында үйірме мүшелері жалпы саны 324 ескерткіш ашты, олар 21 тас мүсін, 39 обалар қорымы, 15 обалар тобы, 35 жеке оба, 3 тас қоршау (кесте Қ.1, қосымша Қ), 152 қалалар мен елді мекендер (кесте Қ.2), 26 тасқа салынған суреттер мен жазулар орны, 11 суландыру жүйесі, 10 кен орны, 1 ор, 2 тас баған, 1 тас көпір, 1 жазуы бар хауыз, 2 тас құралдар табылған орын, 5 үңгір.

Үйірме мүшелері атқарған зерттеу жұмыстарын саралай келе келесі тұжырымдарға келдік:

1. Үйірме мүшелері 324 ескерткіш ашып, ғылыми айналымға енгізді;

2. Олар ізденіс барысында тас ғасырының тұрағы, кен орындары, обалар, жартастарға салынған суреттер, тас мүсіндер, қалашықтар мен қоныстар, суландыру жүйесі, сәулет өнері ескерткіштерінде зерттеулер жүргізген;

3. Үйірме тарапынан Қазалы уездінде орналасқан ескерткіштер аз зерттелген;

4. Ізденіс жұмыстары тек барлаумен шектелмей үйірме мүшелері 6 ескерткіште қазба жүргізді, олар: Жетітөбе обалар қорымы, Тектұрмас, Отырар, Оқсыз, Жеті асар және Мыңтөбе қалашықтары;

5. 11 ескерткіш қайта зерттелді, олар: Садырқорған, Ақтөбе, Ақыртас, Тараз, Түймекент, Бабаата, Отырар, Сығанақ, Жанкент, Жанқала мен Мыңтөбе қалашықтары.

6. Үйірме мүшелері жүргізген зерттеу жұмыстары барысында, белгіленген нұсқау бойынша ескерткіштердің орналасқан жерін сипаттаумен шектелмей олардың өлшемдерін алып, жобаларын сызды;

7. ескерткіштерге байланысты аңыз-әңгімелерді жинақтады;

8. Үйірме мүшелері: Н.Н. Пантусов – 51, В.А. Каллаур – 118, И.В. Аничков – 22, В.П. Панков – 2, В.Ф. Ошанин – 1, И.А. Кастанье – 2, В.П. Лаврентьев – 43, Н.П. Остроумов – 1, К.Д. Баронин – 2, Е.Т. Смирнов – 14, Н. Руднев – 11, П.А. Комаров – 1, В.П. Колосовский – 3, А.А. Черкасов – 24, Н.С. Лыкошин – 2, Н.В. Ковалев – 11, А.И. Симонов – 5 ескерткіштер ашты және М.А. Кирхгоф - 11 ескерткіш жайлы хабарлады.

9. Үйірме мүшелері жергілікті тұрғындардан уездтер жерінде орналасқан археологиялық ескерткіштер жайлы мәлімет жинап, соның негізінде оларды іздестіріп зерттеген.

# 3 ҮЙІРМЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ТОПОГРАФИЯСЫ МЕН СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

## 3.1 Оңтүстік Қазақстанның тарихи-топографиясы

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде жүргізген зерттеулердің бағыттарының бірі ортағасырлық жазба деректеріне сүйене отырып, осы өңірден өткен ескі керуен жолының бағыттарын анықтау және ашылған ескерткіштерді (қалашықтар мен елді мекендерді) жазба деректерінде кездесенің қалалармен баламалау болып табылды. Бұл мәселеге алғашқы болып назар аударған П.И. Лерх болды, ол Сырдарияның төменгі және орта ағысы бойында орналасқан ежелгі қалаларды жазба деректерге сүйене отырып баламалау мәселесін көтерді. Ал, В.В. Бартольд Талас жазығында орналасқан қалалар жайлы Ибн Хордадбех, Кудама ибн Джа'фар, әл Макдиси және т.б. ортағасырлық авторлардың еңбектерін зерделеп, бірінші болып Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан ортағасырлық қалаларды баламалады.

Үйірме мүшелерінің ішінде В.А. Каллаур Оңтүстік Қазақстанның тарихи-топографиясын зерттеп, Н.Ф. Петровский мен В.В. Бартольдтың еңбектерін саралай отырып, Әулиеата мен Перовск уездерінде орналасқан ескерткіштерді «баламалау мәселесін» шешуге сүбелі үлес қосты.

### 3.1.1 Әулиеата уездінің тарихи топографиясы

В.А. Каллаур 1894 жылы жарық көрген Н.Ф. Петровскийдің «Древние арабские дорожники по Средне-Азиатским местностям, входящим в настоящее время в состав русских владений» атты еңбегімен танысып [271], ортағасырлық жазба деректерінде аталатын, Әулиеата уездінде орналасқан «көне орындарды» іздестіріп зерттеуді мақсат етті [231, с.3].

В.А. Каллаурдан бұрын Әулиеата уездінің тарихи топографиясына қатысты материалдарды В.В. Бартольд «О христианстве в Туркестане в домонгольский период» атты еңбегінде жариялап, онда Ибн Хордадбех пен Кудама ибн Джа'фардың еңбектерінен Тараздың шығысында орналасқан қалалардың атаулары жайлы деректерді [272, с.14-15] және «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг.» атты еңбегінде [39, с.21-91] - Ибн Хордадбех, Кудама ибн Джа'фар мен әл Макдиси және т.б. ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі көне керуен жолдары бойында орналасқан қалалар жайлы аудармаларын келтіреді.

В.В. Бартольд 1893 жылы Шымкент пен Әулиеата аралығында, Сайрам мекенінің жанында орналасқан Илан-бозғанды, Ақсу өзені бойында орналасқан Кабал (Қобал) бұлақты, Арыс өзенінің сол жағында орналасқан Түлкібас төбелерін және Мыңбұлақ пен Бурный (Б. Момышұлы) ауылынан 3 км солтүстік-батыста, Теріс өзені бойындағы үш шағын қалашықты сипаттап жазады. Ибн Хордадбех, Кудама ибн Джа’фар және әл Макдиси еңбектерінде кездесетін, Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан Шараб, Будахкет,

Тамтадж, Абарджадж, Джувикат тұрақтарының арақашықтықтарын салыстыра қарастырып, Қобал бұлақ Ибн Хордадбехтің Шарабына, ал Түлкібас – Тамтаджға сәйкес келетіндігін алға тартады [39, с.26-29].

В.А. Каллаур Әулиеата уездінде атқарған ізденіс жұмыстары барысында ескі керуен жолдарды және олардың бойында орналасқан қалаларды зерттейді. Сонымен қатар, ол жергілікті тұрғындардан ескі жолдар жайлы жинап алынған мәліметтерді саралай отырып, оларды Н.Ф. Петровский мен В.В. Бартольдтің еңбектерінде келтірілген ортағасырлық авторлардың деректерімен салыстырады.

В.А. Каллаурдың Әулиеата уездінің батыс бөлігінің тарихи топографиясын зерттеудегі қосқан үлесіне қатысты зерттеулерді М.У. Турадилов жан-жақты қарастырып, В.А. Каллаурдың тарихи-өлкетану саласында атқарған қызметінің негізгі бағыттарының бірі Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық елді мекендерді баламалау болды деп тұжырымдайды [26, с.267].

1897 жылдың 5 мамырында өткен үйірме отырысында В.А. Каллаурдың «Древние местности Аулиеатинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в Восточный Туркестан» атты баяндамасы тыңдалып, онда ол ортағасырлық жазба деректерінде кездесетін «көне орындар» жайлы жинақтаған мәліметтері мен ізденістер нәтижелеріне тоқталады.

В.А. Каллаур көне Мерке мен Аспара қалаларының орындары анықталғанын атап, олар өздері аттас өзендердің бойында, қазіргі Мерке мен Шалдовар (Нововоскресеновка) ауылдары маңында орналасқандығын жазады. Ал, көне Құлан қаласын (қыт. – Цзю-лань, В. Томашек бойынша – Куляб) – Тарты (Луговой) пошта станциясымен баламалады [231, с.1].

В.А. Каллаур Ибн Хордадбех пен Кудама ибн Джа'фардың еңбектерінде Тараздан (Таластан) Шығыс Түркістанға барар көне жолдың бойында Төменгі Нушджан, Касрибас, Кулшуб, Джулшуб және Құлан орналасқандығы туралы сипаттамасын және осы өңірде орналасқан ескерткіштер жайлы жинақтаған мәліметтерін сараптай отырып, келесі тұжырымға келеді:

– Төменгі Нушджан (Төменгі Барысхан). Тараздан (Таластан) Төменгі Нушджанға 3 фарсах, ол 20 верстке тең келеді. Әулиеатадан Мерке мен Ақыртасқа барар қазіргі керуен жолдың шығыс жағында (жол Әулиеатадан 9 верст жерден пошта жолынан оңға бұрылып, Жетітөбеден 11 верст жерден өткен), Ұшбұлақ пошта станциясының қарама-қарсы жерде, ортаңғы бұлақтың жоғарғы ағысында Үлкен қара төрткүл құландысы орналасқан. Оның жанында екі шағын төрткүл мен обалар орналасқан. Жоғарыда аталған Үлкен қара төрткүлді, Талас өзенінен арақашықтығына қарай Төменгі Нушджан қаласы деп санауға болатынын атап өтеді [231, с.4].

- Қасрабас (Касрибас). Төменгі Нушджаннан Қасрабасқа дейін 2 фарсах (14 верстке жуық). Ақыртас құландылары Төменгі Нушджаннан жоғарыда аталған арақашықтықта орналасқан, сол себептен оны Қасрабас деп болжамдауға болады. Ақыртас Ақшолақ станциясына қарама-қарсы, Александровск жотасы мен пошта жолының 8 верст аралығында орналасқан.

Сонымен бірге, Ақыртастан 6-8 верст жерде, Ұлықайынды шатқалының кіре берісінде ескі қала құландысы орналасқан.

- Кулшуб (Көлшөп). Қасрабастан Кулшубқа дейін 4 фарсах (26 верстке жуық). Ақыртастан басталатын жол Соңқайты (Сұмқайты) өзені арқылы Құмарық (Подгорное) станциясына барар жол Ақыртөбе станциясының жанында пошта жолын қиып өтіп, оның солтүстігінен әрі қарай бағытталған. Ақыртастан Ақыртөбе станциясына дейін 18 верст. Ал, осы жерден Сұмқайты төрткүліне дейін ара қашықтық 10 верст келеді. Бұл төрткүлдің аумағы 300 қадамнан асады. Ал, Сұмқайты өзенінің арғы жағында Көпмолла атты оба орналасқан, оның аумағы 100 қадам. Көпмолладан 3 верст қашықтықта төрткүл мен Сасай сүре деп аталатын оба орналасқан. Екінші төрткүлдің үстінде, жақында Есім атты кісіге арналып күмбез көтерілген.

В.А. Каллаур Сұмқайты төрткүлін Кулшубпен (Кеулшөппен) баламалайды. Оның себебін, ол осы жерде кеуілшөп атты шөптің көптеп өсетіндігін алға тартып, «Кулшуб» «Кеулшөп» атауымен байланысты деп пайымдады [231, с.5-6].

- Джулшуб (Жолшөп). Кулшубтен Джулшубке дейін 4 фарсах (26 верст). Сұмқайты төрткүлінен Құмарыққа дейін 20 верст. Бұл жазба деректерінде көрсетілгеннен аз болып отыр. Алайда, Кудамада Джулшуб қаласы аталмайды. Онда Кулшубтен Құланға дейін - 4 фарсах, әл Идриси бойынша олардың арақашықтығы - 12 миль (20 верстке жуық). Осыған қарағанда керуендердің басым көпшілігі Джулшубке соқпай, 30 верст келетін тіке жолмен Құланға (Тарты) қарай өткен.

Ибн Хурдадбех бойынша, Джулшуб Құмарық бойында орналасқан. Мүмкін Сұмқайтыдағы көне Кулшуб орналасқан жерде емес, керуендер өзеннің жоғары немесе төменгі ағысында тоқтаған болар, сол себептен Кулшуб пен Джулшуб арақашықтығында айырмашылық шығып отыр. Сонымен қатар, В.А. Каллаур пошта жолынан төмен, Құмарық бойында көптеген төбелер орналасқанын атап өтеді.

- Құлан. Джулшубтен Құланға дейін 4 фарсах (26 верст). Құмарықтан (Подгорное) Луговойға (Тарты) дейін, пошта жолымен 23 верст, ал, станциядан Тарты жанындағы Құлан қаласы құландысына дейін 3 верст, барлығы 26 верст шығады [231, с.6].

В.А. Каллаур Н.Ф. Петровскийдің еңбегінде, Кудама бойынша Тараздан Кулябқа (Құлан) дейінгі арақашықтық 14 фарсах (90 верстке жуық) деп келтіргендігін жазып, бұл мен көрсеткен: «Сұмқайтыға барар жол мен Тасақырдан Тарты жанындағы Құлан деп баламаланған қалашыққа дейінгі арақашықтыққа тең келеді», -дейді. Жоғарыда аталған еңбекте Аспара Құлан секілді жерде орналасқан, Тартыны Құланмен, ал Аспараны Шалдовармен баламалағанымызды және олардың шөбі көп жазық жерде орналасқанын ескерсек, Кулшуб те сол секілді жазық жерде орналасқан, оған Сұмқайты деп аталатын жер тура келеді. В.А. Каллаур Тараздан Шығыс Түркістанға, Талас өзенімен баратын жол болуы мүмкін емес деп пайымдайды [231, с.7-8]. В.А. Каллаур Қасрабас (Қасрабат) арабтың «каср» (кешк) және түркінің «бас»

сөздерінен құралып – «бас кешкі» деген мағынаны білдірмес пе екен деп топшылайды. Егер, бұл дұрыс пікір болса, Қасрабас Ақыртас құландыларына сәйкес келер еді деп болжамдайды [231, с.9].

В.А. Каллаур ортағасырлық жазба деректерінде кездесетін Төменгі Барысханды Үлкен қара төрткүлмен, Қасрибасты Ақыртаспен, Кулшубті Сұмқайтымен, көне Құланды Тартымен (Луговой) баламалап, Әулиеата мен Шалдовар аралығындағы керуен жолдың картасын дайындайды (сурет Л. 1, қосымша Л).

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері ашып, ғылыми айналымға енгізген көптеген археологиялық ескерткіштер Кеңес дәуірі кезеңінде жаңа методология негізінде кеңінен қайта зерттеліп, осы өңірдің қала мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы жайлы жаңа деректермен толықтырылды. Ескерткіштердің инструментальді өлшемдері алынып, толық сипаттамалары жазылды. В.А. Каллаурдан кейін ортағасырлық қалаларды баламалау мәселесін А.Н. Бернштам, Г.И. Пацевич, К.М. Байпақов, М. Елеуов және т.б. талдаған болатын.

Құлан қалашығы жайлы алғашқы болып 1894 ж. В.В. Бартольд хабарлап, экспедиция мүшесі суретші С.М. Дудиннің сипаттамасын келтіреді: «... нельзя не заметить длинного (около полуверсты) невысокого вала, пересекающего несколько наискось дорогу и заканчивающегося у большого двухъярусного холма...». В.В. Бартольд ортағасырлық Құлан қаласын Луговоймен баламалаған [39, с.40-48].

Кеңес дәуірінде атқарылған зерттеулер барысында Құлан қалашығы әр түрлі кезеңге жататын ескерткіштер кешені екендігі анықталды. Қалашықты 1936 ж. КСРО ҒА-ның Материалдық мәдениет тарихы институты мен КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының біріккен экспедициясы (А.Н. Бернштам) алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, Құлан аймағында алғашқы қоныс б.з. І ғ. пайда болғандығын анықтады. 1963-1965 жж. ЖАЭ-ның Луговой тобы, 1987 ж. Қазақ КСР ТЭАИ ТМЕЖ экспедициясы және 2000 жылдан бері ОҚКАЭ-сы (К.М. Байпақов) қайта зерттеді. Зерттеулер нәтижесінде Құлан қалашығы VI-XIII ғғ. мерзімделді [119, с.283-289].

К.М. Байпақов Құлан қаласы Ибн Хордадбех, Кудама, әл Макдиси, Якут еңбектерінде, Таң әулетінің тарихнамасында және қытайлық Сюань-Цзян жолсерігінде кездесетінін алға тартып, ортағасырлық Құлан қаласын Луговой (Құлан) қалашығымен баламаланғаны күмән келтірмейді деп пайымдайды [273, с.114-115].

Ақыртас кешенін 1936-1938 жж. КСРО ҒА-ның Материалдық мәдениет тарихы институты мен КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының біріккен экспедициясы (А.Н. Бернштам), 1940, 1945-1946 жж. Г.И. Пацевич қайта зерттейді.

Г.И. Пацевич Ақыртасты IX ғ. дейінгі уақытпен мерзімдеп, оны ортағасырлық Касрибаспен баламалайды [62, с.80-85]. В.А. Каллаурдың баламалауын К.М. Байпақов та қолдап, Ақыртас Жетісуды IX-X ғғ. билеген қарлұқтардың бітпей қалған ордасы болған деп тұжырымдаған [86, с.30-31; 273,

с.96]. Сонымен қатар, М. Елеуов Төменгі Барысханнан шығып Шу өңіріне бет алған Түрік керуен жолы бойындағы бірінші елді мекен Ақыртас болғандығын және Кудама ибн Джа'фардың келтірген деректерін ескере отырып, Ақыртасты Қасрабаспен баламалаған пікірге қосылды [68, 175-176-б.].

Кулшуб туралы Кудама ибн Джа'фар былай деп жазған: «Қасрибастан Кулшубқа дейін 4 фарсах, ол да Қасрибас сияқты, онан он жақта тау бар, тауда жеміс, жоңышқа және тау көкөністері көп» деп сипаттаған [61, с.77]. Оны В.А. Каллаур Сұмқайты төрткүлімен баламалаған.

Кулшубті К.М. Байпақов алғашқысында Ақыртөбе төрткүлімен баламалаған болатын [86, с.31]. Ал кейіннен Өрнек қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне байланысты К.М. Байпақов Кулшубті Өрнекпен баламалады [273, с.114]. Профессор М. Елеуов Өрнек қаласының Ақыртастан 3 км шығыста тұрғанын және орналасқан жердің ортағасырлық деректерде көрсетілгендей екенін басшылыққа алып Кулшубті Өрнекпен баламалауды қолдайды [68, 176-б.]. Өрнек қаласы Сұлутөр шатқалында, Алтынсу өзені бойында, Өрнек ауылының маңында орналасқан.

В.А. Каллаур ашып сипаттамасын берген Сұмқайты төрткүлін 2009 ж. ТАЭ-сы (М. Елеуов) қайта ашып, географиялық координаттарын анықтап, оның толық сипаттамасын беріп, суретке түсіреді.

Джулшуб қаласын К.М. Байпақов Малдыбай төрткүлімен баламалаған [86, с.31]. Ал, М. Елеуов Малдыбай төрткүлі Өрнектен 15 км солтүстік-шығыста орналасқанын, яғни керуен жолынан солтүстікте екенін ескере отырып, К.М. Байпақовтың пікірімен келісе алмайтындығын атап, Джулшубті Кулшубтан шығыстағы Жырлысу не Талдысу шатқалдарына кіре берістен іздеген дұрыс болар деп пайымдайды [68, 176-б.].

В.А. Каллаур Әулиеата уездінің тарихи топографиясы мәселесіне жеті жыл өткен соң қайта оралады. 1904 жылғы 12 қараша күні өткен үйірме отырысында оның «Древние местности Аулиеатинского уезда на древнем караванном пути на запад от Аулиеата к границе Чимкентского уезда» атты баяндамасы тыңдалады [232, с.48-55].

В.А. Каллаурдың Испиджаб пен Тараз аралығындағы өткен керуен жолдарының тармақтары мен ортағасырлық қалаларды баламалау мәселесі туралы ізденістерін кейінгі зерттеушілер Г.И. Пацевич, К.М. Байпаков, Б.А. Байтанаевтың зерттеулерімен салыстыра саралап, зерттеген М.У. Турадилов болды [26, с.267-280].

В.А. Каллаур Тараздың батыс жағындағы Испиджабтан Шығыс Түркістанға баратын көне керуен жолдың бойынан араб қолжазбаларында аталған көне қалаларды іздестіруді жалғастырып, ортағасырлық жазба деректерді сараптай отырып, келесі мәліметтерге назар аударады:

Ибн Хордадбех пен Кудаманың қолжазбаларында: «Тазхадж в Реквабе 4 фарсаха; на этом холме, из которого вытекает тысяче ключей (мин булак), река, которую они образуют, течет на восток и потому называется Иркут т.е. обратно текущая вода. Потом едут в Марки, одна станция на Иркут 6 фрсахов» деп жазылған [232, с.48]. Келтірілген деректе ескі жол Тазхаджан Меркеге барған,

осы мәліметке сүйене отырып, В.А. Каллаур Испиджабтан Таразға барар ескі керуен жолы – Теріс өзені (көне Иркут (Баркуаб) өзені) жазығында екіге бөлінген: бірі – Күйік асуы арқылы және Тараздың оңтүстік жағынан өтіп, әрі қарай Меркеге барған, ал, екіншісі – Нанджар (Нанжер) жолымен, Күркіреу өзені бойында орналасқан Ақтөбе құландысы жанынан және Грозное (Аманбаево) ауылы арқылы өтіп, Талас өзенінің тауаралық жазығында орналасқан көне қалаларға барған дейді. Осы жерде Қызыладыр тауының Жолқұлат шатқалы арқылы өткен Таразға барар жол бөлінген дейді [232, с.49].

Ибн Хордадбех бойынша Абарджадж (Н.Ф. Петровский бойынша Тазхадж) елді мекенінде төбе бар, оның айналасында мың бұлақ ағып жатыр. Олар шығысқа, яғни теріске ағып жатқан өзенді құрайды. Ол жерден өзеннің жағасына дейін 6 фарсах. В.А. Каллаур араб деректерінде Мыңбұлақ Теріс өзенінің батысында орналасқан, сол себептен профессор В.В. Бартольд Мыңбұлақ атауын Шақпақ бұлақтарымен [215, с.26] жаңылыс баламалады деп жазды [232, с.50]. Ибн Хордадбех бойынша Испиджабтан Таразға дейінгі аралық 26 фарсах құрайды. Егер, Н.Ф. Петровский бойынша 1 фарсахты - $6^{1}/_{4}$ верст деп алсақ, 26 фарсах $162^{1}/_{2}$ верст болады. Бұл Шымкент пен Әулиеата араларының арақашықтығына тең. Себебі, осы қалалар арасындағы қазіргі пошта жолы - $164^{1}/_{2}$ верст болады. Шымкент пен Әулиеата арасында, Әулиеата уезді жағында бір де бір «ескі орындардың» құландылары байқалмайды. Сонымен бірге, В.А. Каллаур В.В. Бартольд Бурный (М. Момышұлы) ауылынан 3 верст солтүстік-батыста, Теріс өзенінің бойында орналасқан, жобасында төртбұрышты болып келетін, шағын үш қалашықты ашқаны туралы мәлімдейді [232, с.50].

В.А. Каллаур Күйік шатқалынан 4-5 верст шығыста, пахса мен қыш құландылары барын және ол жер «Әбдурахман» деп айтылатынын жазып, өзінің пайымдауынша бұл құландылар «көне орын» еместігін атап өтті. Ол Шақпақ (Высокое) ауылынан Күркіреу өзенінің бойындағы Грозное (Аманбаево) ауылы мен Әулиеата қаласы арқылы Талас өзенінің тауаралық жазығына барар керуен жолын аралап, 1897 жылдың 9 қыркүйегінде Шымкент уездінде орналасқан Бурное (Б. Момышұлы) ауылынан Теріс өзенінің сол жағымен, ал Теріс өзеніне Шақпақ өзені құяр жерінен жоғары өзеннің оң жағына өтіп, әрі қарай Құлантаудағы «Құлан ауыз» шатқалы арқылы Түлкібас ауылына барар жолмен өтіп шығады.

Сапар барысында, В.А. Каллаур Құланауыз шатқалына 8 верст жетпей, Жеті төбенің оң жағында «Қырқ-крюз» (Қырыққүмбез) төрткүлін ашып, оның сипаттамасын береді. В.А. Каллаур бұл секілді төрткүлді көрмегенін жазып, төрткүл жобасында төртбұрышты, оның қамалы топырақтан үйілген жал емес, бірқатар бойы төбе тәрізді үймелерден жасалғанын атап өтеді [26, с.270]. Төрткүлдің солтүстік пен оңтүстік жағында, әрқайсысында 22 төбе бар. Оның ұзындығы 330 қадам, шығыс пен батыс жағында әрқайсысында 11 төбе бар. Олардың ұзындығы 20 қадам, ал айналдыра ұзындығы 1060 қадам, биіктігі $2^{1}/_{2}$ аршын болып келеді. В.А. Каллаур сонымен қатар, Қырық күмбез төрткүлінен 500 қадам батыста екі төбенің орналасқанын, олардың аумағы 40 қадам, биіктігі

$3^1/_2$ аршын болып келген деп сипаттамасын береді [232, с.50-51; 26, с.270].

В.А. Каллаур Құланауыз шатқалына жетпей Құланауыз төрткүлі орналасқанын жазып, сипаттамасын береді. Бекіністің сыртқы жалының айналдыра ұзындығы 515 қадам. Оның орта бөлігінде цитаделі орналасқан. Ішкі жалдың ұзындығы 200 қадам. Ол төрткүлдің қабатында және бір бекініс орналасқанын, оның айналдыра ұзындығы 200 қадам болып келген деп жазады [232, с.51; 26, 270].

Кеңес дәуірінде Шақпақата (Кременевка) ауылынан 5 км солтүстік-батыста орналасқан Қырыққүмбез (Қырық крюз) қалашығын 1940 ж. ЖАБ (Г.И. Пацевич) қайта зерттеп, оны сипаттап жазды. Қалашық жобасында тіктөртбұрышты, солтүстіктен-оңтүстікке қарай ұзындығы 144 м, батыстан-шығысқа қарай 220 м. Қалашық айналдыра жалмен қоршалған. Оның солтүстік және оңтүстік жағының әр қайсысында 17-і мұнара, ал батыс және шығыс жағында әр қайсысында 11 мұнара бар. Мұнаралар аумағы 10-11 м, биіктігі 1-1,5 м. Ал, олардың аралығындағы жалдың биіктігі 0,4-0,6 м. Қалашықтың батысында қақпаға қарама-қарсы тұста 300 және 500 м жерде қос төбе бар [85, с.136-137; 117, с.278]. Ал В.А. Каллаур қалашықтың сипаттамасында солтүстік және оңтүстік жағының әр қайсысында 22-і төбе барын жазады [232, с.51].

Г.И. Пацевич зерттеу барысында ескерткіштің үстінде және оның айналасында бірде-бір ыдыс сынықтары табылмағандығын алға тартып, бұл қандай ескерткіш болуы мүмкін деген ой айтып, сонымен қатар оны мерзімдеуден бас тартты [85, с.136-137].

Қырыққүмбез қалашығы АКК реестрге №3916 нөмірімен енген [117, с.278], ал ҚР ТМЕЖ ЖО жинаққа белгісіз себептермен енбеген. Оның негізгі себебін, біз қалашықтың мүлдем бұзылып кеткендігінде немесе ескерілмегендігінде деп санаймыз. Себебі, 1940 жылдардың өзінде-ақ қалашықтың сақталу жағдайының мүшкіл болғанын, шаруашылық жұмыстары кезінде қатты бұзылғандығын Г.И. Пацевич жазып кеткен.

Ал, В.А. Каллаур ашып, сипаттап жазған Құланауыз төрткүлін 1940 жылы Г.И. Пацевич қайта ашып, жобасын түсіріп, сипаттамасын береді. Төрткүл жобасында төртбұрышты, көлемі 105х115 м. Айналдыра жалмен қоршалған, оның ені 5-6 м, биіктігі 1 м. Оның ішкі орталық бөлігінде цитадель орналасқан, оның көлемі 46х58 м, биіктігі 3 м [85, с.135-136]. В.А. Каллаур мен Г.И. Пацевичтің ескерткішке берген сипаттамалары және орналасу жері туралы деректерді бір-бірімен салыстыра келіп, Құланауыз төрткүлін бірінші болып В.А. Каллаур ашқандығын, ал Г.И. Пацевич екінші мәрте қайта ашқан деп есептейміз.

В.А. Каллаур Құланауыз төрткүлінің жанында орналасқан бекіністі 1897 жылы ашып, ал 1940 жылы Г.И. Пацевич Құланауыз төрткүлінің жанында үш бекініс ашып, олардың жобаларын түсіреді [85, с.65; 26, с.270]. Осыдан келіп, Құланауыз төрткүлінің қабатында орналасқан үш ескерткіштің қайсысын В.А. Каллаур ашқан деген сұрақ туады. В.А. Каллаур өз сипаттамасында бекіністің айналдыра ұзындығы 200 қадам болып келген деп жазған. Ескерткіштің нақты өлшемдері мен сипаттамасы да толық берілмегендіктен, бұл мәселе ашық

түрінде қалып отыр. Сонымен бірге, Құланауыз төрткүлі және оның жанында орналасқан бекіністер 1940-шы жылдардан бері зерттелген болса да, олар жайлы мәліметтер АКК атты реестрге және ҚР ТМЕЖ ЖО атты энциклопедиялық жинаққа белгісіз себептермен енбеген.

В.А. Каллаур ортағасырлық еңбектерде Испиджабтан Таразға барар көне жол мен оның бойында орналасқан қалалар туралы мәліметтерді саралап және оларды Әулиеата уездіндегі ескі жолдар бойында орналасқан қалашықтармен салыстыра отырып, Бурное (Б. Момышұлы) ауылынан Түлкібас ауылына барар жолдың Шақпаққа барар жолға қарағанда қысқа екендігін алға тартып, Құланауызға барар жолмен көне керуен жолы өткен болуы мүмкін деп жорамалдайды. В.А. Каллаур егер олай болса, Тамиадж (В.В. Бартольд бойынша Тамтадж) В.В. Бартольдтің пайымдауынша – Түлкібасқа сәйкес келеді, ал мен ашқан Құланауыз төрткүлі – Тазхаджқа (В.В. Бартольд бойынша Абарджадж) сәйкес келеді деп пайымдайды [232, с.52].

М.У. Турадилов В.А. Каллаурдың Құланауыз төрткүлін Тазхаджқа (В.В. Бартольд бойынша Абарджадж) баламалағаны В.В. Бартольдтің Абарджаджты Шақпақ бұлағымен баламалаған пікіріне қайшы келеді деп пайымдайды [26, с.271]. Алайда, В.А. Каллаур араб деректерінде Мыңбұлақ Теріс өзенінің батысында орналасқандығын алға тартып, профессор В.В. Бартольд Мыңбұлақты Шақпақ бұлақпен қателесіп баламалағандығын атап өткен. Сонымен қатар, В.А. Каллаурдың Абарджаджды Құланауыз төрткүлімен баламалауын Г.И. Пацевич сынға алып, ортағасырлық Абарджаджды Шақпақата ауылының жанында орналасқан қалашықпен баламалайды. М.У. Турадилов Г.И. Пацевичтің бұл пікірі күмәнді деп, өз пікірін білдіреді: «Однако подобное отождемствление вызывает сомнение уже в силу того факта, что здесь отсутствует дорога до станции, идущая по берегам реки Терс (Баркуаб), указанная в арабских дорожниках» [26, с.278-279]. Сонымен қатар, К.М. Байпақов Шақпақ (Кремневка) қалашығын ортағасырлық деректерде кездесетін Барджаджбен (Абарджаджбен) баламалап, оның топографиясына сүйене отырып, Барджаджді керуен сарай болуы мүмкін деген пікір айтады [274, с.32]. Бірақ кейінгі зерттеулерінде К.М. Байпақов Абарджадж қаласын Момышұлы ауылының жанындағы қалашықпен баламалайды [275, 256-б].

К.М. Байпақов Құланауыз төрткүлін типологиясына қарай үшінші класс типіне жатқызса, ал Г.И. Пацевич оны ортағасырлық Тамтаджбен баламалайды [274, с.32]. Г.И. Пацевичтің бұл пікірі В.В. Бартольд пен В.А. Каллардың пікірлеріне қайшы келеді, себебі, олар Тамтаджды (Тамиаджды) Түлкібаспен баламалаған болатын. М.У. Турадилов Кудама ибн Джа’фардың «Китаб ал харадж» атты еңбегінде: «...Тамтадж шөлде [орналасқан], онда үлкен өзен және қамыс [бар]» – деген сипаттамасындағы «қамысы бар үлкен өзенді» Г.И. Пацевич Теріс өзенімен баламалағандығын жазады. Ол Кудама ибн Джа’фар мен ибн Хордадбехтің еңбектерінде Теріс өзені Баркуаб өзені деп аталғандығың жазып, ибн Хордадбехтің еңбегін саралай келе «қамысы бар үлкен өзен» мен Баркуаб өзені бір өзен деп санауға болмайды деп тұжырымдайды. Сол себептен Г.И. Пацевичтің Құланауыз төрткүлін

Тамтаджбен баламалауы шындыққа жараспайтындығың атап өтеді [26, с.276-277].

В.А. Каллаур Иркут (Теріс) өзені бойында орналасқан «көне бекет» В.В. Бартольд сипаттап жазған Бурный (М. Момышұлы) ауылынан 3 верст жерде орналасқан үш шағын қалашықта немесе олардан жақын жерде орналасуы мүмкін дейді. Алайда, көне бекет өзеннің оң жағында орналасқан. Себебі, Ибн Хордадбех бойынша өзеннің арғы бетіне өтіп, Меркеге қарай жол жүрген және Ибн Хордадбехтің осы мәліметіне қарай, осы жерден жол екіге бөлінеді деп жазады [232, с.52]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур көне Шауғар (Н.Ф. Петровский бойынша Есавагер) Күйік станциясының маңайында немесе В.В. Бартольд сипаттап жазған Әбдурахман құландыларында немесе олардан солтүстікте орналасқан Әулиебастау төрткүлінде орналасуы мүмкін деген пікір айтып, бұл жазба деректерінде Есавагер Иркут (Теріс) өзенінен 3 фарсах (19 верст) арақашықта орналасқан дегеніне тура келеді деп жазады [232, с.53].

М.У. Турадилов В.А. Каллаур Әбдурахман құландыларын көріп шыққан соң олар көне құрылысқа жатпайды деген пікірін алға тартып, В.А. Каллаур Шауғарды Әулиебастаумен баламалауды жөн көрді деп тұжырымдайды [26, с.277-278.].

Ортағасырлық жазба деректерде Шауғардан кейін Джувикент орналасқандығы жазылған. Көне Джункет (В.В. Бартольд бойынша Джувикат) В.А. Каллаурдың пікірінше Боктөбеге (Бектөбе) сәйкес келеді [26, с. 272]. Бектөбе Аса өзенінің оң жағында, өзеннен 1 верст, Головочевка (Айша бибі) ауылынан бірнеше верст төмен жерде орналасқан. В.А. Каллаур Бектөбе – үлкен төбе, Аса өзеніне қарай созылып жатқан топырақтан үйілген жалы бар деп, сипаттап жазады [232, с.53].

В.А. Каллаур ашқан Бектөбе ескерткіші жайлы мәліметтерді АКК реестрде және ҚР ТМЕЖ ЖО жинағында кездестіреміз. Онда Бектөбе атымен екі қалашық туралы мәлімет берілген, біріншісі – Бектөбе ауылының батыс шетінде [117, с.267-268, №3832; 119, с.138, №171], ал екіншісі – Қаракемер ауылынан 2,5 км оңтүстік-шығыста орналасқан [117, с.262, №3772; 119, с.141, №180] және екі ескерткішті де 1938 жылы А.Н. Бернштам ашып, зерттеген деп жазылған. Бектөбе қалашықтарының орналасу жерлері жөніндегі деректерді В.А. Каллаурдың Бектөбе қалашығының орналасу жері жайлы сипаттамасымен салыстыра отырып, В.А. Каллаур атап өткен Боқтөбе (Бектөбе) қалашығы Бектөбе ауылының батыс шетінде орналасқан – Бектөбе ескерткіші деп санаймыз. Себебі, Бектөбе ауылының маңындағы ескерткіш В.А. Каллаурдың сипаттамасына тура келеді, қалашық ауылдың батысында, Аса өзенінің оң жағында орналасқаны және В.А. Каллаур қалашықтың жалдары өзенге қарай созылып жатқаны, Бектөбе қалашығының сызылған жобасына тура келеді, онда жал мен ор өзенге қарай созылып жатқандағын көреміз [119, с.138, рис.171]. Бектөбенің сипаттамасын саралай отырып, қалашықты алғашқы болып В.А. Каллаур ашқан, ал 1938 жылы А.Н. Бернштам екінші рет қайта ашқан деп есептейміз.

К.М. Байпақов Джувикат туралы былай жазады: «Раскопки в Таласской

долине проливает свет на существование здесь на протяжении VI–XII вв. города Джувиката. Он стоял от Тараза на два фарсаха (14-16 км) к западу. Местонахождение Джувиката установленно точно: это городище Бектобе...» деп, ол В.А. Каллаурдың Бектөбені Джувикатпен баламалауын қолдады [273, с.90].

В.А. Каллаур Высокое (Шақпақбаба) және Грозное (Аманбаево) ауылынан өтетін жол жергілікті тұрғындар арасында Нанджар (Нанжер) атауымен белгілі, Высокое мен Грозное ауылдар аралығындағы жолдың 17-ші верстында Нанджар (Нанжер) төрткүлін, ал 24 верстында жолдың оң жағында, Қосбастау бұлағына қарама-қарсы жерде, биіктігі 3 аршын болып келген екі оба және онан әрі Шетбұлақта Ш. Нарбушин қыстауының жанында, үстінде қызыл тастан жасалынған тас мүсіні бар шағын оба орналасқанын атап өтті. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Грозный (Аманбаево) ауылынан Әулиеатаға барар жолының шығар жерінде Джилитөбе атты бірнеше үлкен обалардың, онан 1 верст жерде Қаратөбе обасы, онан әрі Маймақ бұлағында төрткүлі орналасқанын және онан әрі Қызыл адыр тауындағы Кіші қақпа шатқалынан 7 верст жерде Чон Қаратөрткүл, оның жанында Майтөбе бекінісі орналасқанын жазады [232, с.54].

В.А. Каллаур Нанджар (Нанжер) төрткүлінің орналасу жері жайлы алғашқы болып хабарлаған. Қазіргі кезде Нанжер деп аталатын жерде орналасқан. Ескерткішті ХҚТУ ТАЭ-сы (М. Елеуов) зерттеулерінде кездестіреміз [276, с.92-95]. Онда Нанжер төрткүлдері Қайрат ауылынан 2,3 км оңтүстік-шығыста, бұлақ көздері шығатын жерде, Ақсубұлақ жылғасының сол жағасында, қазіргі зират маңында орналасқандығы жазылған. Нанжер ескерткіштерін 1939 жылы ЖАБ (Г.И. Пацевич) ашқан, оның жоспары мен сипаттамасы Жамбыл облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің Жинағында [277, с.62-63, №107] және ҚР ТМЕЖ ЖО жинақта көрсетілген [119, с.156. №214].

Профессор М.Е. Елеуов: «Жинақта қатар жатқан екі елді мекен бөліп көрсетілмеген, оларды бір ескерткіш ретінде суреттеп жазып, жобасын берген. Біз Нанжер төрткүлдерінің тарихи-топографиялық құрылымын ескере отырып, оларды бір-біріне жақын орналасқан екі ескерткіш ретінде қарастырып, Нанжер 1 және Нанжер 2 төрткүлдері деп көрсеттік», – деп жазады [276, с.92].

В.А. Каллаур атап өткен жол Высокое (Шақпақбаба) ауылы мен Күркіреу өзенінің бойында орналасқан Грозное ауылы арасындағы ескі жол (Нанжер жолы) Бурное (Б. Момышұлы) ауылынан оңтүстікте өткен және В.А. Каллаур Нанжер төрткүлі Высокое (Шақпақбаба) ауылынан шыққан жолдың 17-ші верстында орналасқандығын жазған, яғни 18-19 км. Бұл Бурное (Б. Момышұлы) ауылының тұсына сәйкес келеді. Сонымен қатар, жер атаулары өзгермейтіндігін ескерсек, В.А. Каллаур атап өткен Нанджар (Нанжер) төрткүлі 1939 жылы Г.И. Пацевич қайта ашқан ескерткіш болуы мүмкін.

В.А. Каллаур сонымен бірге, атқарған зерттеулерді саралай отырып, Әулиеата уездінің батыс бөлігінің картасын сызып, онда ортағасырлық жазба деректерінде көрсетілген ескі керуен жолы мен қалаларды және белгілі көне

ескерткіштердің құландыларын белгіледі [232, с.55].

Қорыта келгенде, Әулиеата уездінің тарихи топографиясын зерттеуге В.А. Каллаур сүбелі үлес қосқан үйірменің белсенді мүшесі. Ол, Н.Ф. Петровскийдің және В.В. Бартольдтың еңбектерде келтірілген Ибн Хордадбех, Кудама ибн Джа'фар мен әл Макдиси және т.б. ортағасырлық авторлардың көне керуен жолдары бойында орналасқан қалалар жайлы деректерді және жергілікті тұрғындардан ескі жолдар жайлы жинап алынған мәліметтерді саралай отырып, Әулиеата уездінде ашқан археологиялық ескерткіштермен баламалау мәселесін көтерді. В.А. Каллаур Әулиеата мен Шалдовар аралығындағы керуен жолдың картасын дайындап, осы аралықта орналасқан Құлан қаласын В.В. Бартольд пікіріне қосылып – Тартымен (Луговой), Төменгі Нушджанды (Төменгі Барысхан) – Үлкен қара төрткүлмен, Қасрабасты – Ақыртаспен, Кулшубті (Кеулшөп) – Сұмқайты төрткүлімен, Аспараны – Шалдовармен баламалады. Ал, Джулшубті (Жолшөп) – Құмарық болуы мүмкін деген болжам айтады.

Кеңес дәуірінде атқарылған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде К.М. Байпақов В.А. Каллаурды қолдап, Құланды Луговоймен, Г.И. Пацевич, К.М. Байпақов, М. Елеуов Ақыртасты Касрибаспен, К.М. Байпақов Кулшубті Ақыртөбе төрткүлімен, кейінен Өрнек қалашығымен, К.М. Байпақов Джулшубті Малдыбай төрткүлімен баламалады, ал М. Елеуов Джулшубті Жырлысу не Талдысу шатқалдарына кіре берістен іздеген дұрыс болар деп пайымдайды.

В.А. Каллаур Испиджабтан Шығыс Түркістанға баратын көне керуен жолдың бойынан араб қолжазбаларында аталған көне қалаларды іздестіруді жалғастырып, ол В.В. Бартольдті қолдап, Тамиадж (Тамтадж) – Түлкібасқа сәйкес келеді, ал өзі ашқан Құланауыз төрткүлі – Тазхаджқа (В.В. Бартольд бойынша Абарджадж) сәйкес келеді деп пайымдайды және көне Шауғарды (Есавагер) Әулиебастаумен, Көне Джункетті (В.В. Бартольд бойынша Джувикат) Боктөбемен (Бектөбе) баламалауды ұсынды.

Кейінгі зерттеушілер бұл мәселе бойынша өзге пікір айтады, Г.И. Пацевич Абарджаджды Шақпақата ауылының жанында қалашықпен баламалайды, ал, К.М. Байпақов Шақпақ (Кремневка) қалашығын Барджаджбен (Абарджаджбен) кейінен Момышұлы ауылының жанындағы қалашықпен, Г.И. Пацевич Құланауыз төрткүлін Тамтаджбен баламалады.

В.А. Каллаур ортағасырлық жазба деректеріне сүйне отырып, Әулиеата уездінен өткен көне керуен жолы Тамтаджда Меркеге барғандығын алға тартып, Испиджабтан Таразға барар жол – Теріс өзені жазығында екіге бөлінгенін жазып, оның бірі – Түлкібастан (Тамтадж) Құланауыз шатқалы арқылы Құланауыз төркүліне (Абарджадж), онан әрі Теріс өзені бойымен өтіп, Бурный (М. Момышұлы) ауылынан 3 верст жерде орналасқан «көне бекет» арқылы, онан әрі Күйік асуынан өтіп, Әулиебастау (Шауғар) мен Бектөбе (Джувикат) қалашықтары арқылы Тараздың оңтүстігінен өтіп, онан әрі Үлкен қара төрткүл (Төменгі Барысхан), Ақыртас (Қасрибас), Сұмқайты (Кулшуб), Тарты (Құлан) арқылы Меркеге барған. Ал, екінші тармағы – Нанжер жолымен Высокое (Шақпақбаба) мен Грозное (Аманбаево) ауылдары аралығындағы жол,

Күркіреу өзені бойында орналасқан Ақтөбе құландысы жанынан өтіп, Талас өзенінің тауаралық жазығында орналасқан көне қалаларға барған. Осы жолдан Талас өзенінің жоғарғы ағысына соқпай, Таразға барар жол бөлінген, ол Қызыладыр тауының Жолқұлат шатқалы арқылы өткен.

В.А. Каллаур жазба деректерге сүйене отырып, ұсынған көне керуен жолының маршрутын кейінірек Г.И. Пацевич те қолдады. Алайда Г.И. Пацевич маршрут бойына Шақпақ қаласын қосып, оны ортағасырлық Абарджаджбен баламалады. Сонымен қатар, көне керуен жолы өткен маршрут туралы тағы бір пікір бар. Оны белгілі ғалым К.М. Байпақов ұсынған. Ол Г.И. Пацевичтің Шарабтан Терістегі көне бекетке дейінгі аралықтағы қалалар жайлы ұсынған баламалауын қолдады. Бірақ, Терістен Таразға дейінгі маршрут бойынша өзге пікір айтады. Ал, М.У. Турадилов В.А. Каллаурдың керуен жолдардың бағыттары және оның бойында орналасқан қалалардың баламалауы үлкен дәлдікпен жасалынып, күнімізге дейін маңыздылығын жоғалтпаған деп тұжырымдайды.

К.М. Байпақов жазба деректерде көрсетілген керуен жолы Бурный (М. Момышұлы) ауылынан Күйік асуы арқылы емес, Аса өзені бойымен өтіп Джувикатқа барған деп пайымдайды [86, с.29-30]. Ал, М.Е. Елеуов Испибджаб-Тараз аралығындағы керуен жол туралы: «Зерттеушілер аттары осы жазба деректе аталған қалалардың баламалануы туралы әртүрлі пікірде, дегенмен, олар Түрік жолының Испиджаб-Тараз аралығында Төрткүлтөбе, Азаттық, Құланауыз төрткүлі, Шақпақ, Бурнооктябрь, Бектөбе қалалары арқылы Таразға өткеніне шек келтірмейді. Қаратауда XX ғ. 90-жылдарында, 2002-2004 және 2006 ж. жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Түрік жолының Испибджаб-Тараз аралығындағы Күйік, Маймақ бағыттары, Хан өткелі тармағы, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай Қаратау арқылы өткен Көсегенің көкжоны... қатысты жаңа деректерге қол жетті» деп тұжырымдайды [278, 4-б.]. М.Е. Елеуов бойынша Күйік бағыты Қобалбұлақ, Машат өткеліндегі елді мекен, Төрткүлтөбе, Азаттық қалалары, Қызыл бел, Құлан асулары, Құланауыз, Адыраспан төрткүлдері, Бурнооктябрь қаласы, Күйік асуы, Бектөбе қаласы арқылы Таразға өткен. Осы бағыттың бір тармағы Қобалбұлақ, Қарабұлақтағы елді мекендер, Мақталы, Керейт қалалары арқылы өтіп Балықты өзеніне жеткенде, Төрткүлтөбе қаласы арқылы өткен негізгі бағытқа қосылған. Осы жолдың ортағасырлық Азаттық қаласынан шығысқа қарай жүрген Маймақ бағыты Шақпақбаба қаласы мен төрткүлі, Күлтөбе, Нанжер төрткүлдері, Мыңбұлақ, Ұзынбұлақ, Көкбұлақ төрткүлдері, Ақтөбе қаласы, Қасқыртөбе елді мекені, Маймақ шатқалы арқылы, Қаратау, Күзембайтөбе, Жуантөбе елді мекендері арқылы өтіп Таразға жеткен (сурет Л.2).

В.А. Каллаур ұсынған Тараздан Меркеге барар керуен жолын кейінгі зерттеушілер қолдады. Бірақ В.А. Каллаур Тараздан кейін бірінші елді мекен Төменгі Барысхан қаласын Үшбұлақ пошта станциясының жанындағы Үлкен қара төрткүлмен баламалаған, ал кейінгі зерттеушілер Төменгі Барысханды Талас станциясының жанындағы Төрткүлтөбемен баламалады.

В.А. Каллаур жүргізген зерттеулер барысында керуен жол туралы ұсынылған тұжырымдарды кейінгі зерттеушілер қолдай отырып, жинақталған жаңа деректер негізінде осы жерде Түркі жолының бірнеше тармақтары болғандығын дәлелдеді.

3.1.2 Перовск уездінің тарихи топографиясы

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері Перовск уездінде орналасқан көне ескерткіштерді зерттеуге үлкен мән беріп, оның тарихи топографиясына кеңінен тоқталды. Солардың бірі 1898-1901 жылдар аралығында Перовск уезді басшысы қызметін атқарған В.А. Каллаур болды.

В.А. Каллаур осы өңірде орналасқан тарихи ескерткіштерді зерттеуге белсене кірісіп, XIX ғ. соңына дейінгі Сырдария бойында орналасқан көне қалашықтар туралы басылымдарда жарық көрген деректерді жинақтап, оларды саралай отырып, ортағасырлық жазба деректерінде кездесетін қалалармен баламалау мәселесіне үлкен назар аударды [279, с. 187-191].

В.А. Каллаурдың Перовск уездінде атқарған ізденістерін жан-жақты Б.В. Лунин [27, с. 115-116], М.У. Турадилов [22, с.50-58] қарастырды. В.А. Каллаурдан кейін осы өңірдің ортағасырлық қалаларды баламалау мәселесін Г.И. Пацевич, К.М. Байпақов, С.П. Толстов және т.б. талдаған болатын.

1899 жылдың 12 маусымында В.А. Каллаур Скобелево селосынан 18 верст шығыста, Сунақата керуен жолының бойында орналасқан Сунақата қалашығында болып, оның топографиясын зерттейді. В.А. Каллаур қалашық ілгеріде Төменарық арқылы суландырылғанын, оның айналасында орналасқан көптеген арықтар бұл жерде егіншіліктің дамығанын көрсетеді деп пайымдайды. В.А. Каллаур өлкетанушылар Н. Лыкошин мен Е.Т. Смирновтың пікірлерін қоштап, Сунақата қалашығын ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалайды [253, с.11].

Сығанақ қалашығы Сунақата ауылынан 1,5 км солтүстік-батыста, Түркістан-Қызылорда тас жолының оң жағында орналасқан. Қалашықты 1867 жылы П.И. Лерх ашқан. 1899 ж. В.А. Каллаур қалашықты сипаттап жазып, оның жобасын түсіреді. 1907 ж. И.А. Кастанье, 1927 ж. А.Ю. Якубовский, 1947 ж. ОҚАЭ-сы (А.Н. Бернштам), 1970 ж. ОАЭ-сы (К.А. Ақышев) қайта зерттеп, 2003-2020 жж. аралығында ХҚТУ САЭ-сы (С.Ж. Жолдасбаев), 2021-2022 жж. САЭ (Б.С. Сиздиков) тұрақты қазба жұмыстарын жүргізді.

1927 жылы Материалдық мәдениет тарихы академиясының қызметкері А.Ю. Якубовский мен Табиғат және көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі комитеттің төрағасы Б.П. Тризна, Шымкент облыстық музейінің меңгерушісі И.К. Шпота Сығанақ қалашығында болып топографиясын зерттеп, төбе үстінде бояулы және бояусыз ыдыстар сынықтары кездесетінін атап, оларды XVI–XVII ғғ. мерзімдейді [4, с.123-159].

1947 ж. ОҚАЭ-сы (А.Н. Бернштам) Сығанақ қаласында зерттеу жүргізіп, оның жобасын қайта түсіреді (сурет М.1, қосымша М). Қалашық жобасында бесбұрышты тәрізді болып келген, көлемдері: солтүстік жағы – 275 м, солтүстік-батыс жағы – 175 м, оңтүстік-батыс жағы – 190 м, оңтүстік жағы –

175 м және оңтүстік-шығыс жағы – 320 м. Қалашықты айналдыра жал қоршаған, онда 15 мұнара құландыларының іздері байқалады, жалдың биіктігі 6-7 м, ал мұнаралар құландыларының биіктігі 1,5 м. Қалашықтың ішкі алаңының биіктігі 4-5 м. Шахристанның үш жағында (солтүстік, батыс және оңтүстік) рабад орналасқан. Рабад шахристан алаңымен бірге жобасында бесбұрышты, солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған көлемдері: солтүстік жағы – 250 м, батыс жағы – 650 м, оңтүстік жағы – 250 м, оңтүстік-шығыс, шығыс жағы – 450 м, шығыс, солтүстік-шығыс жағы - 350 м. Рабадты қоршаған жалдың биіктігі 0,5-1 м, ені 3-4 м [85, с.96-97; 117, с.228, №3342].

2003-2008 жылдар аралығында ХҚТУ САЭ-сы (С.Ж. Жолдасбаев) қалашықтың шахристаны мен рабадында қазба жұмыстарын (қазба №1-4) жүргізіп, мешіт, кесене құрылыстарының құландыларын ашып, қалашықтың аэрофотосы түсірілді (сурет М.2) [280; 281]. Ал, 2009-2013 жж. аралығында САЭ-сы Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында [282], 2014 жылдан бастап Қызылорда облыстық «Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы аясында [78] және 2021 ж. бастап «BR10965310 «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» атты ғылыми бағдарлама аясында ортағасырлық Сығанақ қаласында қазба жұмыстарын жалғастыруда [283; 284]. Қазба барысында №5-24 қазбалар Сығанақ қалашығының цитадель, шахристан мен рабад бөліктерінде салынды.

Кейінгі зерттеушілер А.Н. Бернштам, Г.И. Пацевич және К.М. Байпақов В.А. Каллаурдың баламалауын қолдап, К.М. Байпақов Сығанақтың типологиясына қарай, оны Оңтүстік Қазақстанда орналасқан қалалар бойынша көлемі жағынан бірінші типіне жатқызады [274, с.31].

В.А. Каллаур ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып, Жошы хан Сығанақты жаулап алған соң Өзгентке, онан соң Бархалыгкентке, Ашнасқа және Жентке қарай бет алғанын алға тартып, ортағасырлық Бархалыгкент Өзгенттен төмен, Ашнасқа барар жолда орналасуы тиіс деп пайымдайды. В.А. Каллаур В.В. Бартольдтің «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» атты еңбегіндегі Бархалыгкенттің «Барчинлыгкент» деп аталатынына сүйеніп, Өзгент пен Сырлытам арасында және онан әрі қарай ағатын өзен (ескі арна) ілгеріде Баршындария деп аталғанын алға тартып, бұл өзен де Барчиндария деп оқылуы мүмкін екендігін айтып, ортағасырлық Барчинлыгкент Барчиндарияда орналасқан болуы мүмкін дейді. В.А. Каллаур жоғарыда аталған мәліметтерге сүйене отырып, ортағасырлық Барчинлыгкент Төбесі ойық қалашығы болуы мүмкін деген жорамал айтады [260, с.76-77].

К.М. Байпақов ортағасырлық Баршынлыққент (Барчкент) қаласы Сырдарияның сол жағында, Жент қаласының маңында орналасқандығын атап, оны Қызылорда қаласынан 25 км оңтүстік-батыста орналасқан Қызқаламен баламалауға болады деген пікір айтты [275, 264 б.].

1899 жылдың 12 тамызында В.А. Каллаур Сырдарияның сол жағасындағы Ақарықтың төменгі жағында, Бірқазан станциясынан 25 верст жерде, Асанасөзектің бойында орналасқан Асанас қалашығында болып, оны

сипаттап жазады. В.А. Каллаур Асанас қалашығының топографиясын зерттей отырып, оны ортағасырлық Ашнас қаласымен баламалайды [253, с.14-15].

Асанас қалашығы да Кеңес дәуірінде қайта зерттелді. Қалашық Қызылорда қаласынан 48 км оңтүстік-шығыста, Айдарлы ауылынан 8 км оңтүстік-батыста орналасқан. 1960-1961 жж. ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов) Асанас қаласын қайта зерттеп, ол В.В. Бартольд пен А.Н. Бернштамның Сырдария даласындағы сауда жолының бойындағы қалаларды, соғды саудагерлері салған деген пікір жаңсақ дей келіп, былай жазады: «Вопреки этому мнению итоги нашего обследования свидетельствуют, что Асанас был городом, построенным теми же местными присырдарьинскими полуоседлыми племенами, которые воздвигали в раннем средневековье своеобразные укрепленные торгово-ремесленные города в бассейне Инкар-Дарьи. Это подтверждают и характерная планировка городища, и многие черты фортификации, в особенности же подъемный керамический материал» [63, с.282]. 1968 жылы ХАЭЭ-ның археологиялық тобы (Н.Н. Вактурская) Асанас қалашығының цитаделінен 75-80 м батыста және 20-25 м солтүстік-батыста екі стратиграфиялық кесік салады. Көлемі 3х4 м, тереңдігі 1,9 м келетін бірінші кесік, екі құрылыс қабатын ашып, онан шыққан керамика кешенін XII–XIV ғғ. мерзімдейді. Ал, екінші кесікте бес құрылыс қабаттары ашылып, төртінші және бесінші қабаттардан шыққан ыдыстар VII–IX ғғ. мерзімделіп, Н.Н. Вактурская Асанас қаласы «батпақтағы қалалармен» қатар өмір сүрген қала, онда өмір XV ғ. дейін жалғасқан деп пайымдайды [64, с.132].

1989 жылы Қызылорда педагогикалық институты Тарих факультеті мен Қазақ КСР ҒА ТАЭИ-ның археология бөлімінің археологиялық барлау экспедициясының тобымен (П. Қаратаев) бірлескен экспедициясы Асанас қаласының шахристанында қазба жұмыстарын жүргізіп, екі мұнара құландылары және шахристан сыртында қыш күйдіретін пеш пен белгісіз мазар орнын ашты. Ал, 2002 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті экспедициясы (Т. Мәми) Асанас қаласын қайта зерттеп, өлшемдерін алады. Қала аумағы 450х400 м, шахристан айналдыра қамалмен қоршалған, оның орташа биіктігі 3 м, ені 5 м. Цитадель көлемі 40х35 м, биіктігі 4 м. Қалаға кіретін қақпалар солтүстік, оңтүстік және батыс жағында болған [266, с.65-66]. Т. Мәми Асанастың шахристанында екі (бесінші және алтыншы қазба) стратиграфиялық кесік салып, шыққан барлық жәдігерлерді сараптай келіп, қала өмірін төрт кезеңге бөледі, олар: 1. Жетіасар мәдениеті. Қаңлы мемлекеті дәуірі (б.з.б. VII – б.з. VII ғ.); 2. Батпақтағы қалалар мәдениеті. Оғыз мемлекеті дәуірі (VIII–X ғғ); 3. Түркілер мәдениеті. Қарахан, Қыпшақ, Хорезм мемлекеттері дәуірі (XI–XIII ғғ.) және 4. Алтын орда мәдениеті. Моңғолдар билеген дәуір (XIII–XV ғғ.) [285, с.68].

К.М. Байпақов Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірлерінде орналасқан ортағасырлық қалалардың типологиясына қарай (Деректердің Интерактивтік өзі құрастырушы талдау әдісі негізінде) Оңтүстік Қазақстанда орналасқан қалашықтарды үш класқа бөледі. Осы әдіс негізінде Асанас қаласын топографиясына қарай екінші класс типіне жатқызады [274, с.31], ал С.П.

Толстов: «Развалины Асанаса уже давно отождествлены исследователями, в том числе и В.В. Бартольдом, со средневековым городом Ашнас (или Эснаш), который, по свидетельству Джувейни, был захвачен в 1219 г...» дей келе, В.В. Бартольд пен В.А. Каллаурдың пікіріне қосылады [63, с.282].

Соңғы жылдардағы зерттеулер Асанас қалашығы өмір сүрген уақытын толық анықтады, алайда Асанас қалашығы белгісіз себептермен 1960 жылы жарық көрген «Археологическая карта Казахстана» атты реестрге және 2007 жылы шыққан ҚР ТМЕЖ ҚО жинағына енбеген.

Асанас қалашығында 2020 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Жанкент археологиялық экспедициясы (Ә.Ә. Тәжекеев) қазба жұмыстарын жүргізіп, Асанас қалашығының орталық бөлігінде екі қазба және батыс бөлігінде бір қазба салады [286, 142-151 бб.]. Қазба жұмыстарының нәтижесінде ескерткіштің XIV ғасырға дейін өмір сүргендігін және архитектуралық тұрғыдан қала жоспарының әрдайым өзгеріп отырғанын айтуға болады. Шахристандағы үй-жайда жүргізілген қазба жұмыстары (№2 қазба) нәтижесінде, оның жоғарғы екі құрылыс кезеңі анықталды.

Осы сапарында В.А. Каллаур Сырдарияның сол жағында Перовск қаласынан 25-30 верст қашықтықта, Тұмарөткел деп аталатын жерде орналасқан Қышқала қаласында болып, оны сипаттап жазып, жобасын түсіреді. В.А. Каллаур Қышқаланың орналасу жеріне қарай ортағасырлық Жент қаласымен баламалайды [253, с.16]. 1946 жылы С.П. Толстов басқарған ХАЭЭ-сы Қызылорда қаласынан 115 км жерде, Жаңадария өзенінің оң жағасында орналасқан Жанқала қалашығын зерттеп, оның жазба деректерде кездесетін ортағасырлық Жент қаласы екенін анықтайды [117, с.225, №3309; 63, с.60-61].

В.А. Каллаур 1899 жылы ашқан Қыштөбе (Қышқала) қалашығы [287, с.85-86] Қызылорда қаласынан 30 км оңтүстікте орналасқан. АКК атты реестрде №3318 нөмірмен енген «Қызқала құрылыс құландылары» және №3321 – «Тұмарөткел құрылыс құландылары» атты мақалаларда Қызқала Қызылорда қаласынан 25 км оңтүстік-шығыста, ал Тұмарөткел – Қызылорда қаласынан 30 км оңтүстікте орналасқандығы жазылған. Екі ескерткіштің орналасу жері мен берілген қысқаша сипаттамаларын саралай отырып, В.А. Каллаур ашқан Қыштөбе ескерткіші Тұмарөткел құрылыс құландыларына сәйкес келеді деп пайымдаймыз.

1903 жылдың 17 желтоқсанында өткен үйірме отырысында В.А. Каллаурдың «Древние города и селения (развалины) в Перовском уезде в долине р.р. Сыр-Дарьи и Яны-дарьи» атты баяндамасы тыңдалып, уезд жерінде орналасқан ескерткіштерді жазба деректердегі қалалармен баламалау мәселесіне кеңінен тоқталады. Ол Сырдарияның төменгі ағысы бойында орналасқан Сығанақ, Ашнас, Жент, Өзгент, Бархалыгент және Жанкент қалашықтары туралы баяндама жасағанын атап, сонымен қатар аталған қалалардан басқа В.В. Бартольдтің «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» атты еңбегінде, Сырдарияның төменгі ағысы бойында моңғол шапқыншылығына дейін басқа да қалалардың болғандығын айтады [288, с.234-

235]. Олардың қатарында әл Макдиси бойынша Сауранның арғы жағында: 1) Тұрар қаласы, оның аймағында Зерах елді мекені, бір аймақта орналасқандықтан, бұл қала Тұрар-Зерах деп аталған; 2) бай әрі бекінісі мықты Шагильджан қаласы; 3) шағын Баладж қаласы; 4) үлкен Берукет қаласы; 5) Яныкент пен Жент жанында – Хувара қаласы; 6) Жент қаласынан 20 фарсах жерде, Сырдарияның бойында орналасқан Сагдере; 7) Жентке жақын жерде орналасқан Хайрабад қаласы; 8) Барчынлыгкент аймағындағы ірі елді мекендердің бірі Рабат-туганин.

В.А. Каллаур Рабат-туганин елді мекені ортағасырлық Рабатат елді мекені болуы мүмкін деген пікір айтты [289, с.59-69].

В.А. Каллаур Перовск уездінде орналасқан қазіргі атауымен белгілі қалашықтардың жоғарыда аталған қалалармен байланысы бар-жоғын анықтау мақсатында іздестіру жұмыстарын жүргізеді. Ол ең алдымен өзі зерттеген, көріп шыққан қалаларының тізімін келтіреді:

- Сырдарияның сол жағында: Қаратөбе, Раздыата, Құмиян, Мейрам, Аққорған, Абызтөбе (Құтлыкент), Балапантөбе, Алғыр-салғыр, Молда қорған;
- Сырдарияның оң жағында: Ордакент, Ақтөбе, Қызылқала, Бестам, Көпрабат;
- Қызылқұмда: Сырлы там;
- Жаңадарияда: Жанкала, Құмқала, Чавек-қала, Ширик-қала (Шірік-қала).

Олардың ішіндегі Жанқала мен Құмқала Романовский мен Мушкетовтың геологиялық картасында көрсетілген. Ал, Чавек-қала, Ширик-қала (Шірік-қала) көрсетілмеген. Сонымен бірге, бұл картада Жаңадария бойында бір-біріне жақын арақашықтықта орналасқан Бұзық-қала мен Ширик рабат (Шірікрабат), олардан төмен Қарақалпақ бекінісі және Сырдарияның сол жағында, Сарышығанақ станциясынан 30 верст қашықтықта орналасқан Шахрабад көрсетілген. В.А. Каллаур Чавек-қаланы Бұзық-қаламен немесе Шірікрабатпен, ал Шірік-қаланы Қарақалпақ бекінісімен баламалауға болады деген пікір айтады [289, с.60].

Сонымен бірге, В.А. Каллаур жергілікті тұрғындардан жиып алынған мәліметтерге сүйене отырып, келесі қалашықтардың қай жерде орналасқанын және оларға қысқаша сипаттамасын береді:

- Шиелі арықтың ескі арнасы бойында: 1) Қызылқала - жергілікті тұрғын А. Ниязовтың айтуынша, бұл төбенің тағы бір аты бар – Шегедек қорған; 2) Қараүйік ақтөбесі – ескі бекініс, Жүлектен 10 верст жерде, Жүлек-Скобелево жолынан 3 верст жерде орналасқан; 3) Окше ата (Оқшы ата) қалашығы – Жүлектен 7 верст жерде орналасқан, онда Оқшы ата мазары (кесенесі) бар;
- Сырдарияның сол жағында: Келінтөбе – Келінтөбе арығы бойында орналасқан;
- Сырдарияның оң жағында: 1) Шорнақ – Саураннан 13 верст, Сырдарияға қарай барар жолдан 2 верст жерде орналасқан; 2) Сидақата – Қосмезгіл ауылына қарама-қарсы жерде, Сырдарияға барар жолдан 1,5 верст жерде орналасқан; 3) Көпрабат – Жүлек ауылынан 40 верст солтүстікте орналасқан.

В.А. Каллаурдың тапсырмасымен, Көпрабатты жергілікті қызметкер Губанов көріп шығып, оның жобасын түсіреді. Губановтың айтуынша Көпрабат Сарышығанақ станциясынан 40 верст солтүстікте, Құмкөл көлінен 80 верст жерде орналасқан. Бүкіл «рабаттар» бұзылып, тек құландылары қалған. Оның шығысындағы рабат – «Мұртық-рабат» деп аталады. Онан 1,5 верст батыста орналасқан рабат – Қосрабат, онан 1 верст батыста мұнара құландысы, онан 1 верст батыста тағы бір рабат құландысы орналасқандығын жазады [289, с.62]. В.А. Каллаур Қуаңдарияның бастауы болған Ширкейлі өзенінің сол жағасында Қосасар құландылары барын атап, ол Перовск қаласынан 35 верст жерде, Далакөлдің шығысында орналасқанын жазып, оның сипаттамасын берді. Қосасар бір-бірінен 200 сажень ара қашықтықта орналасқан қос төбе, жобасында төртбұрышты болып келген, әр қайсысының айналдыра ұзындығы 1000 қадамға жуық [289, с.63].

В.А. Каллаур жоғарыда аталған қалашықтар мен елді мекендер жайлы деректерді сараптай отырып, олардың кейбірін В.В. Бартольд келтірілген жазба деректеріндегі ортағасырлық қалалармен баламалайды.

В.А. Каллаур Көпрабат пен Рабататтың орналасуы мен олардың сипаттамасына сүйене отырып, бір-бірімен баламалайды [289, с.63]. Осы пікірін дәйектеу үшін ол Рабататты Барчынлыгкент аймағындағы Рабат-туганинмен баламалау күмәнді. Себебі, егер менің Барчынлыгкентті (Бархалыгкент) Төбесі ойықпен (Қасыматамен) баламалауым дұрыс деп санасақ, менің Сырдарияның оң жағындағы, Жүлектен 40 верст солтүстікте орналасқан Копрабатты Рабататпен баламалағанымды ескерсек, Рабататтың Барчынлыгкент аймағында орналасуы мүмкін емес. Себебі, Төбесі ойық Сырдарияның сол жағында орналасқан деп пайымдайды. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Рабат-туганин картада Төбесі ойық (Барчынлыгкент) пен Асанас (Ашанас) ортасында орналасқан етіп көрсетілгендіктен, ол Шахрабат болуы мүмкін деп пайымдайды [289, с.64].

В.А. Каллаурдың бұл мақаласында бір-біріне қайшы келетін пікір бар, бастапқыда ол Барчынлыгкент аймағындағы ірі елді мекендердің бірі Рабат-туганин орналасқан. Ол ортағасырлық Рабатат елді мекені болуы мүмкін деген пікір айтты [289, с.59]. Бірақ осы мақаласында бұл баламалау күмәнді деп, алғашқы баламалауынан бас тартып, Рабат-туганинді Шахрабатпен баламалайды.

В.А. Каллаур, В.В. Бартольдтің еңбегінде Тұрар-Зерах туралы тек Сауранның арғы жағында орналасқанын айтқанын, Саураннан оңтүстікте ме, батысында ма ол туралы мәліметтің жоқ екенін ескере келіп, ол Тұрар-Зерахты Сырдарияның оң жағында орналасқан болса, Шорнақ пен Сидақ төбелерімен, ал Сырдарияның сол жағында болса, Аққорған мен Келінтөбе болуы мүмкін деп жорамалдайды. Ал, Шагильджан, Баладж және Берукет (Барукет) қалаларын В.А. Каллаур деректерде келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, олардың суландыру жүйесі дамыған көне мәдениет құландыларының ортасында орналасқанын және олардың Сауранның арғы жағында орналасқанын ескере отырып, оларды Мейрамтөбе, Құмиян, Алғыр-салғыр

немесе Молдатөбе болуы мүмкін деген пікір айтты [289, с.64].

Кейінгі зерттеушілер ортағасырлық Шагильджанды Шаға І қаласымен, Баладжды Бабаатамен, ал Берукетті Тамды қаласымен баламалайды [66, с.87,91-92; 68, 172-б.; 290, с.312, 234]. Ал, Сидак пен Шорнақ төбелерді 1947 ж. ОҚАЭ-сы (А.Н. Бернштам), 50-шы жылдары Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич, 1966 жылы ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов) зерттеп, Г.И. Пацевич пен Е.И. Агеева Шорнақтөбені ортағасырлық Қарнақпен, ал, әл Макдиси атап өткен Тұрарды Сауран маңындағы Міртөбемен баламалайды [85, с.102, 105]. Ал, К.А. Ақышев, К.М. Байпақов және Л.Б. Ерзакович әл Макдиси атап өткен Тұрар жайлы: «Если согласиться с тождеством Турар-Отрар, тогда селение Зерах, видимо, должно соответствовать селению Зернук...» деп тұжырымдайды [65, с.28].

В.А. Каллаур жазба деректерде ортағасырлық Хувара Яныкенттен жақын жерде, ал Хайрабад қаласы Жент аймағында орналасқанын атап, бұлардың нақты орналасқан жерін анықтау үшін, біріншіден, Яныкент пен Женттің орналасқан жерін анықтау керек деп пайымдайды. В.А. Каллаур, бұрынырақ Жент қаласын Қышқаламен баламалаған болатын, ал Яныкент Жент қаласына жақын жерде орналасуы мүмкін деп жазады.

В.А. Каллаур В.В. Бартольд пен П.И. Лерхтің келтірген жазба деректерін салыстыра отырып, Яныкент атауымен белгілі екі қала болған деген тұжырымға келеді [289, с.64-66]. Оның бірі П.И. Лерх жазған Сырдарияның төменгі ағысындағы, ал екіншісі Сырдарияның оңтүстігінде Жаңадария бойындағы. В.А. Каллаур Жаңадария бойында орналасқан Жанқаланы Яныкентпен баламалап, Жентке ең жақын төбелер Сырлытам 45 верстте, Құмқала – 70 верстте орналасқан, ал Жанқаладан Сырлытам 30 верстте, Құмқала 25 верст жерде орналасқанын алға тартып, Құмқала мен Сырлытамды ортағасырлық Хувара мен Хайрабадпен баламалауға болады деп пайымдайды [289, с.68].

1899 ж. В.А. Каллаур хабарлаған [291, с.56] Сырлытам (Сырлытамқала) қалашығы Қызылорда қаласынан 70 км оңтүстік-батыста, Інкәрдарияның солтүстік және оңтүстік ескі арналарының ортасында орналасқан. 1960 ж. ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов) екінші рет ашып, қайта зерттейді. Қалашық жобасында шеңбер тәрізді, аумағы 250 м жуық. Оның солтүстік бөлігінде жобасында төртбұрышты келген цитадель орналасқан, оның көлемі 70х70 м. Цитадель қақпасы оңтүстік қабырғасында орналасқан. Қалашықты айналдыра қоршаған жалдың биіктігі 3 м, онда 26 мұнара іздері бар. Қалаға кіретін қақпа оңтүстік-батыс қабырғасында орналасқан. Қалашықтың солтүстігінде қамалмен қоршалған рабад орналасқан. Қалашық Х–ХІІІ ғғ. мерзімделеді [63, с.278-281].

Сырлытам қалашығы ҚР ТМЕЖ ҚО жинағына №24 нөмірмен енген [292, с.318].

Ал, Құмқала ІІ қалашығы Қызылорда қаласынан 110 км батыста, Аққолқа ауылынан 15 км оңтүстік-батыста орналасқан. В.А. Каллаур орналасқан жерін атап өткен бұл қалашықты 1946-1948 жж. ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов), 1952 ж. Н.Н. Вактурская мен М.Г. Воробьева, 1995 ж. Т.Мәми қайта зерттеген.

Құмқала ІІ қалашығында жүргізілген зерттеулер барысында төбе үстінен

жиналып алынған ыдыс сынықтарын сараптай келіп, С.П. Толстов қалашықты XII–XIII ғғ. мерзімдейді [63, с.284-286]. Ал, Т. Мәми 1995 жылы Құмқала II қалашығында жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында табылған ыдыс сынықтары мен темірден жасалған бұйымдарды XII–XVII ғғ. мерзімдейді [285, с.72-73].

Құмқала II қалашығы АКК реестрге №3311 нөмірмен енген [117, с.225], ал ҚР ТМЕЖ ҚО жинағына белгісіз себептермен енбей қалған.

В.А. Каллаурдың Жентті Қышқаламен және Жанқаланы Яныкентпен баламалауы қате екенін ескерсек, жоғарыда айтылған пікірлер жаңсақ болып табылады. Сонымен қатар, В.А. Каллаурдың жазба деректеріндегі Сырдарияның бойында, Женттен 20 верст жерде орналасқан Сагдере, Қармақшы бекінісінен 25 верст жерде, Сырдарияның сол жағасында орналасқан Төрткүл болуы мүмкін деп жазады [289, с.68].

1904 жылдың 12 қарашасында өткен үйірме отырысында В.А. Каллаурдың «Развалины древних крепостей по р. Яны-Дарье» атты баяндамасы тыңдалып, онда В.А. Каллаур И. Беляевтің «Поперек Кызыл-Кумской пустыни» атты мақаласында Оренбай мен Шерик-рабат бекіністері туралы жазылғанын алға тартып, үйірме мүшелеріне осы мақаладан үзінді келтіреді [291, с.56-57].

И. Беляев Шерикрабат жайлы былай жазады: «У колодца Шерик-рабат существует драгоценный археологический памятник, большая крепость» [291, с.58]. Шерикрабат жобасында төртбұрышты, қабырғаларының биіктігі 2 саженьге жуық, ені 1 сажень. Олар айналдыра 10-12 десятин келетін жерді қоршап тұр. Қамал қабырғаларының көп жері жақсы сақталған, тек мұналары ғана бұзылған. Ең ірі мұнаралары оңтүстік жағында орналасып, бекініске кіретін жалғыз қақпаны қорғап тұрған. Оның ішкі жағының орталық бөлігінде қамалмен қоршалған цитаделі орналасқан.

В.А. Каллаур И. Беляевтің келтірген деректеріне сүйене отырып, Оренбай (Орынбай) төбені Қарақалпақ бекінісімен, ал Шерикрабатты Шірікрабат және Шірік қаламен баламалайды [291, с.59]. Бұл жерде бір айта кететін мәселе, В.А. Каллаур алдыңғы мақаласында Чавек-қаланы – Бұзық-қаламен немесе Шірікрабатпен, ал Шірік қаланы – Қарақалпақ бекінісімен баламалауға болады,-деген пікір айтқан болатын [291, с.60].

В.А. Каллаур Шерик, Чирк, Чирик және Черык атауларының айырмашылығы тек әр түрлі аталғанында, негізінде бұл бір атау дейді. Ал оларға қосылған «рабат» немесе «қала» қосымшалары жергілікті тұрғындардың берген атаулары деп, олардың бірі орталық бөлігінде орналасқан бекініске көңіл бөліп, оны «рабат» десе, ал басқалары көне бекініспен, оны айналдыра орналасқан құрылыс құландыларымен бірге «қала» деп атағандығын атап өтті [291, с.59].

В.А. Каллаурдың жоғарыда келтірілген пікіріне сүйенсек Шірікрабат пен Шірік қала бір ескерткіш екендігін көрсетеді.

Шірікрабат қалашығы Қызылорда қаласынан 300 км батыс, оңтүстік-батыста, Жаңақала ауылынан 90 км оңтүстік-батыста, Жаңадария өзенінің ескі өзегі бойында орналасқан. В.А. Каллаур орналасқан жерін атап, И. Беляев

ашып, сипаттап жазады [279, 191 б.]. Қалашықты 1946-1949 жж. ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов), 2004-2009 жж. ШАЭ-сы (Ж. Құрманқұлов) зерттеді. Қалашықта 1957-1959 жж. С.П. Толстов тұрақты қазба жұмыстарын жүргізіп, оны б.з.б. IV ғ. – б.з. XIII ғ. мерзімдейді [117, с.223]. 2004-2006 жылдар аралығында, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ШАЭ-сы (Ж. Құрманқұлов) қалашықта кең көлемді қазба жұмыстарын жүргізеді (№1-4 қазбалар). Ж. Құрманқұлов қалашықты б.з.б. V-II ғғ. және екінші рет IX-XII ғғ. мекендеген деп тұжырымдайды.

Шірікрабат қалашығы АКК реестріне №3289 [117, с.223] және ҚР ТМЕЖ ҚО жинағына №1 нөмірлермен енген [292, с.198-203].

Орынбай қала (С.П. Толстов бойынша - Қарақалпақ) қалашығы Қызылорда қаласынан 270 км оңтүстік-батыста, Шірікрабат қалашығынан 40,7 км оңтүстік-батыста, Жаңадария өзенінің сол жағында орналасқан. Ескерткішті 1946-1948 жж. ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов), 2005 ж. ШАЭ-сы (Ж. Құрманқұлов) қайта зерттейді.

С.П. Толстов қалашықты XIX ғ. мерзімдейді [117, с.224]. Ал, ШАЭ-сы (Ж. Құрманқұлов) қалашықтың географиялық координаттарын анықтап, суретке түсіреді.

Орынбай қала қалашығы АКК реестріне №3299 [117, с.224] және ҚР ТМЕЖ ҚО жинағына №9 нөмірлермен енген [292, с.225].

Қорыта келгенде, В.А. Каллаур Перовск уездінде аз уақыт қызмет атқарса да осы өңірдің ескерткіштерін жан-жақты зерттеп, оларды ортағасырлық жазба деректерінде кездесетін қалалармен салыстыра отырып, Сунақатаны ортағасырлық Сығанақпен, Төбесі ойықты Барчинлыгкентпен (В.В. Бартольд бойынша Бархалыгкент), Асанасты Ашанаспен, Қышқаланы Жентпен, Чавек-қаланы Бұзық-қаламен немесе Шірікрабатпен, Шірік-қаланы Қарақалпақпен, Көпрабатты Рабататпен, Шахрабатты Рабат-туганинмен, Жанқаланы Яныкентпен, Құмқаланы Хуварамен және Сырлытамды Хайрабадпен баламалайды.

Сонымен қатар, В.А. Каллаур кейінгі зерттеулерінде Чавек-қаланы Бұзық-қаламен немесе Шірікрабатпен, Шірік-қаланы Қарақалпақпен баламалауынан бас тартып, Орынбай төбені Қарақалпақ бекінісімен, ал И. Беляев сипаттап жазған Шерикрабатты Шірікрабат пен Шірік қаламен баламалады.

В.А. Каллаур жазба деректерде кездесетін Тұрар қаласы мен оның маңында орналасқан Зерах елді мекені – Сырдарияның оң жағында орналасқан болса, Шорнақ пен Сидак төбелер, ал Сырдарияның сол жағында болса, Аққорған мен Келінтөбе, ал ортағасырлық Шагильджан, Баладж және Берукет қалаларын ол жазба деректерде келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Мейрамтөбе, Құмиян, Алғыр-салғыр немесе Молдатөбе болуы мүмкін деп тұжырымдайды.

Кеңес дәуірінде Оңтүстік Қазақстанда орналасқан ескерткіштер жаңа әдістер негізінде қайта зерттеліп, осы өңірдің қала мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы жайлы жаңа деректермен толықтырылды. Кейінгі зерттеулер В.А.

Каллаур ұсынған баламалаулардың бір бөлігі қате болғандығын көрсетті, олар Қышқаланы Жентпен, Шірік-қаланы Қарақалпақпен, Жанқаланы Яныкентпен. Сонымен қатар, кейінгі зерттеушілер Баршынлыққентті (Барчкент) Қызқаламен, Шагильджанды Шаға І қаласымен, Баладжды Бабаатамен, ал Берукетті Тамды қаласымен, Г.И. Пацевич пен Е.И. Агеева Шорнақтөбені ортағасырлық Қарнақпен, Тұрарды Сауран маңындағы Міртөбемен, ал К.М. Байпақов және Л.Б. Ерзакович Тұрарды Зернукпен баламалайды.

### 3.2 Сәулет өнері ескерткіштері

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелері Жетісу мен Сырдария облыстарында орналасқан сәулет өнері ескерткіштерін зерттеп, олар жайлы аз болса да құнды деректер қалдырды. Олардың ішінде: Лепсі уездінде Діңгек тас құрылысы, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кесенесі; Жаркент уездінде Ақтам бейіті; Әулиеата уездінде Әулие ата (Қарахан), Айша бибі кесенелері; Шымкент уездінде Қожа Ахмет Ясауи ханакасы; Перовск уездінде Сығанақ қаласындағы ғимараттар құландылары, Көпрабат құрылыстары, Сырлытам кесенесі, Көккесене құрылысы; Қазалы уездінде Сараман қоса, Бегім мұналалары, Адам ата зираты, Қорқыт ата кесенесі.

3.2.1 Жетісу облысы

Н.Н. Пантусов 1898 жылдың 25 маусымында Лепсі уездінің Басқан-Сарқан болысының жерінде орналасқан «Діңгек» атты ескерткіште болып, оны сипаттап жазып, суретін түсіреді. Н.Н. Пантусовтың сипаттамасы бойынша «Діңгек» ескерткіші Абакумов ауылынан 7,5-8 верст оңтүстік-шығыста, Ақсу өзенінен 4 верст қашықтықта, Өтепсаз деп аталатын жерде орналасқан. Тастан салынған ескерткіш жобасында төртбұрышты болып келген. Көлемі 1,5х1,5 сажень, биіктігі 4 сажень (сурет Н.1, қосымша Н). Құрылыстың ішкі жағы сыланған [293, с.16].

Н.Н. Пантусов «Діңгек» ескерткішінде алғаш рет 1890 жылы болған кезінде кесене жақсы сақталған, ал 1898 жылы оны жергілікті халықтың тастарды бұзып алуының салдарынан, оның үштен бір бөлігі ғана қалғанын көрген. Сонымен бірге, генерал-губернатор тарапынан уезд басшысына уезд жерінде орналасқан ескерткіштерді қорғауды және сақтауды қамтамасыз ететін шаралар қарастыруы тапсырылып, болыстық басшыларына ескерту айтылады.

Н.Н. Пантусов осы тас құрылысы туралы деректерді жергілікті халық арасынан сұрастырған. Олардың кейбірі бұл құрылыс қалмақтың ақсүйек әулетінен шыққан қыз баланың бейітінің үстіне салған кесене десе, ал басқалары бұл құрылыстың астында қазына көмілген дейді. Сонымен бірге, жергілікті тұрғындардың бірі, осыдан 35 жыл бұрын қытай шенеуніктері келіп, «Діңгек» кесенесі туралы қайта-қайта сұрастырып, бұл кесене қытай жазбаларында кездесетіндігін және осы жерде орналасқанын атап өткендігін айтып, бірақ, біз қытай шенеуніктерімен заңсыз байланыста болды деген айыптан қорқып, оларға: «Діңгек» туралы естімедік» деп жауап берген [293, с.17].

Н.Н. Пантусов 1898 жылдың 16 шілдесінде Үлкен Аягөз өзенінің оң жағасынан 50 сажень жерде, Қызылқия мен Кіші Аягөз станциялары аралығында орналасқан «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» кесенесінде болып, оны сипаттап жазып, суретке түсіреді (сурет Н.2). Н.Н. Пантусов кесене тастан салынған, көлемі 7х6 аршын, биіктігі 17-18 аршын, ішке кіретін есік орны оңтүстік-батыс жағында орналасқан деп жазады [294, с.20]. Н.Н. Пантусов 1883 жылы «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» кесенесінің айналасында төрт тас мүсіндердің болғандығын жазып, оның бірінде Қозы-Көрпешті, екіншісінде Баян сұлуды, үшіншісінде Баян сұлудың әпкесін, төртіншісінде Баян сұлудың жеңгесін бейнеленген деп жазады [294, с.21].

«Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» кесенесі төңірегінде орналасқан тас мүсіндер туралы Н.Н. Пантусовтан бұрын, 1830-шы жылдары белгілі тарихшы А.И. Левшин [33], 1858 жылы Н.А. Абрамов [295, с. 59-63; 296, с. 247-250], 1870-шы жылдары В. Радлов [297] жазған. А.И. Левшин кесене жанында тұрған, тек үш тас мүсін туралы ғана айтады және жергілікті тұрғындардың айтуынша, оның бірі – Қозы Көрпешті, екіншісі – Баян сұлуды, үшіншісі – олардың қызметшісін бейнелеген деп жазады.

В.В. Радлов та кесене айналасындағы үш тас мүсінді Қозы Көрпеш туралы аңызбен салыстыра келе, ер адамның мүсінін – Қозы Көрпеш және әйел адам мүсіндерінің бірін – Баян сұлу, екіншісін – Баян сұлудың әпкесі деп таниды. Алайда, В.В. Радлов бұл тас мүсіндердің «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» кесенесіне ешқандай қатысы жоқ, кесене құрылысы XVII ғ. не XVIII ғ. жатады, ал тас мүсіндер, бұл құрылыстан мың жыл бұрын жасалған болуы мүмкін деп пайымдайды.

Сонымен қатар, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу туралы аңызды Е. Баранов жазып алып, төртінші жылдың үйірме отырысының хаттамасында жариялайды [298, с.21-48].

И.А. Кастаньенің «Древности киргизских степей и Оренбургского края» атты еңбегінде кесене айналасындағы тас мүсіндердің Е. Баранов түсірген суреттің көшірмесі берілген (сурет Н.3) [191, с.376, 499, XIV кесте, 14-17-суреттер].

Қозы Көрпеш-Баян сұлу кесенесін РМҚМ «Қазқайтажаңғырту» тарапынан қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда мемлекет тарапынан қорғауға алынған (сурет Н.4).

1901 жылдың 19 наурызында өткен үйірме отырысында Н.Н. Пантусов Жаркент уезіндегі Қаракүлдектен (Хоргос өзенінің Іле өзеніне құяр жері) Жаркент қаласына барар жолдың 20-шы шақырымында орналасқан «Ақтам» бейіті жайлы баяндама жасады. Ол баяндамасында ескерткіштің сипаттамасына тоқталып, оның 1900 жылғы сыртқы көрінісін және 1884 жылы К. Пелымский түсірген сыртқы көрінісі мен ішінде орналасқан қабір тасының суретін жариялайды (сурет Н.5 – 1-2) [299, с.7-9]. Сонымен бірге, Ақтам бейіті жайлы екі аңызды келтіреді.

Бірінші аңыз: «Аққентте немесе Чинчаходжида бай қытай полковнигі өмір сүрген. Оның байлығын көптеген ірі қара мал, қой және түйелер құраған.

Олардың саны 5 мыңға жуық болған. Оларға жайылым аз болғандықтан, ол түйелерін шөл далаға жайылуға жібереді. Полковниктің ұлы болмағандықтан, түйелерге қарау үшін жалғыз қызын аттандырады. Көшпенділердің сенімі бойынша, егер түйелер жанында қыз бала болса, онда түйелер тез көбейеді деген ұғым болған. Қыз қызметшілерімен шөлде тұрып, көп ұзамай дүние салып, сол жерге жерленеді. Қыздың тірі кезінде бір әулие кісі оқшауланып, құлшылық рәсімдерін орындау ниетімен шөл далаға шығып кетіп жүреді екен. Ол сол сапарларында қызбен танысып, кейіннен үнемі сұхбаттасып жүрген. Қыз дүние салған соң, сол әулие бірнеше күн бойы нәр татпай, қыз бейітінде дұға оқыған.

Біршама уақыт өткен соң, қыздың әкесі перзентінің бейітінің үстіне ескерткіш (кесене) салуды ұйғарды. Қыз мұсылман дінінде болмаса да жасаған жақсылық игі істері жайлы айтып, әлгі әулие кісі ол қызды әулие деп танып, басына кесенені салуды өзіне тапсыруын өтінеді. Көпшілік оның өтінішін қабыл алады... Кесене салынып болған соң, оның шатырының жан-жағына әр түрлі көлемдегі қоңыраулар ілініп, олар шайқалған кезде, бірнеше тон дыбыстары сарынды әуенге ұласады...» [300, с. 9-10].

Екінші аңыз: «...«Ақтам» бейітінде осыдан жүз жыл бұрын өмір сүрген Ноин-камбу есімді қалмақ ламасы жерленген. Іле жазығын жоңғарлар билеген тұста ол Кеген өзенінің бойында өмір сүрген. Оның заманында екі моңғол шіркеуі салынған. Оның бірі – Құлжа қаласының маңындағы тауда орналасқан – «Гүлчанбақ» бағы ішіне салынған. Қытайша атауы – Дчин-дын-сы (Алтын шатыр). Ал, шіркеудің екіншісі – Қайнақ ауылының маңында салынған. Оны Ин-дын-сы деп атаған (Күміс шатыр). Қазіргі кезде бұл шіркеулердің тек құландылары қалған.

Ноин-камбу өмір сүрген Кеген жазығын ілгеріде «Гиген-көл» деп атаған. Қытайлықтардың айтуынша, егер Ноин-камбу мазары аршылса, онда Ноин-камбуның өртенген сүйектерінің күлі араласқан, саздан жасалған мыңға жуық қыш бұрхандарды (буддаларды) табуға болады дейді. Қытайлықтардың сенімі бойынша, бұл бұрхандардың емдік қасиеті бар. Егер, оның ұнтағын пышақ немесе балта кескен жарақат орнына сепсе, бір сәтте жазылады екен...» [300, с.10-11].

Сонымен, үйірме мүшелері Жетісу облысында Діңгек тас құрылысын, Қозы Көрпеш-Баян сұлу кесенесін және Ақтам мазарын зерттеп, оларды сипаттап жазды. Сонымен қатар, ескерткіштерге байланысты аңыздарды жинақтап, баяндамаларында жариялады.

### 3.2.2 Сырдария облысы

1897 жылдың 5 мамырында өткен үйірме отырысында В.А. Каллаурдың Қарахан мен Головочевка (Айша бибі) ауылының оңтүстігінде орналасқан Айша Бибі кесесі және В.П. Панковтің Әулиеата кесенесі жайлы баяндамалары тыңдалады [301, с.6-9].

В.А. Каллаур Қарахан ұйғыр немесе қарлұқ тайпасынан шыққан, X ғ. билік құрып, Қарахан немесе Илекхан әулетінің негізін салушы және

түркілердің ішінен алғашқы болып мұсылмандықты қабылдаған деп жазады. Аңыз бойынша Қарахан Әулиеата қаласында жерленіп, оның бейітінің үстіне кесене салынған, қазіргі кезде оны Әулиеата кесенесі деп атайды. Қаланың атауы да осыған орай аталған деп пайымдайды.

Кесененің күмбезі бұзылған, оған кіретін есік оңтүстік қабырғасында орналасқан. В.А. Каллаур бұл кесене көне сәулет өнері туындысы болғандықтан, қызығарлықтай деп пайымдайды [301, с.6].

Екінші ескерткіш Айша бибі кесенесі Головочевка (Айша бибі ауылы) ауылының оңтүстігінде орналасқан. Айша бибі жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша Қараханның қызы болған дейді, алайда В.А. Каллаур бұл шындыққа тура келмейді деп тұжырымдайды [301, с.6].

В.А. Каллаур жергілікті тұрғын Мағруф қожадан естіген аңызды келтіреді: «...Самарқанд билеушілерінің бірі діні христиан қытайлық ханшайым Ханым бибіге үйленген, оның әпкесі Айша бибі Самарқанда қонақта болып, кері еліне қайтар жолда Аса өзені бойында қайтыс болып, осы жерге жерленген» [301, с.6]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур бір кітапта Айша бибі туралы былай жазылған дейді: «Айша бибі Исмаил атаның қызы болған. Әулиеаталық діндар (Әулие ата) оны қалыңдық ретінде таңдап, ол туралы Исмаил атаға хабар етеді. Исмаил ата амал жоқтан рұқсатын беріп, қызын Әулиеатаға жөнелтеді, бірақ күйеу жігіт қалыңдығын көре алмайды деп айтады. Сол айтқандай, қалаға 2 таш (16 верст) жетпей Айша бибі жолда көз жұмып, сол жерге жерленеді». В.А. Каллаур баяндамасында Айша бибі туралы басқа да халық аузында жүрген әңгімелерді жазып алған, оның бірінде: «...ол Әмір Темірдің жұбайының әпкесі, Чиимчин ханның қызы болған. Ол әпкесі Ханым Бұхарада салдырып жатқан «мадраса-и ханым» құрылысын көру үшін бірнеше есектерге тиелген алтынды алып жолға шыққан, бірақ жолда ауырып қаза болған. Оны естіген Әмір Темір жұбайының барлық ұсталарын жинап алып, балдызының қабірі үстіне кесене салдырды», – деп жазылған [301, с.7].

Сонымен бірге, В.А. Каллаур Айша бибі кесенесін суретке түсіріп, Ташкентке жібереді (сурет О.1, қосымша О). Ол өз хатында Айша бибі кесенесін мүмкін болса ғылыми білімі бар азамат аз болса да уақыт бөліп зерттесе деп өтініш білдіреді. В.А. Каллаур кесене қатты бұзылғандығын, сонымен бірге бұл ескерткіш көне заман құрылысшыларының өнерін зерттеуге қызықты екендігін алға тартып, ол жергілікті ауыл ақсақалы мен кесене шырақшысына (шайық) кесенені қорғауға бұйрық береді [302, 69 б.].

В.П. Панков Әулиеата кесенесі (хаттамада «Айша бибі мазары» деп қате берілген, себебі баяндаманың мазмұнына қарай В.П. Панков «Әулиеата кесенесі» туралы жазғандығын анықтадық) ілгеріде Әулиеата қаласының маңында, Ташкенттен қалаға кірер жолдың бойында орналасқан болатын, ал қазіргі кезде тұрғын үйлердің арасында, орыс шіркеуінің маңында орналасқан деп жазады [303, с.7].

В.П. Панков кесененің тек сыртқы жағы шыңылтыр қаптамамен қапталған екі мұнарасы жақсы сақталғандығын, ал басқа бөліктерінің қаптамалары түсіп қалғандығын атап өткен. Кесененің ішкі жағына кіре

алмаған В.П. Панков тек оның ішінде көптеген мүйіздер барын хабарлап, кесенеге кіретін есік кейіннен қойылғандығын айтады. В.П. Панков баяндамасында кесенені былай сипаттайды: «С лицевой же стороны это древность имеет внушительный вид и теперь, хотя время отняло у нее многие довольно изящнее, по видимому украшения. Но что особенно достойно внимания, это – правильность и симметричность постройки, сделанной из прекрасного китайского кирпича. Оба минарета стоящие на углах с лицевой стороны памятника, как вылитые в одну форму» [303, с.7].

В.П. Панков кесененің сыртқы фасадтарында жазулар жоқ, құрылыстың биіктігі 6 саженьге жуық және оның жанында шағын мешіті барын жазады.

Сонымен қатар, В.П. Панков өз баяндамасында Әулиеата туралы естіген аңыздарын келтіреді. Әзіретті әулие халық арасында Қарахан есімімен белгілі, алайда оның шын есімі Ша-Махмуд (Шайық Махмуд). Ол 95 жыл өмір сүрді, оның 15 жылын халыққа көрінбей, құдайға жалбарынып, ораза тұтты. Ол 40 жыл бойы ұйғыр халқын басқарған, олардың арасында қытайлықтар да, қалмақтар да болған. Әулиеаталық кази (қары) Абдулланың айтуы бойынша Ша-Махмут (Қарахан) б.з. 866 жылы дүние салған. Қарының қолындағы шежіре бойынша оның бабалары – пайғамбар күйеу баласы Әзірет Әлі, Мұхаммед Ханапия, Ша-Әбдуфаттах (Шайық Әбдуфаттах), Ша-Әбдуджаппар (Шайық Әбдуджаппар), Әбдукаххар, Ша-Хасан (Шайық Хасан), Әбдул-Әзіз болған [303, с.8].

Қарахан кесенесі X–XI ғғ. салынып (сурет О.2 - 1), уақыт өте тарихи ауытқулар мен табиғи құбылыстардың әсерінен құлдырай бастаған кесенені 1905-1906 жылдары толығымен бұзып қайта салады. Аңыз бойынша кесенені Қарахан әулетінің беделді өкілінің бейіті үстіне салған. Халық арасында оны Әулиеата лақаб атымен атап кеткен.

1906 жылғы жөндеу жұмыстары барысында кесененің алғашқы жобасы өзгертіліп, фасады безендірілген ескі қаптамалары бұзылып, жойылды. Қазіргі таңда кесене жобасында төртбұрышты, орталық бөлмесінің үш бұрышы жағынан үш хужра бөлмелері және төртінші бұрышында жоғарғы жаққа қарай көтерілетін айналмалы баспалдақтар салынған.

1949 жылы Қарахан кесенесінің толық өлшемдері алынып, 1950 жылы оны архитекторлар Т. Бәсенов пен М. Меңдіқұлов зерттейді. Қайта қалпына келтіру жұмыстары 1975-1985 жылдары және 2001-2002 жылдары РМҚМ «Қазқайтажаңғырту» мекемесі тарапынан жүргізілді (сурет О.2 - 2).

Қарахан дәуірінің сәулет өнері ескерткіштерінің ішінде ерекше көзге түсетіні Айша бибі кесенесі болып табалады. Кесене уақыт өте қатты бұзылып, оның тек бір бөлігі ғана сақталған еді (сурет О.3 – 1-2).

1979-1985 жылдар аралығында Айша бибі кесенесінде консервация және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, ол айналдыра шыны конструкциясымен қоршалды [119, с.128].

Айша бибі кесенесін қайта қалпына келтіру үшін оннан астам жобалар ұсынылған болатын. Алғашқы жоба 1949 жылы ұсынылды, алайда кесененің тарихи, ғылыми, сәулеттік құндылығын ескере отырып, онда жан-жақты

зерттеу жүргізу арқылы жүзеге асыру керек деп, қайта қалпына келтіру жұмыстарын кейінге шегереді. Айша бибі кесенесін Орта Азия мен Қазақстандағы XI–XIII ғғ. жататын басқа кесене құрылыстарымен салыстыра отырып, кесененің фасадтары мен маңдайшасы – Бұхара қаласындағы Саманидтер кесенесіне, төбе жағы – Хорезмдегі Фатх ад-дин Рази Текеш пен Айша бибі кесенесінің жанында орналасқан Бабажа хатун кесенесіне және Батыс Қазақстандағы Абат Байтақ құрылысына ұқсас екендігі анықталады [304, с.53].

1979 жылдың 15 мамырында және 1980 жылдың 4 сәуірінде өткен КСРО Мәдениет министрлігінің ескерткіштерді қорғау жөніндегі ғылыми-әдістемелік Кеңес мәжілісінде, Айша бибі кесенесін қайта қалпына келтіру мәселесі қаралып, оң шешім қабылданады. Осы шешім бойынша Қазақ КСР Мәдениет министрлігі «Қазпроектреставрация» институтына, Айша бибі кесенесін консервациялау мен қайта қалпына келтіру жұмыстарының жобасын дайындауды жүктейді.

Институт архитекторы Ә.О. Итенов пен оның ғылыми кеңесшісі профессор М. Меңдіқұлов Айша бибі кесенесін консервациялау мен қайта қалпына келтіру жобасын дайындап, ол 1981 жылдың 19 наурызында «Қазпроектреставрация» институтының Техникалық кеңесінің мәжілісінде қаралады. Ә.О. Итенов ұсынған жоба жан-жақты талқыланады. Бірақ, Айша бибі кесенесін қайта қалпына келтіру жұмыстары аяқсыз қалады. Жиырма жыл өткен соң, 2002 жылдың 23 қаңтарында Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде, Айша бибі кесенесін қайта қалпына келтіру мәселесі қаралып, ұсынылған екі жоба (Ә.О. Итенов пен Т. Төреқұловтың жобалары) жан-жақты талқыланып, Ә.О. Итеновтің Айша бибі кесенесін толық қайта қалпына келтіру жобасы бекітіледі [304, с.54-55].

2002-2004 жылдары Айша бибі кесенесінде қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, оны 2005 жылдың 24 сәуір күні Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев салтанатты түрде ашты (сурет О.4).

1907 жылдың 27 ақпан күні өткен үйірме отырысында Н.Г. Маллицкийдің «Историко-архитектурное значение мечети Хазрета Яссавийскаго в гор. Туркестане» атты баяндамасы тыңдалады.

Н.Г. Маллицкий өз баяндамасында сәулет өнері ескерткіші үш негізден тұрады: ол – жобасы, конструкциясы және ғимараттың безендірілуі деп, олар ғимараттың жалпы идеясына сәйкес келіп, конструкциясы – негізінен құрылысқа пайдаланған материалын, безендірілуі – этнографиялық ерекшелігін және жобасы – ғимараттың қолданылу ерекшеліктерін қамтиды, – деп пайымдайды. Н.Г. Маллицкий сәулет өнері ғимараттары жайлы былай жазады: «Характер архитектуры каждого народа, как известно, определяется его культурой, а так как в основе культуры всегда лежал тот или иной религиозный культ, то изучение сооружений, посвященных культу (в частности храмов), занимает преобладающее положение в истории архитектуры». Н.Г. Маллицкий

мешіттің пайда болуы тарихына және мешіт жобаларының даму ерекшеліктеріне тоқталып, олардың батыс (Мекке) және шығыс (Парсы) типтерін деректерге сүйене отырып, жеке-жеке қарастырады [305, с.6-18].

Н.Г. Маллицкий Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жобасын (сурет О.5) Самарқанд, Табриз, Ыстамбұлдағы мешіттердің жобаларымен салыстыра отырып, мұсылман архитектурасының классификациясы бойынша, оны аралас типтер тобына жатқызады. Н.Г. Маллицкий Түркістандағы ғимарат, жоспары жағынан басқа жерлердегі мешіттерге қарағанда, алғашқы болып мешіттердің «аулалық» типінен, «топтасқан» типіне өту эволюциясы аяқталған құрылыс болып табылады деп пайымдайды [305, с.27].

Кеңес өкіметі билікке келген күннен бастап-ақ жеке адамдар, қоғамдық және мекемелер меншігінде болған тарихи-мәдени ескерткіштерді мемлекет меншігіне алып, олардың тіркеу мен есепке алынуын және қорғалуын қамтамасыз етті. Мәскеуде құрылған арнайы мемлекеттік мекеме – Бас музей және Ленинград қаласындағы бұрынғы Императорлық археология комиссиясы негізінде құрылған Материалдық мәдениет тарихы академиясы жергілікті жерлерде құрылған комитеттермен бірігіп, көне ескерткіштерді қорғау, жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асырса, осы жұмыстарды Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитеті (Түркомстарис) атқарды.

Түркомстаристің атқарған зерттеулері, ескерткіштерді қорғау, қайта қалпына келтіру сияқты іргелі істері жемісті еңбек болып табылады. Түркомстарис ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, сәулет ғимараттарының қорғалуын және олардың қайта қалпына келтірілуін, музей қорларының көптеген көне өнер ескерткіштерімен толығуына үлкен үлесін қосты. Әрі Түркомстарис Оңтүстік Қазақстанда орналасқан Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи ханакасын, Перовск уезіндегі Көккесене құрылысын, Әулиеата уезіндегі Айша бибі кесенесін, Сайрамдағы бағаналарды және Сығанақ, Бестам, Ашнас, Шехрикент қалаларының құландыларын тарихи және археологиялық құндылықтар есебінде тіркеуге алады [47, с.50].

Комитет көне ескерткіштерді зерттеу, есепке алу, қорғау, жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізеді. Жекелеген адамдар мен экспедициялардың жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде жинақталған материалдар, есептер, ескерткіштердің сипаттамалары, өлшемдері, жобалары және фотосуреттері Түркомстаристің атқарған ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізі болды.

Түркомстаристің (1924 ж. бастап Среазкомстарис) Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде орналасқан сәулет өнер ескерткіштерінің ішінде ерекше назар аударғаны Қожа Ахмет Ясауи ханакасы болды. XX ғ. 20-шы жылдары Түркістан қаласына бірнеше экспедициялар ұйымдастырылып, ханаканың өлшемдері алынып, жөндеу жұмыстары жүргізіледі [306, 333-334-б.].

Құрамында профессор Д.И. Нечкин, профессор А.А. Семенов, профессор А.Э. Шмидт және инженер С.К. Орлов болған экспедиция Түркістан қаласына

1922 жылдың караша айында келеді. Бұл экспедицияның негізгі мақсаты Қожа Ахмет Ясауи ханакасының өлшемдері мен оның көркемдік-тарихи инвентарын тіркеуге алу болып табылды [71, с.125].

С.К. Орлов кесененің сақталу жағдайын зерттеумен қатар, техникалық ахуалы жөнінде хаттама толтырады. Техникалық байқаудың нәтижесінде мешіттің көптен бөліктерінің қабырғалары жарылғандығы анықталады. А.А. Семенов Қожа Ахмет Ясауи ханакасындағы жазуларға көбірек көңіл бөлінуін және бұл жазуларды ғылыми айналымға енгізуге болатынын айтып, осы мешітте сақталған өнер туындыларының альбомын жасап шығаруды ұсынады. Экспедиция барысында ескерткіштің архитектуралық өлшемдері алынып, фотосуреттері түсіріледі.

1925 жылы Түркістандағы мешіттің техникалық және сәулеттік-көркемдік зерттеулерін жүргізу үшін Түркістан қаласына Б.П. Денике және инженер М.М. Логинов бастаған «екінші» археологиялық экспедиция ұйымдастырылады [306, с.33-336].

М.М. Логинов Ахмет Ясауи ханакасының архитектуралық өлшемдерін алып, жөндеу жұмыстарына қажет шығындардың сметасын жасайды. Экспедиция барысында мешіттің кейінгі кезеңде жаңадан салынған бөліктері аталып көрсетіледі. Тек, 1928 жылы ғана, «Средазкомстарис» Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи ханакасын жөндеуге қаржы бөледі.

Жөндеу жұмыстары архитектор И.М. Бачинскидің жетекшілігімен мешіттің «Құдықхана», «Кітапхана», «кіші Мешіт», үлкен және кіші «Ақсарай» бөлмелері мен ғимарат дәліздерінде жүргізіледі. Жөндеу жұмыстарының барысында құлауға жақын тұрған күмбездер мен аркалар толығымен ашылып, жаңадан өріліп қаланады, қабырғалардағы жарықтар алебастрмен толтырылады, сондай-ақ қабырғаларының төменгі бөлігіндегі ілгеріде болған панельдері қайта жасалынып және т.б. бірқатар жұмыстар атқарылады [307]. Жүргізілген жөндеу жұмыстарының нәтижесінде, осы сәулет өнері туындысының одан әрі бұзылуын уақытша тоқтатуға қол жеткізіледі [308, 123-124-б.].

Жөндеу жұмыстарының барысында М.Е. Массон ғимараттың ішкі бөлігінің жеті жерінен шурфтар салып, археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ғимараттың алғашқы деңгейі бірнеше жерлерде, әр түрлі тереңдікте болғандығын, іргетастық қаландылар ғимараттың тек мұнаралардың астына жасалынғандығын анықтайды. Ғимараттың төменгі бөлігінің қаптамасын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беретін материалдардың сынықтары табылады [72, с.45].

Н.М. Бачинскийдің Қазақ АКСР Білім беру жөніндегі Халық комиссарлығына (Наркомпросына) 1929 ж. жолдаған хатында Түркістан қаласында болған зілзаланың кесірінен ғимараттың «Жамағатхана» бөлмесінің күмбезінде және солтүстік, оңтүстік қабырғаларында жаңа жарықтар пайда болғандығы хабарланып, құрылыстың одан әрі бұзылуын тоқтату үшін 10-12 мың рубль бөлінуі тиіс екендігі жазылған. Сонымен бірге, Н.М. Бачинский ғимараттың жөндеу жұмыстарына қажетті қыштарды күйдіруді, жергілікті

жерде ұйымдастыруды ұсынады [309]. өкінішке орай, 1929 жылы қайта қалпына келтіру жұмыстары қаржы тапшылығынан жалғасын таппай тоқтатылады.

«Средазкомстарис» мекемесі 1928 жылдың соңында бүкіл Орта Азияға ортақ ұйым ретінде жұмысын тоқтатады. 1929 жылдан бастап Одақ республикаларында өз Комитеттері құрылады. Қазақ АКСР-де «Көне және өнер ескерткіштері мен табиғатты қорғау жөніндегі Қазақ Комитеті құрылады» (Қазкомпристарис) [310].

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі шешімімен Қазақ КСР ХКК-нің жанындағы Қорық және көненің ескерткіштерін қорғау жөніндегі республикалық басқарма 1938 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи ханакасын жөндеу және қайта қалпына келтіру мекемесін (прорабтығын) құрды [308, 123-125 бб.].

Арнайы құрылған Комиссия жөндеу жұмыстарының кестесін және ақаулы жерлерінің актпен атқарылатын жұмыстарының қаржы сметасын жасайды.

1938-1941 жылдар аралығында архитектор Б.Н. Засыпкиннің басшылығымен [77, с.30] жүргізілген жөндеу жұмыстары барысында, ғимарат шатырын толығымен құрылыс қалдықтары мен топырақтардан тазартып, төртбұрышты (25х25х5,5 см) күйдірілген қышпен «Жамағатхана» бөлмесінің күмбезі, ғимарат шатыры, құжыра бөлмелерінің шағын күмбездері қапталып, арнайы су ағатын орындары жасалынады. Сонымен бірге, «Қабырхана» бөлмесінің қатпарлы күмбезіндегі және ғимараттың сыртқы қабырғаларындағы, сырлы қаптама қыштармен безендірілген ою-өрнектерінің одан әрі бұзылуын тоқтату мақсатында түсіп қалған қыштардың орындары алебастрмен уақытша сыланады.

Ғимарат шатыры мен оның айналасын тазалау кезінде табылған, түпнұсқа сырлы қаптама плиткалары «Жамағатхана» бөлмесі күмбезінің төртбұрышты «негізінің» сырлы геометриялық өрнегін қайта қалпына келтіру кезінде қолданылады.

Жөндеу жұмыстары барысында «Мешіт» бөлмесінің күмбезін нығайту мақсатында күмбез мойындығының түбі теміржол рельсімен және күмбездің сырты темір белдеумен айналдыра тартылып, шатырға, мұнараға, күмбезге шығатын айналмалы баспалдақтары қайта өріліп, бас портал (пештак) ойығының аркасы сыланады.

1886-1887 жылдары тіреулермен (контрофорстармен) күшейтілген Ахмет Ясауи ғимаратының батыс бұрышының одан әрі жерге шөгу үдерісін тоқтату үшін «Мешіт» бөлмесінің ішкі және сыртқы қабырғаларының түбіне ені 3-4 м, тереңдігі 2,5-3 м ор (котлаван) қазылып, күйдірілген қыштардан іргетас қаланады [73, с.98].

Осы атқарылған жұмыстармен қатар, ғимараттың сыртқы қабырғаларының сырлы қаптамасы мен эпиграфикасын қайта қалпына келтіру мақсатында ханаканың сыртқы қабырғалары фотосуретке түсіріліп, түрлі-түсті суреттері салынады. Мұның негізгі мақсаты осы суреттерге сүйене отырып,

түсіп қалған өрнектерін қайта қалпына келтіру болды.

1941 жылы ұлы Отан соғысы басталғандықтан, Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи ғимаратын қайта қалпына келтіру мекемесі (прорабтығы) жабылып, жұмысын тоқтатады.

1945 жылдан бастап КСРО өкіметінің шешімімен Қазақстан территориясындағы сәулет өнері ескерткіштерін есепке алу, қорғау, зерттеу және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы Архитектура жөніндегі басқармаға жүктеледі.

1951 жылы Қожа Ахмет Ясауи ханакасына кең көлемде зерттеу ісі мен қайта қалпына келтіру жұмыстары басталады. Жөндеу жұмыстарын жүргізу міндеті Қазақ КСР Министрлер кеңесі жасаған Келісім-шарт негізінде өзбек КСР Министрлер кеңесі жанындағы Архитектура жөніндегі басқарманың Арнаулы ғылыми-реставрациялық өндіріс шеберханасына (СНРПМ) жүктеледі.

Қазақ КСР өкіметінен 5 млн. рубль қаржы бөлініп, Арнаулы ғылыми-реставрациялық өндіріс шеберханасының бесжылдық жоспары белгіленеді. Қайта қалпына келтіру жұмыстарын Б.Н. Засыпкин, Т.Ш. Карумидзе, Л.Ю. Маньковская және археолог К.А. Шахурин бақылап отырды.

1951-1954 жылдары археолог К.А. Шахурин ғимарат қабырғаларының түбін ашу үшін шурфтар салып, архитекторлар В.М. Филимонов пен И.Е. Плетнев құрылыстың солтүстік және шығыс қабырғаларында сақталған сырлы қаптамалардың өлшемдерін алады.

1953-1954 жылдары архитектор Т.Ш. Карумидзенің қатысуымен жүргізілген жөндеу жұмыстары барысында ертеректе іргетассыз салынған бұл ғимараттың «Пештак» қақпасы мұнараларының түбінде іргетасы ілгеріде болғандығын және 1939 жылы қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде «Мешіт» бөлмесінің қабырғалары астына іргетас қаланғанын ескере отырып, басқа барлық қабырғалардың да түбіне іргетас қаланады [311, с.54; 312, 3-п.]. Іргетасты қалау кезінде ғимараттың сыртқы фасадтарының төменгі бөлігі 2 м биіктікке дейін көмілгені анықталады. Топырақтан тазаланған фасадтардың төменгі бөлігіндегі ескі тас панелдің фрагменті табылып, соның өлшемдеріне сүйене отырып, Б.Н. Засыпкин фасадтардың ортаңғы бөлігінің (гирихтарының) реконструкциялық жобасын дайындайды [311, с.54].

Сонымен бірге, екі жарым жылдың ішінде ғимараттың солтүстік фасады толығымен және шығыс пен батыс фасадтарының солтүстік бөліктері қайта қалпына келтіріліп, 1886-1887 жылдары қаланған тіреулердің (контрфорстың) біреуі алынып тасталғанымен, солтүстік портал ойығы мен шығыс және батыс фасадтарының төменгі бөлігінде (цоколі) жөндеу жұмыстары жүргізілмеді.

Сол жылдары архитекторлар М. Абдуллаева, В. Железняков, Е. Осипова мен А. Хусаиновалар ханаканың 1-ші, 2-ші қабаттары, шатыры, «Жамағатхана» бөлмесі күмбезінің төртбұрышты «негізінің» және сегіз қырлы мойындығының қаптама ою-өрнектерінің өлшемдерін алады [311, с.54].

1955-1957 жылдар аралығында Қожа Ахмет Ясауи ханакасын зерттеу мен қайта қалпына келтіру жұмыстарын бақылау Л.Ю. Маньковскаяға жүктеледі. Арнаулы ғылыми-реставрациялық өндіріс шеберханасының басшылығы Б.Н.

Засыпкин мен Т.Ш. Карумидзелер белгілеген зерттеу әдісі және атқарылатын жұмыстар жоспары өзгермейтіндігін білдіреді [311, с.56; 313].

1956 жылғы жөндеу жұмыстары барысында ғимараттың шығыс фасадының эпиграфикалық фризі (сурет О.6 – 1-2), шығыс ойығы софиттерінің қаптамасы және осы ойықтың жоғарғы солтүстік пен оңтүстік бұрыштарының қаптамасы алынып, қайта қалпына келтіріледі (сурет О.7 – 1-2). Бірақ, 1953 жылы жасалынған жөндеу жұмысы жоспарында және жөндеу кезінде жіберілген қателіктердің кесірінен түпнұсқалық софит өрнегі өзгеріп кетеді [313, с.1-4].

Сонымен қатар, «Жамағатхана» бөлмесінің сегіз қырлы мойындығы мен оның төртбұрышты «негізінің» қаптамалары қайта жасалынады. Бұл жерде сегіз қырлы мойындықты жөндеу жұмысы күрделі болып табылды, себебі, мойындықта сақталмаған жазулар бірінші рет қайта қалпына келтірілген болатын. Ғимарат фасадтары, «Пештак» қақпасы, бірінші және екінші қабаттарда орналасқан бөлмелер қабырғаларындағы көптеген жарықтар орындарының қыштары бұзылып алынып, қайта қаланады [314, с.1-36].

1956-1957 жж. Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының сақталу жағдайын анықтау мақсатында бүкіл құрылыстың өлшемдері алынып, 1-ші, 2-ші қабаттарының тілме жобалары сызылады [75, с.1-42].

1957 жылдың соңында Арнаулы ғылыми-реставрациялық өндіріс шеберханасы жойылып, 1958 жылы өзбек КСР Министрлер кеңесінің жанында қайта құрылған Материалдық мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комитет, Қожа Ахмет Ясауи ғимаратында атқарылып жатқан жөндеу жұмыстарын мүлдем тоқтатады.

1960-1963 жылдары қайта қалпына келтіру жұмыстарын «Қазақ мемлекеттік құрылыс» мекемесінің реставрациялық шеберханасы жүргізе бастайды. Бірақ, алғашқы қайта қалпына келтіру мекемесімен, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланыс үзілгендіктен, осы жылдары ханакада тек жөндеу жұмыстары атқарылады.

1966 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімімен Мәдениет министрлігінің жанынан Республикалық ғылыми-реставрациялық шеберханасы ашылады. Осы уақыттан бастап қайта қалпына келтіру жұмыстарын қазақстандық мекеме атқарады [290, с.38]. Ал, 1972 жылы Түркістан қаласында Түркістан ғылыми-реставрациялық шеберханасы ашылып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде кең көлемді қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

1993-2000 жылдар аралығында Қазақстан мен Түркия республикалары өкіметтерінің келісімі бойынша Түркия тарапының қаржыландыруымен қайта қалпына келтіру жұмыстары жалғасын табады.

Қожа Ахмет Ясауи ханакасы «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жинағы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық жинаққа №590.3 нөмірімен енген [290, с.273-277].

В.А. Каллаур Перовск уездінде Сығанақ пен Бестам қалашықтарының төңірегіндегі орналасқан ғимарат құрылыстарын да көріп шығып, олардың сипаттамасын береді.

Сығанақта күйдірілген қыштан салынған өзіне ерекше назар аударатын екі ғимарат бар. Олардың бірі – екі бөлмеден тұратын кесене құрылысы (сурет О.8). Бірінші бөлменің көлемі 15х15 аршын, оның үш жағынан кіретін есіктері бар. Есіктердің батыс және солтүстік жағындағылары қаланып, тек оңтүстік есігі сақталған, оның биіктігі 8 сажень. Екінші бөлменің көлемі 9х9 аршын, бірінші бөлмемен ені 3 аршын келетін ойық арқылы байланысқан. Екінші бөлменің оң жағында, астында орналасқан сағана бөлмесіне түсетін ойығы бар. Ғимарат күмбездерінің сыртқы қабырғалары өрнектелген, негізгі бөлігі бұзылып, олардың тек бір бөлігі ғана сақталған [253, с.7]. В.А. Каллаур кесененің төрт бұрышында кейінірек салынған бөлмелері барын, оның бірінде қазіргі кезде шырақшы тұратынын жазды. Шырақшы Молда Қошмұхаммет Тәтібаевтің айтуынша, бұл жерде Алла-Умей Хисамутдин Сахиби-Нихая жерленген, оның лақабы Сунақ ата (сурет О.9) [253, с.7].

В.А. Каллаур сағана ішіне түсіп, онда адам сүйектері шашылып жатқанын және сағана қабырғасында 19 адам бас сүйегінің тұрғанын жазады. В.А. Каллаурдің пайымдауынша, бұл сағанада Сунақ ата жерленбеген. Бұл құрылыс ғибадатхана болуы мүмкін, бірінші бөлме мінәжатхана, екінші бөлме алтарь, ал сағана ақсүйектер жерленген орын деген пікір айтады [253, с.8]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур бұл құрылыстың батысында тағы бір ғимараттың орналасқанын, олар Сығанақ қалашығының қамалынан оңтүстікте 125 сажень қашықтықта екенін жазып қалдырады.

1927 жылы А.Ю. Якубовский Сығанақ қалашығының оңтүстік-шығысында орналасқан құрылысты сипаттап жазып, ғимараттың негізінде екі бөлмеден тұратынын атап өтеді. Үлкен бөлменің шығысында кіші бөлме орналасқан, ал оның солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс бұрыштарында шағын төртбұрышты бөлмелер, солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс бұрыштарында тіктөртбұрышты шағын бөлмелер бар. Үлкен бөлмеге кіретін есік - шығыс қабырғасында орналасқан, оның биіктігі 3,82 м, ені 2,83 м. Үлкен бөлменің көлемі 9,8х9,8 м, қабырға қалыңдығы 1,38 м, ал бөлменің күмбезге дейінгі биіктігі 7,1 м (сурет О.10). Екінші бөлменің көлемі 6,3х6,3 м [4, с.144-148].

Кесенеден 140 сажень қашықтықта екінші кесене құландылары сақталған. Оның көлемі 8,6х10,3 м. А.Ю. Якубовский кесене қатты бұзылған, оның порталы жұлдыз тәрізді бояулы қаптама плиткалармен қапталған деген пікір айтты [4, с.150].

2003-2005 жылдар аралығында ХҚТУ САЭ-сы (С. Жолдасбаев) қалашықтың рабадында қазба жұмыстарын жүргізіп, екі кесене құрылыстарын ашып [280; 315, 392-б.], қазіргі таңда РМҚМ «Қазқайтажаңғырту» мекемесі қалашықтың шығыс қақпасынан 100 м шығыста орналасқан кесененің ашылған бөлігінде консервация жұмыстарын жүргізді (сурет О.11 – 1-2). Сонымен қатар, ҚР Сыртқы істер министрлігінің қаржыландыруымен 2019 жылы Ахмет Ясауи университеті мен Халықаралық Ортаазиялық зерттеулер институтының біріккен Халықаралық Қазақ-Өзбек археологиялық экспедициясы (жетекшілері М.М. Бахтыбаев, А.А. Искандерова) ортағасырлық Сығанақ қалашығының

рабадында 2004 жылы ашылған №1 кесене (сурет Н.12) және 2011 жылы ашылған №3 кесенелерді (сурет Н.13) қайта зерттеп, №4-5 кесенелер (сурет О.14 – О.15) орнында қазба жұмыстары жүргізілді [79]. 2022 жылы САЭ-сы «№BR10965310 Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» атты ғылыми жоба аясында кесене №6-7 (сурет О.16 – О.17) ашылып, зерттелді [316, 122-137 б.].

В.А. Каллаур Бестам қалашығының оңтүстік жағында күйдірілген қыштан салынған бес құрылыстың барын, олардың екеуінің толығымен бұзылғанын, біреуінің тек фасад қабырғасы қалғанын, тек екеуі сақталғанын атап өтті. Соңғы екі құрылыстың үсті күмбезбен көмкерілген. Әрқайсысы екі бөлмеден тұрады. Сақталған құрылыстардың бірінің іргетасы тастан қаланған, оның үстіне күйдірілген қыштан қабырғалары көтерілген, қабырға сырты өрнектермен безендірілген. Оның бөлмелерінің бірінде сағанаға түсетін ойығы бар, бөлме іші өрнектелген [253, с.12].

Сонымен бірге, В.А. Каллаур Сырдың сол жағында орналасқан Қасым ата, Қорасан ата, Бақсаис ата мазарларын да көріп, олардың қысқаша сипаттамасын береді [260, с.73-74].

1899 жылы В.А. Каллаур Құткеншек болысының басшысы Басықариннен, Қызылқұмда Сырлытам кесенесі барын және оның жанында бекініс орналасқаны жайлы дерек алып, ол Сырлытам кесенесі мен бекініс жобаларын түсіру үшін Төлепберген Жылқыбаевты арнайы жібереді.

Бекіністен 280 қадам батыста Сырлытам кесенесі орналасқан. Оның биіктігі 5 саженьге жуық, көлемі 12х12 аршын, сыртқы есігінің биіктігі 5,5 аршын, ішкі есігінің биіктігі 3,5 аршын. Сыртқы есігінің жақтауы айналасында (фасадында) арабша жазу бар (сурет О.18). В.А. Каллаур кесене жақсы сақталған, оның ішінде 12 адам мүрдесі қойылған. Ал, кесене сыртында ескі зират орналасқан деп жазады [258, с.16]. «Хаттамада» басылып шыққан В.А. Каллаурдың Сырлытам кесенесі туралы мақаласына қосымша берілген кесене фасадының суретінде Н.П. Остроумовтің ескертуі бар. Онда, ол: «жазудан ғимараттың салынған уақытын анықтауға болады – 678 хиджра бойынша, б.з. 1279 ж. сәйкес келеді» дейді. Ал, 1949 жылы М.Е. Массон Сырлытам кесенесіндегі жазудың сақталған бөлігін аударады: «...жизнь неопытная скрылась с благостью в начале сафара года 698. И дух отдала ради отбытия из вместилища тленности в обитель вечности целомудренная сила, честная, начало добрых дел, зародыш благополучий Кизл хатун, дочь...» [317, с.33]. Кейінгі зерттеулер Н.П. Остроумовтың «698 жыл» орнына қателесіп, «678 жыл» деп оқығанын көрсетті.

Сырлытам кесенесі Қызылорда қаласынан 70 км оңтүстік-батыста, Іңкәрдария бойында, Сырлытам қалашығынан 250 м. оңтүстік-батыста орналасқан. Сырлытам кесенесін 1946-1948, 1957 жылдары ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов) қайта зерттеп, оның сипаттамасын, өлшемдерін алып, жобасын түсіреді (сурет О.19 - 1-2) [63, с.281].

Кесене жобасында төртбұрышты, көлемі 10х10 м. Кесене порталы терракота қаптама плиткаларымен безендірілген, ішкі қабырғалары ганч

сылағымен сыланған, онда ою-өрнектері сақталған. Кесене ішінде екі қатар орналасқан тоғыз бейіт бар.

С.П. Толстов кесене порталындағы терракота қаптама плиткаларының Қараханидтер кезеңіне (X-XII ғғ.) тән келетінін алға тартып, Сырлытам қалашығында табылған керамикалардың жасалу уақыты Сырлытам кесенесі мерзіміне тура келеді деп пайымдайды [63, с.281].

1978-2001 жылдар аралығында, Батыс Қазақстан сәулет өнері, этнографиялық экспедициясы (С.Е. Әжіғали) Арал-Каспий өңірлерінде зерттеу жүргізіп, С.Е. Әжіғали өзінің «Архитектура кочевников - феномен истории и культуры Евразии» атты еңбегінде, Арал-Каспий өңірінде орналасқан 400-ге жуық кешендер мен жекелеген ескерткіштерді зерттеп, олардың таралу аймағына, пайда болуына, типологиясы мен тарихи-этнографиялық маңызына тоқталады.

Белгілі ғалым С.Е. Әжіғали Сырлытам кесенесін порталды-күмбезді типіне, оның ішінде алға қарай шықпаған портал-пештак түр жіктемесіне (подтипіне) жатқызып (сурет О.19 - 3), Сырлытам жайлы былай жазады: «Это один из наиболее ранних на исследуемой территории памятников с ярусной системой подкупольных конструкций (паруса, тромпы)» [76, с.253,256].

С.Е. Әжіғали Сырлытам кесенесін мерзімдеу кейбір еңбектерде негізсіз жасалған, онда моңғол шапқыншылығына дейінгі, сонымен қатар қыпшақ кезеңімен (IX-X ғғ.) мерзімделген дей келіп, өзі кесенені XIV–XV ғғ. мерзімделуі мүмкін деп пікір айтады [76, с.256].

В.А. Каллаур «Древние города Саганакъ (Сунакъ), Ашнасъ или Эшнасъ (Асанасъ) и другие вь Перовскомъ уезде, разрушенные Чингисъ-ханомъ въ 1219 году» атты мақаласында Көккесене туралы қысқаша мәлімет беріп, 1900 жылдың сәуірінде екінші рет Көккесенеде арнайы болып, оның толық сипаттап жазады [318, с.98-101]. Оның пікірінше, бұл құрылыс - кесене. Онда ақсүйек әулетінен шыққан адамдар жерленген.

Көккесене Сығанақтан 8 верст оңтүстікте, Төменарық станциясынан 5 верст солтүстік-батыста орналасқан. Кесене күйдірілген қыштан салынған. Сырты көк түсті қаптама қыштармен безендірілген. В.А. Каллаур кесененің бұзылуына уақыттың, сонымен бірге жергілікті тұрғындар кесене қыштарын бұзып алуы да себеп болып жатқанын алға тартады [253, с.12].

В.А. Каллаур кесенені зерттеу барысында күмбездің ішкі жағында арабша жазулардың барын анықтап, бір жазу 5-6 рет қайталанып жазылғанын, сонымен бірге, кесене құрылысының төменінде «сағанасы» барын, оған түсетін арнайы ойықтың еденде орналасқанын жазады [302, 85 б.]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Көккесененің оңтүстік-батыс жағында орналасқан төбені жергілікті тұрғындар қазып, онда шағын құрылыс қалдықтарының шыққанын және оның жоба жағынан Көккесене құрылысына ұқсастығын атап өтеді.

В.А. Каллаурдың өтініші бойынша, аға акциз бақылаушысы А.Я. Уткин Көккесененің шығыс және оңтүстік-шығыс тұсынан көріністерін суретке түсіреді (сурет О.20 – 1-2) [318, с.100; 319, 242-246].

Ә.А. Диваевті В.А. Каллаурдің мақаласындағы Төменарық станциясының

төңірегіндегі құрылысты «Көккесене мавзолейі» деген пікірі қызықтырып, сонымен қатар ол бір аңызда: «Аққесене және Көккесене жерлерін осыдан 300 жыл бұрын қалмақтар биледі. Олардың өкілдері Уса мен Зиренг болды. Қалмақтар билеген бұл жерлер Сырдариядан және Қарықтыдан (Арал теңізі) төмен, «Сары үйшік» және «Үйшік» деп аталатын жерде орналасқан...» деп айтылатынын және Кіші жүздің өкілі Тайлақ батыр және қырғыздың (қазақтың) Учакты (Ошақты) тайпасының Тас жүрек руынан шыққан Саңрық батырмен бірігіп қалмақтарды Ит ішпес, Алакөл мен Аңырақай шайқастарында қырғанын атап өтеді. Сонымен қатар, Ә.А. Диваев осы жерді қалмақтар билеген заманынан бұрынырақ Аққесене және Көккесене деген ғимараттардың болғандығын, олардың қарауыл күзеттерінің тұратын жері екенін жазды [320, с.40-41].

Ә.А. Диваев бұл құрылыстарды кім, қашан және бастапқыда қандай мақсатта салынғанына назар аударып, В.А. Каллаурдың пікірінше Көккесене құрылысы кесене болса, онда кімдер жерленген екен деп ой толғайды.

В.А. Каллаур, Ә.А. Диваевтің «Мавзолей Кок-Кесене» атты мақаласында жарияланған аңызда аталған қазақтардың Ошақты тайпасының Тас жүрек руы шынында Талас өзенінің төменгі ағысында мекендейтінін және жоғарыда аталған Аққесене мен Көккесене бекіністері осы жерде орналасқанын алға тартып, ол Ә.А. Диваевтің баяндамасында келтірілген аңызда Аққесене мен Көккесене бекіністерін Сырдария өзенінің төменгі ағысына қателесіп жатқызуы мүмкін, себебі ол жерде мұндай құрылыстар туралы мәліметтер жоқ деп тұжырымдайды [321, с.32-33].

1909 жылдың 23 наурыз күні өткен үйірме отырысында Ә.А. Диваев «О значении названия «Кок-Кесене» атты баяндама жасап, онда, «Мавзолей Кок-Кесене» атты мақаладағы «Сары үйсін» мен «Үйсін» атаулары орнына «Сары үйшік» пен «Үйшік» болып қате жазылғанын атап, Перовск уезінің тұрғындары Жүсіпбек Басығаринге және Сұлтан Ерғали Қасымовқа «Аққесене» мен «Көккесене» терминдерін анықтап беруін өтініп хат жазғандығын атап өтеді [322, с.11]. Жүсіпбек Басыгарин өз хатында, қырғыздар (қазақтар) арасында Қожамқұл деген адам болған. Аңыз бойынша Көккесенені жергілікті билеуші өз әйелінің мазары үстіне осы Қожамқұл салдырған дейді. Ж. Басығарин «кесене» термині «кошана» парсы сөзінен шыққан, оның мағынасы «ғимарат», ал «көк» - сөзі кесененің сырты көк түсті болғандықтан аталған. «Көккесене», «Көкғимарат» мағынасына келеді деп жазады. Сонымен қатар, Ж. Басығарин араб сөзіндегі «кенисе» және парсы сөзіндегі «калиса» терминдеріне тоқталып, қазақтар осы сөзді «кесене» деп айтуы мүмкін. Алайда, бұл сөз пұтқа табынушылардың шіркеуін білдіреді. Сондықтан, қазақтар оны «кесене» деп айтуы мүмкін емес деп пайымдайды [322, с.12]. Ал, С.Е. Қасымов өз хатында - «Көккесене» термині өзбек тіліндегі «көк» және «кесе» мағынасына келеді деп жазады. Жоғарыда аталған мәліметтерді саралай отырып, Ә.А. Диваев, Аққесене құрылысы сақталмаған. Оны Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан көне Жентпен баламалауға болады. Алайда, бұл пікір әлі де ғылыми зерттеуді қажет етеді деп, өз ойын білдіреді [322, с.13].

Төменарық станциясынан солтүстік-шығыста орналасқан Көккесене құрылысын 1927 жылы Материалдық мәдениет тарихы академиясының қызметкері А.Ю. Якубовский зерттеп, бұл ескерткіштің қазіргі таңда құландысы ғана қалғандығын баяндайды. А.Ю. Якубовский құрылыстың тек портал аркасының диаметрі 6,5 м, биіктігі 4,36 м болып келетін оңтүстік тірегінің сақталғандығын және жергілікті тұрғындардың айтуынша, Көккесене құрылысы 1914 жылы бұзылғанын атап өтеді [4, с.154]. Кесене құландысы төбе болып жатқандығын, оның айналдыра аумағы 110 қадам, биіктігі 3,1 м болып келген.

Көккесенені 2004 жылы ХҚТУ ТАЭ-сы (М. Елеуов) қайта зерттеп, оның географиялық координаттарын анықтады [323; 324]. 2022 жылы САЭ-ның арнайы тобы (С. Мургабаев) «№BR10965310 Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» атты ғылыми жоба аясында Көккесенеде қазба жұмыстарын жүргізді [80, 216-222 бб.]. Төбенің қазбаға дейінгі аумағы 25х20 м (сурет О.21 – 1-2). Қазба барысында оңтүстік-батыс бөліктен алғашқы күректен соң (0,3–0,35 м) күйген қыштан жасалған қаланды ізі анықтала бастады. Кесенені толық ашу барысында оның оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа бағытталған ұзындығы 16 м, ені батыстағы порталды бөлігінде 10,58 м, орта тұсындағы негізгі бөлменің сыртқы ені 8,5 м, ал сағанаға арналған төрт бұрышты бөлменің ені 5,76 м екендігі анықталды. Кесененің оңтүстік-батысқа қараған порталды бөлігіндегі негізгі арканың ені 3,63 м, порталдың оң бөлігінің ені 3,45 м, сол бөлігінің ені 3,50 м. Арканың тереңдігі 3,12 м, ортасында негізгі есік 1,2 м биіктікте орналасқан. Бұл биіктіктегі есікке кіру үшін арнайы баспалдақ жасалған. Оның сақталған ұзындығы 2,3 м, ені 1,3 м. Кіреберіс бөлменің ішкі бөлігінің аумағы тік төртбұрышты болып келген, көлемі 5,77×5,8 м. Бөлменің солтүстік-шығыс бөлігінде келесі сағана бөлмесіне кіруге арналған, төмен қарай түсетін баспалдақ жасалған. Арнайы күйген қыштан қаланып жасалған баспалдақ ені 0,95 м, тереңдігі шамамен 1 м. Сағана есігінің ені 0,95 м, биіктігі 1 м. Есіктің маңдайшасы ретінде арнайы бүтін құмтас пайдаланылған. Есіктің аузы да осындай екі құмтас бөліктермен жабылып, сырты қыштармен толтырылып, топырақпен көмулі тұрған. Сағана бөлмесіне тоқтала кететін болсақ – орталық бөлменің солтүстік-шығыс бөлігі сағана бөлмесімен жалғасып кеткен. Оның ені 2,43 м, сағана керегесінен 3-4 қатар қышпен бөлініп қаланған. Сағана бөлмесінің ішкі аумағының ені 2,8 м, ұзындығы 3,95 м [80, 216-222 бб.]. Мүмкін келешекте онда қазба жұмыстарының нәтижесімен, белгілі өлшемдерімен және фотосуреттерге сүйене отырып, қайта қалпына келтіру жұмыстары атқарылар деп сенеміз.

1897 жылдың 17 ақпаны күні өткен үйірме отырысында Ә.А. Диваев «О могиле святого Хорхут-ата» атты баяндамасында Қорқыт ата кесенесін сипаттап, оның орналасқан жері мен сақталу жағдайы жайлы айтып өтеді.

Қорқыт ата кесенесі Қорқыт станциясынан 1,5 верст жерде орналасқан, Ә.А. Диваев соңғы жылдары кесененің бір бөлігін Сырдарияның суы шайып жатқандықтан бұзылып, қазіргі жағдайы мүшкіл деп жазады. Сонымен қатар,

Ә.А. Диваевтің өтініші бойынша Қорқыт ата кесенесін 1899 жылы Қазалы уездінің басшысының көмекшісі И.Л. Арзамасов суретке түсіреді [325, с.1-2; 25, с.59-60].

1898 жылы «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен хаттамалары» атты жинағында И.В. Аничковтің «О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении» атты мақаласы жарық көреді. Онда, И.В. Аничков Қазалы уездінде орналасқан мұнаралар мен олар туралы аңыздарды келтіріп жазады [326, с.51]. И.В. Аничков өзі көрмесе де аңызға сүйене отырып, Арал теңізіндегі аралда «Бегім мұнарасы» орналасқанын және бұл мұнара Жанкент патшасы Санжар мен оның халқының жыландардан өлгені жайлы аңызға қатысы бар деп жазады. Аңыз бойынша Санжар өз әйелі – әулие Қарабура қызы Бегім ананы жалған айыппен зынданға тастап, оның күнәсі жоқ екендігі анықталған соң, Бегім ана құсқа айналып қазіргі тұрған мұнараға ұшып кетіп, онда 30 жылға жуық өмір сүргені айтылады [326, с.51-52].

Келесі мұнара «Сараман қоса» деп аталады. Мұнара Жанкенттен 30 верст, Қазалыдан 60 верст жерде орналасқан, оның биіктігі 15 саженьге жуық (сурет О.22). И.В. Аничков мұнараның қабырғасындағы ойық ілгеріде оған кіретін есік болған деп түйеді. Мұнара іші кесектен қаланып, ал сырты күйдірілген қышпен қапталған. Қыш қаптама тек үстіңгі бөлігінде сақталған [326, с.52]. И.В. Аничковтің мақаласында келтірілген «Сараман қоса» мұнарасының суреті қателесіп «Бегім мұнарасы» деп жазылып кеткен. Негізінен, суреттегі сипаттамасына қарап, ол Сараман қоса мұнарасына тұра келеді. И.В. Аничков өз мақаласында Сараман қоса мұнарасын суретке түсіргенін, ал Бегім мұнарасына бара алмағандығын атап өтеді. Ол осы мұнара жайлы мынадай аңызды жазып алған: «Осыдан 20-25 жыл бұрын қарақалпақ Сараман, Үргеніш қаласында тұрған Қосу есімді ноғайдың қызын алып қашып, оның бауырлары екеуін қуып, ұстап алып өлтірген. Екі ғашықты өлтірген жерге, қарақалпақ батырлары Жоба мен Айдос осы мұнараны салған». И.В. Аничков бұл мұнара негізінен Сараманға арналып салынғанын, ал Қосуға онан жақын жерден, құмда жеке ескерткіш салынғанын, бірақ оның бұзылып кеткенін атап өтеді. Сонымен қатар, И.В. Аничков Бекбаулы станциясының жанында, Аққерек деп аталатын жерде «Адам ата» зираты және Қармақшы фортының жанында Қорқыт ата кесенесі барын атап, оларға байланысты аңыздарды келтіреді [326, с.52-54].

Сараман қоса мұнарасы Қазалы қаласынан 30 км оңтүстік-шығыста орналасқан. Ал, Бегім мұнара Қазалы қаласынан 10 км шығыста орналасқан. Мұнаралар кесектен қаланып, сырты күйдірілген қыштармен қапталған. Сараман қоса (сурет О.23 – 1) мұнарасының биіктігі 30 м, ал Бегім мұнара (сурет О.24) биіктігі 16 м. Мұнара құрылыстарын С.Е. Әжіғали зерттеп, Арал-Каспий өңірінің шығысында, X–XI ғғ. оғыздар арасында мұнара типті құрылыстар салу кең етек алды: «Для них характерно стволовое решение нижнего объема (округлого либо многогранного в плане и полого внутри) с межэтажными купольно-сводчатыми перекрытиями и, обычно, пирамидальное или коническое решение внешнего купола», - деп жазады [76, с.223]. С.Е.

Әжіғали мұнара тәрізді «кесенелерді» екі күмбезді, шатыр-мұнаралық құрылыстарына жатқызып, оларды X-XI ғғ. мерзімдейді [76, с.261]. Сараман қоса мұнара кесенесі қазіргі таңда РМҚМ «Қазқайтажаңғырту» тарапынан толық қайта қалпына келтірілген (сурет О.23 - 2).

Қорыта келгенде, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелері Жетісу мен Сырдария облыстарында орналасқан сәулет өнері ескерткіштерін зерттеп, олар жайлы аз болса да құнды деректер қалдырады. Олардың ішінде: Лепсі уездінде - Діңгек тас құрылысы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесі; Жаркент уездінде - Ақтам бейіті; Әулиеата уездінде - Әулие ата (Қарахан), Айша бибі кесенелері; Шымкент уездінде - Қожа Ахмет Ясауи ханакасы; Перовск уездінде – Сығанақ пен Бестам қалаларындағы ғимараттар құландылары, Көпрабат құрылыстары, Сырлытам кесенесі, Көккесене құрылысы; Қазалы уездінде - Сараман қоса, Бегім мұнаралары, Адам ата зираты, Қорқыт ата кесенесі.

Өкінішке орай, ғимараттардың бір бөлігі толығымен бұзылып жойылып кеткен. Олардың қатарында: Діңгек, Ақтам мазары, Көккесене мен Сығанақ қалашығындағы кесенелер және т.б. құрылыстары. Ал, осы уақытқа дейін жеткен ғимараттар Кеңес дәуірінде қайта зерттелді. Оларды ғылыми негізде қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, осы ғимараттар негізінде қорық музейлері ашылды.

Қожа Ахмет Ясауи ханакасында Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде атқарылған жөндеу мен қайта қалпына келтіру жұмыстары ғылыми (архитектуралық, археологиялық, инженерлік) тұрғыда зерттелінбей жасалынған деп есептейміз. Соның себептерінен, құрылыстың бір бөлігінің түпнұсқа қабырға өрнегі, майоликалық қаптамалары біржолата жойылып, құрылыстың ортағасырлық сәулеттік стиліне жат өзгерістер енгізілді.

1928 жылы және 1938-1941 жылдары жүргізілген жөндеу жұмыстарының мақсаты – негізінен ғимараттың одан әрі бұзылуын тоқтату ғана болып табылып, ғимараттың бұзылуының (қабырға жарықтары, жерге шөгуі және т.б.) негізгі себептері анықталып, зерттелінбей қалды. Сонымен бірге, бірқатар кемшіліктермен жасалынса да, бұл жөндеу жұмыстары ғимараттың аман сақталып қалуына үлкен үлес қосты.

1951-1957 жылдар аралығында жүргізілген жөндеу жұмыстары архитектуралық-археологиялық, инженерлік зерттеулерге сүйене отырып, ғимараттың сақталмаған бөліктерінің алғашқы келбетін қайта қалпына келтірудің бастамасы болды.

Сол уақыттан бастап Ахмет Ясауи ханакасын ғылыми-зерттеудің әдісі белгіленіп, жинақталған ғылыми материалдар және қайта қалпына келтіру тәсілдері, кейінгі жылдарда жүргізілген жөндеу жұмыстарының негізі болды деп айта аламыз.

Қарахан, Айша бибі кесенелері мен Сараман қоса мұнарасы ғылыми негіздерге сүйене отырып, толығымен қайта қалпына келтірілді. Ал, Сығанақ қалашығындағы кесене құландыларына консервация жасалып, келешекте оны толық қайта қалпына келтіру жоспарланып отыр.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста қарастырылған Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі атқарған қызметін саралап, талдау жүргізудің маңызы зор. Көтерген мәселе бойынша жүргізілген тарихнамалық шолу және дерек көздерді саралау үйірме мүшелерінің жүргізген ізденістердің бағыттарын, көтерген мәселелерін кеңінен түсінуге және атқарған жұмыстарын жаңаша қарастыруға мүмкіндік берді.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі құрылғанға дейінгі кезеңде Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі жүргізілген ізденістерді саралап талдаудың нәтижесінде, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихын XVIII ғ. басынан бастап Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеулерді үш кезеңге бөлуге болады:

- XVIII ғ. басы – XIX ғ. ортасы. Бұл кезеңінде Қазақ жеріндегі өзен, көл, жолдар, олардың бойында орналасқан қалалар орны белгіленген карталар сызылып, ескерткіштері туралы қысқаша мәліметтер берілген. Осы тарихи-географиялық кезеңде ескерткіштерге бастапқыда топографиялық нысан ретінде қарап, бірте-бірте көзқарас өзгеріп оларды тарихи ескерткіштер екендігі қабылдана бастаған;

- 1856-1895 жж. аралығы. XIX ғ. екінші жартысынан бастап Қазақстан оңтүстік өңірлерінде зерттеулерді Ресей империясының Әскери министрлігі, Орыс географиялық қоғамы, Императорлық археологиялық қоғамы және т.б. ғылыми мекемелердің арнайы ұйымдастырған экспедициялары атқарды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің материалдық мәдениет тарихы жайлы алғашқы деректер алынып, ескерткіштерді баламалау мәселелерін көтеріп жергілікті археология ғылымының қалыптасуына үлес қосты. Түркістан үйірмесі құрылғанға дейінгі Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде Ш.Ш. Уәлиханов, Н.А. Северцов, М. Бекчурин, А.К. Гейнс, П.И. Пашино, П.И. Лерх, П.И. Рычков, А.П. Федченко, О.А. Федченко, В.В. Верещагин, А.Л. Кун, Н.И. Веселовский, Д.Л. Иванов, Е.Ф. Каль, В.В. Бартольд және т.б. жүргізген ізденіс жұмыстарының нәтижелері зерделенді. 1856-1895 жж. аралығында 97 археологиялық ескерткіште зерттеулер жүргізіліп, зерттеулердің ішінде В.В. Бартольдтың ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып, Талас жазығында орналасқан қалалар жайлы деректер саралап бірінші болып Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан қалалардың баламалану мәселесін көтерген.

- 1895-1917 жж. аралығы**.** Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде зерттеу жүргізген жұмыстар Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесімен байланысты. Бұл кезең жергілікті интеллигенция өкілдерінің тарихи-археологиялық мұрасын зерттеуге қызығушылығының арта түскендігімен және ескерткіштерді белгіленген бағдарлама аясында зерттеулерді жүргізгендімен ерекшеленеді. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған ізденістері мен нәтижелері, көтерген мәселелері жергілікті археология ғылымының заңды даму кезеңі болды деп айта аламыз.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылу тарихы жайлы деректерді, мұрағат материалдарын саралап талдаудың нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасауға болады. Үйірменің құрылу алғышарттары ретінде, біріншіден, үйірменің белгіленген бір әкімшілік-территориялық аймақта ізденіс жұмыстарын атқаруы. XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанның оңтүстік өңірлері Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына (Жетісу, Сырдария, Фергана және Самарқанд облыстары) еніп, оның ішінде Жетісу және Сырдария облыстары Қазақстанның қазіргі әкімшілік-территориялық бөлініс бойынша Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарын және Абай облысының оңтүстік-шығыс бөлігін қамтыған.

Екіншіден, 1870 жылдардан бастап орталықта орналасқан ғылыми ұйымдардың өз бөлімдерін Қазақ жерінде, оның ішінде Ташкент қаласында да аша бастауы үйірменің құрылуына түрткі болды. Ташкентте 1870 жылы Жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары Мәскеу қоғамының Түркістан бөлімі, 1885 жылы Бағбаншылық қоғамының Түркістан бөлімі, 1879 жылы Жетісу облыстық статистикалық комитеті, 1887 жылы Сырдария облыстық статистикалық комитеті ашылып, 1871 жылы алғашқы жергілікті ұйым – Ортаазиялық ғылыми қоғамы құрылады. Сонымен қатар, 1896 жылы Императорлық орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі ашылады.

Үшіншіден, XIX ғ. екінші жартысында Ресейдің ғылыми мекемелері Қазақстан мен Орталық Азия өңірлерінде орналасқан ескерткіштерді зерттеу мақсатында ұйымдастырылған экспедициялар жұмыстарына жергілікті шенеуніктер, мұғалімдер тартылып, солардың арасынан уақыт өте әуесқой өлкетанушылар тобы бой көтеріп, уақыт өте келе жергілікті әуесқой өлкетанушылардың бірігіп, археологиялық үйірмесінің құрылуына өз үлесін қосты.

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Жарғысының алғашқы нұсқасында үйірме мемлекеттік Императорлық Археологиялық комиссиясының аясында, яғни, оның жергілікті бөлімі ретінде жұмыс атқару көзделгендігін көрсетті. Үйірменің Жарғысы Халыққа білім беру министрлігіне жолданып, 1895 жылдың 31 қазанында бекітіледі. 1895 ж. 11 желтоқсанда өткен құрылтайшылар отырысында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі жергілікті қоғамдық ұйым ретінде құрылады.

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мақсаттары мен міндеттері айқындалып, Түркістан өңірінде арнайы белгіленген бағдарлама аясында ізденіс жұмыстарын жүргізу және оларды жүйелі түрде атқару арқылы ескерткіштерді анықтау болып табылды. Үйірме мүшелері сол кездегі ғылымның теориялық және практикалық жетістіктерін пайдалана отырып, археологиялық ескерткіштерді ғылыми негізде зерттеуді көздеді. Ал, осы мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер белгіленеді: Түркістан өңірінде орналасқан көне ескерткіштермен танысу, оларды сипаттап жазу, археологиялық картаға түсіру, ескерткіштерді қорғау, қазба жұмыстарын жүргізу, материалдарды сараптай отырып, баспадан шығару. Сонымен қатар,

С.М. Граменицкийдің корреспондент-мүшелеріне арналған Нұсқаулығы да үйірме жұмысын сапалы түрде жүргізуге бағытталған.

- Үйірменің құрылып, ғылыми ұйым ретінде қалыптасуында В.В. Бартольдтың рөлі ерекше. Ол үйірменің атқарған жұмыстарына қолдау көрсетіп, басшылық жасап, қазба жұмыстарының бағыттарын көрсетіп, жарық көрген мақалаларға баға беріп, осы үйірменің ғылыми ұстазы болды. В.В. Бартольдтың Түркістан үйірмесімен байланысы туралы белгілі ғалым Б.В. Лунин былай деп жазады: «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің қызметі Бартольдтың тұрақты бақылауымен және ықпалымен жүрді және оның үйірмемен байланысы соншалықты тығыз болғандығы, Бартольдтың өмірі «үйірменің өмірмен» белгілі бір дәрежеде бір болған».

- 1896-1917 жылдар аралығында «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» атты жинақтар жарық көрді. Алғашқы екі саны (1896-1897 жж.), әр мәжіліс отырысының хаттамалары «Средне-Азиятский вестник» журналының ай сайын жарық көрген сандарында шығарылған болса, үшінші жылдан бастап бір жылдың барлық мәжіліс отырыстарының хаттамалары мен оның қосымшалары топтастырылып, жинақ ретінде шығарыла бастайды. 21 рет жинақ болып жарық көрген «Хаттамаларда» жалпы шыққан мақала мен баяндамалар саны – 279, оның ішінде Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналған 116 ғылыми мақала мен баяндамалар жарияланған. «Хаттамалар» санаулы данамен шыққандықтан үйірме мүшелерінің көпшілікке белгілі бола қоймаған еңбектері, оның ішінде фотосуреттер, сызбалар, жоспарлар ғылыми айналымға енбеген;

Үйірме мүшелері Жетісу мен Сырдария облыстарында жүргізген ізденіс жұмыстарын, еңбектерін саралап талдаудың нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

- 1895-1917 жылдар аралығында Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің 26 мүшесі, олар Н.Н. Пантусов, Н. Жетпісбаев, В.А. Каллаур, И.В. Аничков, В.П. Панков, В.Ф. Ошанин, И.А. Кастанье, В.П. Лаврентьев, Н.П. Остроумов, К.Д. Баронин, Е.Т. Смирнов, Н. Руднев, П.А. Комаров, В.П. Колосовский, А.А. Черкасов, Н.С. Лыкошин, Н.В. Ковалев, А.И. Симонов, Ә.А. Диваев, Н.Г. Маллицкий, А.К. Кларе, И.Т. Пославский, П.А. Комаров, П. Спиридонов, В.А. Мустафин, И.И. Гейер Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде зерттеу жұмыстарын жүргізгендігі және әр зерттеушінің ескерткіштердің зерттелуіне қосқан үлесі анықталды. Жаңадан ашылған ескерткіштердің 51 - Н.Н. Пантусов, 118 - В.А. Каллаур, 22 - И.В. Аничков, 2 - В.П. Панков, 1- В.Ф. Ошанин, 2 - И.А. Кастанье, 43 - В.П. Лаврентьев, 1 - Н.П. Остроумов, 2 - К.Д. Баронин, 14 - Е.Т. Смирнов, 11 - Н. Руднев, 1 - П.А. Комаров, 3 - В.П. Колосовский, 24 - А.А. Черкасов, 2 - Н.С. Лыкошин, 11 - Н.В. Ковалев, 5 - А.И. Симонов, 11 - М.А. Кирхгоф ашып, зерттеулер жүргізген;

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірме мүшелдері атқарған зерттеулер нәтижесінде - 324 археологиялық ескерткіштер ашылып, зерттелді. Оның ішінде: Жетісу облысының Лепсі, Жаркент, Қапал және Верный

уездтерінде жүргізілген зерттеулер барысында 51 ескерткіш ашылып, олардың басым бөлігінің сипаттамасы берілген. 3 ескерткіш қайта зерттеліп, 8 обада қазба жұмыстары жүргізілді, ал, Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент, Перовск және Қазалы уездтерінде үйірме мүшелері жүргізілген зерттеулер барысында 273 ескерткіш ашылып, 11 ескерткішті қайта зерттеп, 6 ескерткіште қазба жұмыстары жүргізілген;

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тарихи-археологиялық ескерткіштерінде атқарылған зерттеу жұмыстары I-XIII (1895-1908) жылдар аралығында қарқынды жүргізіліп, XV-XVII (1910-1912) жылдары хаттамалар жинағы баспадан шықпады, ал кейінгі жылдары ізденіс жұмыстары баяулай түсті. XVIII-XXI (1913-1917) жылдар аралығында «хаттамаларда» тек төрт баяндама жасалынып, XIV, XVIII, XX жылдарда жарық көрген «хаттамаларда» Қазақстанда орналасқан ескерткіштерге арналған мақалалар шықпаған.

- Жетісу облысының Лепсі, Жаркент, Қапал, Верный уездерінде үйірме мүшелерінің ішінен тек Н.Н. Пантусов қана ізденіс жұмыстарын жүргізгендігі айқындалды. Ол ескерткіштердің сипаттамасын, орналасқан жерін және оларға байланысты аңыздарды жинақтап, тастарда кескінделген жазулардың аударылу мәселесіне көңіл бөліп, Қапал уездінде және Верный қаласы маңында орналасқан обаларда қазба жұмыстарын жүргізеді. Кеңес дәуірі кезеңінде Н.Н. Пантусов Қараеспе, Тайғақ, Теректі шатқалдарынан ашқан ескерткіштерде П.И. Мариковский, А.Н. Марьяшев, А.А. Горячев және Таңбалы таста З. Самашев зерттеулер жүргізіп, Тайғақ шатқалындағы жартас суреттері ғұн, көне түркі және кейінгі орта ғасыр кезеңдерімен, Теректі шатқалындағы суреттердің ең көне көріністері қола дәуірімен, Қараеспе жазығындағы жартас суреттері қола, сақ және көшпенділер кезеңімен мерзімделді. Кеңес дәуірінде Н.Н. Пантусов ашқан ескерткіштердің санаулы ғанасында кең көлемді зерттеулер жүргізілгендігі анықталды;

- Сырдария облысының Әулиеата уездінде үйірме мүшелері 140 ескерткіште ізденіс жұмыстарын жүргізген, оның 125-і Қазақстанға қарасты, ал 15-і қазіргі кезде Қырғыз Республикасының Талас облысына қарасты жерде орналасқандығы анықталды.

Үйірме мүшелері В.В. Каллаурдың тас қоршаулардың қандай мақсатпен салынғаны туралы және Түркістан өңірі мен Торғай облысындағы обалар бір-біріне ұқсас, бір халықтың мұрасы деген тұжырымдары, И.В. Аничков, В.А. Мустафиннің тас мүсіндерді сыртқы пішіміне қарай бөлу, оларды батыс Сібір мен Оңтүстік Ресейдегі тас мүсіндермен салыстырып, олардың бір типті жасалғандығы, ұқсастығы мен ерекшеліктері жайлы айтылған тұжырымдары, осы өңірдегі түркі дәуірі ескерткіштері туралы жан-жақты сараланып жүргізілген алғашқы зерттеулер болды. Кейіннен А.М. Досымбаева тас мүсіндер орналасқан обалар мен тас қоршауларда жүргізілген зерттеулер нәтижесінде бұл нысандар ғұрыптық кешендер екендігін айтып, Жайсан ғибадатханасының пайда болуы мен кейінгі қызмет ету уақыты VIII-IX ғғ., ал Мерке ғибадатханасының Аралтөбе кешенін VI-VII ғғ. жатқызды. А.М.

Досымбаева Мерке ғибадатханасының ғұрыптық кешенінде жинақталған материалдар бойынша Аспан мен Умайға (Жер-Су) құрбандық шалу мен тағзым ету рәсімінің жекелеген құрылымы он оқ халқының киелі жерінде - Мерке өзенінің бойында, биік таудағы Мыңбұлақ жайлауында орын алғандығы дәлелдей түседі деп пайымдайды.

Үйірме мүшесі В.А. Каллаур Айыртамой, Құлансай және Терексайда ашқан түркі жазу ескерткіштердің мерзімдеу мен жазулардың аудару мәселесі бойынша көптеген еңбектер жарық көрді. Ғылыми әдебиетте «Талас ескерткіштері» атаумен енген бұл ескерткіштер Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің атқарған қызметінің ерекше еңбегі деп бағаланып, П.П. Иванов, М.Е. Массон, И.А. Батманов, В.А. Левшиц, Ч. Джумагулов, Л.Р. Кызласов, И.В. Кормушин, П.Н. Кожемяко, Д.Ф. Винник, С.Г. Кляшторный, Т. Досанов қайта зерттейді. Қазіргі таңда «Талас ескерткіштерін» мерзімдеу және оның аудару мәселесі бойынша бірнеше пікірлер ұсынылған.

В.П. Лаврентьевтің Әулиеата қаласы мен оның төңірегінде орналасқан ескерткіштердің картасы бүгінгі күнімізге дейін жеткен құнды дерек болып табылады, себебі Кеңес дәуірінде қаланың ұлғаюына байланысты ол ескерткіштер бұзылып кеткен. В.П. Лаврентьев мақаласындағы деректер сол кездегі тарихи-топографиясын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

- Сырдария облысының Шымкент уездінде жүргізілген зерттеулер барысында 65 ескерткіш ашылып, 2 ескерткіш қайта зерттеліп, 2 ескерткіште қазба жұмыстары жүргізілгендігі айқындалды.

Үйірме мүшелері Е.Т. Смирнов, Н.В. Руднев, А.А. Черкасов, И.Т. Пославский Сырдарияның сол жағалық жазығында, Шардарадан Үш Қайық өткеліне дейінгі аралықта, Арыс өзенінің сол жағасында орналасқан қалашықтар туралы құнды деректер қалдырып, Е.Т. Смирнов Сырдария өзенінің ескі атауы мәселесін сұрыптап, жазба деректердегі Шыңғысханның Орта Азияға жасаған жорығы жайлы мәліметтерді келтіре отырып, жаулап алынған аймақтарда орналасқан ортағасырлық қалалар жайлы баяндайды.

А.А. Черкасов пен А.К. Кларе Отырартөбе қалашығының орталық бөлігінде қазба жұмыстарын жүргізіп, тұрғын үй құрылыстарының бөлігін және солтүстік жиегінен қабырға бөлігін ашып, А.К. Кларе бұл қабырғаның биіктігі төбе биіктігімен бірдей болған деген пікір айтты. Отырар тарихын көп жылдар бойы зерттеп жүрген ғалым, археолог М. Қожа А.А. Черкасов пен А.К. Кларенің 1904 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында ашылған құрылыстардың жобалары, суреттері түсірілмегендігі, осы қазбаның ғылыми құндылық нәтижесін төмендетті деп пайымдайды.

В.П. Колосовский Қаратаудың солтүстік беткейінде орналасқан Құмкент, Саудакент және Бабаата қалаларының топографиясын зерттеп, Бабаата шағын бекініс болған, ал Саудакент Құмкентке қарағанда үлкен, оның қамал ішінде орналасқан төртбұрышты құрылыс екінші цитадель немесе жергілікті патшаның «кешк-сарайы» болуы мүмкін деген тұжырым жасайды.

Үйірме мүшесі П.А. Комаров пен Ф.С. Шпотин Боралдай тауындағы ашқан жартас суреттерден бөлек Кеңес дәуірінде «Боралдай қақпасы» деп

аталатын жерден басқа да жартас суреттер орны ашылды. А.С. Мирзабаев Боралдайдағы тасқа салынған суреттер мен таңбалар көріністерін төрт кезеңге жатқызған, олар қола дәуірі (б.з.б. II мыңжылдық), ерте темір кезеңі (б.з.б. I мыңжылдық), түркі кезеңі (VI-IX ғғ.) және орта ғасыр мен жаңа заман кезеңі (XV-XIX ғғ.).

- Сырдария облысының Перовск уездінде үйірме мүшелерінің жүргізген зерттеулері барысында 56 ескерткіш ашылып, 1 ескерткіш қайта зерттелгендігі анықталды.

В.А. Каллаурдың Сырдарияның жағалауында орналасқан ескерткіштердің тарихи-топографиясын, ортағасырлық ескерткіштердің құрылымына, қорғаныс жүйесіне қалашықтардың өлшемдеріне, ғимарат құрылыстарына ерекше назар аударып, суландыру жүйесіне қатысты пікірлері кейінгі зерттеушілер тарапынан толық қолдау таппады. А.Ю. Якубовский, В.Н. Грошев, С.Ж. Жолдасбаев В.А. Каллаурдың Сығанақ қалашының Төменарық арқылы суландырылған деген пікірін қолдады, ал кейінгі зерттеулер В.А. Каллаурдың Төменарық Арыс өзенінен бастау алған деген пікірі жаңсақ екендігін көрсетті. Қазіргі таңда, орта ғасырларда Сырдарияның орта ағысы тұсынан бастау алған арықтар туралы арнайы зерттеулер аз болғандықтан, бұл мәселе қазіргі таңда ашық болып тұр.

М.А. Кирхгофтың Бесарық өзені бойында ашқан жартас сурет ескерткіштерін Кеңес дәуірінде М.К. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев, С.М. Ақынжанов қайта зерттеді. М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев Күйкентай тасқа салынған суреттер бір хронологиялық кезеңге жататынын алға тартып, олардың мазмұны мен стилистикалық ерекшеліктеріне қарай сақ кезеңімен мерзімдеді, ал С.М. Ақынжанов Күйкентай жартасындағы кескінделген бейнелерді стилистикалық және композициялық мазмұнын сараптай келе ерте түркі және сақ кезеңдерімен мерзімдейді.

- Сырдария облысының Қазалы уездінде үйірме мүшелері жүргізген зерттеулер барысында 12 ескерткіш ашылып, 3 ескерткіш қайта зерттелгендігі анықталды.

Қазалы уездінде үйірменің атқарған ізденіс жұмыстары негізінен Жанкент қалашығы мен «асарлар тобы» ескерткіштеріне арналған. И.И. Гейер, П. Спиридонов Жанкент қалашығының зерттелу тарихын саралап, Жанкент пен Жанқала қалашығының топографиясын зерделей келе, Жанқала бекінісі өзеннен бастау алатын арықты қорғауға арналған шағын әскери горнизон болған әрі ол Жанқаладан 30 верст жерде орналасқан қарауылтөбелерді бақылап отырған деп пайымдайды. Үйірме мүшесі А.И. Симонов Жеті асар тобындағы ескерткіштерді сипаттап, олардың өлшемдері, жоспары мен құрылымы жайлы деректер қалдырды. Сонымен қатар, асарлардың айналасында көптеген үлкенді-кішілі канал іздерінің сақталғанын және ірі каналдардың шағын каналдарға қарағанда биік деңгейде орналасқанын атап өтіп, «асарлардың» бірінде арнайы су қоймасы болғанын сипаттап жазды. А.И. Симонов Жеті асар тобындағы ескерткіштерді зерттеп, оның солтүстігінде Алтын асар, ал Қуаңдарияда Үңгірлі асар барын жазып әрі осы «асарлар»

туралы аңыздарды жазып алған. Ал, Е.Т. Смирнов Түркістан өлкесінің картасын сараптай келе, Жаңадария мен Қуаңдария бойларында Тибет-асар, Ирис-куль-асар (Ырысқұл асар), Бидаик-асар (Бидайық асар), Құм-чеку, Үңгірлі, Қараш, Тектұрмас және т.б. асарлар орналасқанын хабарлаған.

- В.А. Каллаур Әулиеата уездінің тарихи топографиясын зерттеп, Әулиеата мен Шалдовар аралығындағы керуен жолдың картасын дайындап, осы аралықта орналасқан Құлан қаласын В.В. Бартольд пікіріне қосылып - Тартымен (Луговой), Төменгі Нушджанды (Төменгі Барысхан) - Үлкен қара төрткүлмен, Қасрабасты – Ақыртаспен, Кулшубті (Кеулшөп) - Сұмқайты төрткүлімен, Аспараны - Шалдовармен баламалады. Ал, Джулшубті (Жолшөп) – Құмарық болуы мүмкін деген болжам айтты. Кеңес дәуірінде атқарылған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде К.М. Байпақов В.А. Каллаурды қолдап, Құланды Луговоймен, Г.И. Пацевич, К.М. Байпақов, М. Елеуов Ақыртасты Касрибаспен, К.М. Байпақов Кулшубті Ақыртөбе төрткүлімен, кейінен Өрнек қалашығымен, К.М. Байпақов Джулшубті Малдыбай төрткүлімен баламалады, ал М. Елеуов Джулшубті Жырлысу не Талдысу шатқалдарына кіре берістен іздеген дұрыс болар деп пайымдайды. В.А. Каллаур Испиджабтан Шығыс Түркістанға баратын көне керуен жолдың бойында орналасқан Тамиаджды (Тамтадж) В.В. Бартольдты қолдап Түлкібаспен, Құланауыз төрткүлін - Тазхаджбен (В.В. Бартольд бойынша Абарджадж), көне Шауғарды (Есавагер) Әулие бастаумен, Көне Джункетті (В.В. Бартольд бойынша Джувикат) Боктөбемен (Бектөбе) баламалады. Кейінгі зерттеушілер бұл мәселе бойынша өзге пікір айтты, Г.И. Пацевич Абарджаджды Шақпақата ауылының жанындағы қалашықпен баламалады, ал, К.М. Байпақов Шақпақ (Кремневка) қалашығын Барджаджбен (Абарджаджбен) кейінен Момышұлы ауылының жанындағы қалашықпен, Г.И. Пацевич Құланауыз төрткүлін Тамтаджбен баламалады. М.У. Турадилов В.А. Каллаурдың Құланауыз төрткүлін Тазхаджқа баламалағаны В.В. Бартольдтың Абарджаджты Шақпақ бұлағымен баламалаған пікіріне қайшы келеді деп пайымдайды.

В.А. Каллаур Тамтадж бен Мерке аралығында өткен көне керуен жолының бағыттар бойынша ұсынған тұжырымдарын кейінгі зерттеушілер қолдады.

Г.И. Пацевич маршрут бойына Шақпақ қаласын қосып, оны ортағасырлық Абарджаджбен баламалады. Ал, К.М. Байпақов жазба деректерде көрсетілген керуен жолы Бурный (М. Момышұлы) ауылынан Күйік асуы арқылы емес, Аса өзені бойымен өтіп Джувикатқа барған деп пайымдайды. Ал, М.Е. Елеуов Түрік жолының Испибджаб-Тараз аралығындағы Күйік, Маймақ бағыттары, Хан өткелі тармағы, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай Қаратау арқылы өткен Көсегенің көкжоны тармағы болған деп тұжырымдайды.

В.А. Каллаур жүргізген зерттеулер барысында керуен жол туралы ұсынылған тұжырымдарды кейінгі зерттеушілер қолдай отырып, жинақталған жаңа деректер негізінде осы жерде Түркі жолының бірнеше тармақтары болғандығын дәлелдеді.

В.А. Каллаур Перовск уездінде атқарған ізденістер нәтижесінде

Сунақатаны ортағасырлық Сығанақпен, Төбесі ойықты Барчинлыгкентпен (В.В. Бартольд бойынша Бархалыгкент), Асанасты Ашанаспен, Қышқаланы Жентпен, Чавек-қаланы Бұзық-қаламен немесе Шірікрабатпен, Шірік-қаланы Қарақалпақпен, Көпрабатты Рабататпен, Шахрабатты Рабат-туганинмен, Жанқаланы Яныкентпен, Құмқаланы Хуварамен және Сырлытамды Хайрабадпен баламалайды. Сонымен қатар, В.А. Каллаур кейінгі зерттеулерінде Чавек-қаланы Бұзық-қаламен немесе Шірікрабатпен, Шірік-қаланы Қарақалпақпен баламалауынан бас тартып, Орынбай төбені Қарақалпақ бекінісімен, ал И. Беляев сипаттап жазған Шерикрабатты Шірікрабат пен Шірік қаламен баламалайды.

В.А. Каллаур жазба деректерде кездесетін Тұрар қаласы мен оның маңында орналасқан Зерах елді мекені - Сырдарияның оң жағында орналасқан болса, Шорнақ пен Сидақ төбелер, ал Сырдарияның сол жағында болса, Аққорған мен Келінтөбе, ал ортағасырлық Шагильджан, Баладж және Берукет қалаларын ол жазба деректерде келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Мейрамтөбе, Құмиян, Алғыр-салғыр немесе Молдатөбе болуы мүмкін деп тұжырымдайды.

Кеңес дәуірінде Оңтүстік Қазақстанда орналасқан ескерткіштер жаңа әдістер негізінде қайта зерттеліп, осы өңірдің қала мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы жайлы жаңа деректермен толықтырылды. Кейінгі зерттеулер В.А. Каллаур ұсынған баламалаулардың бір бөлігі қате болғандығын көрсетті, олар Қышқаланы Жентпен, Шірік-қаланы Қарақалпақпен, Жанқаланы Яныкентпен. Сонымен қатар, кейінгі зерттеушілер Баршынлыққентті (Барчкент) Қызқаламен, Шагильджанды Шаға І қаласымен, Баладжды Бабаатамен, ал Берукетті Тамды қаласымен, Г.И. Пацевич пен Е.И. Агеева Шорнақтөбені ортағасырлық Қарнақпен, Тұрарды Сауран маңындағы Міртөбемен, ал К.М. Байпақов және Л.Б. Ерзакович Тұрарды Зернукпен баламалайды.

В.А. Каллаур мен Н.С. Лыкошин көтерген баламалау мәселесі бойынша Г.И. Пацевич, Е.И. Агеева, К.А. Ақышев, Л.Б. Ерзакович, К.М. Байпақов, М.Е. Елеуов, М.Б. Қожа, Б.А. Байтанаев, М.У. Турадилов және т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізіп, өз тұжырымдарын жасағанымен, Қазақстанның археология ғылымында баламалау мәселесі қазіргі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған, өзекті болып табылады;

- Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелері Жетісу мен Сырдария облыстарында орналасқан сәулет өнері ескерткіштерін зерттеп, олар жайлы аз болса да құнды деректер қалдырды. Олардың ішінде: Лепсі уездінде - Діңгек тас құрылысы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесі; Жаркент уездінде - Ақтам бейіті; Әулиеата уездінде - Әулие ата (Қарахан), Айша бибі кесенелері; Шымкент уездінде - Қожа Ахмет Ясауи ханакасы; Перовск уездінде – Сығанақ пен Бестам қалаларындағы ғимараттар құландылары, Көпрабат құрылыстары, Сырлытам кесенесі, Көккесене құрылысы; Қазалы уездінде - Сараман қоса, Бегім мұнаралары, Адам ата зираты, Қорқыт ата кесенесі.

